

АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ

Он екі томдық шығармалар жинағы

Қазақ және орыс тілдерінде

Жетінші том

Ер САЙЫН

Астана, 2022

ӘОЖ 821.512.122.0

КБЖ 83.3 (5Қаз)

Б 20

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті
«Алаш» мәдениет және рухани даму институты
Ахмет Байтұрсынұлы «Тіл – құрал» оқу-әдістемелік,
ғылыми-зерттеу орталығы

ҚР Мәдениет және спорт министрлігі «Мәдениет және өнер саласындағы бәсекелестікті жоғарылату, қазақтың мәдени мұрасын сақтау, зерделеу мен насихаттау және мұрағат ісінің іске асырылу тиімділігін арттыру» бағдарламасы «Әдебиеттің әлеуметтік маңызды түрлерін сатып алу, басып шығару және тарату» кіші бағдарламасы бойынша жарық көрді

Құрастырып, баспаға дайындағандар:

С. Жүсіп, Р. Имаханбет, Д. Қамзабекұлы, С. Жұмағұл, Қ. Кемеңгер, Х. Маслов, А. Мырзағали.

Жауапты редактор: *Р.С. Имаханбет*

Жауапты шығарушы: *С. А. Жүсіп*

БАЙТҰРСЫНҰЛЫ АХМЕТ

Б 20 Шығармалары – Сочинения. Он екі том. Ер Сайын. Қазақ және орыс тілдерінде /Ахмет Байтұрсынұлы. – Астана: «Алашорда» ҚК, 2022.

ISBN 978-601-337-721-6

Т. VII: –384 б.

Ауыз әдебиетін жинақтаушы, әмбебап тұлға Ахмет Байтұрсынұлының он екі томдық шығармалар жинағының 7-кітабына қазақтың «Ер Сайын» атты еңбегінің 1923 жылғы нұсқасының мәтіні бүгінгі жазуға қаз-қалпында қопарылып, факсимилесі оң қапталына берілді. Сонымен бірге, 1924 жылғы «Қазақ білімпаздарының тұңғыш сиезі» және алуан тақырыпты көтерген мақалалары топтастырылды.

Жинақ ЖОО студенттері мен оқытушыларына, магистранттар мен докторанттарға, ғалым-зерттеушілерге, сонымен бірге мектеп оқушылары мен мұғалімдеріне, жалпы әдебиетті сүйетін оқырман қауымға арналған.

ӘОЖ 821.512.122

КБЖ 84 (5 Қаз)

ISBN 978-601-337-721-6

ISBN 978-601-337-727-8

© Байтұрсынұлы А. 2022

© «Алашорда» ҚК., 2022

© А.Байтұрсынұлы «Тіл–құрал» ОӘҒЗО., 2022

БІРІНШІ БӨЛІМ

ЕР САЙЫН

Жер жүзінің еңбекшілері бірігіңдер!

ЕР САЙЫН.

Жазыб алыб өндеген: Байтұрсынұлы.



Ұлтдар камисариаты карауындағы Күншығыс басбасы.

Мәскеу, 1923 жыл

جەر عجزىنىڭ اەنمە كچىلەرى بىر بىگىدەر!

==:== اەر ساپىن . ==:==

جەزب آلب اوڭدەكەن: بايتۇرسىن اولى .

==

اولتدار كامىسارىياتى قاراۋنداغى كونچىس باسباسى .

ماسكەۋ، 1988 جىل .

Х.Ғ.К. жанындағы ОРТАЛЫҚ ШЫҒЫС БАСБАСЫ
МӘСКЕУ, Николскайа, 10

Қазақ секциясы.

══════ ЕР – САЙЫН ══════

Қазақ тұрмысының тірнектері


БАЙТҰРСЫНҰЛЫНЫҢ алғызсөзі мен түсініктері,
ҚЫР-БАЛАСЫ жазған Г.Н.ПОТАНИННИҢ өмірдерегімен.

ПОЛН

ЦЕНТРАЛЬНОЕ ВОСТОЧНОЕ ИЗДАТЕЛЬСТВО при Н. К. Н.

МОСКВА, Никольская, 10.

Киргизская секция.



ЭР-САИН.

Былина из киргизской жизни.

с предисловием и комментариями БАЙТУРСУНОВА, биографией
Г. Н. ПОТАНИНА, написанной КЫР-БАЛАСЫ.

Жер-жүзінің еңбекшілері бірігіңдер!

Е Р С А Й Ы Н.

Жыршылар айтұуынан алыб,
өңдеб өткерүүші:

Байтұрсын ұлы Ахмет

Ұлтдар камисариаты қарауындағы
Күншығыс басбасы.
Мәскеу, 1923 жыл

جەر - جۈزىنىڭ اەڭبە كىچىلەرى بىرىڭدەر!

اەر ساپىن .

جەرچىلار آيتۇۋىنان آلب،

اوكدەب اوتكەرۇۋۇچى:

بايتۇرسن اۋلى آخمەت.

اوتتدار كامىسارىياتى قاراۋنداغى كونچىس ياساسى .

1923

ماسكە ۋ 1923 جىل.

Г.Н.ПОТАНИНГЕ ТАРТУУ

Атақты Сібір ұлы, қарт Потанин!
Ер сүйсе, сендей сүйсін ел – отанын:
Қазақсың, қалмақсың деб алалау жоқ.
Отанның тең көресін барша жанын.
Қазаққа Потаниннің аты ардақты,
Иамышдың¹ біліб отыр қанша шалын?

Сексенді сен атқардың жұмысбенен.
Күндерде қаралы, жаңбыр жүрісбенен.
Өзіңді көзіңе айтыб мақтау емес,
Бізсіз де ісің айғақ тұр істеген.
Ұл тұуыб ұлы жолда қызмет етсе.
Онан зор ұлтқа бар ма ырыс деген?

Ергенге жолың сара ұлақбайтын.
Тұуың зор атыб оқбен құлатбайтын.
Сырыңды жыр қыб сөйлеб жеткізүүге,
Көб сөзді көршілер тұр ұнатбайтын.
Жаз келер, жадырған күндер тұуар,
Жыр жырлаб, тұу түбінде шұуақтайтын.

¹ Иамыш – Ертіс бойындағы Ямышевский селосы (Құрастырушы).

گ. ن. پوتانىنگە تارتۇۋ.

اتاقتى سېر اۇلى قارت پوتانىن!
اەرسۇيسە، سەندەى سۇيسن اەل — اوتانىن:
قازاقسن، قالماقسن دەب آلااۋ جوق.
اوتانىڭ تەڭ كورەسن بارچا جانن.
قازاققا پوتانىننىڭ اتى آرداقتى
يامشدىڭ بېلب اوترقانىچا چالن؟

سەكسەندى سېن اتقاردىڭ جۇمس بەنەن.
كۈندەردە قارلى، جاڭگىر جۇرس بەنەن.
اۈزىڭدى كوزىڭگە آيتب ماقتاۋ اەمەس
بىز سزدە ااسڭ آيغاق تۇر استەگەن.
اۈل تۇۋب اۇلى جولدا قزمەت اەتسە.
اونان زور اۇلتقا بارما ارس دەگەن؟

اەرگەنگە جولڭ سارا اۇلاقتايتن.
تۇۋڭ زور آتب اوق بەن قۇلاتبايتن.
سرڭدى جىرغىب سويلەب جەتكىزۇڭگە
كوب سوزدى كورچيلەر تۇر اۇناتبايتن.
جاز كەلەر، جادرانغان كۈندەر تۇۋار.
جر جىرلاب، تۇۋ تۇبىندە چۇۋاقتايتن.

Біз едік қадірі жоқ ұл әкеге,
Көб жатқан, мешел болыб, келекеде;
Аң бітіб жаңа ғана аяқ басыб,
Іліндік біз де жетіб мерекеге.
Тойыңа шашу алыб шаттанамыз
Білдіріб жүрек лебін Гр-екеңе.

Алдыңда Алаш тартуу ұсыныб тұр.
Қорыныб сыйы нашар қысылыб тұр.
Жағдайсыз шаруаға шарт тұуғызған.
Ыланды зор соғысдың тұсы боб тұр.
«Орамал тонға емес, жолға» деб ал
Әзірге ат-шапаны осы боб тұр.

А.Б.

1915 нші жыл.

بىز امدك قادىرى جۇق اول آكه گه،
كوب جاتقان، مهچهل بولب، كهله كهده؛
آك بىتب جاگانانا آياق باشب،
الندك بزده جهنب مهره كه گه.
تويكا چاچۇۋ آلب چاتنانامز
بلدرب جۇرهك له بن گر — اكه گه.

آلدكدا آلاچ تارتۇۋ اۇسينب تۇر.
قورينب سىي ناچار قسىلب تۇر.
جاندايسز چارۋاغا چارت تۇۋغزغان،
الاكدى زور سوغسك تۇسى بوپ تۇر.
«اورامال تونغا امهس، جولغا» دەب آل
آزركى آت — چاپانى اوسى بوپ تۇر.

ا. ب.

1915 نچى چل.

~~~~~

# Е Р С А Й Ы Н

## I

Бұрұнғы өткен заманда  
Дін мұсылман аманда  
    Үш шарбақты, үш кентті  
    Ноғайлы деген жұрт өтді.

Бір замандар болғанда  
Ауыр дәулет мал кетді.  
Жарлылықдың зары өтді.  
    Халқы жарлы болған соң.  
    Жігітінен әл кетді.  
    Жаб жалаңаш жүрген соң.  
    Әйелінен ар кетді.

---

Сол ноғайлы жұртында  
Жортақыға мінбеген,  
Түстік жерге жүрмеген,  
Кірлі киім кимеген  
Алдаға<sup>2</sup> тілі тимеген  
    Бес намазын қоймаған,  
    Бір Хұдайды ойлаған,  
Қара басы хан болған,  
Байлығы жұртқа аң болған,  
Малы Алашқа таң болған,  
Боз Мұнай атты бай болған.

---

<sup>2</sup> Алдаға – Алла сөзінің түпнұсқадағы қолданылымы, бұдан әрі Алла деп беріледі.  
(Құрастырушы).

## اەرساين.

I

بۇرۇنقى اوتكەن زاماندا  
دېن مسلمان آماندا  
اۈچ چارباقتى، اۈچ كەنتتى  
نوغلاقلى دەگەن جۇرت اوتدى.  
بىر زاماندار بولغاندا  
اۈر داۋلەت مال كەتدى.  
چارلىلىقتا زارى اوتدى.  
خالقى چارلى بولغان سوڭ.  
جگىنەن آل كەتدى.  
جاب جالاڭچ جۇرگەن سوڭ.  
آيەلنەن آر كەتدى.

سول نوغلاقلى جۇرتندا  
جورتاقىغا منبەگەن،  
تۇستك جەرگە جۇرمەگەن،  
كرلى كىيىم كىمەگەن  
الداغا تىلى تىمەگەن  
بەس نامازن قويماغان،  
بىر خىدايدى اويلاغان،  
قارا باسى خان بولغان،  
بايلىغى جۇرتقا آڭ بولغان،  
مالى آلاچقا تاڭ بولغان،  
بوز مۇناى آنتى باى بولغان.

Байлығының белгісі:  
Тоқсан қара құлы бар.  
Тоқсан тоғай малы бар.  
Сол дүниеқор зор байдың  
Дүниеде жалғыз мұны бар.  
Сол Боз Мұнай қартайыб,  
Алпыс жасдан өткенше.  
Хұдай қосқан қосағы.  
Елу жасқа жеткенше,  
Бір перзентке зар болған.

---

Қартайады қатыны,  
Өкшесі сіре қанамай,  
Еміреніб сүймеген  
Жас иісті баланы-ай!  
Елде тауыб қоймайды  
Тәуіб біткен орнайды,  
Сөйтседе перзент болмайды.

---

Бір уақыт болғанда,  
Жылқыда жүрген тоқсан құл  
Қымыз ішіб мас болад.  
Мастығымен тек тұрмай  
Үйдегі баймен қас болад.  
Қосылыб құлдар кеңесді;  
Төбеде тұрыб сөйлесді;  
Сөйлескенде не десді?



بايلىغىنىڭ بەلگىسى:  
توقسان قارا قۇلى بار،  
توقسان توغاي مالى بار،  
سول دۇنيە قورزور بايدىڭ  
دۇنيەدە جالغىز مۇڭى بار.  
سول بوز مۇناي قارتايىپ،  
الپس جاسدان اوتكەنچە  
خۇداي قوسقان قوساغى  
املۇ جاسقا جەتكەنچە،  
بۇر پەرزەنتكە زار بولغان.

قارتايادى قاتىنى  
او كچەسى سرە قاناماي،  
امەرنەب سۇيەگەن  
چاس ايسىنى بالانى — آي!  
املە تاۋب قويمايدى  
تاۋب بىكەن اورنايدى،  
سۇيتسەدە پەرزەنت بولمايدى.

بۇر ۋاقت بولغاندا  
چلقىدا جۇرگەن توقسان قۇل  
قەمز اچپ ماس بولاد.  
ماسىغى مەن تەك تۇرماي  
اۋيدەگى باي مەن قلس بولاد.  
قوسىلب قۇلدار كەكەسىدى؛  
توبەدە تۇرپ سويلەسىدى؛  
سويلەسكەنە نە دەسىدى؟

«Қызыл шапан кимедік;  
Қырнышыл ат мінбедік;  
    Ноғайлының жұртының,  
    Қыздарымен керме – қас  
Жігітдей дәурен сүрмедік;  
Өтерін дүние білмедік;  
    Мынау жүрген Боз Мұнай  
    Бізді ұлындай көрмеді,  
    Толыб жатқан малынан  
    Бізге қалың бермеді.  
Ертеңменен бай келсе,  
Екі қолын байлайық;  
Кірерге көрін сайлайық.  
    Боз Мұнайды өлтірсек,  
    Біз сәтіне келтірсек,  
    Тоқсан тоғай жылқыны  
    Тоқсан бөліб алайық.  
    Бұл сықылды тегін мал  
    Қайдан іздеб табайық.  
Қарағай найза қолға алыб,  
Қарсы шабар ұлы жоқ.  
Артынан іздеб құуатын  
Қатарланған қолы жоқ».

---

Құл кеңесіб жатыр деб,  
Байға айтқан кісі жоқ,  
Онымен байдың ісі жоқ.

« قزل چاپان كيمەدك؛

قرنچل آت منبەدك؛

نوغايلينىڭ جۇرتىنىڭ

قردارى مەن كەرمە - قاس

جگندەى داۋرەن سۇرمەدك؛

اوتەرن دۇنيە بلمەدك؛

مناۋ جۇرگەن بوز مۇناى

بۇزدى اۇلنداى كورمەدى،

تولب جاتقان مالنان

بۇزگە قالڭ بەرمەدى.

امرتەڭ مەنەن باى كەلسە،

اەكى قولن بايلايق؛

كەرەگە كورن سايلايق.

بوز مۇنايدى اولترسەك،

بۇز ساتىنە كەلتىرسەك،

توقسان توغاي جلقىنى

توقسان بولب آلايق.

بۇل سقىلدى تەگن مال

قايدان از دەب تابايق.

قاراغاي نايزا قولغا آلب،

قارسى چاپار اۇلى جوق.

آرتىنان از دەب قوۋاتن

قاتارلانغان قولى جوق».

قۇل كەڭسەب جاتر دەب،

بايغا آيتقان كسى جوق،

اونى مەن بايدىڭ آسى جوق.

Бір замандар болғанда,  
Ертеменен бай тұрды.

Арқаннан атын алдыртды  
Алтынды жүген ер-тұрман,  
Тоқымменен салдыртды.

Қара түнде белсеніб,  
Қас патшадай теңселіб,  
Жорға мініб найқалыб,  
Келе жатқан жылқының  
Алдынан шықды шайқалыб.

---

Тоқсан құлдың біреуі  
Бүгіліб сәлем бермеді.  
Байды көзі көрмеді.

Сонда бай тұрыб бұрсанды,  
Мұздай темір құрсанды.  
Тоқсан құлдың бәрінің  
Атын атаб шақырды.  
Ашуыменен Боз Мұнай:  
«Қырармын!» деб ақырды,  
Шетде жүрген бір құлды,  
Бай келіб ұстаб алады,  
Қолға түскен сол құлды  
Ашұмен бай сабады.

Бірін сабаб жатқанда,  
Басқасы келіб қамады:

بىر زاماندار بولغاندا،  
ئامرتە مەنەن باي تۇردى.  
آرقاننان آتن آلدىرىدى  
آلتىدى جۇگەن امر تۇرمان.  
توقم مەنەن سالدىرىدى.  
قارا تۇندە بەلسەنب،  
قاس پاتساداي تەكسەلب،  
جورغا منب نايقالب،  
كەلە جاتقان جلقىنك  
آلدىنان چقىدى چايقالب.

توقسان قۇلدىك برەۋى  
بۇگىلب سالەم بەرمەدى.  
بايدى كوزى كورمەدى.  
سوندا باي تۇرب بۇرساندى.  
مۇزداي تەمر قۇرساندى.  
توقسان قۇلدىك بارىنك  
آتن آتاب چاقرىدى.  
آچۇى مەنەن بوز مۇناي:  
«قرارمن!» دەپ آقرىدى.  
چەتندە جۇرگەن بىر قۇلدى.  
باي كەلب اۇستاب آلادى،  
قولغا تۇسكەن سول قۇلدى  
آچۇۋ مەن باي سابادى.  
بىرن ساباپ جاتقاندا،  
باسقاسى كەلب قامادى:

Бай үстіне жан жақтан  
Құрық келіп жауады.

---

Басына тайақ тиген соң,  
Жалғыздығын білген соң,  
Құлдардың түрін көрген соң,  
Боз атдың басын бұрмалаб  
Сарайға қашды Аллалаб.

Ойбай салған даусына  
Жер күңіреніп барады.  
Бәйбішенің үйдегі  
Құлағы дауыс шалады.

Не болды? деб бәйбіше  
Үйден шықса жүгіріб.  
Келеді екен Боз Мұнай  
Ойбай салып бүлініб.

---

Боз Мұнай келе құлады.  
Қосағымен екеуі,  
Жер бауырлаб жылады.  
Ойбай салған дауысы  
Жұрттың басын құрады.

Жұрт келсе де тұрмады;  
Көтеріп басын бұрмады;  
Жұбатқанға болмады;  
Сол ойбайдан танбады.

باي اۋستىنە جانچاقىدان  
قۇرق كەلب جاۋادى.

باسنا تاياق تيگەن سوڭ،  
جالغزديغن بىلگەن سوڭ،  
قۇلداردۇڭ تۇرن كورگەن سوڭ،  
بوز آندۇڭ باسن بۇرمالاب  
سارايغا قاچدى آلدالاب.

اويباي سالغان داۋسنا  
جەر كۇگرەن بىلەن بارادى.  
بايىچەنۇڭ اۋىدەڭگى  
قۇلاڭى داۋس چالادى.

نە بولدى دەپ بايىچە  
اۋىدەن چقسا جۇڭىرپ.  
كەلەدى اەكەن بوز مۇناي  
اويباي سالب بۇلىنپ.

بوز مۇناي كەلە قۇلادى.  
قوسانغى مەن اەكەۋى  
جەر ياۋرلاب جىلادى.  
اويباي سالغان داۋىسى  
جۇرتدۇڭ باسن قۇرادى.  
جۇرت كەلسەدە تۇرمادى؛  
كوتەرب باسن بۇرمادى؛  
جۇباتقانغا بولامادى؛  
سول اويبايدان تانبايدى.

Боз Мұнай бай жылады,  
Жад етеді Хұдайды,

**Жылағанда бүйдейді:**

«Ашамайға мінгізіб,  
Көш алдына жүргізіб  
Әжеб тәуір құрбының  
Алдына алыб, сүйгізіб,  
Алашқа атын білгізіб,  
Ұл қызығын көрмедім.

Астына жорға мінгізіб,  
Үстіне торқа кигізіб,  
Орынды жерге бергізіб,  
Тойын жасап, ұзатыб,  
Қыз қызығын көрмедім.

Дұсбандармен соғысыб,  
Малым үшін өлмедім;  
Құлдан қорлық көргенше,  
Күнде бүйтіб өлгенше,  
Сүймес бәндаң мен болсам,  
Тезінен өлім бермедің».

---

Күні-түні зарлады;  
Кең сарайға бармады;  
Көтеріб басын алмады;  
Сол жылаудан танбады.



بوز مۇنای بای جلایدی،

جاد اەتەدى خدایى،

جلاغاندا بۇیدەيدى:

«آچامايفغا ۋىنگىزب،

كوچ آلدینا جۇرگىزب

آجەب ۋاۋر قۇرىنىڭ

آلدینا آلب، سۇيگىزب،

آلاچقا آتن بلگىزب،

اۇل قزىغن كورمەم.

آستینا جورغا مىنگىزب،

اۇستىنە تورقا كىگىزب،

اورندى جەرگە بەرگىزب،

توین جاساب، اۇزاتب

قز قزىغن كورمەم.

دۇسبانداز مەن سوغىسب،

مالم ۋاچن اولمەم؛

قۇلنان خورلىق كورگەنچە،

كۇندە بۇيتب اولگەنچە،

سۇيمەس ۋاندالڭ مەن بولسام،

تەزىنەن ۋولم بەرمەدڭ».

كۇنى-تۇنى زارلادى؛

كەڭ سارايفغا بارمادى؛

كوتەرب باسن آلمادى؛

سول جلاۋدان تانبادى.

Жылауменен бай жатды.  
Қызарыб барыб күн батды.  
Сарғайыб барыб, таң атды.  
Таң атса да бай жатды.

Моллалар азан айтқанда,  
Би-намаз айақтаб жатқанда,  
Ақ сәлделі бір адам,  
Жетіб келді қасына;  
Тайаныб келді басына.  
Екі қойны толыбды,  
Боз Мұнайдың сол күнде,  
Көзінен аққан жасына.

**Айаншы геліб сөйлейді:**

«Әй, Боз Мұнай, Боз Мұнай!  
Тілекді берді бір Хұдай.  
Не тілегің бар дейді.  
Тілегеніңді ал дейді».

---

Боз Мұнай мұны есітіб,  
Ұшыб тұра келеді;  
Қолын жайа береді  
Көзінің жасын төгеді.

**Боз Мұнай сонда сөйлейді:**

«Ноғайлының ішінде,  
Дүниеқордай болдым;

جلاۋمەنەن باي جاتدى.  
قزارب بارب كۈن باتدى.  
سارغايپ بارب، تاڭ آتدى.  
تاڭ آتسادا باي جاتدى.  
موللار آزان آيتقاندا،  
بى - نماز اۇيقتاپ جاتقاندا،  
اق سالدەلى بىر آدم  
جەتەپ كەلدى قاسىنا؛  
نايانب كەلدى باسنىنا.  
اەكى قوينى تولبىدى  
بوز مۇنايدىڭ سول كۈندە  
كوزىنەن آققان جاسىنا.  
ايانچى گەلب سويلەيدى:  
«آ، بوز مۇناي، بوز مۇناي!  
تلەكدى بەردى بىر خدای.  
نە تلەگك پار دەيدى،  
تلەگەنگدى آل دەيدى.»

بوز مۇناي مۇنى امسيتىپ،  
اۇچب تۇرا كەلەدى؛  
قولن جايا بەرەدى  
كوزىنڭ جاسن توگەدى.  
بوز مۇناي سوندا سويلەيدى:  
«نوغايلينڭ اچنە  
دۇنيە قورباي بولدم؟»

Ауыр дәулет тұсында  
Қара басым хан болдым;  
Жиған малдан не айда!  
Бір перзентке зар болдым!

Сол баланың жоғынан  
Жиын тойға бармадым.  
Құлдан көрдім хорлықты,  
Жалшыдан көрдім зорлықты  
Тыныштық ұйқы ала алмай,  
Өз жанымды қиа алмай,  
Өлейін десем өле алмай,  
Ел ішінде жүре алмай  
Күні түні зарладым».

---

**Сонда пірі сөйледі**

**Сөйлегенде бүйдейді:**

«Өзің іздеб бармадың,  
Үйде жатыб зарладың  
Тілегенің сол болса,  
Бабай өмір бабасы  
Қабыл болғай тобасы:

От жағалай отырыб,  
Отдың басын толтырыб,  
Үйің базар болғандай,  
Көббе саған керегі?

أۇر داۋلەت تۇسندا  
قارا باسما خان بولدىم؛  
جىغان مالدان نە فايدا!  
بىر پەرزەنتكە زار بولدىم.  
سول بالانىڭ جوغىنان  
جىين توپغا بارمادىم.  
قۇلدان كوردىم خورلىقنى،  
جالچىدان كوردىم زۇرلىقنى  
تىنچتىق اۇيقى آلا آلماي،  
اۈز جانىدى قيا آلماي،  
اولەين دەسەم اولە آلماي،  
اھل اچىندە جۈرە آلماي  
كۈنى تۇنى زارلادىم»

سوندا پرى سويلەيدى  
سويلەگەندە بۇيدەيدى:  
«اۈزۈڭ از دەب بارمادىڭ،  
اۈيدە جاتىب زارلادىڭ  
تەلگەننىڭ سول بولسا،  
باباي اۈمر باباسى  
قابۇل بولغاي توباسى:  
اوت جاغالاى اوتىرىپ،  
اوتدىڭ باسن تولىرىپ،  
اۈيىڭ بازار بولغانداى  
كويىبە ساغان كەرەگى؟»

Бірін мыңға балаған,  
Хұдай өзін қалаған  
Жұртқа қорған болғандай  
Бір ме саған керегі?»

---

**Боз Мұнай сонда сөйлейді:**

«Ер Отаны болғанда,  
Пайғамбар жасы толғанда,  
Заманымыз азғанда,  
Жігітдің күні озғанда,  
Берекетсіз балаға  
Отдың басын тоб етіб,  
Қырға шығар ішінде  
Біреуінде жоқ етіб,  
Мен алмаймын көбінді  
Маңызы жоқ шөбінді.

Берсең маған қалаб бер!  
Мың кісіге балаб бер!  
Өмір жасын ұзақ қыб,  
Асқар таудай талаб бер!»

**Пірі сонда сөйлейді:**

«Бірді берем мен дейді,  
Күтіб алсаң сен дейді.  
Жасда Хұдай демдеген,  
Қылған ісін жөндеген,

بىرن مۇڭغا بالاغان،  
خداي مۇ اوزن قالاغان  
جۇرتقا قورغان بولغانداي  
بىرمە سانغان كەرەگى؟»

بوز مۇنای سوندا سويلەيدى:

«امر اوتانى بولغاندا،  
پايغامبار جاسى تولغاندا،  
زامانىمىز آرغاندا،  
جگندك كۇنى اورغاندا،  
بەرەكەتسىز بالاغا  
اوتندك باسن توب اەتب،  
قرغا چغار اچندە  
برەۋندە جوق اەتب،  
مەن آلمايمن كوبىكىدى  
ماڭىزى جوق چوبىكىدى.  
بىرسەك ماغان قالاپ بىر!  
مك كسىگە بالاپ بىر!  
اومر جاسن اوزاق قىب،  
آسقار تاۋداي تالاپ بىر!»

پىرى سوندا سويلەيدى:

بىردى بىردىم مەن دەيدى،  
كۇتب آلساك سەن دەيدى،  
جاسدا خداي دەمدەگەن،  
قلغان مۇ اسن جوندەگەن،

Өзге жұрттың тілегін,  
Ол секілді бермеген;  
Оның көрген қызығын,  
Еңш бәндәсі көрмеген;  
Белін шешіп жатбаған,  
Аңсамай сау мал татбаған.  
Ертең мінген атынан  
Кешке дейін түсбеген;  
Сансыз дұшман батбаған  
Бет алдынан қайтбаған.  
Бабасына сыйына,  
Дұшманнан ағат сақтаған.

Жұрттың сөзін сөйлеген  
Ұлтдың жауын көздеген:  
Батыр Сайын болсын дед,  
Басына дәуір қонсын дед.  
Қысылғанда сыйынар  
Іші нұрға толсын дед.

---

Ала есігін алқалаб,  
Ала қоржын арқалаб,  
Шар кітабы қойнында,  
Демі тақдыр мойнында,  
Аса тайақ қолында,  
Өзі ақтың жолында.  
Пірі келіп қасына,  
Айан беріп кеткен соң,



اوزگە جۇرتدۇڭ تىلەگىن،  
اول سەككىدى بەرمەگەن؛  
اونۇڭ كورگەن قزىغىن،  
ھەج بانداسى كورمەگەن؛  
بەلن چەچب جاتباغان،  
آڭساماي ساۋ مال تاتباغان،  
امرتەڭ منگەن آتىنان  
كەچكە دەين تۇسبەگەن؛  
سانسىز دۇچمان باتباغان  
بەت آلدىنان قايتباغان.  
باپاسىنا سىينا،  
دۇچماننان آغات ساقتاغان.  
جۇرتدۇڭ سوزن سويلەگەن  
اۇلتدۇڭ جاۋن كوزدەگەن:  
باتر ساين بولسە دەد،  
باسىنا داۋر قونسە دەد،  
قسىلغاندا سىينار  
آچى نۇرغا تولسە دەد.

آلا امسىگن آلقالاب،  
آلا قورجن آرقالاب،  
چار كىتابى قوينىندا،  
دەمى تاقىر موينىندا،  
آسا تاياق قولىندا،  
اوزى آقدۇڭ جولىندا.  
پرى كەلب قاسىنا،  
آيان بەرب كەتكەن سوك،

Боз Мұнай тұрды ойаныб.  
Бұуыны кеткен бейшара  
Әрең тұрды тайаныб;  
Үйіне кірді жүгіріб,  
Несіне тұрсын кідіріб?  
Жатыр екен бәйбіше  
Ет бетінен бүгіліб.

**«Ей бәйбіше, тұр!» дейді,**  
**«Беті-қолың жу!» дейді:**  
«Хұдайың берді тілекді;  
Әулиең жарды жүрекді;  
Есен болсақ көрерміз,  
Сайын атты перзентді.  
Қойдан қошқар алайық!  
Хұдай жолы шалайық!  
Қабыл етсе Хұдайым,  
Жалбырыныб бағайық!»

**Бәйбішесі сөйлейді,**  
**Сөйлегенде бүйдейді:**  
«Әй, Боз Мұнай, Боз Мұнай!  
Берер ме екен бір Хұдай  
Ертеменен кеткен қой;  
Жетер ме екен жайаулай.  
Сен жетпіске жеткенде,  
Мен елуден өткенде,

بوز مۇناي تۇردى اويانب.

بۇزىنى كەتكەن بېچاۋا

آرەك تۇردى تايانب؛

اۇينە كردى جۇگىرب،

نەسىنە تۇرسن كدىرب؟

جاتر اەكەن بايپچە

اەت بەتىنەن بۇگىلب.

«اەى بايپچە تۇر!» دەيدى،

بەتى قولك جۇۋا!» دەيدى:

«خدايك بەردى تلەكدى؛

اۇلەك جاردى جۇرەكدى؛

اەسەن بولساق كورەرمز

ساين آتتى پەرزانندى.

قويدان قوچقار آلايق!

خداى جولى چالايق!

قابۇل اەتسە خدايم،

جالبارنب باغايق!»

بايپچەسى سويلەيدى،

سويلەگەندە بۇيدەيدى:

«آ، بوز مۇناى، بوز مۇناى!

بەرەرمە اەكەن بىر خداى.

اەرتە مەنەن كەتكەن قوى؛

جەتەرمە اەكەم جاباۋلاى.

سەن جەتپىسكە جەتكەندە،

مەن اەلۇدۇەن اوتكەندە،

Біздей екі сорлыға  
Енді берсін не Хұдай!?  
Бермесе де қайтесін?  
Малыңды айаб не етесін?  
Айағанда бұл малдың,  
Қай түбіне жетесін?  
Болмаса да, барайын;  
Алыб келіб шалайын».

---

Екі етегін түрініб,  
Қойға жетіб барады,  
Ай мүйізді қошқарды,  
Алыб келіб шалады.  
Жылқыдан да сойдырыб,  
Жұртын жиыб алады.  
Жұрты тарқаб кеткен соң,  
Бір-бірінен сұрады:  
Қашан болар екен деб  
Екі байғұс жылады.  
Тырысыб қалған кемпірдің,  
Құрсағын күнде сылады.

---

Бір күндері болғанда,  
Білінер кезі толғанда,  
Қарны шықды, қамбайыб;  
Құрсағы шықды, томбайыб;

بىزدەى اەكى سورليغا  
اەندى بەرسن نە خدای!  
بەر مەسلادە قايتەسن؟  
مالىكىدى آباب نەتەسن؟  
آباغاندا بۇل مالدىڭ  
قاي تۇيىنە جەتەسن؟  
بولماسادا، باراين؛  
آلب كەلب چالاين».

اەكى اەتەگن تۇرىنب،  
قويغا جەتەب بارادى،  
اى مۇيزدى قوچقاردى  
آلب كەلب چالادى.  
جلقىداندا سويدىرب،  
جۇرتن جيىب آلادى.  
جۇرتى تارقاب كەتكەن سوڭ  
بىر بىرىنەن سۇرادى:  
قاچان بولار اەكەن د،ب  
اەكى بايغۇس جلادى.  
تريىب قالغان كەمپردىڭ  
قۇرساغىن كۇندە سىلادى.

بىر كۇندەرى بولغاندا،  
بلىنەر كەزى تولغاندا،  
قۇرساغىن چىقىدى، قامپايىب؛  
قۇرساغىن چىقىدى، تومپايىب؛



Шалқасынан жатқанда,  
Ұмтылғанда тұрмады.  
    Мерзімді күні толғаны  
    Батыр Сайын тұрмады.  
    Тұғанынша бейшара,  
    Кемпірдің жанын қинады.

Тоғыз айға толғанда,  
Шамалы күні болғанда,  
Бейсембінің кешінен  
Ұлы жұмаға ауғанда,  
Боз кемпірді қозғалтды,  
Ыңыранды, толғатды.  
Ноғайлының үш кентін  
Жиыб алыб орнатды.

---

Таң сарғайыб атқанда,  
Моллалар азан айтқанда,  
Сайын сынды батырдың  
Желкесі жерге тақ етді;  
Маңдайы күнге жарқ етді.

Баланы көріб қатындар,  
Боз Мұнайды қамасды;  
Бәрі бірдей жүгіріб,  
Сүйіншіге таласды;  
Бірін-бірі сабасды;  
Мұрындары қанасды;

«Ер-Сайын»

چالقا سینان چاتقاندا،  
اۈمتلغاندا تۇرمادی.  
مەرزمدى كۈنى تولغانى  
باتر ساين تۇمادی.  
تۇۋغانچا بېچارا  
كەپردىك جانن قىنادى.  
توغز آيغا تولغاندا،  
چامالى كۈنى بولغاندا،  
بەيسەمبىنىڭ كەچىنەن  
اۈلى چۇماغا آۋغاندا،  
بوز كەپردى قوزغالدى،  
اگراندى، تولغاندى.  
نوغايلىنىڭ اۈچ كەنتن  
جىيب آلب اورناتدى.

تاڭ سارغايىب آتقاندا،  
موللار آزان آيتقاندا،  
ساين سىندى باتردىك  
جەلكەسى جەرگە تاق اەتدى؛  
ماڭدايى كۈنگە جارق اەتدى.  
بالانى كورب، قاتندار  
بوز مۇنايدى قاماسدى؛  
بارى برەى جۇگىرب،  
سۇيىچىگە تالاسدى؛  
بىرن-بىرى ساباسدى؛  
مۇرندارى قاناسدى؛

Таласдан соң қатындар  
Жүгініске барысты;  
Жүз жылқыны бай берген,  
Бәрі бөліб алысды.

---

Екі етегін түрініб,  
Малға қарай жүгіріб,  
Боз Мұнай сонда сөйледі:  
«Оң қолымды жайармын!  
Мұнан немді айармын!  
Бүгін өліб кетсемде,  
Аманатқа дайармын!  
Ноғайлының үш жұртын,  
Бірін қоймай жиармын.

---

Бұл төрт түлік малымның  
Бір бөлгенін қыармын  
Қуаныш мұндай берген соң  
Қырмай нағыб шыдармын!».

Талай малды қырады  
Үлкен тойды қылады;  
Тойын қылыб болған соң,  
**Төрде отырған билерден**  
**Боз Мұнай өтіл сұрады:**

«Осы отырған бекзатдар!

Бұған жетсін ойыңыз!



تالاسدان سوڭ قاتندار  
جۇگىنسكە بارسى؛  
جۇز جىلقنى باي بەركەن  
بارى بولب آلسى.

اەكى اەتەگن تۇرىنب،  
مالغا قاراي جۇگرب،  
بۇز مۇناي سوندا سويلەدى:  
«اۈڭ قولىدى جايارمن!  
مۇنان نەمدى آيارمن!  
بۇگۈن<sup>۶</sup> اولب كەتسەمدە  
آماناتقا دايارمن.  
نوغايلىنڭ<sup>۷</sup> اۈچ جۇرتن  
بىرن قويماي جيارمن

بۇل تورت تۇلك مالينڭ  
بىر بولگەنن قارارمن  
قۇۋانچ مۇنداي بەرگەن سوڭ  
قرماي ناغىب چدارمن.»  
تالاي مالدى قرادى  
اۈلكەن تويىدى قلادى؛  
تويىن قلب بولغان سوڭ،  
تورده اوترغان بىيلەردەن  
بوز مۇناي<sup>۸</sup> اوتل سۇرادى:  
«اوسى اوترغان بەكزاتدار!  
بۇغان جەتسن اويڭز!

Мынау тұуған баланың  
Атын тауыб қойыңыз!  
Түсімде қойған аты бар.  
Жазылыб қойған хаты бар,  
Мұны сіздер ойлаңдар.  
Атын тауыб қойғандар.  
Тоқсан торқа киесін,  
Тоғыз жорға мінесін».

---

Хан мен бекдер отырыб,  
Ат бен тонға таласты;  
Қымыз ішіб, мас болыб,  
Есдерінен адасды;  
Хандар билер керісіб,  
Бірін-бірі сабасды.

**Боз Мұнай сонда сөйледі,**

**Сөйлегенде бүйдеді:**

«Хан мен бектер, ұрысба!

Ұрысқаның дұрыс ба?

Тоқсан торқа кигенмен,

Тәңірі өзіңе бермесе

Маңдайыңа ырысба?

Он күн жатсаң сақтаймын;  
Біріңе қайт деб айтбаймын;  
Ауыр дәулет тұсында  
Қалай тамақ таббаймын?»

---

مناۋ تۇۋغان بالانىڭ  
آتى تاۋۇپ قويىڭز!  
تۇسىدە قويغان آتى بار،  
جازىلې قويغان خاتى بار،  
مۇنى سىزدىم اويلاڭدار.  
آتى تاۋۇپ قويغاندار.  
توقسان تورقا كىسەن،  
توغز جورغا منەسەن».

خان مەن بەكمىر اوتىرىپ،  
ت بەن تونغا تالاسدى؛  
قىزىمىز، ماس بولب،  
امسىدىنەن آداسدى؛  
قاندار بىلەر كەرىسپ،  
بىرن — بىرى ساپاسدى.  
بوز مۇناي سوندا سويلەدى؛  
سويلە گەندە بۇيدەدى:  
«خان مەن بىلەر، اۇرسىبا!  
اۇرسقانڭ دۇرسىبا؟  
توقسان تورقا كىگەن مەن،  
تاڭرى اوزىڭكە بەرمەسە  
ماڭدايكا ارسىبا؟  
اون كۇن جاتساڭ ساقتايمىن؛  
بىرگە — قايت دەپ آيتبايمىن؛  
اۇر داۋلەت تۇسىندا  
قالاي تاماق تابايمىن»؟

Үш күн жатды, таббады.  
Шұбырған кедей қабтады.  
Ондай, мұндай қойған ат  
Бай көңіліне жақбады.  
Жиылған жұрттың бәрін де  
Дәулетімен сақтады;  
Хан, қарасы, молласы  
Сайынның атын таббады.

Жүз отыз бір жасаған,  
Азұу тісі босаған,  
Ноғайлының жұртында  
Онан үлкен кісі жоқ,  
Өзі жарлы болған соң  
Онымен жұрттың ісі жоқ.  
Хан мен бектер қасына  
Келіп тұрып тайаныб  
Өзіне мәлім болған соң,  
Несіне тұрсын айаныб?  
**Кедей шалың сөйлейді,**  
**Сөйлегенде бүйдейді:**

Бәрекелді, билерім!  
Жарасады жатқаның!  
Байлығың да, Боз Мұнай,  
Мыстан табақ – тартқаның!  
Жаңа тууған жас төлдің!  
Қанекей атын табқаның!?»

---

اۋچ كۈن چاندى، تاييادى.  
چۇبۇرغان كەدەي فابتادى.  
اونداي، مۇنداي قويغان آت  
باي كوڭلىنە جاقبادى.  
جييلغان كوبدك بارنە  
داۋلەتى مەن ساقئادى؛  
خان، قاراسى، موللاسى  
سايىننك آتن تاييادى.

جۇز اوتن بىر جاساغان،  
آزۇۋتسى بوساغان،  
نوغيلىينك جۇرتندا  
اونان اۋلكەن كسى جوق،  
اوزى جارلى بولغان سوڭ  
اونى مەن جۇرتدك اسى جوق.  
خان مەن بيلەر قاسينا  
كەلب تۇرب تايانب  
اوزينە مالم بولغان سوڭ،  
نەسینە تۇرسن آيانب؟  
كەدەي چالڭ سويلەيدى،  
سويلەگەندە بۇيدەيدى:

بارە كەلدى بيلەرم!  
جارسادى جاتقانك!  
بايلىغىڭدا، بوزمۇناي،  
مسدان تاباق — تارتقانك!  
چاشكا تۇۋغان جاس ئتولك!  
قانكەي آتن تابقانك!؟»

Сонда отырыб хан мен би  
Шалға қараб ұрысды.  
Таббаған соң жақсылар  
Намысына тырысты.  
Осы жерде ойласаң,  
Атын тауыб қоймасаң  
Сақалыңнан алармын  
Ағашқа асыб таңармын.

**Шал да қараб отырмай,**

**Күңіреніб жылады:**

«Бәрің таббай тұрасын,  
Беліндегі бес қаруу,  
Тал бойына жарасқан.  
Екіталай жерлерде,  
Ерлігі асқан Алаштан  
Батыр Сайын болмасба?  
Үстіне әруақ қонбасба?  
Тамам жақсы жиылыб  
Соны тауыб қоймасба?»

---

Қандар қалды қомсарыб,  
Билер қалды томсарыб  
Тоқсан торқа киді де  
Тоғыз жорға мінді де  
Шал жөнелді теңселіб.

---

سۇندا اوترب خان مەن ئىبى  
چالغا قاراب اۇرسىدى.  
تابانغان سوڭ جاقسىلار  
نامىسىنا ترسىدى.  
اوسى جەردە اويلاساڭ،  
آتىن تاۋىپ قويماساڭ  
ساقالگىنان آلارمىن  
آغاچقا آسبىن ئاڭارمىن.

چالدا قاراب تۇرمادى،

كۆڭرەنەب جىرلادى:

«بارك تابىباي تۇراسىن،

بەلندەگى بەس قارۇۋ

تال بوينا جارسقان.

اەكى تالاي جەرلەردە،

امرلىگى آسقان آلاچدان

باتىر ساين بولماسىبا؟

اۋستىنە ارۇاق قونباسىبا؟

تامام جاقسى جىيىلىپ

سونى تاۋىپ قويماسىبا؟»

قاندار قالدى قومساراب،

بىلەر قالدى تومساراب

توقسان تورقا كىدىدە .

توغز جورغا مەندىدە

چال جونەلدى تەكشەلب.

Мұрадына жеткен соң,  
Тойы тарқаб кеткен соң,  
Күмісден бесік иірді;  
Береннен түбек құйдырды;  
Сайын сынды батырды  
Қара күске бөлетді.  
Қара күсті қатты деб  
Бала күске бөлетді.

Жаңа туған жас бала  
Емшек берсе ембейді.  
Ет берсе де жемейді;  
Анасының қарасын  
Ергіз де екі көрмеді.

Боз Мұнай бай абдыраб,  
Шаһарына барады,  
Молла менен ғалымның,

**Құлағына салады:**

«Кешегі туған жас бала  
Бізді қылды масқара;  
Емшек берсең ембейді,  
Ет берсең де жемейді.  
Анасының қарасын,  
Ергіз екі көрмейді:  
Дағдардым, жұртым мен!» дейді.  
«Ақыл тауыб бер!» дейді.



مرادىنا چەتكەن سوڭ،  
تويى تارقاب كەتكەن سوڭ،  
كومسەن بەسكە ئايدردى؛  
بەرەننەن تۈبەك قۇيدردى؛  
سايىن سىندى باتردى  
قارا كۈسكە بولەتدى.  
قارا كۈسدى قاتتى دەپ  
بالا كۈسكە بولەتدى.

جاڭما تۇغان جاس بالا  
ئەمچەك بەرسە ئەمبەدى  
ئەت بەرسەدە جەمەدى؛  
ئاناسىنىڭ قاراسىن  
ئەرگىزدە ئەكى كورمەدى.  
بوز مۇناي باي ئابدېراب  
چاھارىنە بارادى  
موللامەنەن غالىمنىڭ  
قۇلاغىنا سالادى:

«كەچەگى تۇۋغان جاس بالا  
بۇزدى قىلدى ماسقارا؛  
ئەمچەك بەرسەك ئەمبەدى،  
ئەت بەرسەك دە جەمەدى.  
ئاناسىنىڭ قاراسىن  
ئەرگىز ئەكى كورمەدى؛  
داغدارىم، جۇرتىم مەن!» دەيدى،  
«ئاقىل تاۋىپ بەر!» دەيدى.

Ноғайлы жұрты кеңесіб,  
Күнде бір бие сойғызды;  
Ортан жілік майына  
Үш күнде бір тойғызды.  
Бір жасына келгенде,  
Балалықды қылмады;  
Екі жасқа келгенде,  
Елеулі ермен тең болды;  
Үш жасына келгенде,  
Үш шарбақты ноғайдың  
Бәрідағы таң қалды;  
Біртүрлі туған жан болды.

Төрт жасына келгенде  
Төрге таман ұмтылды.  
Бес жасына келгенде,  
Бес қарұуды сайлады;  
Жасыл оқдай ойнады;  
Әр талабты ойлады;  
Алты жасқа келгенде,  
Ертең мінген атынан  
Кешке дейін түсбеді,  
Ердің ісін істеді.

Жеті жасқа келгенде  
Жеке жұртын күзетді;  
Ноғайлының үш кентін  
Түгелімен түзетді.

نوغايلى جۇرتى كەڭسەپ،  
كۈندە بىر بىيە سويغزدى؛  
اورتان جلك ماينا  
°اۈچ كۈندە بىر تويغزدى.  
بىر جاسينا كەلگەندە،  
بالاقدى قىلماي؛  
اەكى جاسقا كەلگەندە،  
اەلەۋلى امرەن تەڭ بولدى؛  
°اۈچ جاسينا كەلگەندە،  
°اۈچ چارباقتى نوغايديڭ  
بارى داغى تاڭ قالدى؛  
بىر °تۈرلى تۇۋغان جان بولدى..  
°تورت جاسينا كەلگەندە  
تورگە تامان اۈمتلىدى.  
بەس جاسينا كەلگەندە،  
بەس قارۇدى سايلادى؛  
جاسل اوقداى اوينادى؛  
°آر تالابدى اويلادى؛  
النى جاسقا كەلگەندە،  
امرەنكە منگەن آتينا  
كەچكە دەين تۇسبەدى،  
امردىڭ °اسن استەدى.  
جەتى جاسقا كەلگەندە  
جەكە جۇرتن كۈزەتتى؛  
نوغايلىنىڭ °اۈچ كەنتن  
تۈگەلى مەن تۈزەتتى.

Езүү тартбай ұл өтді;  
Абыройлы қыз өтді.  
Ғаріб менен міскіндер  
Панасында күнелтді.

Сегіз жасқа келгенде,  
Секіртіб ат мінгендей.  
Балдағы алтын ай болат  
Ал беліне ілгендей.

Алты қырлы ақсүңгі,  
Оң қолына алғандай.  
Ел шетіне жау келсе  
Айқай сүрен салғандай.  
Ноғайлының үш жұрты  
Бәрі бұған таң қалды-ай!

---

Бұл Сайынның ерлігін  
Әрбір адам көргенде;  
**Токсан құлы кеңесді**  
**Кеңескенде не десді?**

«Бір күндері болғанда,  
Мынау жүрген Ер Сайын,  
Көрмейсіңбе ыңғайын?  
Бізді де бір адам деб,  
Тұура қараб күлген жоқ.  
Байағыда атасын  
Ортаға алыб құуғанды.

ئەزۇۋ تارتىباي اۋل<sup>۱</sup> اوتى؛  
أبرويلى قز<sup>۲</sup> اوتى.  
عارب مەنەن مەسكىنەر  
پاناسىدا كۈن اەلتى.  
سەگز جاسقا كەلگەندە،  
سەكرىب آت مىنگەندە،  
بالداغى آلتىن اوى بولات  
آل بەلپنە الگەندە.  
آلتى قرلى آقسۇنگى  
اوكۇ قولپنا آلغانداي.  
اەل چەتىنە جاۋ كەلسە  
آيقاي سۇرەن سالغانداي.  
نوغايلپنىڭ<sup>۳</sup> اۋچ جۇرتى  
بارى بۇغان تاكۇ قالدى — آى!

بۇل ساينىڭ اەرلىگىن  
آر<sup>۴</sup> بىر آدام كورگەندە؛  
توقسان قۇلى كەشەسىدى  
كەشەسكەندە نەدەسىدى؟  
«بىر كۈندەرى بولغاندا،  
مناۋ جۇرگەن اەرساين،  
كورمەيسىنبە اىگفاين؟  
بزدى دە بىر آدام دەپ،  
تۇۋرا قاراب كۈلگەن جوق.  
باياغىدا، آتاسن  
اورتاغا آلب قۇۋغاندى،

Ұстаб алыб ұрғанды,

Әлі күнге білген жоқ.

Оны бір күн білген соң,

Құлағына тиген соң,

Біз байғұсды ұрмасба?

Ашуланса қырмасба?

Уағда қыл, жігітдер,

Не ғылса да тұрмасқа!

Қырарма, ойбай, қырарма!

Бұған адам шыдарма?

Жорға менен жүйрікті

Түн ішінде алайық!

Мың сан жылқы ішінен

Ат табармыз лайық.

Құр қырылыб қалғанша

Қашыб кетіб қалайық!»

---

Жорға менен жүйрікті

Қос қосынан алады;

Сусыз шөлге бас қойыб,

Құлдар қашыб барады.

Ертең келіб Ер Сайын

Жылқысына қарады.

Иесіз жатыр көб жылқы

Құлдарының бірі жоқ.

اۇستاب آلب اۇرغاندى،  
ئالى كۈنگە بلگەن جوق.  
اونى، بىر كۈن بلگەن سوڭ،  
قۇلاغىنا تيگەن سوڭ،  
بىز بايغۇسىدى اۇرماسبا؟  
آچۇۋلانسى قىرماسبا؟  
ۇاعدا قل، جگىتىم،  
نە غلىسادا تۇرماسقا!  
قىزما، اويىباى! قىزما!  
بۇغان. آدم چىدارما؟  
جورغا مەنەن جۇيركىدى  
ئۇن اچىندە آلايق!  
مىڭ سان چلقى اچىنەن  
آت تابارمىز لايىق.  
قۇر قىرلىب قالغانچا  
قاچىب كەتب قالايىق!»

جورغا مەنەن جۇيركىدى  
قوس قوسىنان آلادى؛  
سۇۇسىز چولگە باس قويىب،  
قۇلدار قاچىب بارادى.  
امرتەڭ كەلب امر ساين  
چلقىسىنا قارادى.  
ايەسىز جاتىر كوپ چلقى  
قۇلدارىنىڭ بىرى جوق.

Қашды деген көңілінде  
Ер Сайынның кірі жоқ.  
Ары бері жүрген соң,  
Құл қашқанын білген соң,  
Жылқы бағар кім қалды?

**Батыр Сайын тұлданды:**

«Тоқсан құл саған не қылдым?  
Қашыб кетіб не білдің?  
Әкеме қылдың хорлықды,  
Шешеме қылдың зорлықды;  
Кешейін деб күнәнді,  
Сонда да еске алмадым.  
Ат терлетіб келдің деб,  
Етке қамшы салмадым.  
Ахырында, балам құл,  
Мені бүйтіб алдадың!  
Тым болмаса жылқыда  
Жартың неге қалмадың?»

Өз обалың өзіңе!  
Түлен сені құуды ма?  
Қардан жаман түспеспін  
Қарадағы ізіңе.  
Азар болса, кетерсін  
Сұусыз шөлдің түзіне.  
Бәріңді де қырайын,  
Бір көрінсең көзіме.



قاچىدى دەگەن كوڭلىدە  
اھر ساپىنىڭ كرى چوق.  
آرى بەرى جۇرگەن سوڭ،  
قۇل قاچقان بىلگەن سوڭ،  
جلقى باغار كىم قالدى؟  
باتر ساپىن تۇلداندى:

«توقسان قۇل ساغان نە قىلىم؟»

قاچىپ كەتەنە بىلدىڭ؟  
آكەمە قىلدىڭ خورلىقى؛  
چەچەمە قىلدىڭ زورلىقى؛  
كەچەين دەپ كۇناڭدى،  
سوندا دا اھسكە آلام.

آت تەرلەتەن كەلدىڭ دەپ،

اھتكە قامچى سالمام.

آخىرىدا، بالام قۇل،

مەنى بۇيتىپ آلدادىڭ!

تەم بولماسا چلقىدا

جارتىڭ نەگە قالمادىڭ؟

اوز اوباللىڭ اوزىڭە!

تۇلەن سەنى قۇۋدىما؟

قاردان جامان تۇسبەسەن

قارداغى ازىڭە.

آزار بولسا كەتەرسەن

سۇۋسىز چولدىڭ تۇزىنە.

بارىڭدى دە قراين،

بىر كورنەسەڭ كوزىمە.

Бұлармен деб жүргенмін,  
Дұшпанның жалғыз жүзіне».  
«Шүү-у!» деб еді қарала ат  
Қырдан асыб қылт етді;  
Тұйақтан ұшқан тозаңы  
Құйындай-ақ бұрқ етді.

---

Бір жіберіб алғанда,  
Әуелі сәске болғанда,  
Шыға келді Ер Сайын  
Қаратөбе басына.  
Құлдар кетіб барады  
Айағының астында,  
Қосылыб өлең айтысыб,  
Сырнай күйін тартысыб.  
Мұны көріб Ер Сайын  
Төбеде тұрыб толғанды;  
Жалғыздығын ойлады;  
**Жауы тоқсан бұл жалғыз.**  
**Ойламасқа болмады:**

«Өзің жәрдем бола гөр,  
Бір жаратқан Хұдайым!  
Өлемін деб қылмаймын,  
Жаным үшін уайым.  
Қорлығы өтіб барады  
Бұған нағыб шыдайын!

بولارمن دەب جورگەنمىن  
دۇچپاننىڭ جالغز جۇزىنە».  
«چۇۋا!» دەب امدى قارا آلا-آت  
قردان آسب قىلت اەتدى؛  
تۇياقدان اۇچقان توزاڭنى  
قۇيىنداي-آق بۇرق اەتدى.

بىر چىبىرپ آلىغاندا،  
اۇلى ساسكە بولغاندا،  
چفاكەلدى اەر ساين  
قارا توبە باسينا.  
قۇلدار كەتب بارادى  
آياغىنىڭ آستىدا،  
قوسىلىب اولەڭ آيتىسب،  
سرنى كۇين تارتىسب.  
مۇنى كورب اەر ساين  
توبەدە تۇرب تولغادى؛  
جالغزديغن اويلادى؛  
جاۋى توقسان بۇل جالغز  
اويلاماسقا بولمادى:  
«اوزك جاردەم بولاگور،  
بىر جاراتقان خدايم!  
اولەمن دەب قىلمايمىن،  
جانم اۇچن اۋايم.  
خورلىغى اوتب بارادى  
بۇغان ناغب چداين!

Тоқсан құлмен соғысам,

Абыройды тауысам.

Жалғызға келер күш болса,

Жазатайым іс болса,

Қартайғанда атамнан

Енді перзент тұуар ма?

Ием сараң болмаса,

Қанатсыз мені қылар ма?

Құлдан қорқыб мен қайтсам,

Құл кетді деб мен айтсам,

Жиылысқа кіре алман;

Ел ішінде жүре алман.

Енді бұған барайын,

Бармай нағыб қалайын?

Қыннан шықбас ақ алмас

Сұуырыб қолға алайын.

Көтерсе Хұдай талайым,

Бәрін тегіс қырайын».

---

Қамшы басыб қалғанда,

Қарғыб кетді қарала-ат.

Жауға жетіб барады,

Тауды тасды аралаб.

Екі тісі сақылдаб,

Құлдарға келді жақындаб.

توقسان قۇل مەن سوغسام،  
آبرويدى تاۋىسام.  
جالغزغا كەلەر كۈچ بولسا،  
جازا تايم، اس بولسا،  
قارتايغاندا آتامنان  
اەندى فەرزانت نۇۋارما؟  
اينەم ساراڭ بولماسا،  
قانائىتىز مەنى قلارما؟  
قۇلدان قورقۇپ مەن قايتسام،  
قۇل كەتتى دەپ مەن آيتسام،  
جىيىلسقا كرە آلمان؛  
اەل اچىندە جۇرە آلمان.  
اەندى بۇغان باراين؛  
بارماي ناغىب قالايىن؟  
قننان چقباس آق آلماس  
سۇۋىرب قولغا آلاين.  
كوتەرسە خدای تالايم،  
بارن تەگس قراين».

قامچى باسپ قالغاندا.  
قارغىب كەتتى قارا آلا - آت.  
جاۋغا جەتب بارادى،  
تاۋدى تاسدى آرالاب.  
اەكى تىسى ساقىلداپ،  
قۇلدارغا كەلدى جاقىنداپ.

Жау көрмеген жас бала,  
Жаңа өспірім мас бала,  
Қылышты алды қынынан;  
Ойын емес, шынынан.  
«Шүү-у!» деб еді, қарала-ат,  
Жұмырланды қырынан.

Түнеріб бала келген соң,  
Енді өлерін білген соң,  
Қол қусырыб бәрі де  
Аттан түсе қалысды.

Бас ұрыб жерге жыласды.  
Жылағанға болмады,  
Жалынғанға қоймады;  
Екпіні қатды жас бала,  
Құлдарменен ойнады.

Өзгесін қырыб салды да,  
Отызын жайау айдады;  
Бір балаға тоқсан құл  
Таба алмады айланы.

Қаратөбе басына  
Жайау айдаб барады;  
Бірін тірі жібермей,  
Барлығын да жарады.  
Тоқсан құлдың аттарын  
Айдаб елге салады.

---

جاۋ كورمەگەن جاس بالا،  
جاڭكا اوسپرم ماس بالا،  
قلچدى آلدى قىنينان؛  
اوين امەس چىنينان.  
«چۇۋ»! دەپ اەدى قارا آلا - آت  
جۇمارلاندى قىنينان.  
تۇنەرب بالا كەلگەن سوڭ،  
اەندى اولەرن بىلگەن سوڭ،  
قول قۇۋسىرب بارى دە  
آتدان تۇسە قۇلاسىدى،  
باس اۇرب چەرگە جىلاسىدى.  
جالغانغا بولمادى؛  
جالغانغا قويمادى؛  
اەكىپىنى قاتتى جاس بالا  
قۇلدار مەنەن اوينادى.  
اوزگەسەن قىرب سالىدىدا،  
اوتىزن جايانۇ آيدادى؛  
بىر بالاغا توقسان قۇل  
تابا آلمادى آيلانى.  
قارا توبە باسىنا  
جايانۇ آيداب بارادى؛  
بىر تىرى جىبەرمەى،  
بارلىغىندا جارادى.  
توقسان قۇلدىڭ آتدارن  
آيداب اەلگە سالادى.

Атасына мақтаныб,  
Құл қырдым деб айтбады;  
Бұрынғыдай мырзаңыз  
Шіреніб үйде жатбады;  
Сыртдан келген дұшманнан  
Өз шарбағын сақтады;  
Жатса, тұрса жау тілеб,  
Жылқы болды баққаны.

Малшы болыб жүрсе де,  
Жау жарағын сайлады;  
Жақын жатқан жылқыны  
Алысқа алға айдады;  
Жылқы алуға жау келсе  
Ұрысұуға ойлады.

Елдің жүрер шетінде;  
Жаудың келер бетінде;  
Жау көрінсе білдір деб,  
Қарауылды сайлады.

**Күні түні Хұдайдан**

**Жауды тілей қалады:**

«Қайда кеткен Алашдың,  
Найза ұстаған батыры?!  
Еркек мұрдар қырылыб,  
Қалғанба өңшең қатыны?»

\*\*\*



آتاسىنا ماقتانې.  
قۇل قىرغىم دەپ آيتىلدى؛  
بۇرنىغىداي مرزا كىز  
چىرەنبى اۆيدى جاتىلدى؛  
سىرتىدىن كەلگەن دۇشمانىدىن  
اۈز چارىباغىن ساقىلدى؛  
جاتىسا، تۇرسا جاۋ تىلەپ،  
جىلقى بولدى باققانى.

مالچى بولب چورسىدە،  
جاۋ چارىباغىن سايلىدى؛  
چاقىن جاتقان جىلقىنى  
آلسقا الغى آيدىدى؛  
جىلقى آلۇزغا جاۋ كەلسە  
اۈرىسۇزغا اويلدى.

اىلىك جۇرەم چەتتە؛  
جاۋدىك كەلەر بەتتە؛  
جاۋ كورنسى بىلەر دەپ،  
قاراۋلى سايلىدى.

كۈنى تۇنى خىدايدان  
جاۋدى تىلەي قالدى:

«قايدا كەتكەن آلاچىك،  
نايزا اۇستاغان باتىرى؟!»  
امركەك مۇردار قىرىلپ،  
قالغانبا اوڭچەك قاتىنى؟»

\*\*

## II

Бір күндері болғанда,  
Сайын жасқа толғанда,  
Мұның даңқын есітіб,  
Қара Қыбшақ Қобыланды:  
Дүниенің төрт бұрышын  
Тегіс жүріб шарлаған.  
Алпыс жасдан асқанда,  
Алмаған жауы қалмаған.

Көрнекді бұзыб жылқы алған,  
Күймені бұзыб қыз алған,  
Дұшманды көрсе бір күнде,  
Отыз екі қырланған.  
Он жасына келгенде,  
Жау әдісін үйренген,  
**Жұртыменен кенесді,**  
**Кеңескенде, не десді:**

«Ноғайлының жұртынан  
Сайын деген ер шықды;  
Мұсылманның ішінде  
Бұлар болған ең мықты.

Мың кісіні жиыңыз!  
Сол Сайынға барайық.  
Рас болса ерлігі,  
Қолымызға алайық.

II

سېر كۈنپەرى بولغاندا،  
سايىن جاسقا تولغاندا،  
مۇنىڭ داڭقىن امىتېب،  
قارا قىچاق قوبلاندى:  
دۇنيەنىڭ تورت بۇرچىن  
تەگس جۇرب چارلانغان،  
آلپس جاسدان آسقانچا،  
آلماغان جاۋى قالماغان.

كورنە كىدى بۇزىب چلقى آلغان،  
كۇيمەنى بۇزىب قز آلغان،  
دۇچماندى كورسە بىر كۇندە  
اوتز اەكى قزلانغان.  
اون جاسينا كەلگەندە  
جاۋ ادېسن اۋىرەنگەن،  
جۇرتى مەنەن كەشەسىدى،  
كەشەسكەندە نە دەسىدى:

«نوغايلينىڭ جۇرتىنان  
سايىن دەگەن امر چقىدى؛  
مىسلماننىڭ اچىندە  
بۇلار بولغان اەڭ مقتى.  
مك كسىنى جىيىكز!  
سول سايىغا بارايىق.  
راس بولسا اەلىگى،  
قولىمىزغا آلايىق.

Алысда жатқан қалмаққа  
Бір соғысды салайық».

---

Қобыландының бұл сөзін  
Жұрты қабул етеді;  
Мың кісіні қолға алыб,  
Сайынды іздеб кетеді;  
Бір күндері болғанда  
Жылқыға таман жетеді.  
Қыраңғытыб жүрген ер  
Жолығыса кетеді.

Көб екен деб сасбады;  
Жалғызбын деб қашбады;  
Көтеріб алды найзаны,  
Алтынды түүн байлады.  
Жалғыз өзі көб жаумен,  
Ұрысарға ойлады.

Қобыландының қасында  
Найзагері қорқады;  
Жақындасыб келгенде,  
Атының басын тартады.  
Сайын бетін бұрар ма?  
Қашбай адам шыдар ма?  
Батыр Сайын екенін  
Ер Қобыланды біледі.

آلسدا چاتقان قالماققا  
بىر سېوغىسى سالايق».

قوبلاندىنىڭ بۇل سوزى  
جۇرتى قابۇل اەتەدى؛  
مىڭ كىسىنى قولغا آلب،  
سايىدى از دەپ كەتەدى؛  
بىر كۈندەرى بولغاندا  
چلقىغا تامان جەتەدى.  
قراڭغىتىپ جۇرگەن امر  
جولىغىسا كەتەدى.

كوب اەكەن دەپ ساسبادى؛  
جالغزىن دەپ قانچىدى؛  
كوتەرىپ آلدى نايزانى؛  
آلتىدى تۇۋن بايلادى؛  
جالغزى ءاوزى كوب جاۋمەن  
اۋرىسارغا اويلادى.

قوبلاندىنىڭ قاسىندا  
نايزاگەرى قورقادى؛  
چاقىنداسىپ كەلگەندە،  
آتىنىڭ باسنى تارتادى.  
سايىن بەتن بۇرارما؟  
قانچىباي پادام چدارما؟  
باتىر سايىن اەكەنن  
امر قوبلاندى بىلەدى.

Мың кісіге бас болыб,  
Өзі ілгері жүреді.  
Ақ-боз атбен аңқылдаб,  
Айыр қалпақ солқылдаб,  
Ер Сайынға жақындаб  
Жетіб келді қомпылдаб.

**Жетіб келіп сөйледі,**

**Сөйлегенде бүйдеді:**

«Батыр Сайын сен болсаң,  
Қобыланды ағаң мен болсам,  
Ел шетінде жүргенде  
Іздеб жүріб кез болсам.

Жарқылдатба қылышың!  
Мың кісілік тұуысың.  
Ашулансаң, шырағым,  
Бәрімізді қыраарсын;  
Жаушылығым жоқ саған:  
Сені көре келемін  
Атадан артық бір ер сен,  
Қол тізгінін беремін.  
Іздеб шыққан жауым бар  
Қызығыңды көремін».

Сайын қараб тұрады:

Аты жөнін сұрады;

Қобыландыны білген соң,

Елге қарай бұрады.

Ер-Сайын

مك كسىگە باس بولب،  
اوزى الگەرى جۇرەدى.  
اق — بوز ات بەن آكقۇلداپ،  
اير قالپاق سولقۇلداپ،  
امر ساينغا جاقتىداپ  
جەتب كەلدى قومۇلداپ.  
جەتب كەلب سويلەدى؛  
سويلە گەندە بۇيدەدى:  
«باتر ساين سەن بولساڭ،  
قوللاندى آغاڭ مەن بولسام،  
اەل چەتندە جۇرگەندە  
ازدەب جۇرب كەز بولسام.  
چارقۇلداپتا قلىچك!  
مك كسىلك تۇۇپسك.  
اچۇلانساك چراغم،  
بارىمزدى قاراسن؛  
جاۋچىلغىم جوق ساغان:  
سەنى كورە كەلەمەن  
آتادان آرتق بىر امر سن،  
قول تىزگىنن بەرەمەن.  
ازدەب چققان جاۋم بار.  
قىزىغىكىدى كورەمەن.»  
ساين قاراپ تۇرادى؛  
آتى جۇنن سۇرادى؛  
قوللاندىنى بلىگەن سولك،  
اەلگە قاراي بۇرادى؛

«Біздің елге барыб қайт!  
«Атамнан бата алыб қайт!  
«Мен де бірге жүрермін;  
«Қонағасың берермін;  
«Бара тұрған жауыңа  
«Артық тұуған ағасын  
«Батырлығың көремін».

Мың кісіні Ер Сайын,  
Ерітіб алыб келеді;  
Алпыс асау сойдырыб,  
Қонағасы береді.

---

Үш күн қонақ болған соң,  
Байдан көңілі толған соң,  
Қобыланды мен Ер Сайын  
Байдан бата сұрады.

**Бәйбіше мен Боз Мұнай,  
Қобыландыға жылады:**

«Өлгенде көрген жалғызым  
Аттаныб кетсе жорыққа,  
Қартайғанда басымыз  
Қалады екен зорлыққа!»

Тайаныб келді Боз Мұнай  
Қобыландының қасына:  
«Желіктіріб баланы,  
Қайғы салдың басыма.



« بزدىڭ اەلگە بارب قايتا!

« آتا مىنان پانا آلب قايتا!

« مەندە بىرگە جۈرەمن؛

« قوناغاسىڭ بەرەمن؛

« بارا تۇرغان جاۋىڭا

« آرتق تۇۋغان آغاسىن

« باتىلىڭ كورەمن. »

مىڭ كىسىنى امر ساين

امر تىب آلب كەلەدى؛

آلپس آساۋ سويدىرب،

قوناغاسى بەردى.

« اۋچ كۈن قوناق بولغان سوڭ،

بايدان كوڭلى تولغان سوڭ،

قوبلاندى مەن امر ساين

بايدان پانا سۇرادى.

بايىچە مەن بوز مۇناي

قوبلاندىغا جىلادى:

« اولگەندە كورگەن جالغىزم

آتانب كەتسە جورققا،

قارتايغاندا باسىم

قالادى اەكەن حورلىققا! »

تايانب كەلدى بوز مۇناي

قوبلاندىنىڭ قاسىنا:

« جەلكىتىرت بالانى،

قاينى سالىڭ باسىما.

Тентектігің қоймадың  
Жұрт тіліне болмадың.  
Бұрынғылар алмаған,  
Маңына адам бармаған,  
Қалмақ деген қатты жау:  
Жүремін деб ойладың.

Мынау жүрген Ер Сайын,  
Өмір берген Хұдайым!  
Жасдан жауға кеткен соң,  
Үйде нағыб шыдайын?

Тоғыз жасдан өткен жоқ;  
Он жасына жеткен жоқ;  
Омыртқасы өткен жоқ;  
Қабырғасы қатқан жоқ.

Көзім жасын көрсейші!  
Үш наурызды берсейші!  
Он екі жасқа толғанда,  
Қызығын сонда көрсейші!»

**Сонда Қобыланды сөйлейді:**

**Сөйлегенде бүйдейді:**

«Ер дарыған бай едің,  
Үш наурызды бергенім.  
Үш жыл өтіб кеткен соң,  
Уағдаға келгенім.  
Соған дейін Ер Сайын

تەنتەكتىڭ قويمادۇ؛

جۇرت تلىنە بولمادۇ.

بۇرنغىلار آلمان،

ماڭىنا آدم بارماغان.

قالماق دەگەن قاتتى جاۋ:

جۇرەمن دەپ اويلادۇ.

مناۋ جۇرگەن امرساين،

اومر بەرگەن خدايم!

جاسدان جاۋغا كەتكەن سوڭ

اۋيدە نالغب چداين؟

توغز جاسدان اوتكەن جوق:

اون جاسينا جەتكەن جوق؛

اومرتقاسى اوسكەن جوق؛

قابرغاسى قاتقان جوق.

كوزم جاسن كورسەيچى!

اۋچ ناۋرزدى بەرسەيچى!

اون اەكى جاسقا تولغاندا،

قزيغن سوندا كورسەيچى!»

سوندا قوبلان سويلەيدى:

سويلەگەندە بۇيدەيدى:

«امردارىغان باي اەدكۇ

اۋچ ناۋرزدى بەرگەنم

اۋچ جل اوتب كەتەن سوڭ

ۋاغداغا كەلگەنم،

سوغان دەين امر ساين

Жау жарағын сайласын!  
Мінер атын байласын!  
Шыныменен ер болса,  
Уағдадан таймасын!»

\* \* \*

### III

Мың кісі дулай қайтады.  
Тілегін алыб қуаныб,  
Бай үйінде жатады,  
Үш наурызға жұбаныб.

Бір күндері болғанда,  
Бәйбіше тұрыб ойлады;  
Ойламасқа болмады,  
Байды еркіне қоймады:

«Толыб жатқан малың бар,  
Екі-үш наурыз өткенде,  
Сайын кетер жорыққа;  
Тағы біздің басымыз  
Түсер сонда қорлыққа.

Тоғай толған малың бар;  
Бөліб қалың берсейші!  
Үш шарбақты қыдырыб,  
Лайық қыз көрсейші!

Келін де болса сүйеніб,  
Аз ғана күн тұрмаққа.  
Бермегенмен бұ малың

جاۋ جاراغىن سايلاسن!  
منەر آتن بايلاسن!  
چنى مەنەن امر بولسا،  
ۋاعدادان تايماستن!»

\*  
\*  
\*

### III

مك كسى دۇلاي قايتادى.  
تلەگن آلب قۇۋانب،  
باي اۋىندە جاتادى،  
اۋچ ناۋرزغا جۇبانب.  
بىر كۈندەرى بولغاندا.  
بايىچە تۇرب اويلادى؛  
اويلاماسقا بولمادى؛  
بايدى امركىنە قويمادى:

تولب جاتقان مالك بار  
اەكى — اۋچ ناۋرز اوتكاندە.  
سايىن كەتەر جورققا؛  
تاغى بىزدك باسمىز  
تۇسەر سوندا خورلققا.  
توغاى تولغان مالك بار؛  
بۇلب قالك بەرسەيچى!  
اۋچ چارباقتى قديرب،  
لابىق قز كورسەيچى!  
كەلن دە بولسا، سۇيەنب،  
آزغانا كۈن تۇرماققا.  
بەرمەگەن مەن بۇ مالك

Алыб шықбас ұшбаққа».  
Мұны есітіб Боз Мұнай,  
Бозжорғаға ер салды;  
Үш шарбақты ноғайдың  
Қыздарына көз салды.

Лайық қыз таббады  
Көрген қыздар жақбады.  
«Мен бармаған ел бар ма?  
Ер Сайынға тең бар ма?»

**Ноғайлы жұрты кеңесді;**

**Кеңескенде, не десді:**

«Қамбар жайлаб шет қонған  
Дұшманына бет қонған  
Өзі жауға айбарлы  
Көбікті деген бай бар-ды.

Езүү тартыб күлмеген,  
Бөтен үйге кірмеген,  
Айұу бике сұлұу нар  
Беті жерге тимеген.  
Қиғаш қара қасы бар,  
Қолаң қара шашы бар.

Сырты сұлұу, сымбатты  
Кер құландай керілген;  
Ішкен асы сұлұудың  
Тамағынан көрінген.

آلب چقبلس اۇچباققا» .  
مۇنى امستې بوز مۇناي  
بوز جورغاغا امر سالدى؛  
۴ اۇچ چارباقتى نوغايىڭ  
قزدارينا كوز سالدى.  
لايىق قز تابىادى  
كورگەن قزدار جاقبادى.  
«مەن بارماغان امل بارما؟  
امر ساينغا تەڭ بارما؟»  
نوغايلى جۇرتى كەشەسدى؛  
كەشەسكەندە نەدەسدى:  
«قامبار جايلاپ چەت قونغان  
دۇچمانينا بەت قونغان» .  
۴ اوزى جاۋغا آيبارلى  
كوبكىنى دەگەن باي باردى.  
امزۇ تارتىپ كۆلمەگەن،  
بوتەن اۋىگە كرمەگەن،  
آيۇز بەكەسۇلۇز نار  
بەتى جەلگە تيمەگەن.  
قىغاچ قارا قاسى بار،  
قولاڭ قارا چاپى بار.  
سرتى سۇلۇز سىبانتى  
كەر قۇلاندای كەرلگەن؛  
اچكەن آسى سۇلۇزىڭ  
تالماغىنان كورنگەن.

Қорықбай соған барсаңыз,  
Шамаң келіп алсаңыз.  
Бермей қалар деймісіз  
Барыб хабар салсаңыз».

---

Соған кетді Боз Мұнай,  
Сұудың бойын көбелеб.  
Қартайғанша боз жорға  
Өзі мінген жебелеб.

Көбіктінің сарайы.  
Көтерілген талайы.  
Есігінің қасында,  
Қақбасының басында,  
Тұрады екен күзетіб,  
Екі бірдей малайы.

Екі тісі кетілген,  
Бір танауы сетілген,  
Боз Мұнайды біледі;

**Иіліб сәлем береді.**

Тілдесүүге келеді:  
«Ауыр дәулет тұсында  
Қара басың хан едің.  
Сайын сынды ұлың бар;  
Енді неге зар едің?»

Атың жаман терлебді.  
Таң сәрінен жүресін



قورقباي سوغان بارساڭز،  
چاماڭ كەلب آلساڭز،  
بەرمەي قالار دەيمىسز  
بارب خابار سالساڭز».

سوغان كەتدى بوزمۇناي  
سۇۇدۇڭ بوين كۈبەلەب،  
قارتايغانچا بوز جورغا  
ئۈزى منگەن جەبەلەب.  
كۈپكىننىڭ سارايى.  
كۈنەرلگەن تالايى.  
، ەسىگىنىڭ قاسىندا،  
قاقباسىنىڭ باسىندا،  
تۇرادى ەكەن كۈزەتب،  
ەكبى بردەي مالايى.  
ەكبى نىسى كەتلىگەن،  
بىر تاناۋى سەتلىگەن،  
بوز مۇنايدى بلەدى؛  
ايىلب سالەم بەرەدى؛  
تلدە سۇۇگە كەلەدى:  
«أۇر داۋلەت تۇسىندا  
قارا باسڭ خان ەدلىڭ.  
ساين سىندى اۋلىڭ بار؛  
ەندى نەگە زار ەدلىڭ؟  
آتڭ جامان تەرلەبدى.  
ئاڭ سارىنەن جۈرەسىن

Ашуланған адамдай  
Қабағыңды түйесін.  
Жолың болсын, Боз Мұнай  
Не есітіб білесін?»

**Боз Мұнай тұрыб сөйледі:**

«Байың есен саулық ба?  
Қатты сөйлеб даурықба!  
Айтқан сөзім тыңдаса,  
Көб қарсылық қылмаса,  
Қызын алыб қайтамын;  
Жүргенім жоқ жаулыққа.  
Лайық болса балама,  
Менен малды ала ма?

Шақырғанға келмесе,  
Балама қызын бермесе,  
Боз жорға атдан түспей-ақ.  
Елге таман қайтамын.  
Тентек тұуған Сайынға,  
Бара сала айтамын».

Қайран қалды Сетік құл  
Боз Мұнайдың сөзіне.  
Бара сала айтады –  
Көбіктінің өзіне:  
«Өзірейіл-ме? Дажал-ма?  
Мұнан жаның қалар ма?!

آچۇۋلانغان آدمداي  
قاباغىڭدى تۇيەسن.  
چولڭ بولسەن بوز مۇناي  
نەھاسىتىب بىلەسن؟»

بوز مۇناي تۇرۇپ سويلەدى:

«بايڭ امسەن ساۋلىقبا؟  
قاتتى سويلەپ داۋرۇقبا!  
آيتقان سوزم تىڭداسا،  
كوب قارسىلىق قىلماسا،  
قىزىن آلب قايتامن؛  
جۇرگەنم چوق جۇلىققا.  
لايىق بولسا بالاما،  
مەنەن مالدا آلاما؟

چاۋرۇغانغا كەلمەسە،  
بالاما قىزىن بەرمەسە،  
بوز چورغا آندان تۇسبەي — آق،  
املىگە تامان قايتامن.  
تەنتەك تۇۋغان سايىغا  
بارا سالا آيتامن.»

قايران قالدى سەتك قۇل  
بوز مۇنايدىڭ سوزىنە.  
بارا سالا آيتادى —

كوبىكتىنىڭ اوزىنە:

«ازرەيل — مە؟ داجال — ما؟  
مۇنان جانڭ قالارما؟!»

Біхтиарсыз біреудің,  
Қызын тартыб алар ма?!  
Сарайының қасында,  
Көбікті қызын берсін деб,  
Боз Мұнай бай келіб тұр.  
Бермесіне қойман деб,  
Ер Сайынға сеніб тұр».

**Көбікті тұрыб бұрсанды,  
Мұздай темір құрсанды:**  
«Шауыб алса, малда көб;  
Тартыб алса, қызда көб;  
Ноғайлының ішінде  
Сайындай тентек ұл да көб.  
Қызымды оған бермеймін;  
Боз Мұнайды көрмеймін;  
Мықты болса, жиылыб,  
Тартыб алсын мұнда кеп.

Қанша кісі келсе де  
Ұрысуға дайармын.  
Жалғыз қыздың тұсында  
Не жанымды айармын.

Адам екен деменіз!  
Түсіріб саумал берменіз!  
Қайтыб кетсін еліне!  
Бірің шығыб тұрмаңыз!?

احتىيارسىز بىرەۋدۇڭ،  
قزىن تارتىپ آلارما؟!  
سارا يىڭنىڭ قاسنىدا  
كوبىكتى قزىن بەرسىن دەپ،  
بوز مۇناي باي كەلب تۇر.  
بەرمەسىنە قويمان دەپ،  
اىر سايىغا سەن تۇر.»  
كوبىكتى تۇرۇپ بۇرساندى؛  
مۇزداي تەمىر قۇرساندى؛  
«چاۋپ آلسا، مالدا كوب؛  
تارتىپ آلسا، قزدا كوب؛  
ئوغايلىنىڭ اچىندە  
سايىنداى تەنتەك اۋلدا كوب.  
قزىمى اوغان بەرمەيىن؛  
بوز مۇنايدى كورمەيىن؛  
مىقتى بولسا جىيىلب،  
تارتىپ آلسىن مۇندا كەپ.  
قانچا كىسى كەلسەدە  
اۋرىسۇۋغا دايارمن.  
جالغز قزىدۇڭ تۇسنىدا  
نە جانمىدى آيارمن.  
ادام اەكەن دەمەڭز!  
تۇسىرىپ ساۋمال بەرمەڭز!  
قايتىپ كەتسىن اەلىنە!  
بىرۇڭ چىغىپ تۇرماڭز!؟»

**Боз Мұнай құлдан сұрады;  
Атының басын бұрады;  
Көбіктінің сөзіне  
Жаман ашұу қылады:**

«Осынан елге бармасам!  
Айғай сүрен салмасам!  
Үш шарбақтың адамын  
Мінгізіб атқа алмасам!  
Ер Сайынды жіберіб.  
Бәріңді де қырмасам!  
Айттырса бермес қызыңды,  
Ат саурына салмасам!  
Боз Мұнай болыб жүрмейін  
Боз жорғаға мінбейін!»  
Мықтылығын айтады,  
Елге таман қайтады.  
Бір бүліктің боларын,  
Көбікті жұрты байқады.

---

Боз Мұнай қайтыб кеткен соң,  
Елге хабар жеткен соң,  
Көбіктінің үйіне  
Алтын тақты хан келді;  
Қимылдаған жан келді:  
«Көбікті бай, қызыңды  
Сайынға неге бермедің?  
Сол секілді батырды

بوز مۇناي قۇلدىن سۇرادى؛  
اتىنىڭ باسن بۇرادى؛  
كوبكىتىنىڭ سوزىنە  
جامان اچۇۋ قىلدى؛  
«اوسىنان اەلگە بارماسام!  
آيغاي سۈرەن سالماسام!  
اۋچ چارپاقدىڭ ادامن  
منگىزب اتقا آلماسام!  
امر سايىندى جەھرب.  
بارگىدە قرماسام!  
آيتتۇرسا بەرمەس قىزگىدى  
آت ساۋرىنا سالماسام!  
بوز مۇناي بولب جۇرمەين  
بوز جورغاغا منبەين!»  
مقتىليغن آيتادى،  
اەلگە تامان قايتادى.  
بىر بۇلكىڭ بولارن  
كوبكىتى جۇرتى بايقادى.

بوز مۇناي — قاينب كەتكەن سوڭ،  
اەلگە خابار جەتكەن سوڭ،  
كوبكىتىنىڭ اۋىنە  
التن تاقتى خان كەلدى؛  
قىمىلداغان جان كەلدى:  
«كوبكىتى باي قىزگىدى  
سايىنغا نەگە بەرمەدۇڭ؟  
سول سەكلىدى باتاردى

Нағыб күйеу көрмедің?  
Боз Мұнай өзі келген соң,  
Мұнша неге кернедің?  
Бет бетімен тозармыз,  
Бұл қызыңды бермесең.  
Жұртымызды бүлдірер  
Аттаныб Сайын келген соң».

Көбікті бай ойланды,  
Төрде отырыб толғанды.  
Боз Мұнайға шаптырды  
Бермесем де болмас деб.  
Бермегенмен бұл қызым  
Маған қанша жолдас деб.

Сетік құлға бұйырды:  
«Қос ат алыб шап!» деді,  
«Боз Мұнайды таб!» деді.  
«Сұраған қызын береміз  
«Қайтсын мұнда, айт!» деді.

---

Қос атбен құл шабады;  
Боз Мұнайды табады.  
Құл жақындаб жеткенде  
Боз Мұнай кейін қарады.  
«Атыңның басын бұра тұр!  
Ашуланбай тұра тұр!  
Сен жөнеліп кеткенде  
Жұрт қамалға кірді ғой.



ناغىب كۇيەۋ كورمەدۇ؟  
بوز مۇناي<sup>۱</sup> اوزى كەلگەن سوڭ،  
مۇنچا نەگە كەرنەدۇ؟

بەت بەتى مەن توزارمز،  
بۇل قرگدى بەرمەسەڭ.

چۇرتەزدى بۇلدىرم  
آتتاىب ساىن كەلگەن سوڭ.»

كوبكىتى باى اويلاندى؛  
تورە اوتىرىپ تولغاندى.

بوزمۇنايغا چاپتردى  
بەرمەسەمدە بولمىس دەپ.

بەرمەگەن مەن بۇل قرم  
ماغان قانچا جولدىس دەپ.

سەتك قۇلغا بۇيردى:

«قوس ات آلب چاپ!» دەدى.

«بوزمۇنايدى تاب!» دەدى،

«سۇزاعان قرن بەرمەز

«قايتىسن مۇندا آيت» دەدى.

قوس ات بەن قۇل چاپادى؛

بوزمۇنايدى تابادى.

قۇل جاقىنداب جەتكەندە

بوزمۇناي كەين قارادى.

«آتىڭنى باسن بۇرا تۇر!

آچۇۋلانباي تۇرا تۇر!

سەن جونەلب كەتكەندە

چۇرت قامالغا كرىدى غوى.

Хан, қарасы жиылыб,  
Көбіктіге келді ғой!  
Не ғылса да Көбікті  
Саған қызын берді ғой!»

Боз Мұнай бай ақырды;  
Әруағын сұудай сапырды:  
«Шақырса да, бармаймын;  
Бұл сөзіңе нанбаймын;  
Малға берсе сол қызды,  
Бір тайға да алмаймын».

Сетік құл тұрыб зарлайды:  
«Сенен малды алмайды,  
Мал алуға еліңе,  
Бір кісі де бармайды.

Боз Мұнай бай, өзің біл!  
Шақырғанға бармасаң,  
Асы болар Аллаға,  
Берген қызды алмасаң».

Боз Мұнай тоқтай қалады,  
Құлды ерітіб алады.  
Боз жорғаны теңселтіб,  
Көбіктіге барады.

Хан, қарасы жиылыб,  
Алдынан күтіб тұрады.  
Талай малын қырады,  
Жиын, тойын қылады.

خان، قاراسى جيبلىب،  
كوبكتىگە كەلدى غوى.  
ناغلسادا كوبكتى  
ساغان قىزى بەردى غوى».

بوز مۇناي باي اقردى؛  
ارۇاغىن سۇۇداي ساپردى:  
«چاقىرسادا بارمايىن؛  
بۇل سوزىگە ئانبايىن؛  
مالغا بەرسە سول قىزدى  
بىر تايغادا آلمايىن.»

سەتەك قۇل تۇرۇپ زارلايدى:  
«سەنەن مالدى آلمايىدى،  
مال آلىۇغا اەلىگە  
بىر كىسى دە بارمايدى.  
بوز مۇناي باي» اوزۇڭ بىل!  
چاقىرغانغا بارماساڭ،  
آسى بولار آلاغا  
بەرگەن قىزدى آلماساڭ».

بوز مۇناي توقتاي قالادى  
قۇلدى اەرتىب آلادى.  
بوز جورغانى تەكسەلتىپ  
كوبكتىگە بارادى.

خان، قاراسى جيبلىب،  
آلدىنان كۇتۇپ تۇرادى،  
تالاي مالن قىرادى  
جيبىن تويىن قىلادى.

Ашуланбай табысды,  
Қалаған қызын алысды.  
Төрт бес кісі жолдас бен,  
Еліне қайтыб барысды.

---

Үш шарбақты ноғайдан  
Сегіз зергер орнатды.  
Сайын сынды батырдың  
Ат тұрманын оңдатды.  
Таңдаб алыб үш кенттен  
Отыз жігіт жолдасды.  
Тойын қылыб болған соң,  
Сұлұуға таман түн қатды.

Сайын келді деген соң,  
Қимылдаған жан келді.  
Жұрт жақсысы жиылыб,  
Алдыменен хан келді.  
Көрген жұрттың бәрі де  
Жас баланы таң көрді.

Қыз бен жігіт дуласыб  
Көреміз деб шуласыб,  
Ұлы жиын қылады  
Кең сарайға орнасыб,  
Сол сықылды батырға  
Қылған тойы мінәсіб.

Жұрт жиылды тойына,  
Отыз күндей ойынға.

اچۇۋۇلانبى تاپسى،  
قالاغان قزن آلسى.  
تورت بەس كسى چولداس بەن،  
اھلېنە قايتىپ بازسى.

اۋچ چارباقدى نوغابدان  
سەگىز زمىرگەر اورناتدى.  
سايىن سىندى باتردىك  
آت تۇرمانن اوكتاتدى.  
تاگىداب آلب اۋچ كەنتدەن  
اوتىز جىگت چولداسى  
تويىن قىلب بولغان سولك،  
سۇلۇۋغا تامان تۇن قاتدى.  
سايىن كەلدى دەگەن سولك،  
قىيلداغان جان كەلدى؛  
جۇرت جاقسىسى جىيىلپ،  
آلدى مەنەن خان كەلدى.  
كورگەن جۇرتتىك بارى دە  
جاس بالانى تالك كوردى.

قزى بەن جىگت دۇلاسب  
كورەمىز دەپ چۇۋلاسب،  
اۋلى جىيىن قىلدى  
كەلك ساراىغا اورنالسب،  
سول سقىلدى باتىرغا  
قىلغان تويى مناسب.  
جۇرت جىيىلدى تويىنا،  
اوتىز كوندەى اوينغا.

Ақ некесін қиған соң  
Күйеу кірді қойынға.

Ақ ордаға салғанда,  
Ойнап ойыны қанғанда,  
Қатты бір ұйықтаб қалғанда,  
Таң белгісі болғанда,

Айан берді атасы  
Сөзінде жоқ хатасы  
**Жетіб келді тұсына**

**Бабай өмір бабасы:**

«Құлағың сал сөзіме,  
Сайын батыр сен болсаң.  
Бата беріп кетейін,  
Сәтті күні кез болсаң».

Сайын сынды батырың  
Ұшыб тұра келеді  
Жар бола көр бабам! деб,  
Қолын жайа береді.

**Сонда пірі сөйлейді,  
Сөйлегенде бүйдейді:**

«Айу бике сұлудан,  
Екі бала көрерсін.  
Қысылған жерде бабаңды  
Есіңе алыб жүрерсің.

Бірінің аты Бөкембай,  
Бірінің аты Киікбай;

آق نە كەسەن قىغان سوڭ  
كۈيەۋ كەردى قويغا.  
آق اورداغا سالغاندا،  
اويناب اوينى قانغاندا،  
قاتتى بىر اۇيقتاب قالغاندا،  
تاڭ بەلگىسى بولغاندا،  
آيان بەردى آتاسى  
سوزىدە چوق خاتاسى  
جەتەب كەلدى تۇسىنا  
باباي ۋەلومر باباسى:  
«قولغاڭ سال سوزىمە،  
سايىن باتىر سەن بولساڭ.  
باتا بەرب كەتەين  
سائىتى كۈنى كەز بولساڭ»  
سايىن سىندى باتىرڭ  
اۋچىب تۇرا كەلەدى  
«جار بولا كور بابام!» دەپ  
قولن جايا بەردى.  
سوندا پىرى سويلەيدى،  
سويلە گەندە بۇيدەيدى:  
«آيۇ بىكە سولۇۋدان  
اەكى بالا كورمىسن.  
قىسلغان چەردە باباڭدى  
اەسكە آلب جۇرەرسن.  
بىرىنڭ آتى بو كەمباي،  
بىرىنڭ آتى كىيكباي؛

Сол Киікбай тұғанда  
Дұшманға салар бүлікді-ай.  
Алмаған жауын қоймайды  
Әруағы сенен биікді-ай!»

---

Пірінің сөзі жеткен соң,  
Ғайыб болып кеткен соң,  
Жазғы құудай ыңырантыб,  
Жарылған мұздай күңіrentіб,  
Тал шыбықтай бұралтыб  
Тоты құстай тараныб  
Падшалардай найқалтыб,  
Қаса байдай шайқалтыб,  
Түйесіне күң беріб,  
Ат ертдеуге құл беріб,  
Ұзатды қызын жөнелтіб,  
Бәйшешекдей түлентіб.

Сұлұу елге келген соң  
Тамам жұрты көрген соң  
Тағы халқын шақыртыб,  
Мырзалығын берген соң  
Айұу бике сұлұудың,  
Ай күніне маң болды;  
Қыздай жүкті келді деб  
Әлемдерге таң болды.

Жүкті келді келін деб  
Қыз, келіншек күледі;



سول كېكىباي تۇۇغاندا  
دۇچمانغا سالار بولكىدى-آي.  
آلماغان جاۋن قويمايدى  
آرۇاغى سەنەن بېيكىدى-آي».

پرېنڭ سوزى جەتكەن سوڭ،  
عايب بولب كەتكەن سوڭ،  
جازغى فۇۇداي اشكرانتب،  
چارلغان مۇزداي كۇشكرەنتب،  
تال چېقىداي بۇرالتب.  
توتى قۇسداي تارانتب.  
پادچالارداي نايقالتب،  
قاسا بايداى چايقالتب،  
تۇبەسىنە كۇڭ بەرب،  
آت امرتدەۇگە قۇل بەرب،  
اۇزاتدى قىزىن جونەلتب،  
بايچەچە كەدى تۇلەنتب.  
سۇلۇزۇ اەلگە كەلگەن سوڭ.  
تامام جۇرتى كورگەن سوڭ  
تاغى خالقن چاقرتب،  
مرزاليغن بەرگەن سوڭ  
أيۇۇبىكە سۇلۇۇدك  
اى كونىنە ماڭ بولدى؛  
قىزداى جۇكتى كەلدى دەپ  
آلەمدەرگە تاڭ بولدى.  
جۇكتى كەلدى كەلن دەپ  
قىز كەلنچەك كۇلەدى؛

Бір Алланың бергенін,  
Жалғыз Сайын біледі.

Уағдасы толғанда,  
Сәті күні болғанда,  
Айуу бике толғатды,  
Қыз-келіншек орнатды;  
Ақ жарылыб, күн туұб,  
Екі бірдей ұл табды.  
Арқаннан ат алдырыб.  
Малға қарай бай шапты:

«Мұнан немді айармын,  
Ұуысымды жайармын.  
Бүгін өліб кетсем де,  
Аманатқа дайармын.  
Үлкен бір той қылайын.  
Айамай мал қырайын,  
Қос немере сүйгізіб,  
Есіркеді Хұдайым!»

\* \* \*

#### IV

Тойын қылыб болған соң,  
Жұрттың көңілі толған соң,  
Бөкембай мен Киікбай  
Баланың атын қойған соң,  
Бір жасына толғада,  
Сонда келді Қобыланды

بەر اللانك بەرگەنن  
جالغز ساين بلەدى.  
ۋاعداسى تولغاندا،  
ساتى كۈنى بولغاندا،  
ايۇۋبىكە تولغاندى؛  
قز كەلنچەك اورناتدى؛  
اق جاريلب كۈن تۈۋب.  
اەكى بىردەى اۋل تابىدى.  
آرقاننن ات آلدىرىب.  
مالغا قاراي باى چاپىدى:

«مۇنان نەمدى آيارمن،

اۋۇسمدى جيارمن،

بۇگۈن اولب كەتسەمدە،

آماناتقا ديارمن.

اۋلكەن بىر توى قلاين.

آياماى مال قراين،

قوس نەمەرە سۈيگىزب،

اەسر كەدى خدايم!»

\*\*\*

#### IV

توين قلب بولغان سوڭ،

جۇرتدك كوڭلى تولغان سوڭ.

بو كەمباى مەن كييكباى

بالانك آتن قويغان سوڭ،

بىر جاسينا تولغاندا،

سوندا كەلدى قوبلاندى،

Сайынға айтқан үш жылдың  
Уағдасы болғанда.  
Ел шетіне келеді  
Сайынға хабар береді.

Үш шарбақты ноғайдан  
Қырық жігіт таңдаб алады;  
Қобыландыға қосылыб,  
Аттаныб кетіб барады:  
Құлан жүрмес жерлерде,  
Адам аспас шөлдерде.

Ат мойнына жал кетді:  
Он екі күн дегенде,

Қара ағаштай қалмақтың  
Еңсесіне қол жетді.  
Атдың ерін алысды;  
Түзде тисе қалысды;  
Қалмақ жақын екен деб

Батырға хабар салысты.  
Жағалбайлы атасы,  
Сөзінде жоқ хатасы,  
Қара түсті Жаурыншы  
Жаурын жағыб қарады.  
«Хәуіф-кәтер бар ма?» деб,  
Ер Қобыланды сұрады.

سايىنغا آيتقان<sup>۶</sup> اۋچ جلدك  
ۋاعداسى بولغاندا.  
اھل چەتېنە كەلەدى؛  
سايىنغا خابار بەردى.  
اۋچ چارباقتى نوغايىدان<sup>۷</sup>  
قىرق جىگت تاڭداپ آلادى؛  
قوبلاندىغا قوسىلب،  
آتىناب كەتپ بارادى:  
قۇلان جۇرمەس جەرلەردە،  
آدام اسپاس چولمەردە.  
آت موينىنان چال كەتتى:  
اون اھكى كۇن دەگەندە،  
قارا آغاچداي قالماقك  
اھكسەسپنە قول جەتتى.  
آتىك<sup>۸</sup> امرن آلسدى؛  
تۇسدە نېسە قالسى؛  
قالماق چاقن اھكەن دەپ  
باترغا خابار سالسى.  
چاغالبايلى آتاسى،  
سوزىندە جوق خاتاسى،  
قارا تۇستى جاۋرنچى  
جاۋرن چاغب قارادى.<sup>۹</sup>  
«خاۋى قەتەر بارما؟» دەپ  
امر قوبلاندى سۇرادى.

**Жаурыншы сонда сөйлейді,**

**Сөйлегенде бүйдейді:**

«Ер Сайын мен Қобыланды!

Бұл жауыңа бармаймын.

Жылқы жолда жатса да

Көзімнің қырын салмаймын.

Малға бола бұл қолдың

Обалына қалмаймын.

Алар болсаң тілімді;

Жау тосқыны білінді.

Елге қарай қайтамын

Аман есен күнімде.

Тілімді алған мұсылман,

Бәріңе де айтамын!

Бірің тілімді алмасаң,

Өзім жалғыз қайтамын».

Алпыс кісі алады;

Елге қарай салады.

**Сонда тұрыб Қобыланды**

**Ер Сайынға барады:**

«Сайын сынды батырым,

Бұзылмасын ақылың!

Кел, аманда қайталық –

Екбінің күшті, жарқыным!

Алар болсақ, мал да көб,

Соғысарға жау да көб.

*Ер Сайын 4*

جاۋرنچى سوندا سويلەيدى؛

سويلە گەندە بۇيدەيدى:

«امر ساين مەن قوبلاندى!

بۇل جاۋرىكا بارمايمەن.

جلقى جولدا جاتسادا

كوزمنىڭ قىرن سالمايمەن.

مالغا بولا بۇ قولدىڭ

اوبالىنا قالمايمەن.

آلار بولساڭ ئىلمى:

جاۋ توسقىنى ئىلمى.

اەلگە قاراي قايتامەن

آمان اەسەن كۆزىمدە.

ئىلمى آغان، مىسلىمان،

بارىگەدە آيتامەن!

بىرىڭ ئىلمى آلماساڭ،

اوزم جالغز قايتامەن.»

آلپس كىسى آلادى؛

اەلگە قاراي سالادى.

سوندا تۇرۇپ قوبلاندى

اەر ساينغا بارادى:

ساين سىندى، باتىرم،

بۇزلماسن آقىلڭ!

كەل، آماندا قايتالغى —

اەكپىنىڭ كۇچتى، جار قىنم!

آلاز بولساق مالدا كۆب.

سوغىسارغا جاۋدا كۆب.

Жау тосқыны бар дейді:  
Қайталық, жан сауға деб».

**Сайын сонда сөйлейді:**

«Хабар алыб сайтаннан  
Бұ жолымнан қайта алман!  
Алғанымның қойнында  
Күлкі болып жата алман!  
Айғырдайын алысбай,  
Ақсүңгіні салысбай,  
Қалмақбенен алысбай.  
Қара қанға батысбай,  
Ақылыңды ала алман!  
Елге қайтыб бара алман!»

---

Бұлайша Сайын айтады,  
Ноғайлының мың кісісі  
Елге қарай қайтады.  
Қырық жігіт бен Ер Сайын  
Жауға таман тартады.  
Батыр Сайын келгенін  
Қалмақ есітіб біледі.  
Қобыландының қайтқаны  
Құлағына тиеді.  
Келе жатыр қырық жігіт  
Қарағайды қақ жарыб;



جاۋ توسقىنى بار دەيدى:  
قايىتالغۇ جان ساۋغا دەپ».

سايىن سوندا سويلەيدى:

«خابار ئالب سايىتاتانان

بۇ جولىمان قايىتا ئلمان!

ئالغانىڭ قويندا

كۈلكى بولب جانا ئلمان!

آيغرداين آلسباي،

آقسۇڭگىنى سالسباي،

قالماق بەنەن آتسباي،

قارا قانغا باتسباي،

آفلۇڭدى آلا ئلمان!

اەلگە قايىتب بارا ئلمان!»

يۇلايچا سايىن آيتادى.

نوغايلينىڭ مڭ كىسىسى

اەلگە قاراي قايىتادى.

قرق جىگت بەن امر سايىن

جاۋغا تامان تارتادى.

باتر سايىن كەلگەنن

قالماق امستب بلەدى.

قوبلاندىنىڭ قايىتقانى

قولاغىنا تىەدى.

كەلە جانر قرق جىگت

قاراغابدى قاق جارب؛

Ер Сайынның ісіне  
Бәрі бірдей таң қалыб.  
Көб қалмақты көрген соң,  
Үрейі ұшыб сандалыб.

**Сонда Сайын толғанды:**

(Қайт дегенге болмайды)  
«Қорқа берсең, қырық жігіт,  
Сендер кейін қалмаңдар!  
Жалғыз өзім кіремін  
Таса жерге барыңдар!  
Көре алғандай күн болса,  
Бұ заманды ұмытбан!  
Жазатайым іс болса,  
Аман-есен болыңдар!  
Мұсылманның ұлында  
Мен шіріген жұмыртқа».

---

Сайын шапды қалаға  
Қамшы басды алаға.  
Айқай салған дауысы,  
Қарағай жарыб барады.

Көб қалмақтың ішінде  
Екі батыр бар еді;  
Бірінің аты Ел–аман,  
Бірінің аты Жол–аман.  
Қобыланды мен Сайынның  
Соғысына жараған.

امر ساينىڭ اسىنە  
بارى بردى تاڭ قالىب.  
كوب قالماقدى كورگەن سوڭ،  
اۋرەيى اۋچىپ ساندالب.

سوندا ساين تولغايدى:  
(قايت دەگەنگە بولمايدى)  
«قورقا بەرسەڭ، قرق جگت،  
سەندەر كەين قالگدار!  
خالغز اۋوزم كرەمن  
تاسا جەرگە بارگدار!  
كورە آغانداى كۈن بولسا،  
بۇز اماندى اۋمتباي!  
جازا تايم اس بولسا،  
آمان—اسەن بولگدار!  
مسلماننىڭ اولندا  
مەن چرىگەن جۇمر تقا».

ساين چايدى قالاغا  
قامچى باسدى آلاغا.  
آيقاي سالغان داۋىسى  
قاراغاي جارب بارادى.  
كوب قالماقدىڭ اچندە  
اەكى باتر بار امدى؛  
بىرىنىڭ آتى اهل—آمان؛  
بىرىنىڭ آتى جول—آمان.  
قوبلاندى مەن ساينىڭ  
سوغسىنا جاراغان.

Бір мезгілде Ер Сайын  
Күренді жылқы алады;  
Қырық жігіт қалған жеріне  
Қуыб кетіп барады.

Қалмақ жатыр уылдаб,  
Атын жиыб шуылдаб;  
Бір-біріне жармасыб,  
Мәстегіне тармасыб;  
Қашан қалған шашылыб,  
Ер тоқымнан адасыб.

Келе жатыр көб қалмақ –  
Жаман дауыс салысыб.  
Жердің жүзі қайысыб,  
Атының шаңы бұрқылдаб,  
Қылыштары сыртылдаб.  
Ақтөбеде Сайын тұр,  
Ашуланыб, қылшылдаб.

Қара-алатды борбайлаб,  
Ұмтылды батыр айғайлаб,  
Тұс тұсынан ат қойды,  
Көб қалмақтар анталаб.  
Жалғыз өзі Ер Сайын  
Соғысқа кірді Аллалаб.

Бөлек-бөлек қылыб жүр  
Бөлген қойдай қырыб жүр.

بُر مەزگلدە امر ساين  
كۈرەڭدى جلقى آلادى؛  
فرق جگت قالغان جەرىنە  
قۇۇب كەتب بارادى.

قالماق جاتر اۇۇلداپ،  
آتىن جييب چۇۇلداپ؛  
بُر — بىرىنە جارماسب،  
ماستەگىنە تارماسب؛  
قالچان قالغان چاچىلب  
امر توقمىنان آداسب.

كەلە جاتر كۈب قالماق،—  
جامان داۇس سالىسب،  
جەردىڭ ءجوزى قايسب.  
آتىنىڭ چاڭكى بۇرقلداپ،  
قلچدارى سرتلداپ،  
آقتوبەدە ساين تۇر،  
آچۇۇلانئب قلچلداپ.

قارا— آلاندى بور بايلاپ،  
اۇمتلدى باتر آيغايلاپ،  
تۇس تۇسىنان آت قويدى.  
كۈب قالماقدار آنتالاب،  
جالغز ءاوزى امر ساين  
سوغسقا كىردى آللالاب

بولەك — بولەك قلىپ جۇر؛  
بولنگەن قويداى قرب جۇر.

Ел–аман мен Жол–аман,  
Тау тасалаб қашыб жүр.  
Көрінер күнің бар ма деб  
Азұуын Сайын басыб жүр.

Кешке таман болғанда,  
Көбін қырыб салғанда  
Қайратына мас болыб,  
Алланы еске алмады  
Бабасына сыйыныб  
Жалбарына қалмады.

Пірі үстіне қонбады  
Байағы қайрат болмады;  
Оймақ құрам сау жері  
Тал бойында қалмады.  
Тұс тұсынан оқ тиіб,  
Жарадан батыр жаурады.  
Нәр жерінен аққан қан,  
Сұу секілді саулады.

Ерден қуат кеткен соң.  
Жығылар мезгіл жеткен соң.  
Атының басын бұрмалаб,  
Жөнелді батыр Аллалаб.

Егесіб тұрған көб қалмақ  
Соңына түсті ынтығыб,  
Қырық мың кісі қуса да,  
Жеткізбей кетді құтылыб.

اھل — آمان مەن جول — آمان

تاۋ تاسالاب قاچب جۇر.

كورينەر كۇنك بارما دەپ

آزۇن ساين باسب جۇر.

كەچكە تامان بولغاندا،

كوبن قرب سالغاندا،

قايراتىنامس بولب،

آللانى امسكە آلمادى؛

باباسينا سيينب

جالبارينا قالمادى.

پىرى اۋستينە قانبادى

باياغى قايرات بولمادى؛

اويماق قۇرام ساۋ جەرى

تال بويندا قالمادى.

تۇس تۇسیناڭ اوق تىيب

جارادان باتر جاۋرادى.

ھار جەرىنەن آققان قان.

سۇۇ سەكلىدى ساۋلادى.

امردەن قۇۋات كەتكەن سوك،

جغىلار مەرگىل جەتكەن سوك،

آتىنك باسن بۇرمالاب،

جونەلدى باتر آللاپ.

اھگەسب تۇرغان كوب قالماق

سوگىنا تۇسدى انتىغب،

قرق ملك كسى قۇۋسادا،

جەتكز بەى كەندى قۇئىلب.

Ертең кеткен қырық жігіт  
Қарасын Сайын көреді;  
Қара-ала ат бен тезірек,  
Қуыб жетіб келеді:

«Тезірек отын қалаңыз!

Жарам нешеу, санаңыз!

Омыртқада он жара,

Қабырғада қырық жара,

Қалай адам боламын

Қақ жүрекде бір жара?!

Жалаң аяқ жүрмеген,

Бісмілләні білмеген,

Салыб еді бір қалмақ,

Сырлаған қайың найзамен

Қабыртқаның түбінен,

Омыртқаның жігінен.

Сол найзаның орнынан

Қан зырқырап тиылмас.

Қырық жігіт сенен болмаса,

Ноғайлының елінен

Тобырақ маған бұйырмас.

Қарағай түбі қара өлең

Қазанатым жер ме екен!

Араннан келді бір әуез,

О да мендей тарығыб



امرتەڭ كەتكەن قىرق جىگت  
قاراسىن تىسايىن كورەدى؛  
قارا — آلا آت بەن تەزرەك  
قۇۇب جەتب كەلەدى:

«تەزرەك اوتىن قالاڭز!»

چارام نەچەۇ سانائۇز!

اومرتقادا اون چارا.

قابرىتقادا قىرق چارا.

قالاي آدام بولامىن

قاي جۇرەككە ءبر چارا!؟!

جالاڭ آباي جۇرمەگەن،

بىسم اللەنى بىلمەگەن،

سالب امدى ءبر قالماي

شىرلانغان قايك نايىزامەن

قابرىتقانك تۇبىنەن،

اومرتقانك جىگىنەن.

سول نايىزانك اورىنىن

قان زىرقىراب تىيىلباس.

قىرق جىگت سەنەن بولماسا،

نوغيلىنىك اەلىنەن

توپراق مانغان بۇيرماس.

قاراغاي تۇبى قارا اولەك

قانانام جەرمە اەكەن!

آراننان كەلدى ءبر آۋەز

اودا مەندەي تارىغىب

Зарлы болған ер ме екен.  
Артымда қалған көб қалмақ  
Сайын сынды батырың  
Қашыб кетді дер ме екен!

Қырық жігіт сені ерітіб ап,  
Ергенде Қобылан соңынан.  
Мен шықбаған екенмін  
Жұлдызымның оңынан.  
Мен дұшманға мерт болдым.  
Қобыланды ердің жоғынан.

Жаурынмен сөйлеген  
Түсші балы бар еді:  
Қалмаққа тимей қайтайық  
Деген Қобылан шал еді.

Жын тілі деб нанбадым;  
Қайт дегенге болмадым.  
Қас әулие сол екен  
Тілін алмай жаурадым.

Аттанған жерім сұрасаң,  
Әуелменен қиылды.  
Қарсы алдымнан қалмақтар  
Бірі қалмай жиылды.  
Қырық жігіт сенен болмаса,  
Жұрт көрууім қиынды.

Күлдір-күлдір кісінеген  
Күреңді мінер күн қайда?!

زارلى بولغان امرمه اھ كەن.  
آرتىدا قالغان كوپ قالماق  
سايىن سىندى باتىرك  
قاچىپ كەتتى دىرممه اھ كەن!  
قىر قى جىگت سەنى امرتب آب،  
امرگەندە قوبلان سوڭىنان.  
مەن چىباغان اھ كەن مەن  
جۇلدىز مەنك اۋگىنان.  
مەن دۇچمانغا مەرت بولمىم،  
قوبلاندى امردك چوغىنان.  
جاۋرن مەن سويلەگەن  
ئۇسچى بالى بار اھدى؛  
قالماققا تىمەي قايتايىق  
دەگەن قوبلان چال اھدى.  
جەن تلى دەپ نائىبام؛  
قايت دەگەنگە بولمىم.  
قاس اۋلىيە سول اھ كەن  
تەنن ائماي جاۋرادم.  
آنتانغان جەرم سۇراساك،  
اۋىل مەنەن قىيىلدى.  
قارسى آلدىننان قالماقدار  
بىرى قالماي جىيىلدى.  
قىر قى جىگت سەنەن بولماسا.  
جۇرت كورۇۋم قىيىندى.  
كۇلدىر — كۇلدىر كىسەنگەن  
كۇرەككى مەنەر كۇن قايدا!!

Көрнекді бұзыб жылқы алыб,  
Күймені бұзыб қыз алыб,  
Қара арғымақ қатырыб,  
Қарсыласқан дұшманға  
Жүрекден найза батырыб,  
Мынау жатқан қалмаққа  
Ат жүгіртер күн қайда?!

Әй, қырық жігіт, қырық жігіт,  
Маған бола өлмендер!  
Сендер бейнет көрмендер!  
Қарағайдан табытым  
Бекем қылыб сайландар!  
Таңдаб мінген Қара-ала,  
Басыма мықтаб байландар!  
Шүберек киім кигізбе!  
Қанды етіме тигізбе!  
Жібекке орап қойыңдар!

Ел шетіне барғанда,  
Қырық жігіт сені көргенде,  
Атам шығар аңқылдаб,  
Анам шығар еңкілдеб,  
Сайыным қайда дегенде  
Не деб жауап берерсіз?  
Ел шетіне жау келсе  
Кедергі болды дегейсіз!

كورنەكىدى بۇزۇپ چلقى آلب،  
كۆيمەنى بۇزۇپ قز آلب،  
قارا آرغىماق قاتىرب،  
قار سىلاسقان دۇسمانغا  
جۈرەكەن نايزا باتىرب،  
مناۋ جاتقان قالمىققا  
آت جۇگرتەر كۈن قايدا؟!  
آ، قىرق جىگت، قىرق جىگت،  
ماغان بولا اولمەشكەم!  
سەندەر بەينەت كورمەشكەم!  
قاراغابدان تاپىتم  
بەكەم قىلب سايلاشكار!  
تاشكەب مەنگەن قارا — آلا  
باسىما مەقتاب بايلاشكار!  
چۇبرەك كىيم كىگىز بە!  
قاندى اەتىمە تىگىز بە!  
جەكەكە اوراب قويۇشكار!  
اەل چەتىنە بارغاندا،  
قىرق جىگت سەنى كورگەندە،  
آنام چىغار آشكەلب،  
آنام چىغار اەشكەلب،  
سايىنم قايدا دەگەندە  
نە دەب جاۋاب بەرمەسز؟  
اەل چەتىنە جاۋ كەلسە  
كەدەرگى بولدى دەگەيسز!

Сол сөзбенен жұбансын,  
Бір күн де болса қуансын  
Ақырында бейшара  
Естіген соң шуласын.

Табтан таңдаб алғаным,  
Белден төсек салғаным,  
Арманда болып, көре алмай,  
Құла түзде қалғаным,  
Айуу бике сұлұуға,  
Дуай сәлем дегейсіз!

Таң сәрінен түрінсін!  
Қынай белін бұуынсын!  
Бедерлеген бес тырнақ  
Бетіне жара салмасын!  
Жамандыққа үйретер  
Дұшманның тілін алмасын!  
Мен кеткенде жүрмеген,  
Дүниені жүріб көрмеген,  
Киікбай мен Бөкембай  
Айрылыб сонан қалмасын!  
Қара Қыпшақ Қобыланды,  
Алыб жауға бармасын.

Өзімнен қалған жақсыны  
Жат көрмесін! Өз көрсін!  
Қайта алмадым жорықтан,  
Бұл дүниеде жолықбан,

سول سوز بەنەن جۇبانسن،  
بىر كۈنبە بولسا قۇۋانسن  
آخىرىدا بېچارا  
— امىنىگەن سوڭ سۇۋالسن.  
تابدان تاڭداپ آلغانم،  
بەلدەن توسەڭ سالغانم،  
آرماندا بولب، كۈرە الماي،  
قۇلا تۈزدە قالغانم،  
آيۇۋ بەكە سۇلۇۋغا  
دۇاي سالەم دەگەيسىز!  
تاڭ سارىنەن تۇرنىسن!  
قناي بەلەن بۇۋىنسن!  
بەدەرلەگەن بەس ترناق  
بەئىنە جارا سالماسن.  
جاماندىققا اۋىرەتەر  
دۇسماننىڭ تىلەن الماسن  
مەن كەتكەندە جۈرمەگەن،  
دۇنيەنى جۇرب كۈرمەگەن،  
كېيىكبىاي مەن بۈكەمباي  
آيرىلب سونان قالماسن!  
قارا قىچاق قوبلاندى  
آلب جاۋغا بارماسن.  
اوزمەنەن قالغان چاقىسىنى  
جات كۈرمەسن! اۋوز كۈرسىن!  
قايتا المام جۇرقدان،  
بۇل دۇنيەدە جۇلقبان،

Хұдайы қосқан қосағым

Ахыретте кез келсін!

Ашыб кетші бетімді!

Салқын соқсын етімді.

Қимылдарға шарам жоқ,

Құлазыған құу түзде

Қазам жетер секілді.

Сендер тастаб кеткен соң,

Қалмақ келіб жеткен соң,

Мұсылманнан көре алман,

Қаңғыб жүрген жетімді!»

Қарағайдан табытын

Бекем етіб сайласын,

Таңдаб мінген Қара-ала ат,

Басына мықтаб байласыб,

Қалмақ көрмес орынға

Ер Сайынды жайласыб,

Қырық жігіт кетді сай асыб

Еңіреп қимай жыласыб.

\* \* \*

## V

Олар елге келместен.

Жұрты хабар білместен,

Айуу бике сол сұлұу

Түнде жатыб түс көрді;

Қатты шошыб ойанды

Түсінде жаман іс көрді.





Таң сәрінен тұрады,

Беті қолын жуады,

**Енесіне келді де**

**Түсінің жайын сұрады:**

«Мен бір бүгін түс көрдім.

Келісбеген іс көрдім.

Жаурыным толған қара шаш.

Жайылыңқы көрінді.

Бедерленген бес тырнақ

Білектен шыққан қос бармақ,

Қызыл қанға ене еке,

Малыныңқы көрінді.

Шешем берген боқшасы

Шашылыңқы көрінді.

Қолындағы ақсүңгі

Балдағы алтын ой болат,

Ортасынан, ене еке,

Үзіліңкі көрінді».

Сонда енесі қорықды.

**Қорықса да былай жорыды:**

«Ертеменен қой өрер,

Жайылғанын жұрт көрер.

Жайылғаны шашыңның

Соған, балам, көрінсін!

Бедерленген бес тырнақ,

تاڭ سارىنەن تۇرادى،

بەتى قولن. جۇۋادى،

اەنەسېنە كەلدى دە

تۇسىنڭ جاين سۇرادى:

«مەن بىر بۇگۇن تۇس كوردىم.

كەلسەڭگەن ئاس كوردىم.

جاۋرنىم تولغان قارا چاچ

جاپىلىڭقى كورنىدى.

بەدەرلەنگەن بەس ترناق

بلەكەن چىققان قوس بارماق.

قۇل قانغا اەنە اەكە

مالىنڭقى كورنىدى.

چە چەم بەرگەن بوچچاسى

چاچىلىڭقى كورنىدى.

قولنداغى آقسۇڭى

بالداغى آلتىن اوى بولات،

اورتاسىنان-اەنە اەكە

اۈز يلىڭكى كورنىدى.»

سوندا اەنەسى قورقۇدى.

قورقسادا بلاڭى جۇرىدى:

«اەرتە مەنەن قوى اۈرەر،

جايلغانن جۇرت كورەر.

جايلغانى چاچىڭنىڭ

سوغان، بالام، كورنسن!

بەدەرلەنگەن بەس ترناق،

Қызыл қанға келінім,  
Малыныңқы көрінсе,  
Таңда тал түс болғанда  
Қызыл ойран бұйырсын!  
Қолы бетің қызарыб,  
Соны бойап қойарсын!  
Қызыл қаның-а, балам,  
О да соған көрінсін!

Жауда жүрген баламның,  
Желжақтағы панамның,  
Астындағы Қара-ала,  
Құйрығы келте көрінсе,  
Жау қарасын көргенде,  
Ат құйрығын сүзгенде  
Жанындағы жамандар  
Жанынан күдер үзгенді.

Қолындағы ақ-сүңгі,  
Үзіліңкі көрінсе,  
Жүрген шығар, шырағым,  
Қалмақтың белін сындырыб.  
Келеді екен, жалғызым,  
Барған ісін тындырыб.  
Қырық жігіті жанында,  
Мың сан жылқы құудырыб».

---

قزل قانغا كەلېنم،  
مالىنىڭقى كورنسه،  
تاڭدا تال تۇس بولغاندا  
قزل اويران بويارسن!  
قولى بەتڭ قزارب،  
سونى بوياب قويارسن!  
قزل قانڭ - آ، بالام،  
اودا سوغان كوزنسن!

جاۋدا جۇرگەن بالامنىڭ،  
جەل جاقداغى پانامنىڭ،  
آستىنداغى قارا - آلا  
قۇيرىغى كەلتە كورنسه،  
جاۋ قاراسن كورگەندە،  
آت قۇيرىغى سۇرگەندى:  
جانىنداغى جاماندار  
جانىنان كۇدەر اۈزگەندى.

قولىنداغى آق سوڭگى  
اۈزىلىكى كورنسه،  
جۇرگەن چغار چراغم  
قالماقنىڭ بەلن سىندىرب،  
كەلەدى اەكەن جالغىزم  
بارغان اسن تىندىرب.  
قرق جگىتى جانىندا،  
مڭ سان چلقى قۇۇرتب.»

Келе жатыр қырық жігіт,  
Иығынан су кетіб,  
Маңдайынан күн өтіб,  
Жылауменен күнелтіб.  
Жолдасын жауда қалдырыб,  
Жүзіне қара шалдырыб.

Ел шетіне келген соң,  
Байға хабар берген соң  
Боз Мұнай бай келеді  
Бұлар келді деген соң:  
«Есендік бе? Саулық ба?  
Азамат аман, барлық ба?  
Кәрілік мұрдар ұрмаса,  
Көзім жасқа толмаса,  
Сайын сынды жалғызым,  
Көрінбейді көзіме!»  
Қырық жігіт жылай береді,  
Жауап айтбай сөзіне.

Айтбасына болмады,  
Ақыл айла қалмады,  
Сайын қалды деген соң  
Тамам жұрты зарлады.  
Қырық жігіттер сөйлейді:  
«Бара сала Ер Сайын  
Қалмақдан үйіб жылқы алды;

كەلە جاتر قرق جگت،  
ايغېنان سۇۇ كەتب،  
ماڭدايىنان كۇن اوتې،  
جلاۇ مەنەن كۇن املتې.  
جولداسن جاۇدا قالدېرب،  
جۇزىنە قارا چالدېرب،  
امل چەتىنە كەلگەن سوڭ،  
بايغا حابار بەرگەن سوڭ  
بوز مۇناي باي كەدى  
بۇلار كەلدى دەگەن سوڭ:

«ايسەندىك بە؟ ساۇلىق با؟  
آزامات آمان، بارلىق با؟  
كارىلك مۇردار اۇرماسا،  
كوزم جاسقا تولماسا،  
سايىن سىدى جالقىزم  
كورنەيدى كوزىمە!»  
قرق جگت جلاي بەردى  
جاۋاب آيتباي سوزىنە.  
آيتباسىنا بولمادى،  
آقل آيلا قالمادى،  
سايىن قالدى دەگەن سوڭ  
تامام جۇرتى زارلادى.  
قرق جگتەر سويلەيدى:  
«باراسالا امر سايىن  
قالماقدان اويت چلقى آلدى؛

Толыб жатқан қалмаққа

Бір бүлікті ол салды.

Жер қайысқан көб жылқы

Айдаб бері кеткенде

Мұсылманның жерінің

Шетіне келіп жеткенде

Айдаған жылқы шалдығыб,

Аттан медеу кеткенде,

Қалмақ жетді соңынан

Ат бұруға күтпеді.

Қырыб жойыб кетерге

Жалғыздың әлі жетпеді.

Алдыңғы жеткен қалмаққа

Кедергі бола келеді;

Қара-ала аты арыды:

Оттай алмай келеді.

Ақ кіреуке сөгілді,

Сыбтай алмай келеді».

Боз Мұнай кетді үйіне

Сау дегенге қуаныб,

Жасы жеткен кәрі шал

Өтірік сөзге жұбаныб.

Қайдан білсін бейшара?

Қалғанын бүйтіб суалыб.

Қырық жігіт келді деген соң

Атасы хабар берген соң,



تولب جاتقان قالماققا  
بىر بۇلكدى اول سالدى؛  
چەر قايسقان كوب چلقى  
ايداب بەرى كەتكەندە  
مىسلىاننڭ جەرىنڭ  
چەتىنە كەلب جەتكەندە  
ايدانغان چلقى چالدىغىب،  
اتدان مەدەۋ كەتكەندە،  
قالماق جەتدى سوڭىنان  
آت بۇرۇۋغا كۇتتەدى.  
قرب جويپ كەتەرگە  
جالغزدىڭ ۋالى جەتتەدى.  
آلدىڭغى جەتكەن قالماققا  
كەدەرگى بولا كەلەدى؛  
قارا-آلا آتى آریدى:  
اوتتاي آلماي كەلەدى.  
آق كرەۋكە سوڭلىدى،  
سېتاي آلماي كەلەدى».  
بوزمۇنای كەتدى اۆينە  
ساۋ دەگەنگە قۇۋانب،  
جاسى جەتكەن كارى چال  
اوترك سوزگە جۇبانب.  
قايدان بېلسن بېچارا؟  
قالغانن بۇيتب سۇۋالب.  
قرق جگت كەلدى دەگەن سوڭ  
آتاسى خابار بەرگەن سوڭ.

Айұу бике сол сұлу,  
Тұра алмады кідіріб.  
Қырық жігітдің алдына  
Жетіб келді жүгіріб;  
    «Әй, қырық жігіт, қырық жігіт!  
    Неге бүйтіб жаурайсың?  
    Ақсақалды атамды  
    Өтірік сөзбен алдайсың!  
Келе жатыр дегенде,  
Жан берсең де нанбаймын.  
Сайын өлді десең де  
Бірінді ұстаб қалмаймын».

---

**Қырық жігіт тұрыб ойласды:**  
**«Айтбасқа болмасды.**  
**Жаныб келген жас бейбақ,**  
**Еркімізге қоймасды:**

«Сайын сынды батырың,  
Сан қалмақбен соғысты  
Сайын жалғыз, қалмақ көб,  
Ерікбей қылды тоғысды.  
Көбке шама келмеді:  
Қалмаққа Хұдай болысты.  
    Оймақ құрам сау жері  
    Тал бойында қалмады.  
    Тұс тұсынан оқ өтіб,  
    Жарадан батыр жаурады.

آيۇۇ بەكە سول سۇلۇ  
تۇرا آلمادى كدىرپ،  
قرق جگندك آلدينا  
جەتب كەلدى جۇگىرپ؛  
«آى قرق جگت، قرق جگت!  
نەگە بۇيتىپ جاۋرايسن؟  
آقساقالدى آتامدى  
اوترك سوز بەن آلدائسن!  
كەلە جاتر دەگەنگە،  
جان بەرسەككە نانبايمىن.  
سايىن اولدى دەسەككەم  
بۇركدى اۇستاب قالمايمىن.»

قرق جگت تۇرۇپ اويلاسىدى:  
«آيتباساقتا بولماسىدى.  
جانىب كەلگەن جاس بەيباق  
اەر كىمىزگە قويماستى:  
«سايىن سىندى باتىرك،  
سان قالماق بەن سوغىسىدى  
سايىن جالغز، قالماق كوب،  
اركبەى قلىدى توغىسىدى.  
كوبكە چاما كەلمەدى:  
قالماققا خدای بولسىدى.  
اويماق قۇرام ساۋ جەزى  
تال بويندا قالمادى.  
تۇس تۇسىنان اوق اوتىپ،  
چارادان باتر جاۋرادى.»

Қалмақдан шығыб кеткенде,  
Жығылар мезгіл жеткенде,  
Қарағайдан табытын  
Бекем қылыб сайлатды.  
Таңдаб мінген Қара-ала ат,  
Басына мықтаб байлатды.  
Қалмақ көрмес орынға  
Өзін орап жайлатды;  
Бас көтерер күн болса,  
Ер кетіріб мінермін,  
Қозғалмастай күн болса,  
Күнін де бір көрермін.  
Қазам жетпей тірілсем  
Елге мініб келермін.....».

Айұу бике сол сұлұу  
Екі бетін алады;  
Қара шашын жайады.  
Үйге кетді жұлқыныб,  
Жын ұрғандай бұлқыныб.  
Дауыс қылды отырыб.

Соңы.

قالماقدان چىي كەتكەندە،  
جغىلار مەزگىل جەتكەندە،  
قاراغايىدان تايىتىن  
بەكەم قىلب سايلايدى.  
تاشداپ مىنگەن قارا-آلا آت  
باسىنا مىقتاب بايلايدى.  
قالماق كورمەس اورنغا  
°اوزن اوراب جايلاندى؛  
باس كوتەرمەر كۈن بولسا،  
اەر كەترىپ مەنەرمن،  
قوزغالمايدى كۈن بولسا،  
كۈننە °بەر كورەرمن.  
قازام جەتەي تىرلىسىم  
اەلگە °مىن كەلەرمن...»  
آيۇۇ بەكە سول سۇلۇۇ  
اەكى بەتىن آلاي؛  
قارا چاپچن جايادى.  
اۇيگە كەتدى جۇلقىنىپ،  
چن اۇرغانداي بۇلقىنىپ.  
داۇس قىلدى اوتىرىپ.  
سوگى.

## «ЕР САЙЫННЫҢ» АЙАҒЫ<sup>3</sup>

### I.

Сайын сүйтіб қалған соң,  
Оны сұлұу білген соң,  
Екі бетін алады,  
Қара шашын жайады;  
Үйге кетді жұлқыныб,  
Жын қаққандай құтырыб;  
Сурыб салды отырыб.

Батырды сұлұу жоқтады:  
«Беліндегі бес қарұу  
Тал бойыңа жарасқан.  
Сендей теңім табылмас,  
Жеті Алашты қыдырсам,  
Сендей теңім еш болмас,  
Алашта мұнды мен болдым,  
Мен ханшадай күнімде.  
Ер қасқамнан адастым.  
Қарағай найза өңгерген,  
Өзінің жұртын меңгерген,  
Азды көбке теңгерген,  
Аттанған жаудан келмеген.  
Алты қанат ақ орда,  
Қасқам ішіне келмеген.

*Ер-Сайын 5*

---

<sup>3</sup> В.В.Радловтан. (Құрастырушы)

«اەرسايىنىڭ» ايغى . (۱)

I.

سايىن سۈيىتەن قالغانسون،  
اونى سۈلۈۋ بىلگەنسون .  
اەكى بەتن آلادى ،  
قارا چاپچن جايادى ؛  
اۋىگە كەتدى جۇلقىنىب .  
جن قاققانداى قۇتىرىب ؛  
سۈرۈپ سالىدى اوتىرىب .  
باتردى سۈلۈۋ جوقنادى ؛  
«بەلكىدەگى بەس قارۇۋ  
تال بويىكا جاراسقان .  
سەندەى تەگم تابىلماس .  
جەتى آلاچتى قىدرسام ،  
سەندەى تەگم اچ بولماس .  
آلاچتا مۇگدى مەن بولدىم ،  
مەن خانچاداي كۈنىدە  
امرفاسقايمىنان آداسدىم .  
قاراغاي نايىزا اوڭگەرگەن ،  
اوزىنىڭ چۈرتىن مەڭگەرگەن .  
آزدى كويىكە تەڭگەرگەن .  
آتتاڭغان جاۋدان كەلمەگەن .  
آلتى قانات اق اوردى  
قاسقام اچىنە كەلمەگەن .

(۱) ز. ۋ رادلوفدان .

Мендей мұнды бар ма екен?  
Ойнар, күлер шағымда  
Еркін ойнаб күлмеген.  
Өзім тірі жүргенде  
Кеудеме еркек мінгізбен,  
Алмадай болған қызыл бет,  
Қиғаш ерінге сүйгізбен.  
Берен төсек, құс жастық,  
Маңайыңа бойдақ жүргізбен.  
Маңдайың құлаш Ер Сайын  
Қылығың еске түскенде,  
Жанымды нағыб күйгізбен.  
Ауызым тола қан болса,  
Дұспаныма білгізбен.

---

Сен кеткелі он бес жыл  
Бөтен елге бармадым,  
Езу тартыб күлмедім.  
Мен сарғайыб жатқанда,  
Неден көңілің қалдырам?  
Бұл заманда жоқпын деб,  
Түсіме нешік кірмедің?  
Ерте қылған даусымды,  
Түсте келіб қойармын;  
Кешке қылған даусымды,

---

(\*) Түске кірген: қара 58-бетте



مەندەي مۇڭدى بارمەكەن؟  
اوينار كۆلەر چاغىدا  
امرەن اويناپ كۆلمەگەن.  
۲ اوزم ئىرى جۇرگەندە  
كەۋدەمە امرەكەك مىنگز بەن،  
آلماداي بولغان قىزل بەت،  
قىغاچ امرەنگە سۇيگىز بەن.  
بەرەن توسەك قۇس جاستوق.  
ماڭايشا بويداق جۇرگىز بەن.  
ماڭدايىڭ قۇلاچ امرەسايىن  
قىلغاك امرەكە تۇسكەندە.  
جانىدى ۳ ئاغىب كۇيگىز بەن.  
اۋزم تولا قان بولسا،  
دۇمپانىيا بلىگىز بەن.

سەن كەتكەلى اون بەس جىل  
بوتەن اۋيگە بارمادم،  
امزۇ تارتىپ كۆلمەدم.  
مەن سارغايىپ جاتقاندا  
ئەدەن كوڭلىڭ قالدردىم؟  
بۇل زاماندا جوقبىن دەپ،  
تۇسىيە نەچك كرمەدك؟  
امرتە قىلغان داۋسىمدى،  
تۇستە كەلب قويلارمن:  
كەچكە قىلغان داۋسىمدى،  
—————  
(۱) توسەكەرگەن: قارا 58 بەتى.

Күн батқанда қойармын.

Мөлдіреген екі көз

Жылауменен ойармын.

Ел шетіне жау келсе,

Қара қабат сықылды

Кімді алдыңа қойармын!»

Жылаб-жылаб ойанды,

Беті қолын жуынды.

---

Киікбай мен Бөкембай,

Оқ атысыб жүр екен.

Екеуі келді жүгіріб.

Анасы отыр бүлініб.

Екеуі есінен адасды,

Адаса тұрыб екеуі,

Бір жүгенге таласты:

«Үйде жатқан әкемде

Неге әкеткен алысқа?

Сонша жерге бастасыб,

Жау жеріне тастасыб.

Бұл барғаннан бармасам,

Екі бірдей Көк-ала,

Арғымаққа мінбесем,

Өңшең темір кимесем,

Қобыланды, саған қылмасам.

كۈن باتقاندا قويارمن .  
مولىرەگەن اەكى كوز .  
جلاۋ مەنەن اويارمن .  
اەل چەتەنە . جاۋ كەلسە ،  
قازا قابات سىقلىدى  
كىمدى آلدىڭا قويارمن !

جلاب . جلاب اواندى .  
بەتى قولن جۇۋىدى .

كىيىكبەيەن بو كەمباي  
اوق آتېسىب جۇراە كەن .  
اە كەۋى كەلدى جۇگرب .  
آنلىسى اوتر بۇلىنب .  
اە كەۋى امسەن آداسدى ،  
آداسا تۇرب اە كەۋى ،  
بىر جۇگەنگە تالاسدى :

« اۋىدە چاتقان آ كەمدە  
نەگە آ كەتكەن آلسىقا ؟  
سونچا جەرگە باستاسب ،  
جاۋ جەرىنە تاستاسب .  
بۇل بارغاننان بارماسام ،  
اەكى بىردەى كوك . آلا  
آرغىماققا مېنەسەم ،  
اۋگچەك تەمر كېمەسەم ،  
قوبلاندى ساغان قلماسام .

Біткенінді қыrmасам,  
Сайын ерден тумайын!»  
Жылқыға кетді жүгіріб,  
Тұрмады үйде кідіріб.

---

Сұлұу үйден барады  
Енесінің қасына.  
Енесі, бейбақ, жылады:  
«Хұдайдың берген жалғызы,  
Таласыб емшек еміскен,  
Құнан, тайдай тебіскен.  
Беліндегі бес қарұу  
Тал бойыңа келіскен.  
Атаң қалды кеңестен,  
Шешең қалды өрістен.  
Жауға айғайлаб кеткенде  
Оң иініңе қонбады  
Төрт мұқырар періште».

---

«Ай, сорлы, енем-ай!  
Жылағанмен өнбеді-ай!  
Дауыстағанмен келмеді-ай!  
Сайын сынды баланды  
Маңдайы құлаш ер, деді.  
Мен тұл үйінде тұра алман,  
Күнде дауыс қыла алман.  
Жер жүзінде бар болса,

بتكەنكىدى قىرماسام،  
سايىن امرەن تۇۋماين!  
جلىقىغا كەندى جۇگىر،  
تۇرمادى اۋيدەككەرب.

سۇلۇۋ اۋيدەن بارادى  
ەنەسىنىڭ قاسنا.  
ەنەسى ئىبى باقى جىلادى:  
«خۇدايدىڭ بەرگەن جالغىزى،  
تالاسىب ەمچەك ەمسىكەن،  
قۇنان تايدى تەبىسكەن.  
بەلكىدەگى بەس قارۇۋ  
تال بويىكا كەلسىكەن.  
اتاڭ قالدى كەكەستەن،  
چەچەك قالدى ەورستەن.  
جاۋغا آيغايلاپ كەتكەندە  
اوك اىنگە قونىلدى  
تورت مۇقرار پەرچتە».

«آى سورلى ەنەم—آى!  
جىلانمەن اونىدەدى—آى!  
داۋستاغانمەن كەلمەدى—آى!  
سايىن سىندى بالاشكىدى  
ماشكىدايى قۇلاچ امر، دەدى.  
مەن تۇل اۋىنگە تۇرالىمان،  
كۈندە داۋس قىلالىمان.  
جەر جۈزىندە بار بولسا،

Өзім іздеб табармын  
Жаралы болса, бағармын.  
Дүниенің төрт бұрышын  
Тексеріп қағармын.  
Сол сықылды батырды,  
Іздемей нағыб тұрармын?  
Сайын сынды сол батыр  
Отыз екі ерден От алған.  
Біріне-бірі ем екен.  
Шешем берген үйімде  
Айудың бар ақ дәрісі,  
Жарасына ем бе екен?  
Шешем берген үйімде  
Сол дәрісі бар ма екен?  
Іздеместей ер ме екен?  
Жылқыдағы Қос күрең  
Жылқышыға алдыршы!  
Жыламай тоқым салдыршы!»

## II.

Бұрын түзге жүрмеген,  
Түстік жерге бармаған,  
Жөнелді, бейбақ, жыласыб  
Кетіп барады қарасыб,  
Бет алдына жарысыб,  
Қос күреңмен алысыб.

اوزم ازده ب تابارمن،  
جارالى پولسا، باغارمن.  
دۇنيەنڭ تورت بۇرچن  
تەكسەرب قاغارمن.  
سول سىقلدى باتردى  
ازدەمەي ناعب تۇرارمن؟  
سايىن سىندى سول باتر  
اوتز اەكى، اەردەن اوت آلغان،  
برينە — بىرى اەم اەكەن.  
چەچەم بەرگەن اۇيمدە  
ايۇدڭ بار آق دارسى،  
جارسنا اەم بەكەن؟  
چەچەم بەرگەن اۇيمدە  
سول دارسى بارمەكەن؟  
ازدە مەستەي اەرمەكەن؟  
جلىقىداغى قوس كۇرەك  
جلىقىغا آلدىرچى!  
جلاماي توقم سالدىرچى!

II.

بۇرن تۇزگە جۇرمەگەن،  
تۇستك جەرگە بارماغان،  
جونەلدى بى باق جلاسب،  
كەتب بارادى قاراسب.  
بەت آلدنا چارسب  
قوس كۇرەگمەن آلسب.

Күні-түні барады  
Жылауменен күнелтіб.  
Жол білмеген әйелді  
Алланың өзі түзетіб.  
Әр төбенің басына,  
Сұлұу шығыб қарайды,  
Көрінер заман болмайды.  
Бір күндері болғанда,  
Ай мен күнге таласқан,  
Қара төбе көрінді.

---

Со төбені көргенде,  
Сұлұудың көңілі бөлінді:  
«Мүскін болған енем-ай!  
Қара төбе қасында  
Байтерек тұр басында  
Ала-кұла сауысқан  
Қан көргендей болады.  
Балаңның қалған жерлері  
Сонау бір жер болады.  
Мен тұсынан озамын,  
Неме қараб тұрамын?»

Енесі сұлұу оздырды,  
Күреңше аттың мойынын.  
Жездей қылыб создырды;  
Оңды солды қамшылаб,



كۈنى تونى بارادى  
جلاۋ مەنەن كۈنەلتىپ .  
چول بلمەگەن آيەلدى  
آلدانك اوزى تۈزەتۈپ .  
آر توبەنك باسينا  
سۇلۇۋ چىغى قارايدى ،  
كورنەر زامان بولمايدى .  
بىر كۈندەرى بولغاندا ،  
آيمەن كۈنگە تالاسقان  
قارا توبە كورندى .

سو توبەنى كورگەندە  
سۇلۇۋدك كوڭلى بولندى :  
«مۇسكن بولغان اەنەم — آى :  
قارا توبە قاسندا  
بايتەرەك تۈرباسندا  
آلا — قۇلا ساۋسقان  
قان كورگەندەى بولادى .  
بالاڭنىڭ قالغان جەرلەرى  
سوناۋ بىر جەر بولادى .  
مەن تۇسنان اوزامىن ،  
نەمە قاراب تۇرامىن ؟»  
اەنەسى سۇلۇۋ اوزدردى ،  
كۈرەڭچە آتتڭ موينىن  
جەزدەى قلب سوزدردى :  
اوڭدى سولدى قامچىلاب ،

Бұлттай ұшты жамшылаб,  
Кекілден тер тамшылаб.  
Сұлұу озыб кетген сон,  
Аттан түсе қалады,  
Түсе сала жылады.  
Бұрылыб көрер күні жоқ,  
Сөйлесетұғын тілі жоқ.  
Тостағандай тола көз  
Төңкере келіб салады.  
Басын құса қалады,  
Көтеріб келіб алады,  
Сұуға арқалаб барады,  
Қанын жұуыб алады.  
Айудың келіб ақ дәрі  
Аударыб сұлұу жағады,  
Тірілтіб тез алады.  
Сұу басында екеуі,  
Ойнап ойын қанады.  
Келе жатыр кемпір сұм,  
Баурына қамшы тайаныб,  
Өлді деген баласы,  
Еңсеп келген анасы,  
Алдынан шықды алшандаб,  
Өлген жерден тіріліб  
Елге тиген панасы.

بۇلتىنى اۇچدى جامچىلاب،  
كەكلىدەن تەر تامچىلاب.  
سۇلۇۋ اوزب. كەلگەن سون،  
آتتان تۇسە قالادى،  
تۇسە سالا جلادى.  
بۇرلب كورەر كۇنى جوق،  
سويلەسە تۇغىن تلى جوق.  
توستاغاندای تولا كوز  
توگكەرە كەلب سالادى.  
باسن قۇسا قالادى،  
كوتەرب كەلب آلادى.  
سۇۋغا آر قالاپ بارادى،  
قانن جۇۋب آلادى.  
آيۇدك كەلب آق دارى  
اۇدارب سۇلۇۋ جانغادى،  
ترلتب تەز آلادى.  
سۇۋ بلسندا اەكەۋى  
اويناب اوين فاندى.  
كەلە جانر كەمپىر سۇم،  
باۋرنا قامچى تايانب،  
اولدى دەگەن بالاسى،  
اەكسەب كەلگەن آناسى.  
آلدنن چقدى آلچاكداب،  
اولگەن چەردەن ترلب  
اەلگە تىگەن پاناسى.

Құшақтасыб көрісді,  
Бетінен сүйіб өбісді.  
Қайтасынан жасады,  
Алдасы көзін ашады.  
Аттың ерін алысды,  
Үшеуі ұйықтай қалысды.  
Ұйқыда бейбақ білмеді,  
Үстіне қалмақ орнады.

---

Жолдасы елге барды деб,  
Жаралы Сайын қалды деб,  
Қалмақ есітіб біледі.  
Еламан мен Жоламан  
Сансыз қалмақ қол алыб,  
Сайынды іздеб жүреді,  
Жатқан жерін көреді.  
Үстіне келіб орнады,  
Бірде-бірі тұрмады.  
Бір мезгілде Ер Сайын  
Көтеріб алса, басына  
Жеткен екен Жол-аман,  
Шаншар жердің тұсына.  
Сайын тұра сасады;

«Е, Хұдайым, Хұдайым!  
Өлемін деб қылмайым,  
Бұйрық жетпей, уайым!  
Тарқамаған бола ма?

قۇچاقتاسىب كورسدى،  
بەتەنەن سۇيىپ<sup>۱</sup> اويىدى.  
قايتاسنان جاسادى،  
آلداسى كوزن آچادى.  
آنتىك امرن آلسدى،  
اۇچەۋى اۇيقتاي قالسىدى.  
اۇيقيدا<sup>۲</sup> بى باق<sup>۳</sup> بلمەدى،  
اۇستىنە قالماق اورنادى.

جولدىسى اەلگە باردى دەپ،  
جارالى ساين قالدى دەپ،  
قالماق امستىب بلمەدى.  
اەل امانمەن جول امان  
سانسىز قالماق قول آلب،  
سايندى از دەپ چۈرەدى،  
جاتقان جەرن كورەدى.  
اۇستىنە كەلب اورنادى،  
پردە — بىرى تۇرمادى.  
بىر مەزگىلدە امر ساين  
كوتەرب آلسا، باسنا  
جەتكەن اەكەن جول — امان،  
چانچار جەردىك تۇسنا.  
ساين تۇرا ساسادى:

«اە، خۇدايم، خۇدايم!  
اولەمن دەپ قىلمايم،  
بۇيرق جەنبەى، اۇايم!  
تار قاماغان بولاما؟»

Жалбарынған күнайым.  
Бабай өмір Бабам-ай!  
Жаңылдым ба, тобам-ай!  
Ақыр жаудан бола ма-ай?  
Туғаннан менің қазам-ай!  
Алпыстағы анам-ай!  
О да жауға бара ма-ай!  
Хұдай қосқан қосым-ай!  
Оны бір дұспан ала ма-ай?  
Ноғайлының кең жеріне  
Сайын есен барам-ай?  
Жар бола көр Аллам-ай!»

Ер тоқымын арқалаб,  
Атқа келді Алла-лаб:  
Ер-тоқымын салғанда,  
Айылын тартыб алғанда,  
Ауыздығын ат шайнады,  
Адамдай боб сайрады:

«Батыр Сайын, сасбашы!  
Көб екен деб қашбашы!  
Хұдай берген қуатын  
Осы жолы басташы!  
Қатарланған қамалды  
Қақ жармасаң, саған серт!  
Оқ жеткізсем, маған серт!  
Жаландайын жебірлеб,

جالبار نغان كۇنايم .  
باباي ۱۰ اومر بابام — آي!  
جا گىلىم با توبام — آي!  
آفر جاۋدان بولاما — آي؟  
تۇغاننان مەنىڭ قازام — آي!  
آلپستاغى آنام — آي!  
اودا جاۋغا بارام — آي!  
خۇداي قوسقان قوسم — آي!  
اونى ۱۱ بىر دۇسپان آلاما — آي؟  
نوغيالپىنىڭ كەڭ جەرىنە  
سايىن امسەن بارام — آي؟  
جار بولا كور آلام — آي!  
امر توقمىن آرقالاب .  
آتقا كەلدى آندالاب:  
امر توقمىن سالغاندا .  
آيلىن تارتىپ آغاندا ،  
أۇزدىغىن ات چاينادى ،  
آدامداي بوب سايرادى:  
«باتر سايىن ساسباچى!  
كوب اە كەن دەب قلچباچى!  
خۇداي بەرگەن قۇۋاتىن  
اوسى جولى باسپتاچى!  
قاتارلانغان قامالدى  
قاق جارمىساڭ ساغان سەرت!  
اوق چەتكىزسەم ماغان سەرت!  
جالاڭدايىن جەبىرەب ،

Қыздар дайын сабырлаб!»  
Ақ сауыт сонда сөйлейді:  
«Батыр Сайын, қорықбашы!  
Бөтен сөзді айтбашы!  
Қатарланған қамалды  
Бұза алмасаң, саған серт!  
Тоқсан қабат оқ жетсе,  
Оқ өткізсем, маған серт!»

---

Атыменен сөйлесіб,  
Ақ сауытбен кеңесіб,  
Кемпір менен сұлуға,  
Артымнан қалмай жүр десіб,  
Қамалыб тұрған қалмақты,  
Қабандайын қақ жарыб,  
Сайын шықды құтылыб.  
Ел-аман мен Жол-аман,  
Кемпір менен сұлұуды,  
Ұстай алды ұмтылыб.

---

Қалмақ тұрыб кеңесді:  
«Қаптай құусақ, Қара-ала,  
Қарасын жылқы көрмес-ді,  
Сайынды қолға бермес-ді.  
Алғанымен анасын,  
Қоланың шашын қидық деб,



قزدار داين سايرلاب!  
آق ساۋت سوندا سويلەيدى:  
«باتر ساين قورقباچى!  
بوتەن سوزدى آيتباچى!  
قاتارلانغان قامالدى  
بۇزا آلماساڭ ساغان سەرت!  
توقسان قابات اوق جەتسە،  
اوق اوتكزسەم ماغان سەرت!»

آتى مەنەن سويلەسب،  
آق ساۋت بەن كەگەسب،  
كەمپىر مەنەن سۇلۇغا  
آرتىنان قالماي جۇردەسب.  
قامال تۇرغان قالماقتى  
قابانداين قاق جارب،  
ساين چقىدى قۇتلب.  
اھل — آمان مەن جول — آمان  
كەمپىر مەنەن سۇلۇۋدى  
اۋستاي آلدى اۋمتلب.

قالماق تۇرب كەگەسدى:  
«قابىتاي قۇۋساق، قار — آلا  
قاراسن جلقى كورمەسدى،  
سايندى قولغا بەرمەسدى.  
آلغانى مەن آناسن،  
قولانڭ چاچن قىدىق دەب،

Ат үстіне салыңыз!  
Тамам қалмақ алыңыз!  
Төбе шашы жұлынса,  
Даусы шығар шырқырап,  
Анасына шыдамай  
Сайын шабар бұрқыраб,  
Қашбаңыз сонда тырқыраб!»

---

Ат үстіне салғанда,  
Сол анасы жылады,  
Ұлынан өтіл сұрады:

Маған бола келмеші!  
Мен жанымды не етейін!  
Сенің үшін, шырағым,  
Құрбан болып кетейін!»

---

Алғаны сонда жылады:  
«Ер Сайын атты ерім-ай!  
Алла қосқан теңім-ай!  
Сенен әрі айшылық  
Менің шыққан жерім-ай!  
Мен кетсем де аласын,  
Тірі болсаң кегінді!  
Байқа, жалғыз әлінді,  
Мерт боб қапы қаларсын!

ت اۋستىنە سالىڭىز!  
تامام قالماق آلىڭىز!  
توبە چاچى جۇلنسا،  
داۋسى چغار چىرقىراق،  
آناسىنا چداماى  
سايىن چابار بۇرقىراق،  
قاچپاڭىز سوندا تىرقىراق!»

آت اۋستىنە سالغاندا  
سول آناسى جىلادى،  
اۋلنان<sup>۶</sup> اوتل سىنورادى:  
ماغان بولا كەلمەچى!  
مەن جانمىدى نەتەين!  
سەنىڭ<sup>۷</sup> اۋچىن، چىراغم،  
قۇربان بولب كەتەين!»

الغانى سوندا جىلادى:  
«امر سايىن اتتى امىم — آى!  
الدا قوسقان تەڭم — آى!  
سەنەن<sup>۸</sup> آرى آيچلىق  
مەنىڭ چىققان جىرم — آى!  
مەن كەتسەمدە آلاسىن  
مىرى بولساڭ كەگىدى!  
بايقا چالغىز<sup>۹</sup> آلكىدى،  
مەرت بوب قاپى قالارسىن!

Шыбықтай бойы ұзын деб,  
Алмадай беті қызыл деб,  
Жауға ойран салам деб,  
Бізді тартыб алам деб,  
Ұрысқанда Ер Сайын  
Ұлыңды екі қасыңа ал!»

---

Шапбасына болмады  
Бір еркіне қоймады,  
Алпыс екі періште  
Үстіне кеп орнады.  
Қара-аланы бұрмалаб,  
Ұмтылды қолға туралаб.  
Арықтың тасқаны,  
Жаудың сасқаны,  
Кемпір менен сұлұуды  
Қалай тастай қашқаны?  
Құуа барыб Ер Сайын  
Қалмақбенен соғысды.  
Он үш күнде тауысды.  
Үстіне келген қалмақтың  
Жан-адамын қоймады.  
Атын, тонын алды да  
Елге таман айдады.

---

چىقتاي بويى اوزن دەب،  
آلماداي بەتى قزل دەب،  
جاۋغا اويران سالام دەب،  
بزدى تارتب آلام دەب،  
اۋرسقاندا امر ساين  
اۋلىكىدى اەكى قلسكا آل!

چاپاسنا بولمادى  
بەر امر كينه قويپادى،  
آلپس اەكى پەرچتە  
اۋستينه كەب اورنادى.  
قار — آلانى بۇرمالاب،  
اۋمتلىدى قولغا تۇرالاب.  
آرتىڭ تاسقانى،  
جاۋدك ساسقانى،  
كەمپەر مەنەن سۇلۇۋدى  
قالاي تاستاي قاچقانى؟  
قۇۋا بارب امر ساين  
قالماق بەنەن سوغىسى.  
اون ءۈچ كۈننە تاۋسىدى.  
اۋستنە كەلگەن قالماقدك  
جان — ادامن قويپادى.  
آنن، تېنن آلدیدا  
اەلگە تامان آيدادى.

### III.

Батыр Сайын келгенше,  
Ел хабарын білгенше,  
Бөкембай мен Киікбай  
Қобыландыға барыбты,  
Аттаныб елге келібді.  
Жасанғанда қайтбаған  
Со сықылды Қобыланды  
Екеуінен көрібді.

«Е, Қобыланды сен болсаң?  
Тобтың бетін көрмеген,  
Көрген кісі әлемде  
Маңдайы құлаш ер деген,  
Қас ермен тең деген,  
Қалған жерден алыб кел!  
Өлтірген жауын тауыб бер!  
Үйде жатқан әкемді  
Жау жеріне тастадың;  
Бармасаң да барарсын,  
Бармай нағыб қаларсын?»

---

Қобыланды сонда айтады:  
«Алдыңа түсіб барайын,  
Іздемей неге қалайын?  
Қалмаққа бүлік салайын!»

III.

باتر سايىن كەلگەنچە،  
اھل خابارن بىلگەنچە،  
بوكەمباي مەن كىيىكبای  
قوبلاندىغا بارىدى،  
آتتانب اھلگە كەلبىدى.  
جاسانغاندا قايتباغان  
سو سقلدى قوبلاندى  
اھ كەۋىنەن كورىدى.

«اھى، قوبلاندى سەن بولساڭ؟  
توبىڭ بەتن كورمەگەن،  
كورگەن كسى آلەمدە  
ماڭدايى قۇلاچ امردەگەن،  
قاس امرەن تەڭ دەگەن،  
قالغان جەردەن آلب كەل!  
اولترگەن جاۋن تاۋب بەر!  
اۋىدە جاتقان آكەمدى  
جاۋ جەرىنە تاستادۇڭ؟  
بارماساڭدا بارارسن،  
بارماي شاعب قالارسن؟»

قوبلاندى سوندا آيتادى:  
«آلدىڭا تۈسب باراين،  
ازدەمدى نەگە قالايىن؟  
قالماققا بۈلك سالايىن!»

Мың кісіні алады,  
Аттаныб кетіб барады,  
Айшылық жатқан қалмаққа  
Барыб бір соғыс салады.  
Қалмаққа барса ор екен,  
Оры терең зор екен.  
Киікбай сонда айтады:

«Әй, Қобыланды, Қобыланды!  
Бүйтіб бұған тұрмалық!  
Қорыққан кісі сықылды  
Тұрыб кеңес құрмалық!  
Ордан әрмен өтелік!  
Қалмаққа тегіс тиелік!»

---

Бөкембай мен Қобыланды  
Киікбаймен үшеуі  
Ордан әрмен өтеді,  
Қалмаққа кіріб кетеді.  
Бөкембай мен Қобыланды  
Екі батыр қашады,  
Ордан бері асады.  
Қобыландының мінген ат,  
Ордан өтді кідірмей,  
Бөкембайдың Көк-алат,  
Артқы айағы ілінді.  
Ер-тоқымын құшақтаб



مك كسينى آلادی،  
آتتانب كه تب بارادی  
آیچلق جاتقان قالماققا  
بارب بَر سوغس سالادی.  
قالماققا بارسا اوراه كهن،  
اورى تهرهك زوراه كهن.  
كییکبای سوندا آیتادی:

« آ، قوبلاندى، قوبلاندى!

بۇیتب بۇغان تۇرمالق!

قورققان كسى سقلدی

تۇرب كه گهس قۇرمالق!

وردان آرمان اوتهك!

قالماققا ته گس تيهك!»

بوکه مбай مهن قوبلایدی

کییکبای مهن اۇچەۋی

وردان آرمان اوتهدی،

قالماققا كرب كه نهدی.

بوکه مбай مهن قوبلاندى

اه کی باتر قاچادی،

وردان بهری آسادى.

قوبلاندىنك منگهن آت

وردان اوتدی كرمهى،

بوکه مбайدك كوك — آلات

آرتقى آيانغى آندى.

امر توقمهن قۇچاقتاب

Орға түсіб жүгірді.  
Киікбай шапды қалмаққа,  
Көк-ала атты борбайлаб,  
«Бауырым, деб ойбайлаб!  
Қалмақ құрған қамалдың  
Бұл жағынан шапқаннан  
О жағына бір өтді,  
Ар жағынан шапқаннан,  
Бер жағына бір өтді.

---

Батырлары ақырды,  
Балуандары шақырды:  
«Тұс тұсына барыңыз!  
Біредер арқан алыңыз!  
Шаба тұрған жағына  
Керме ұстай қалыңыз!  
Кермелеб ұстаб алыңыз!»

---

Көздеб тұрыб Киікбай  
Ала сақылған арқанның  
Үстінен өтіб кетеді,  
Биік қылған арқанның  
Астыменен кетеді.

---

Таб сегіз күн болғанда,  
Бәрін қырыб кетеді.

اورغا تۇسب جۇگردى.  
گيىكبىاي چاپدى قالماقفا،  
كوك آلا-آتتى بور بايلاپ،  
باۋرم دەپ، اويبايلاپ!  
قالماق قۇرغان قامالدىك  
بۇل جاغنان چاپقاننان  
او جاغنا بىر ءوتدى،  
آر جاغنان چاپقاننان  
بەر جاغنا بىر ءوتدى.

باترلارى آقردى،  
بالۋاندارى چاقردى:  
«تۇس تۇسنا بارگىز!  
بىرەر آرقان آلگىز!  
چابا تۇغن جاغنا  
كەرمە اۇستاي قالگىز!  
كەرمەلەپ اۇستاپ آلگىز!»

كوزدەپ تۇرپ كيىكبىاي  
آلا ساقلىغان آرقاننىڭ  
اۇستىنەن ءوتب كەتەدى،  
پىيىك قلىغان آرقاننىڭ  
آستى مەنەن كەتەدى.

تاب سەگىز كۈن بولغاندا،  
بارن قىرپ كەتەدى.

Ордан қан бір асады.  
Орда жатқан Бөкембай  
Қанмен ағыб барады.  
Қобыланды со батыр,  
Сонда сурыб алады.  
Қалмақтың жерін өрт қылыб,  
Топырақтай ғыб ұшырыб,  
Барлық малын көшіріб,  
Жалғыз өзі Киікбай  
Айдаб шықды қаладан.  
Қалмаққа мал қоймай-ақ,  
Қызығына тоймай-ақ.

---

Қасканың көңілі тынған соң,  
Қалағанын қылған соң,  
Жылқыны төске салған соң,  
Қалмақтан кек алған соң,  
Қол түстеніб жатқанда.

---

Келе жатыр бір адам,  
Тұуралықтай тұуы бар,  
Мың кісінің дұуы бар.  
Артында қанша жаны бар.

---

Қобыланды батыр айтады:  
«Киікбай батыр барыңыз!

پوردان قان بېر آسادی،  
اوردا جاتقان بوکەمبای  
قان مەن آغې بارادی،  
قوبلاندى سو باتر  
سوندا سۆرب آلادی،  
قالماقدك جەرن ۋورت قلب،  
توپ اقتای غب اۇچرب،  
بارلق مالن کوچرب،  
جالغز ۋوزى كىيکبای  
آیداب چقدى قالادان.  
قالماققا مال قويماي — آق،  
قزیغنا تویماي — آق.

قاسقانك كوئلى تنغانسون،  
قالغانن قلغان سون،  
چلقینی توسکه سالغانسون،  
قالماقتان كەك آغانسون،  
قول تۈستەنب جاتقاندا.

كەله جاتر بېر آدم،  
تۈۋرلقتای تۈۋى بار،  
مك كسىنك دۈۋى بار،  
آرتندا قانچا جانى بار.

قوبلاندى باتر آيتادی:  
«كىيکبای باتر بارگۇز!»

Қандай дұспан болады,  
Алды, артын шалыңыз!»

---

Соныменен Киікбай  
Тұрымтайдай түйіліб,  
Қылармын деб кіжініб,  
Қарсы шығыб келеді.

---

Келе жатыр Ер Сайын,  
Өлген жерден тіріліб.  
Жиылыб жатқан қалмақтың,  
Соғысы бар деб кіжініб.

---

Киікбай оны танымай,  
Екі есе күшті жас ұлан:  
«Ет жүректің басы деб,  
Өлер жерің осы деб»,  
Табандаб найза салады.  
Ер Сайын сынды әкесін  
Танымады со бала.

Сайын сонда айтады:  
«Сайын әкең мен! деді,  
Көріселік, кел! деді,  
Есенбісің сен? деді.

---

Аттан түсе қалады,  
Сурыб найза алады.

*Ер-Сайын 6*

قانداي دۇسيان بولادى،  
آلدى، آرتىن چالېكتر!»

سونى مەنەن كىيىكبىاي  
تۇرمتايداي تۇيىلپ،  
قلارمن دەب كىچىنپ،  
قارسى چىغىپ كەلەدى.

كەلە چاتىر اهر ساين،  
اولگەن جەردەن تىرلىپ،  
جىيىلپ جاتقان قالماقداڭ  
سوغىسى بار دەب كىچىنپ.

كىيىكبىاي اونى تانىماي  
اھكى امسە كۇچتى جاس اۇلان:  
«اھت جۇرە كىكڭ باسى دەب.  
اولەر جەرڭ اوسى دەب»،  
تابانداپ نايزا سالادى،  
اھر ساين سىندى آكەسن  
تانىمادى سو بالا.  
ساين سوندا آيتادى:  
«ساين آكەڭ مەن! دەدى،  
كورسەلك كەل! دەدى،  
امسەنبىسن سەن؟ دەدى.

آزتان تۇسە قالادى،  
سۇرپ نايزا آلدى.

«Жазалы болды қолым-ай!  
Ерлік қылған құрысын!  
Мұнан бұлай жоламай!»

---

«Құрымасын жолың деб,  
Жазалы болмас қолың деб,  
Әкең мұны не ғылсын?  
Неше ердің көрмедім,  
Бұ сықылды найзасын,  
Көріб жүрмін жасаған,  
Бір Алланың байдасын.  
Әкең мұнан өлмейді  
Тек жүрегің қорықбасын!»

---

Бар, Киікбай, бар! деді,  
Қобыландыдай атаңнан,  
Барыб сүйінші ал! – деді.  
Тастаб кеткен Ер Сайын  
Жазылыб келді, сау! деді».

---

Киікбай қолға шабады,  
Ат айамай барады,  
Соныменен теңселіб,  
Қобыландыға келеді.

---

«Болыб тұрған бұл шақта,  
Қобыланды батыр көріңіз!»



«جازالى بولدى قولم — آن!  
امرلك قلغان قۇرسن!  
مونان بۇلاى جولاماي!»

«قۇرماسن چولك دەب،  
جازالى بولماس قولك دەب،  
آكهك مۇنى نه غلسن؟  
نهچه امردك كورمه دم،  
بۇ سقلدى نازاسن،  
كورب چۇرمن جاسانغان،  
بۇر آلدانك بايداسن.  
آكهك مۇنان اولمه يىدى  
تهك جۇره گك قورقباسن!»

بار! كييكباى، بار! دەدى،  
قوبلاندىداى آتاكئان  
بارب سۇينچى آل! دەدى.  
تاستاب كه تكهن امر ساين  
جازلب كه لى ساؤ! دەدى.»

كييكباى قولغا چابادى،  
آت آياماي بارادى،  
سونى مهنن ته كسهلب  
قوبلاندىغا كه لىدى.

«بولب تۇرغان بۇل چاقتا  
قوبلاندى باتر كورگن!»

Жаралы болған келібді,  
Сайын атты ініңіз,  
Озыб келдім мен сізге  
Не бересіз, батырым?»

---

«Қуантқан үшін сүйіншіге,  
Тартыб пішкен торсықтай,  
Өзі сұлұу Тай-бурыл,  
Рас болса келгені,  
Ал, сыйладым мен сізге!»

---

Сонда Сайын келеді,  
Келгенін көріб Қобыланды,  
Таныб көрісіб біледі,  
Атқа мініб жылады.  
Көб шүкірлік қылады.  
Атқа мініб қайтысды.

---

Сайын есен келген сон,  
Ноғайлының көб жұртына,  
Көрісіб, сәлем берген сон,  
Боз Мұнай тұрыб той қылды.  
Аттанған жауын алысыб,  
Көңілдері тынысыб,  
Аман есен қайтқанға,  
Аллаға шүкір көб қылды.

---

جارالى بولغان كەلبىدى،  
سايىن آتتى <sup>۹</sup>انگىز،  
اوزب كەلىم مەن سىزگە  
نە بەرەسىز، باتىرم؟»

«قۇانتقان <sup>۹</sup>اۋچىن سۇبىچىگە،  
تارتىپ پىچكەن تورسقتاي،  
<sup>۹</sup>اوزى سۇلۇۋ تاي — بۇرل،  
راس بولسا كەلگەنى،  
آل، سىلادىم مەن سىزگە!»

سوندا سايىن كەلەدى،  
كەلگەننى كورپ قوبلاندى،  
تانب كورسبى بلەدى،  
آتقا <sup>۹</sup>مىن جىلادى.  
كوب چۇكرلك قىلادى.  
آتقا <sup>۹</sup>مىن قايتىسى.

سايىن اسەن كەلگەنسۇن،  
نوغازىلىنىڭ كوب جۇرتىنا  
كورسبى، سالەم بەرگەنسۇن،  
بۇزمۇناي تۇرپ توي قىلدى.  
آتتاغان جاۋن آلسبى،  
كوڭلدىرى تىنىسبى،  
آمان اسەن قايتقانغا  
آلداغا چۇكر كوب قىلدى.

Той тарқаб кеткен сон,  
Батыр Сайын сөйледі:  
«Енді түзге жүрмелік!  
Қолға найза алмалық!  
Жауға енді тимелік!  
Киікбай мен Бөкембай,  
Қобыландыдай батыр-ай!  
Екі ұлыңа бата бер!  
Жолымызды берелік,  
Үйіңе бар да жата бер!»

---

Айтқанынша Сайынның  
Қобыланды батыр береді;  
«Алла ашсын жолыңды!  
Ұзын қылсын қолыңды!  
Таныб жүргіл, е балам,  
Оңың менен солыңды!»

---

Сөйтіб бата берген сон,  
Қобыланды батыр қайтады.  
Үйіне барыб со батыр,  
Батырлық қылмай жатады.  
Екі ұлының тұсында  
Сайындайын батырдың  
Іргесін дұспан басбады,  
Қолынан дәулет қашбады.

---

توى تارقاب كەتكەنسۇن،  
باتر ساين سويلەدى:  
«اەندى تۇزگە چۇرمەلك!  
قولغا نايزا المەلك!  
جاۋغا اەندى ئىيەلك!  
كئىكبى مەن بوكەمباي،  
قوبلانئىداي باتر — آي!  
اەكى اۇلكا باتابەر!  
چولئىزدى بەرەلك،  
اۇيگە باردا جانا بەر!»

آيتقانچا سايننىڭ  
قوبلانئىدى باتر بەرەدى؛  
الدا آچسۇن چولكىدى!  
اۇزن قلسۇن چولكىدى!  
تانب جۇرگىل اە، بالام!  
اوكىڭ مەنەن سولكىدى!»

سۇيتىب باتا بەرگەنسۇن  
قوبلانئىدى باتر قايتادى.  
اەلىنە بارب سوباتر،  
باترلىق قلىماي جاتادى.  
اەكى اۇلىنىڭ تۇسندا  
ساينداين باتردىڭ  
ارگەسۇن دۇسپان بلسىبادى،  
قولنان داۋلەت قاچىبادى.

Ел шетіне жау келсе,  
Сайын сынды батырдан  
Киікбайдың ерлігі  
Анау құрлы асады.

---

Екі ұлының тұсында  
Бәрі тең болды тірлігі.  
Үш Алашқа жайылды,  
Екі ұлының ерлігі.

---

Өлген жерден тірілткен,  
Қалмаққа атын жүгірткен,  
Бір Хұдайдың кеңдігі.  
Сайын сынды батырдың  
Сондай екен кеңесі,  
Адамнан артық денесі.

Соңы.

Ахмет өңдеб өткерген Ер Сайынның жыры батыр Сайын деб В.В.Радлов жазған жырмен бір екен. Екеуінің айырмасы мына осы Ер Сайынның «айағы» деб басылған.

Өзге жырлар айтушыға қарай өзгеше бола береді. Өзге жырда жырдағы кісілер ғана өлеңдетіп келеді, өзге әңгіменің бәрі қара сөзбен айтылады.

Ер Сайын, Қара Қыпшақ Қобыланды (Ташкенде басылған), Манас қана алғы өлеңмен келеді.

Тыңдаушы жаратқан соң жыршылар жырдың қара сөзін де өлеңге аударып жіберген ғой. Манас қырғыз тілінде. Мұны да «Күншығыс басбасы» басады.

**Қыр баласы**

أهل چەتئىنە جاۋ كەلسە.  
سايىن سىندى باتردان  
كېيىكبىدكۈ امرلىگى  
آناۋ قۇرلى آسادى.

—  
اەكى اۋلىنىڭ تۇسندا  
بۇرى تەك بولدى ترلگى،  
اۋچ آلاچقا جايلىدى  
اەكى اۋلىنىڭ امرلگى.

—  
اولگەن جەردەن ترلتكەن،  
قالماققا آتن جۇگرتكەن،  
بۇر خۇدايدكۈ كەشگى.  
سايىن سىندى باتردكۈ  
سونداى اەكەن كەشەسى،  
آدامنان آرتق دەنەسى.

سوگى.

آخمەت اوگدەب اوتكەرگەن امرسايىننىڭ جىرى باتىر سايىن دەپ  
ۋە ۋرالطوف جازغان جىرمەن بۇر اەكەن. اەكەۋنىڭ ايرماسى منا  
اوسى امرسايىننىڭ «آيانغى» دەپ باسلىغان.

اوزگە جىرلار آيتۇۋچىغا قاراي اوزگەچە بولا بەردى. اوزگە  
جىردا جىرداغى كىسلەر قانا اولەكەتەتەپ كەلەدى، اوزگە آگىمەنىڭ  
بۇرى قارا سوز بەن آيتلادى.

امرسايىن، قارا قىچاق قوبلاندى، (تاچكەندە باسلىغان)، ماناس  
قانا الغى اولەكۈ مەن كەلەدى.

تكدۇچى جاراتقانسون جىرچىلار جىردكۈ قارا سوزىندە اولەكەتگە  
اۋدارب جىبەرگەن غوى. ماناس قرغىز تىلىدە. مۇنىدا «كۇنچىغىس  
باسباسى» باسادى.

قىربالاسى

## ГРИГОРИЙ НИКОЛАИШ ПОТАНИН.

Г.Н.Потанин Қызылжар ойазындағы Сібірдің атты қазағының баласы. Әкесі, қазақ-орыстың жүз басысы Байан ауыл аймағындағы Сүйіндікті билеб тұрған. Сол уақытта қазақ-орыстың Иамышепская, қазақша аты Тұз қала,<sup>4</sup> дейтін қаласында 21-нші сентеабірде 1835-нші жылы Г.Н.Потанин туған.

Бала туған соң 3 ай өткенде әкесі Қызылжар ойазына көшкен. Бекетке келсе, құндақтағы бала шанадан түсіб қапты. «Мен туған соң 3 айда дүние кезбек болыб шанадан түсіб қалыб, жоғалыб табылғам, дүниені кезіб шалуді сонда бастадым» деб, Г.Н. күлетін.

Г.Н. Омбыда Кадетский корпусте Уәлихан ұлы Шоқанмен бірге оқыған. Шоқанмен дос болған. Қырық жыл қоймай қуыб жүріб 1904-нші жылы Шоқанның екі кітабын бастырды.

Корпусды бітірген соң 1855-нші жылы қазақ-орыстың бастығы болыб Жетісұу барған, Алматыны Г.Н. салдырған.

1859-ншы жылы П.П.Семенов – Тәншански атанған, Түркістанға барыб, жер сұуын оқыб қайтыб келе жатыб, Омбыда Г.Н.-бен Шоқанға жолығыб сөйлеседі, екі жас офитсердің өзгеше екенін сезеді. Сендер мұнда жүріб, аяқ асты болмандар, Петербор барыб университеттен оқу оқыңдар деб, Г.Н.-бен Шоқанға ақыл береді.

Екі жас Петербор барыб университетке түседі.

---

<sup>4</sup> Тұз қаладан бұрын салынған Ертісте қала жоқ. Бұл жер бұрын қазақ пен жоңғордың айырбас қылатын жері екен.



### گريگوريي نيكولايج پوتائين.

گ.ن. پوتائين قزلبچار اويان نداغى سېردىك آتتى قازاغنىڭ بالاسى. آكەسى، قازاق — اورستىڭ جۇز بايسى بايان آۋل آيماغىنداغى سۇيىندىكتى بىلەپ تۇرغان. سول ۋاقىتا قازاق اورستىڭ يامىچۇسكاي، قازاقچا آتى تۇز قالا، (۱) ادەيتۇن قالاسىدا 21 نچى سەنتەبردە 1835 نچى جىلى گ.ن. پوتائين تۇغان.

بالا تۇغان سون 3 آى اوتكەندە، آكەسى قزلبچار اويانينا كوچكەن. بەكەتكە كەلسە، قۇنداقتاغى بالا چانادان تۇسۇپ قايىدى. « مەن تۇغان سون 3 آيدا دۇنيە كەز بەك بولپ چانادان تۇسۇپ قالم، جوغالب تابلام، دۇنيەنى كەزب بىلۇدى سوندا باستام » دەپ، گ.ن. كۆلەتۇن.

گ.ن. اومبىدا كادەتسكى كورپسەنەۋالى خان اۋلى چوقان مەن برگە اوقىغان. چوقان مەن دوس بولغان. قرق جىل قويماي قۇۋب جۇرب 1904 نچى جىلى چوقاننىڭ اەكى كتابىن باستردى. كورپسدى بترگەن سون 1855 نچى جىلى قازاق اورستىڭ باستىغى بولپ جەتى سۇۋ بارغان، آلماتىنى گ.ن. سالدىرغان. 1859 نچى جىلى پ.پ. سەمەنوف، — تانچانسكى

آنانغان، تۇركستانغا بارپ، جەر سۇۋن اوقب قايتب كەلە جاتب، اومبىدا گ.ن. بەن چوقانغا جولىغب سويلەسەدى، اەكى چاس اوفيتسەردىڭ اورگەچە اەكەن سەزەدى. سەندەر مۇندا جۇرب، آياق آستى بولماڭدار، پەتربور بارپ اۇنيۇەر سىنەتەن اوقۇ اوقۇڭدار دەپ، گ.ن. بەن چوقانغا اقل بەردى. اەكى چاس پەتربور بارپ اونيۇەر سىنەت تۇسەدى.

---

(۱) تۇز قالادان بورن سالغان اەرتسە قالا، جوق. بول جەر بورن قازاق بەن زونلاردىڭ آيرپاس قلاتون جەرى اەكەن.

Г.Н. мұнда жүріб ботаниканы – жерге шығатын шөп, ағаш – білімі, әр жұрттың әдабиаты, тұрмысы, жер білімінің жолын әдемілеб ізденіб жақсы білген.

1863-нші жылы Қытай мен Ресейдің шегін шектеген комисианың ағзасы болыб жүріб, қазақша жазу үйреніб, қазақтың Алтайдағы түрік жұртының әдабиатымен салыстырыб адам баласының тарихы жолында көб мағыналы іс шығарған.

«Восточные мотивы в средневековом европейском эпосе» деген кітабында Күнбатысдың әдабиатына қор болған, үлгі болған Күншығыстың ауыз айтыб жүрген ертегі, жыр, мақал, өлеңі деб келеді.

Мұсылманның Құранында көб әңгіме Інжілден алынған, Інжілдің өзі Мұсаның – еурейдің – дін кітабынан алынған. Ал енді еурейдің кітабының жалынғаны Күншығыстан келген дейді Г.Н.

Мұны Г.Н. жер үстіндегі тәмам жұрттың ертегісін, мақалын, өлеңін салыстырыб сынаб табқан.

Төрт мың жылдан бұрын Тигр – Ефрат өзендерінің өлкесінде осы күні бұл өлкені «Месопотамия» дейді, Уауилония, Ассирия деген екі зор падшалық болған. Еуроба білгіштері жоғалыб жермен жер болыб кеткен осы екі падшалықтың астанасын тауыб алыб, қазыб іздеб жүріб, талақтай-талақтай өртеген балшыққа жазған сол екі жұрттың әдабиатын табты.

Еурейдің дініне негіз болған кітабтың бір сөзі осы Уауилония, Ассирия әдабиатының сөзі болыб шықды. Г.Н.-дың айтқаны расқа шықды.

1863нші жылы осындай данышбанды, сен Сібірді бөліб

گ. ن. مۇندا جۇرب بوتانىكەنى—جەرگە چفاتۇن، چوپ. آغاچ—بىلىمى، آر جۇرتتىڭ آدايباتى، تۇرمىسى، جەر بىلىمىنىڭ جولىن آدمىلەب از دەنب جاقسى بىلگەن،

1863 نچى جلى قتايمەن اورسدىڭ چەگن چەكنەگەن كومىسيانىڭ. آغزاسى بولب جۇرب، قازاقچا جازۇ اۇيرەنب، قازاقدىڭ، آلتايداغى تۇرك جۇرتىنىڭ آدايباتىمەن سالسترب آدم بالاسنىڭ تارىخى جولندا كوپ ماغانالى اس چغارغان.

„Восточные мотивы в средневековом европейском эпосе,“ دەگەن كتابىندا كۇن باتسدىڭ آدا بيتانا قور بولغان، اۇلگى بولغان. كۇنچفسىڭ اۇز آيتب جۇرگەن امرتەگى، جر، ماقال، اولەگى دەپ كەلەدى.

مۇسلماننىڭ قۇرانددا كوپ آڭگىمە انجلەن آلنغان، انجلدىڭ اوزى مۇسانىڭ—اۋرەيدىڭ—دن كتابىنان آلنغان. آل اەندى اۋرەيدىڭ كتابىنىڭ جالغانى كۇنچفستان كەلگەن دەيدى گ. ن. مۇنى گ. ن. جەر اۇستىدەگى تامام جورتنىڭ امرتەگىسن، ماقالن، اولەگىن سالسترب سناپ تابقان.

تۇرت مىڭ جلدان بۇرن تيگر—اەقرات اوزەنىنىڭ اۇلكەسىندە اوسى كۇنى بۇل اۇلكەنى «مەسوپوتاميا» دەيدى، ۋاۋىلونىيا، آسسىرىيا دەگەن اەكى زور پادىسالىق بولغان. اۋروپا بىلگچدەرى جوغالب جەرمەن جەر بولب كەتكەن اوسى اەكى پادىسالىقنىڭ استاناسىن تاۋب آلپ، قازب از دەب جۇرب، تالاقى—تالاقىنى اورتەگەن بالچىققا جازغان سول اەكى جورتنىڭ آدايباتىن تابدى. اۋرەيدىڭ دىننە نەگىز بولغان كىتابىڭ بار سوزى اوسى ۋاۋىلونىيا، آسسىرىيا آدايباتىنىڭ سوزى بولب چقىدى.

گ. ن. دىڭ آيتقانى راسقا چقىدى. 1863 نچى جلى اوسىداى دانچىباندى، سەن سېردى بولب.

аутономия қылам деб жүрсін деб, неше жолдастарымен хүкімет ұстаб абақтыға салыб байлады.

Омбыда абақтыда бір жыл отырды. Г.Н. қараб жатуды білмейді, Омбыдағы кеңселердің ескі қағаздарын қарастырыб, қазақтың Абылай хан заманындағы тарихы туралы көб әңгіме табды.

Семенов – Тэншански екеуі неметс (неміс) Карл Риттердің «Азия» деген кітабын орыс тілінде басыб, «Азия»ға қазақ тарихы туралы Г.Н. көб қосымша жазған.

Бұл қосымшаның бірі мынау: Абылай ханның Қошқарбай деген батыры (Қошқарбайдың жұрағаты осы күні, Шарлақ ойазы Ақмола губерниесі, Қараөзек деген жерде, Ертістен 10–15 шақырым. Қошқарбай – қыпшақ) Омбы қаласы тұрған жерден зұнғарды Об өзенінен өткізе құуыб тастаған. Бұл туралы Барнауыл ойазында Сібір мұжығының айтыб жүрген әңгімелері бар. Мұжық та Қошқарбай зұнғарды Об өзенін асыра құуды дейді.

Бір жыл байлаб, Г.Н., Иадринтсов, Ашшаповды хүкімет асыб өлтіруге бұйырған.

Ашшапов бен Иадринтсов ертең таң ертең асады деб, түнімен құшақтасыб жылаб шығады.

Г.Н. ертең асады дегенді естіб: «Менің немістін нахұуы кітабымды қайда қойдыңдар?» деб, жылаб жүрген жолдастарынан сұрайды.

Іздеб кітабын тауыб алыб, ертең таң ата асылатұн Г.Н. түнімен неміс нахұуын оқыб шыққан.

Міне, Г.Н.-дің өзгеде жоқ, бір бүкір мінезі.

اۋتونومىيا قلام دەپ جۇرسىن دەپ، نەچە جولداستارىمەن خۇمبەت  
اۋستاپ آباقتىغا سالب بايلادى.

اومبىدا آباقتىدا بىر جل اوتردى، گ. ن. ، قاراب جاتۇدى  
بلمەيدى، اومبىداغى كەنسەلەردىڭ اسكى قاغازدارن قاراستىر،  
قازاقدىڭ آبلای خان زامانداغى تارىخى تۇرالى كوب آڭگىمە  
تابدى.

سەمەنوف - تانچانسكى اەكەۋى نەمەتس كارل رىتتەردىڭ «آزىيا»  
دەگەن كىتابىن اورس تلىندە باسپ، «آزىيا» غا قازاق تارىخى تۇرالى  
گ. ن. كوب قوسمىچا جازغان.

بۇل قوسمىچاندىڭ بىرى مئاۋ: آبلای خاننىڭ قوچقارباي دەگەن  
بايرى (قوچقاربايدىڭ جۇراغاتى اوسى كۈنى، چارلاق اوبازى  
اقمولاگۇبەرنەسى، قارا اوزەك دەگەن جەردە، امىتس دان 10 - 15  
چاقىرم. قۇچقارباي - قىچاق) اومبى قالاسى تۇرغان جەردەن زۇنغاردى  
اوب اوزەنن اوتكزە قۇۋب تاستاغان. بۇل تۇرالى بارناۋل اوبازىندا  
سېر مۇجىغىنىڭ آيتىپ جۇرگەن آڭگىمەلەرى بار. مۇجىقتا قوچقار  
باي زونغاردى اوب اوزەنن آسرا قۇۋدى، دەيدى.

بىر جل بايلاپ، گ. ن. يارنىتسوف، اچپاپوفدى خۇكۇمەت آسپ  
اولترۇگە بۇيرغان.

اچپاپوف بەن يارنىتسوف امىتەك تاك امىتەك آسادى دەپ،  
تۇنىمەن قۇچاقتاسپ جلاب چغادى.

گ. ن. امىتەك آسادى دەگەندى امىتەپ: «مەنىڭ نەمەتس  
ناخۇۋى كىتابىدى قايدا قويدىڭدار؟» دەپ، جلاب جۇرگەن جول  
داستارنان سۇرايدى.

ازدەپ كىتابىن تاۋب آلب، امىتەك تاك آنا آسلاتۇن گ. ن.  
تۇنىمەن نەمەتس ناخۇۋن اوقب چققان.

مىنى گ. ن. دىڭ اوزگەدە جوق، بىر بۇكر مەنزى.

Үшеуінде асбай, каторжнай жұмысқа қосып, Г.Н. Финлиндида Суйаборғ қорғанында кісендеулі жүріп жер қазған. Өстіп жазған кітабын Петербордағы жерді оқитұн білгіштердің қауымына жіберген. Бұлар оқып көріп, мұндай данышбанды, бұл күйде ұстаған ұйат деб, падшаға арыз қылып, Г.Н.-ды босатып алған.

1871-нші жылы Парижде коммуна болып, коммунист партиясының ішінде дүниеге аты шыққан Елизрек Лу болған. Франсиа хүкіметі коммуналар жеңіп алған сон бәрін атқан. Елизрек Лу атылуға бұйырылды дегенде, Еуропадағы оқымыстылар, данышбандар қозғалып, мыналарың адам баласына жоғалмас таңба, Елизрек Лу атылмасын, деб сұрап ерді ажалдан алып қалған.

Г.Н. бен Елизрек Лу өзге адамның тонына сыймай-тұн кісілер.

Г.Н. Таңғұт, Монғол, Күнбатыс Қытай жеріне үш қайтара барып, кезіп – аралап, бұлардың жерін, жұрттың тұрмысын түгелдей жазды.

Мұндағы көрген білгенін жазған кітаптары неше мың бет: В издании И.Р.Г.О. басқан бұлар менің жазуыма сыйатұн емес. Күншығыс елін білем деген талаптанған жастар Г.Н.-дің бұл жазғандарын оқымаса болмайды.

Г.Н. жалғыз білім жолын ғана құмай, өлгенге шейін өз фікірін елге жайам деб, газета, жорналдарға сайаси мақала жазып таласып келді, жастарды жыйып, қамқор болып, жақсы жолға сілтеп өтді.

Сайаси жолындағы бізге жылы көрінетұн бір негізді фікірі мынау: «Елдің тұрмысын, тілін, мінезін білмеген кісі көш басын алып жүре алмайды. Олай болса, көб ұлттан құралған Русианы



اۋچەۋئىدە ئىسپاي، كاتورجىناي جۇمىسقا قوسىپ، گ.ن. فېنلاندىدا سۇيابورخ قورغانىدا كىسەندەۋلى جۇرب جەر قازغان. ۱۸۷۱-يىلى جازغان كىتابىن پەتربوردانى جەردى اوقىنۇن بىلگچەمدەك قاۋمنا جەبرگەن. بۇلار اوقىب كورب، مۇنداي دانچىباندى، بۇل كۇيدە اۇستىغان اۇياك دەپ، پادىساغا آرز قىلىپ، گ.ن.دى بوساتىپ آلغان. 1871-يىلى جىلى پارىجىدە كوممۇنىستىك پارىتاسىنىڭ ۱-چىقىرىدە دۇنيەگە آتى چىققان اەلپىزەك لۇ بولغان. فرانسىيە خۇكىمەتى كوممۇنىستلار جەتتەپ آلغان سون بارىن آتقان. اەلپىزەك لۇ آتلۇغا بۇيرىلدى دەگەندە، اەۋروپادانى اوقىمىستلار، دانچىباندار قوزغالىپ، مىنلارنىڭ آدم بالاسىنا جوغالىماس تاڭبا، اەلپىزەك لۇ آتلىمىس، دەپ، سۇراب اەردى آجالدان آلب قالغان.

گ.ن. بەن اەلپىزەك لۇ اوزگە آدمنىڭ تونىناسىمايتۇن كىسەلەر. گ.ن. تاڭقۇت، مونغول، كۇنىپاتس قىناي جەرىدە ۱۸۷۱-يىلى قايتارا بارىپ كەزىپ-آر الاپ، بۇلارنىڭ جەرن، جۇرتنىڭ تۇرمىسىنى ئۇگەلدەپ جازدى.

مۇندانى كورگەن بىلگەن جازغان كىتابدارى نەچچە مىڭ بەت:

В издании Р. И. Г. О. ر. اى. گ. او. باسقان

بۇلارمەنىڭ جازۇۋما سىياتۇن اەمەس. كۇنچىقس اەلن بىلەم دەگەن تالىپنىغان جاستارگ. ن-دەك بۇل جازغاننى اوقىماسقا بولمايدى. گ.ن. جالغىز بىلەم جولىن قانا قۇۋماي اولگەنگە چەين ۱۸۷۱-يىلى فىكرىن اەلگە جايام دەپ، گازەتا، جورنالدارغا سىياسى ماقالا جازىپ تالاسىپ كەتتى، جاستاردى جىيىپ، قور بولۇپ، جاقسى جولغا سىلتەپ ۱۸۷۱-يىلى.

سىياسى جولىندانى بىزگە جىلى كورنەتۇن ۱۸۷۱-يىلى نەگىزدى فىكرى مەن: اەلنىڭ تۇرمىسى، ۱۸۷۱-يىلى، مەن بىلەمگەن كىسى كوچ باسنىپ آلۇپ جۇرەلمەيدى. اولاي بولسا، كوپ اۇلتان قۇرالغان رۇسىيانى

бір орыстың билеймін дегенінде мағына жоқ. Русиа өзге тілі, тұрмысы, қаны басқа жұртқа аутономия беруі керек, дейтүн Г.Н.

«Қазақты аутономия қылсақ, Қараөткел Алашдың ортасы, сонда университет салып, қазақтың ұлын, қызын оқытсақ, «Қозы Көрпеш – Байанды» шығарған, Шоқан, Абай, Ахмет, Міржақыбты тапқан қазақтың кім екенін Еуроба сонда білер-ау» дейтін Г.Н.

«Қозы Көрпеш – Байанда» Байан махаббат жолында өзін құрбан қылған. Мұны шығарған жұрт махаббатты сынай, бағалай біледі. Мұндай жұрттың қатыны келешекте ұл тауып тұр, аты бәйгеден келіп тұр! Қазақ жұрты келешекте кіммен болса да қатар отыруға ұйалмайды» дейтүн Г.Н.

Г.Н.-дың қысқаша адамшылық мінезін жазайын. Өзінің көб өмірінде (Г.Н. 1920-ншы жылы жазды күні Томда дүниеден қайтды) бір адамның көңілін ауыртып бір ауыр сөз айтбаған, сыртымыздан бір адамды жамандамаған. Г.Н. беті ашылмаған тәрбиелі өскен қыз мінезді, десек мақтаған болмайды.

1904-нші жылы ағусте Томда Г.Н.-дың үйінде отыр едім. 10–12 жаста екі қыз кіріп келіп:

«Біз гимназияға түстік, бізге енді оқуға төлейтүн ақша керек, кітап, қағаз, қалам-қарындаш, қыздардың киімі керек», деді Г.Н.-ға. «Жарайды бәрі, бәрі болады, ертең сағат 10-да келіңдер, керектеріңнің бәрін сатып алайық» деді Г.Н. Қыздар құуанып ұлақтай ойнап, секіріп шығып кетді. Г.Н.-нан «бұлар кім?» деб сұрадым.

«Кім екенін өзім де білмеймін» деді күліп.



بۇر اورستىك بىلەم دەگەندە ماغانا جوق . رۇسىيا اوزگە تىلى ،  
تۇرمىسى ، قانى باسقا جۇرتقا اۇتونوميا بەرۋ كەرەك ، دەيتۇن گ.ن .  
« قازاقى اۇتونوميا قىلساق ، قارا اوتكەل آلچىك اورتاسى ،  
سوندا اۇنيۇمىر سىتەت سالب قازاقىك اۇلن ، قىز اوقىساق ، « قوزى  
كورپەچ - باياندى » چىغارغان ، چوقان ، آبى ، آحىمەت ، مرقابىتى  
تابقان قازاقىك كىم اەكەنن اەۋرپا سوندا بىلەر اەداۋ » دەيتۇن گ.ن .  
« قوزى كورپەچ - باياندا » بايان ماخابىت جولىنا <sup>۶</sup> اوزن قۇربان  
قىلغان . مۇنى چىغارغان جۇرت ماخابىتتى سىناى ، باغالاى بىلەدى .  
مۇندى جۇرتتىق قاتنى كەلەچەكتە اۇل تاۋىپ تۇر ، اتى بايگەدەن  
كەلب تۇر ! قازاق جۇرتى كەلەچەكتە كىمەن بولسادا قاتار اوتۇرۇغا  
اۋىلمايدى » دەيتۇن گ.ن .

گ.ن . - دىك قىسقاچا آدامچلق مەنەزىن جازاين . <sup>۶</sup> اوزىنىك  
كوب <sup>۶</sup> اومرىندە ( گ.ن . 1920 جىلى جازدى كۇنى تومدا دۇنيادەن  
قايتىدى ) بۇر آدامنىك كوگىلن اۋرتىپ بۇر اۋز سوز آيتباغان ،  
سرتىنان بۇر آدامدى جامانداماغان . گ.ن . بەتى آچىلماغان تارىيالى  
اوسكەن قىز مەنەزدى ، دەسەك ماقتانغان بولمايدى .

1904 نچى جىلى آگۇستە تومدا گ.ن . - دىك اۋىندە ،  
اوتراحم . 10 - 12 جاستا اەكى قىز كىر كەلب :  
« بىز گىمىنازاغا تۇستىك ، بىزگە اەندى اوقۇغا تولەيتۇن آچقا  
كەرەك ، كىتاب ، قاغان ، قالام - قىرندىچ ، قىزداردىك كىيىمى كەرەك » ،  
دەدى گ.ن . غا . « جارىيدى ، بارى ، بارى بولادى . اەرتەك ساغات  
10 دا كەلگىمىز ، كەرەككەك بارن ساتىب آلاىق » دەدى گ.ن .  
قىزدار قۇۋاندى اۋلاقىتاي اويناب ، سەكىر چىغى كەندى  
گ.ن . نان - بۇلار كىم ! دەپ ، سۇرادىم .  
« كىم اەكەنن اوزمە بىلەمىز » دەپ ، كۇلب :

Биыл жазғытұры екеуі келіб:

«Біз оқу оқиық дейміз, бірақ, әке шешеміз кедей. Біз сізден ақша – көмек сұрай келдік» деді.

«Олай болса жарайды, мен сендерді оқытайын, күз сендер гимназияға түсіндер, онан әрі тағы көрерміз» дедім. Сонымен жаздай екі баланы оқытып едім, енді бұлар гимназияға түсібді, осы» деб күлді Г.Н.

1915-нші жылы Г.Н. 80 жасқа толды. Г.Н. атына бағыштап шәкірттері кітап басды. Соған қосылып қазақтың өлеңін, жырын, мақалын біздің қазақ жастары да басбақ болды

Мына «Ер Сайын» мұның басындағы Ахметтің «Г.Н.-ға тартуы» сонда басылмақ болған еді.

«Күншығыс басбасы» басбақ болып отырған Баржақсыұлы Ахмет жыйған «Мың бір мақалда» Г.Н.-ға қалаб басылмақ еді.

**Қыр баласы**

بييل جازغى نۇرى اەكەۋى كەلب:  
«بز اوقۇ اوقيق دەيمز، براق، آكە چەچەمز كەدەى. بز سز دەن  
آقچا — كومەك سۇراى كەلك» دەدى.  
«اولاى بولسا، چار ايدى مەن سەندەردى اوقتاین، كۇز  
سەندەر كىمنازاغا تۇسەسندەر، اونان آرى تاغى كورەرمز»،  
دەدم. سونمەن جازداى اەكى بالانى اوقتىب اەدەم، اەندى بۇلار  
گىمنازاغا تۇسبىدى، اوسى «دەب كۇلدى گ.ن.  
1915 نچى جلى گ.ن. 80 جاسقا تولدى. گ.ن، آتينا  
باغستاب چاكرتتەرى كىتاب باسدى. سوغان قوسىلب قازاكدى  
اولەكن، جرن، ماقالن بۇزدى قازاق جاستارىدا باسباق بولدى،  
منا «اەرسابىن» مۇنك باسنداغى آحەتتەك «گ.ن. — غا  
تار تۇۋى» سوندا باسلىماق بولغان اەدى.  
«كۇنچىس باسباسى» باسباق بولپ اوترغان بار جاقسى اۇلى  
آخەت جىيىغان «مك بىر ماقالدا» گ.ن. — غا قالاپ باسلىماق اەدى.  
قر بالاسى.

## ЕР САЙЫНҒА

### қарауыл:

|                           |                                                                                          |
|---------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------|
| Кісі, ел, жер, атдың аты: | бет                                                                                      |
| Ақ төбе                   | 52                                                                                       |
| Айыу бике                 | 37, 45-47, 57, 58, 63, 64.                                                               |
| Ер Сайын                  | 14, 15, 2, 22, 24-27, 31-35, 37-42, 45, 47, 49-56, 58, 61, 63, 65, 66, 68, 72-77, 81-85. |
| Боз жорға                 | 37-39, 41-43.                                                                            |
| Боз Мұнай                 | 5, 7-11, 13, 15, 17-19, 34, 37, 41, 61, 62, 83.                                          |
| Бөгембай                  | 45, 47, 67, 77, 78, 80, 84.                                                              |
| Қара төбе                 | 27, 29, 70.                                                                              |
| Қара қыпшақ Қобыланды     | 31-36, 47-51, 55, 67, 77, 78, 80-84.                                                     |
| Қалмақ                    | 32, 35, 48, 50-55, 58, 62-64, 72, 76, 79, 80, 85.                                        |
| Қамба (жер)               | 56.                                                                                      |
| Жауырыншы Жағалбайлы      | 48.                                                                                      |
| Көбікті                   | 37-43.                                                                                   |
| Киікбай                   | 45-47, 67, 77, 82, 84, 85.                                                               |
| Жоламан                   | 51, 72, 74.                                                                              |
| Еламан                    | 51, 72, 74.                                                                              |
| Ойыл мен Қиыл             | 55.                                                                                      |
| Манас                     | 85                                                                                       |
| Ноғайлы                   | 5, 7, 11, 18, 23, 31, 37, 40, 50, 54, 73, 83.                                            |

**Қыр баласы**

## اھر ساين غا

قاراۋل:

كسي، اهل، جەر،  
آتدك آتى:

بەت

- آق توبە . . . . . 52.  
آيۋيىكە . . . . . 64, 63, 58, 57, 47 - 45, 37.  
اھرساين . . . . . 47, 45, 42 - 37, 35 - 31, 27 - 24, 22, 21, 15, 14.  
49 - 56, 58, 61, 63, 65, 66, 68, 72 - 77, 81 - 85.  
بوزجورغا . . . . . 43 - 41 39 - 37.  
بوزموناي . . . . . 83, 62, 61, 41 - 37, 34, 19 - 17, 15, 13, 11, 7 - 5.  
بوکەمباي . . . . . 84, 80, 78, 77, 67, 47, 45.  
قارا آلاآت . . . . . 76, 74, 64, 62, 60, 58, 56, 54, 52, 29, 27.  
قارا توبە . . . . . 70, 29, 27.  
قارا قىچاق قوبلاندى . . . . . 84 - 80, 78, 77, 67, 55, 51 - 47, 36 - 31.  
قالماق . . . . . 85, 80, 79, 76, 72, 64 - 62, 58, 55 - 50, 48, 35, 32.  
قامبا (جەر) . . . . . 56.  
جاۋرنچى جاغالبايلى . . . . . 48.  
كوبكتى . . . . . 43 - 37.  
كيبىكباي . . . . . 85, 84, 82 - 77, 67, 47 - 45.  
جول آمان . . . . . 74, 72, 51.  
اھل آمان . . . . . 74, 72, 51.  
اويلمەن قىيىل . . . . . 55.  
ماناس . . . . . 85.  
نوخابلى . . . . . 83, 73, 54, 50, 40, 37, 31, 23, 18, 11, 7, 5.  
قر بالاسى.

## Сөз басы.

Григорий Николайш Потанинге тартуу

А.Б.

| <b>Бөлім</b> | <b>бет</b> |
|--------------|------------|
| I. . . . .   | 5          |
| II. . . . .  | 31         |
| III. . . . . | 36         |
| IV. . . . .  | 47         |
| V. . . . .   | 58         |

\*\*\*

### Ер Сайынның айағы

| <b>Бөлім</b> | <b>бет</b> |
|--------------|------------|
| I. . . . .   | 65         |
| II. . . . .  | 69         |
| III. . . . . | 77         |

\*\*\*

|                                           |    |
|-------------------------------------------|----|
| Григорий Николайш Потанин<br>(1835 –1920) | 86 |
|-------------------------------------------|----|

\*\*\*

|                           |        |
|---------------------------|--------|
| Сентәбір – май<br>Қарауыл | 92 бет |
|---------------------------|--------|



## Жарнама

Ұлттар комиссариаты қарауындағы Күншығыс басбасөз кеңсесінің басып шығарған қазақша кітаптары мына кісілерде сатылады:

- 1) Семейде: Тұрғамбайұлы Мәннан.
- 2) Алашта: Есіргепұлы Абдолла.
- 3) Қарқаралы-да: Сапақұлы Рахымбай.
- 4) Керекуде (Паулодар): Омарұлы Уәли-хан.
- 5) Омбы-да: Сейітұлы Мұратбек.
- 6) Қызылжарда (Петро-паулоуске): Тілеуліұлы Жұмағалы..
- 7) 24 саует мактабінде (Қызылжар уезі): Жантелұлы Ахмет.
- 8) Көкшетауда: Малдыбайұлы Білел.
- 9) Атбасарда: Мешінбайұлы Сыздық.
- 10) Ақмолада: Төреғожаұлы Зейнолла.
- 11) Шарлақта: Елі-байұлы Уәли.
- 12) Қостанайда: Майлыұлы Бейімбет.
- 13) Торғайда: Шоланұлы Мұнайдар.
- 14) Орынборда: Алды-Оңғарұлы Ерғалы.
- 15) Ақтөбеде: Арұнғазыұлы Қасым.
- 16) Ақбұлақта: Мұртазаұлы Абдырахман.
- 17) Текеде (Орал): Азбасұлы Халил-олла.
- 18) Жым-битыда: Епмағамбетұлы Әмірғали.
- 19) Електе: Ақтанұлы Керей.
- 20) Үйшікте (Гуриев): Өтеуліұлы Әділ-герей.



## چارناما

اۇلتتار كامىسسارىياتى قاراۋىنداغى. كۇنچىغىس باسبا سوز كەكسە سى نك  
باسب چىغارغان قازاقچا كىتابتارى مىناكى — لىردە ساتلادى:

- (1) سەمەيدە: تۇرغا مېلى اۇلى ماننان.
- (2) آلاچتا: اەسرگەب اۇلى آبدوللا.
- (3) قارقارالى — دا: ساپاق اۇلى راحمبى.
- (4) كەرە كۇدە (پاۋلودار): اومار اۇلى ۋالى — خان.
- (5) اومبى — دا: سەيت اۇلى مۇراتبەك.
- (6) قىزلىجاردا (پەترو — پاۋلوۋسكە): تەۋلى اۇلى جۇماغالى.
- (7) 24 ساۋەت ماكتاپىندە (قىزلىجار اۋىەزى): جانتەلى اۇلى  
آخىمەت.
- (8) كو كچە تاۋدا: مالدىباى اۇلى بلەل.
- (9) اتباساردا: مەچىنباى اۇلى سىزدىق.
- (10) اقمولادا: تورە غوجا اۇلى زەينوللا.
- (11) چارلاقتا: اەلى — باى اۇلى ۋالى.
- (12) قوستانايدا: ماىلى اۇلى بىيىمبەت.
- (13) تورغايدا: چولان اۇلى مۇنايدار.
- (14) لورنىبورد: آلدى — اوڭغار اۇلى اەرغالى.
- (15) آقتوبەدە: آرۇنغازى اۇلى قاسم.
- (16) اقبۇلاقتا: مۇرتازا اۇلى آبدراخمان.
- (17) تە كەدە (اورال): ازىباس اۇلى خاليل — اوللا.
- (18) جىم — بى تىدا: ادېماغا مېدەت اۇلى ئەمرعالى.
- (19) اەلەكتە: آقتان اۇلى كەرەى.
- (20) اۋىچكىتە (گۇرىيف): اوتەۋلى اۇلى آدل — گەرەى.

- 21) Ордада: Лекерұлы Өзімбай.
- 22) Ташкенде: Байтасұлы Абдолла.
- 23) Түркістанда: Өтегенұлы Садық.
- 24) Ақмешітте (Пероуске): Жұмағұлұлы Әбіл.
- 25) Қазалыда: Күзембайұлы М.
- 26) Шиеліде: Қоңыратбайұлы Қалжан.
- 27) Алматыда: Тілші басқармасы.
- 28) Адайда (Форт Александр): Мыңбайұлы.
- 29) Әулиеата-де: Байсейітұлы Ғазиз.
- 30) Бішкек-де: Абдоллаұлы Қалдыбай.
- 31) Шымкентде: Жарменұлы Елемес.
- 32) Слаугорд-да: Желкілдекұлы Сағдад.



- (21) اوردادا: لەكەر اۇلى آزمباي.  
(22) تاچكەندە: بايتاس اۇلى آبدوللا.  
(23) تۇر كستاندا: اوتەگەن اۇلى سادق.  
(24) آقمەچتتە (پەروۋسكە): جۇماغۇل اۇلى ءآبل  
(25) قازالى دا: كۈزەمباي اۇلى م.  
(26) چيەلى دە: فوگراتباي اۇلى قالجان.  
(27) آلماتى دا: ءتلچى باسقارماسى.  
(28) آداي دا (فورت الە كساندر): مۇباي اۇلى.  
(29) آولىيە آتا- دە: بايسەيت اۇلى غازيز.  
(30) بىسپەك- دە: آبدوللا اۇلى قالدىباي.  
(31) چمكەنت دە: جارمەن اۇلى اەلەمەس.  
(32) سلاۋگورد - دا: جەلكدەك اۇلى ساغداد.



Ұлтдар комиссариаты қарауындағы Күншығыс басбасы.

Мәскеу Николскі көше 10-ншы үй

**Басылып шыққан кітабдар:**

1. «Темір қазық»..... журналы №№ 1, 2, 3.
2. «Мақардың түсі».....Корделенкеден аударушы: Қыр баласы.
3. «Каммунист партиасының ұлт мәселесі туралы жобасы»
4. «Жұрт немен тіршілік қылады».....Дикштейіннен " Ғаббас
5. «Мың бір мақал».....Жинаушы: Баржақсыұлы.
6. «Ер Тарғын».....Марабай. Өндеген: Қыр баласы.

**Жақында басылып шығатын кітабдар:**

1. «Кенесары – Наурызбай» Нысамбай. Жазып алған: Басығарұлы.
2. «Жердің ішкі қабаты» Зубрилиннен аударушы: Маметұлы.
3. «Өсімдіктер һәм олардың өмірлері» З.нен»
4. «Құрғақшылыққа қарсы шаралар» Лискуннен»
5. «Ауыл шаруасын қалай жөндеу керек» Зубрилиннен: Көкебайұлы.
6. «Маңқа ауруы һәм оған қарсы шаралар» Аскоморохфден "
7. «Кафказ тұтқыны» Л.Н.Толстайдан аударушы: Қыр баласы.
8. «Сурет қонақ үйі» » » »
9. «Хажы мұрат» » » »
- 10.«Мысалдар» » » »
- 11.«Жеті қарақшы» » » »
- 12 «Каммунистдер партиасының 25 жылдығы» Ледофдан Ғаббас.
- 13.«Ертегілер» Горкиден аударушы: М.Жұмабайұлы.
- 14.«Газша».....Жазып алған: Басығараұлы.
- 15.«Даруин окуының негізі». Лебидфден аударушы: Абыраш. Һәм тағы басқалар

## اۆلتدار كامپىسارىياتى قاراۋىنداغى كۈنچىسى باسباسى.

ماسكەۋ ئىكولسكى. كوچە 10 نچى اۋى.

### باسىلىپ چىققان كىتابدار:

1. «تەمىر قازق» . . . . . جورىئالى 1، 2، 3 نالما.
2. «ماقارداك تۇسى» . . . . . كوردلەنكەدەن اۋدارۋىچى: قىربالاسى.
3. «كاممۇنىست پارتىياسىنىڭ اۋلت ماسالىسى تۇرالى جوباسى» . . . . .
4. «جۇرت نەمەن تىرچىلىك قىلدى» . . . . . دىكىچىتىن نەن « غابباسى.
5. «مىك ئېر ماقال» . . . . . جىناۋچى: بار جاقسى اۋلى.
6. «اەر تارغىن» . . . . . مارا باى. اوڭدەگەن: قىربالاسى.

### چاقىندا باسىلىپ چىققان كىتابدار:

1. «كەندەسارى - ناۋىزىباى» نىسامباى. جازىب آغان: باسىغىرا اۋلى.
  2. «جىردىك اۋسكى قاباتى» زۇبىرىلىن نەن اۋدارۋىچى: مامەت اۋلى.
  3. «اوسمىد كدەر ھام اولاردىك اومىرلىرى» ز. نەن . . . . .
  4. «قۇرغاقچىدا نىقا قارسى چارالار» لىسكۇن نەن . . . . .
  5. «اۋل چارۋاسىن قىلدى جوندەۋ كىرەك» زۇبىرىلىن نەن: كوكەباى اۋلى.
  6. «ماڭقا اۋرۇۋ ھام اوغان قارسى چارالار» اسكوموروخفەدەن . . . . .
  7. «كافىكان تۇتقىنى» ل. ن. تولىستوى دان اۋدارۋىچى: قىربالاسى.
  8. «سۇرەت قوناق اۋىسى» . . . . .
  9. «خاجى مۇرات» . . . . .
  10. «مىسالدار» . . . . .
  11. «جەتتى قاراقچى» . . . . .
  12. «كاممۇنىست دەرى پارتىياسىنىڭ 25 جىلدى» لادوف دان . . . . . غابباسى.
  13. «اىرتەگىلەر» . . . . . گورىكىدەن اۋدارۋىچى: م. جۇماباى اۋلى.
  14. «تازچا» . . . . . جازىب آغان: باسىغىرا اۋلى.
  15. «دارۋىن اوقۇنۇڭ نەگىرى» . . . . . لىبىدەن اۋدارۋىچى: ابراج.
- ھام تاغى باس:الار.

## دېستاردى چىكتەۋ تۇۋرالى.

### بايتۇرسىن ۇلى اقمەت.

1927 - جىلى « جاڭا مەكتەپ » جورنالنىڭ 2 - نومبرىدە باسلىغان ەلدەستىڭ نازاق دېستارى دەگەن ماقالاسى تۇۋرالى تومەندەگى پىكىرىدى ايتقىم كەلدى .

نازاق تىلىندەگى دېستاردى جاڭدان چىكتەيتۇن بولساق، ەرى ايتىۋىنا قاراي، ەرى ەسوز چۇزىندە بىلىنەتۇن فاسىيەتەرىنە قاراي چىكتەۋ كەرەك . نازاقتىكى سىياقتى زانگى ازباغان ەتىلدىڭ ايتىلۇ چۇزىندەگى دېبىس چىكتەرى ەسوز چۇزىندە بىلىنەتۇن دېبىس فاسىيەتەرىنىڭ چىكتەرى مەن تۇيسەتۇن كورىندەدى .

ايتىلۇىنا قاراي چىكتەگەندە نازاق ەتىلىندەگى دېبىستار داۋىستى، داۋىسىز بولىپ، ەكى ايرىلادى .

I. داۋىستىلارى: ا، ر، گ، ل، م، ن، ە، و، ۈ، ۋ، ى، ي .

II. داۋىسىزدارى: ب، پ، ت، ج، د، ز، س، ش، خ، ق، ك، گ .

داۋىستى دېبىستار: ەز ارا تولق داۋىستى، شالا داۋىستى بولپ ەكى ايرىلادى .

1. تولق داۋىستىلارى: ا، ە، و، ۈ، ى .

2. شالا داۋىستىلارى: ر، گ، ل، م، ن، ۋ، ى .

تولق داۋىستىلارى ەز ارا كەڭ شىعەستى، نار شىعەستى بولپ، ناعى ەكى ايرىلادى .

(1) اگەل ەتۇرلىسى: ا، ە، ى .

(2) قىمقىرۇ ەتۇرلىسى: و، ۈ .

شالا داۋىستىلارى اۋىز شىعەستى، مۇرىن شىعەستى بولپ، ولاردا ەكى ايرىلادى .

(1) اۋىز شىعەستىلارى: ر، ل، ۈ، ى .

(2) مۇرىن شىعەستىلارى: گ، م، ن .

اۋىز شىعەستىلارى بوساڭ چولدى، قىساڭ چولدى بولپ، ەكى ايرىلادى .

(1) بوساڭ چولدىلارى: ر، ۋ، ى .

(2) قىساڭ چولدىسى: ل .

**ЕКІНШІ БӨЛІМ**

# **МАҚАЛАЛАР**

*1918–1925 жылдар*



## «ҚАЗАҚ» ОҚУШЫЛАРЫНА ҺӘМ «АЗАМАТ» СЕРІКТЕРІНЕ

Ауыр заманда, халқымыз газетке сусап тұрған кезде барлы-жоқты пұлмен, азды-көпті жолдаспен тәуекелге бел байлап шығарған «Қазақ» газеті Алаш азаматтарының арқасында алтыншы жылға айақ басқалы тұр еді. Бұл күнде уақытша біз басынан кетіп, басқалардың қолына көшіп тұр. «Қазақ» оқушыларына һәм «Азамат» серіктеріне білдіреміз: «Қазақтың» қазіргі пікірінен, тұтқан жолынан көрінген қаталар болса, халық алдында біз жауапкер емеспіз. «Азамат» серіктігінің баспаханасы түрлі мүлік саймандары, қағазы, пұлы бөлініп, орынсыз кеміп шатаққа ұшыраса һәм жауапкер емеспіз.

Өз иманымызша жұртқа пайдалы деп түскен жолымызбен жүре алмайтын болған соң «Қазақты» уақытша тастап отырмыз. Тірі болсақ, Алаш қызметіне еш уақыт бас тартпаспыз. «Қазақты» да құдай бұйырса, қолға аламыз.

*Ахмет Байтұрсынұлы.*

*Міржақып Дулатұлы.*

*«Бірлік туы» газеті, № 28. 9 апрел (27 март) 1918.*

## ҚАЗАҚТЫ АҒАРТУ ХӘЛІМІЗДЕН

Орынборда оқу комиссариаты шақырған халық ағартушылар сиезі майдың айақ кезінде болып өтті. Сиезде 40 шақты уәкіл болды. Ішінде 3 қазақ (бірі Орынбордағы) 1 ноғай, өзгесі орыс жолдастары болды. Қазақ оқу комиссариаты шақырған сиезде үш қазақ



қана болуы өзгеге болмаса, үйренген өзімізге жат нәрсе емес. Қашанда Қазақ Республикасында шақырылған сиезде қазақ табы көп болып көрген емес.

Бұл республикамыздың «қазақ» деген атына, затына иешілігіміз қашаннан да ала болатын. Сондықтан бұл шақырылған сиезде қазақтан үш кісі болуы онша халықтан тысқары орасан нәрсе емес. Жалғыз-ақ ойға қалдыратын жері елден келген екі қазақтың орысы жоқ екі губерниадан келуі. Қазақ республикасында орысы жоқ екі-ақ губерния бар: бірі Бөкей губерниасы, бірі губерния есебіндегі Адай үйезі. Мұның болғанына да шүкір айтуымыз керек. Бұл екеуі болмаса, елден сиезге екі қазақ та келмес еді.

Сиезге шақырылған губернида, үйезде оқу бөлімінің басында отырған бөлім бастықтары мен халық ағартушылар ұйымының уәкілдері еді. Сиез тұлғасынан көрінді. Қазақ республикасында губерниалық үйездің оқу бөлімінің басында кім отырғандығы. «Ауру қалса да әдет қалмайды» деген қазақ. Маркстен көрі де адамның қалпын анығырақ таныған адам бұларға керек. Билеп әдеттеніп қалған үлкен ауылдың балалары, өзгеріс болған екен деп, қалай бірден өзгере қойсын? Оқу бөлімінің бастығы болса да, өз қолында болғанын тәуір көріп, қазаққа қи алмаған көрінеді. Бастық болып үйренген әдет қандай күшті болса, бағынып үйренген әдет сондай күшті. Орыс қазаққа бастықтық қылса басып-көктеп басынып хәкімшілігін жүргізеді. Ол ұрып жатсын, қырып жатсын бірде ерсі көрінбейді. Бәрі дағдылы, қалыпты нәрсе болып көрінеді. Қазақ мойын ұсынып, бас иіп, құлдық дегеннен басқаны білмейді. Қазақ орысқа бастықтық қылса тіпті үйлеспей келіспей тұрады. Байлап қойған

қасқырдың қасына әкелгенде қабағы жасып, еңсесі түсіп, құйрығын қысып, үрейі ұшып тұрған ит сияқты болып көрінеді. Қимылдаған амалының бәрінде де батпа алмағандық қаймыққандық, жасқаншақ болып қалғандық білініп тұрады. Оны орыс жолдастар жақсы біледі. Сондықтан орысы бар губерниаларда қазақ бастықтық қылып істі жөндеп апара алмайды деп әкімшілік біткенді өз қолдарында ұстауға тырысады. Орысы бар губерниалардан кілең орыс жолдастар, орысы жоқ губерниалардан ғана қазақтар сиезге келуінің мәнісі осы.

Сиез шақырылғанда толып жатқан түрлі мақсатпен шақырылған еді. Бірақ жалпы мақсаты өзгеріс болғаннан бергі жердегі оқу халімен танысу еді. Оқудың өзгерістен бұрынғы халі мен соңғы халін салыстыру еді. Салыстырғанда қазақ табының оқу халін салыстыру еді. Қазақ болмаса, қазақ жеріндегі орыстар ескі хукімет тұсында оқу жағынан қамқоршылық көрмесе қысымшылық көрген жоқ, бұрын көрмеген олар соует хукіметі тұсында қысымшылықты көрмейтіні айдан анық, күндей жарық. Патша хукіметінің тұсында қысымшылық көрген қазақ табының оқуы соует хукіметінің тұсында қазақ оқуы қай халде екенін білу сиездегі зор мақсаттың бірі еді.

1905 жылғы өзгеріске дейін ұлтшыл орыс хукіметі қазақты орыс қыламын деген ниетпен қазақтың өзінше оқуына рұқсат етпей орысша ғана оқитын қылды. Ондағы мақсаты білім білдіру емес, орыс тіліне үйрету, орыс құлқына түсіру – орыс рухын сіңіру, орыс дініне кіргізу болды. Оны орындау үшін қазақ балаларын қалаға алдырып орыс школында оқытып, орыс миссионерлеріне бақтырып, орыс рухында тәрбиелетті. Қазақ

онысын сезіп, балаларын шоқындырып жібереді деп, орыс школынан безіп балаларын қалаға бермей далаға мектеп ашып, молда ұстап көбінесе ауылында оқытатын болды. Хүкімет қазақтың мұнысын сезіп, мектептерге қарсы қойу үшін орыс школдарын ел ішінде ашатын болды. Ауылный, болыстной школдар ашып, мектептерді сырып, қуып шығармақ болды. Рұқсатсыз орыс школдары ел ішіне жайылған соң бұлармен қатар күнелтіп отыра алмас дейді. Қазақ ішіндегі мектептерді жауып, молдаларын сотқа беріп, кітаптарын алып, әурелеп жүрген кезде Жапон соғысы болып, айағы өзгеріске айналған еді.

Өзгерістен кейін қазақ өз тілінде кітап, газет-журнал шығаратын болып, бұрынғы қысымшылықтан құтылыққырап, оқу ісі, әдебиет, мәдениет жағы ілгері басып тебін көктеп, гүлденіп келе жатқан уақытта Еуропа соғысы тап болған еді. Соғыс кезінде қанша тарлық, қиындық күшейгенмен ілгері басып, жаңа өсіп келе жатқан істің рухы сөнбестен, қарқыны басылмастан, жүрген бетімен октиабр өзгерісіне дейін келген еді. Онан кейін ішкі соғыс басталып, атадан ұл, анадан қыз айырылған замандар болып хал қиындыққа айналып, қатынас кеміп, ел ішінде не істеліп не болып жатқанын білуге болмайтын болып кетті. Сондықтан өзгерістен кейін оқу ісі қазақ та қандай күйде тұрғанын білу өте қажет нәрсенің бірі еді. Оны осы сиезден күткен едік.

Сиез болды, қазақ республиксындағы оқу халымен таныстық. Көпірген – көпірген көп сипырлар көз алдымыздан өтті. Губерниасына пәлен жүздеп школдар пәлен мындап оқушылар пәлендей бала бағымханалары, пәлендей ойынханалары пәлендей мәжіліс-

ханалары, пәлендей халық үйі, пәлендей кітапханалар пәлендей қирағатханалар, пәлендей курстар деген уақытта солардың ішінде санына қарай қазақтың да сыбағасына тиетіні бар ғой деп дәмелі болған едік. Көп сифырдың қарасын қойып, арасына келгенімізде қазақ сыбағасына тиетіні сиездегі орыс жолдастардың ортасындағы екі қазақ сияқты болып шықты.

Мұның былай болуында екі себеп бар: бірі қазақты орыс хүкіметі орыстан кем ұстап, кейін қалдырғаны. Орыс тілінде оқу болсын, әдебиет болсын, ескі хүкімет көгерсін, көркейсін деп тілеп, қазақ тілінде мұның бірінің де болуын тілемеген. Тілемек түгіл мұндай нәрселер қазақ тілінде болмасқа түрлі амал-айла жасағаны жоғарыда айтылды.

Сондықтан қазақтың әдебиеті жоқ, мәдениеті кейін жатыр. Сондықтан қазақта халық үшін қайрат қылатын саналы-саңлаулы азаматтар аз. Сондықтан қазақтың өңделген, жөнделген мәдениет ісіне төселген тілі жоқ.

Бала оқытайын десең оған керек оқу кітабы жоқ, қазақша оқып қара танып шықса, өзі оқып білімін ұлғайтатын түрлі кітаптар жоқ. Кітаптар, журналдар, газеттер шығаруға ондай мәдениет ісіне төселген тілі жоқтықтан сөз таба алмай мүдіріп әлекке түсіп, әуреленіп затыңа ат іздеумен уақытың өтеді.

Жетілген тілі бар, толыққан әдебиеті бар, ілгері кеткен мәдениеті бар орыс пен қазақ қатар мектеп ашып балаларын оқыта алар ма? Онымен қатар бала бағымханаларын аша алар ма? Онымен қатар ойынхана, мәжілісхана, кітапхана, қирағатхана, халық үйі сияқты халық ағартуына керек істерді істей алар ма? Оларды істеуге жоғарыда айтылған нәрселер, адамдар иә тіпті жоқ, бар болса жоқтың қасында. Солай болған

соң қазақ табында халық ағарту ісі орыс табының қасында жоқ есебінде болып, көпірген көп сифырлардан қазақ сыбағасына тиетіні аз болады.

Екінші себебі – қазақта ағартуға алған жолымыздың терістігі. Губерниаларда үйездерде оқу басында көбінесе орыстар отырғандығы сиез тұлғасынан мағлұм болды. Орыстар өз ауанына қарайды, қазақ ауанына қарамайды. өзінің адамымен құралы сай болып тұрған соң қазақ та олар жоқ екен деп ойына кіріп шықпайды. Барың болмаса, жоғынды табуға ізденбейді. Қазақты ағартуға керек нәрселердің көбін орыстар іздеп таба алмайды, жасау қолынан келмейді. Солай болған соң школ болса оқытатын адамы, құралы бай орыстан көп ашпай, адамы жоқ, құралы жоқ қазақтан ашар ма? Бала бағымханасы болса тұратын үйі тәрбиелей білетін адамы сай орыстан ашпай, қазақтан ашар ма? Ойынхана, мәжілісхана, қирағатхана, халық үйі сияқты нәрселерді әдебиеті бай орыстан ашпай, әдебиеті жоқ қазақтан ашар ма? Иә болмаса оқу ісінің басында орыс жолдастардың қазақтың оқу кітабы жоқ екен деп өзі шығара алар ма, иә шығару шарасын іздер ме? Қазақта әдебиет алға басуына орыс жолдастар оқу ісінің басында отырып пайдасын тигізе алар ма? Мұның бірі қолынан келмейтін болса оқу ісінің басында орыс жолдастар отырғанда қазаққа істейтін не? Қазаққа келтіретін пайдасы не? Мұның мағынасы қазаққа құр бастық болып билеу ғана болып шығады.

Орынды-орынсыз жерге де орыстың бастық болуы орыс жолдастардың бұрынғы бастық болып үйренген салтына тартуы болып шығады. Қазақ жолдастардың ақты-қараны айырып білмегендігін, оң қолымен сол қолын танып жетпегендігін көрсетеді. Далақтап шаба

беруге ғана жарайтындығын білдіреді, әйтпесе орыс жолдастар орынсыз жерде ұлық болуға ұйалса керек еді, қазақ жолдастар жылқыға сиырды қалай қосақтаймыз деп ойланса керек еді.

Қазақ республикасында халық ағарту жұмысы қазақ пен орыс арасында қатар жүріп отырсын десек ол үшін иә қазақты иә орыс ауанымен жібермей, орыты қазақ ауанына қарату, иә қазақ ісін өзгеше өз алдына жүргізу. Мұны істемей, қазақты қалың қараға қосып жіберіп, қарасына мәз болып, арасына келгенде қазаққа істелген істі таба алмай отырсақ, қазақ сыбағасына орысты оқытып, өзіміз түк білмей қалатынымыз шексіз. Осы күймен бара берсек, қазақ оқу оқып, білім ала алмай, орыс оқып оза беретін болады. Ондай ере берудің ақыры не болатыны мағұлым. Оны мынау мысалдан оқу қиын емес, Қазақстанды мектепке есеп етіп, қазақстандағы оқуды сол мектептегі оқуға теңесек, орыс табының оқуы сабағын біліп саулап ілгері бара жатқан балалардың оқуы сияқты да, қазақ табының оқуы сабағын білмей, құр көптің сарынына ерген балалар. Не біліп не өндіретіні бала оқытқан адамдарға мағұлым. Йағни ондай балалар түк білім білмей күнін босқа өткізді.

Мұндай балалар қайтсе білім біледі. Иә сондай қатарға ілесе алмаған балаларды бөлек шығарып, өз алдына оқыса иә оларға басқа балалардан көрі көбірек уақыт бөліп, көбірек түсіндіріп, көбірек айналдырса, сонда ғана олар өз әлінше озат болса білім үйренеді. Осы күнде қазақ табының оқу ісі орыс сарынына түсіп, қазаққа деп айырықша істелген іс болмай қазақ арасында оқу кеміп, кері кетіп барады. Қатарға ілесе алмаған балаларды құр қораға иіртіп қоймай, азат

болса әлінше білім білдіру үшін істейтін шараны біздің қазаққа да істеу керек. Қазақ табына тиісті халық ағарту ісін айырықша өз алдына бөлек жүргізіп, сыбағасын айырып, көбірек күшті, көбірек істі, көбірек ілтипат назарды қазақ табындағы оқу ісіне салу керек. Олай ету үшін қазақпен орыс аралас губерниаларда губерниалық, үйездік оқу бөлімдерінің басында пәк қазақ отыру керек, йаки қазақтың да орыстың да өз алдына сексиалары болу керек. Бұл істелмесе халық ағарту ісінің арты қазақтікі, заты басқалардікі болатындығына шүбә қалған жоқ.

Бұл сияқты хәл жалғыз хаық ағарту ісінде емес, басқа істердің де жүзінде болса керек. Сондықтан бұл мәселе 3-ші жалпы қазақ сиезін қарап, секциаларды қайта туғызуға қарар шығарып, 1-ші жалпы қазақ сиезінің істеген қатесін түзеуі керек. 3-ші сиезге келетін уәкілдердің бұл секілді хәлде есінде болуы керек.

«А-Қ» Ахмет.

*«Ақжол» газеті, №193. 14 уұл 1922.*

## **ТӘНІ САУДЫҢ – ЖАНЫ САУ**

Тән мен жан сабақтас, екеуі бірінен-бірі айырғысыз. Тәнсіз жан жоқ, жансыз тән тұра алмайды. Сондай біріне-бірі байлаулы, айырғысыз нәрсе болған соң, бірінің жайына бірі қарайды, біріне келген кемшілік біріне білінбей қалмайды. Тән кемшілігі жанға білінеді, жан кемшілігі тәнге білінеді. Тәнге батқан ауру көңілге, ойға қандай әсер ететіні, жанға батқан қайғы-қасірет тәнге қандай әсер ететіні қазақ сияқты оқымаған халыққа да мәлім. «Қайғысыз қара суға

да семіреді» деген сөзді қазақ қайғы-қасірет тәнге қандай әсер ететінін білгендіктен айтқан. «Бір күн ашыққаннан қырық күн ақыл сұрама» деген сөзді де қазақ тәннің ашығып, қиналғаны ақылға қандай әсер ететінін білгендіктен айтқан. Қысқасынан айтқанда, мысалы, жақсы қымызды жаман сабаға кұйсаң, қымыз бүлінетіні, жаман қымызды жақсы сабаға кұйсаң, саба бүлінетіні сияқты. «Тәні саудың – жаны сау» деген, «жақсы сабаның қымызы да жақсы болады» деген мысалды сөз.

Қай заманда да болса, адам баласы еңбегімен күнелтіп, жан сақтаған. Әсіресе, біздің заманымыз – еңбек заманы, қазіргі хукімет басында отырған коммунист партиясының жолы «еңбек жоққа – жемек жоқ» дейді, йағни еңбек етпеген адамның тамақ жеуге қақы жоқ дейді. Күнелту үшін ас керек, ас істеуге күш керек, күшті жұмсауға ес керек. Күш пен есті қатар жұмсап ас қылу – еңбек ету болып шығады.

Аурулы тәннің әлі жоқ. Әлі жоқ адам жұмысқа жарамайды. Жұмысқа жарамаса, еңбегімен қатын-бала түгіл, қара басын да асырай алмайды. Ондай адам қайырымсыз жерде аштан өлмек, қайырымды жерде тіленшілік етіп телміріп, қарны тойа ас ішпей, итші-леумен күн көрмек.

Ауру адамның, аш адамның есі, ақылы орнында болмайды. «Мастық не дегізбейді, аштық не жегізбейді» деген қазақта мақал бар. Өткен қыс аштық болды. Ашыққан адам бірінің етін бірі жеді. Өліктің етін жегені былай тұрсын, өлмеген тірі адамдарды малша ұрлап, малша сойып жеді. Қалаларда түн болса, көшеде жүруге болмады. Мезгілсіз уақытта көшеде жүрген адамдарды жылқы сияқтандырып бұғалық



салып, буындырып ұстап, сойып жейтін болды. Анасы баласының етін жеуге жетті. Мұның бәрі аштық әсерінен адамның есі шығып, ақылы қалмайтындығын көрсетеді. Аштық ақылын алмаса, адам аң дәрежесіне жетіп, хайуандықтан да асып, бірін-бірі жер ме еді? Анасы баласын жеуге келгенде, ол анада ақылдан түк қалды деуге болар ма?

Міне, тән сау болса, жан да сау болатындықтың сипаты. Аштықтан адамның тәні азып еді, жаны да азып, ес кетіп, адамгершілік жоғалып, адам хайуаннан да жаман болып кетті.

Аштықтан тән қандай азса, аурудан һәм сондай азбақ. Неғұрлым ауру күшті болса, соғұрлым тән көп азбақ. Тән қандай азса, ақыл һәм сондай азатыны жоғарыда айтылды. Тән ауырып тұрғанда, жан жай таппайды, іске көңіл шаппайды, жігер жоғалады, ақыл қалыбында болмайды. Ес дұрыс емес кезде көңілсіз, жігерсіз істелген іс оңды болып шықпайды.

Бұл айтылғанның бәрінен тән азса, күш кетіп, ақыл азып, іске де, еске де кемшілік келетіндігі байқалады. Тән азуы ойды алып, есті кетіріп, іске кемшілік келтіретін болса, іссіз, еңбексіз еш нәрсе табылмайтын болса, тән саулығы қанша керек, қанша қымбат нәрсе екендігі көрініп тұр.

Енді айтылатын сөз – тән саулығына не керек деген сауалға жауап болу керек. Бұған толық жауап беру үшін бірнеше том кітап жазу керек. Бұл жазылып отырған кітап емес, календар болғандықтан, жауап толық болмай, қысқаша ғана беріледі. Тән саулығын қазақтың бәрі де жақсы көреді, бірақ тән саулығына керек істі қазақтың бәрі де істемейді десек, өтірікші болмаспыз. Сондықтан қазақтың ауру-сырқаудан аман аз болады.

Тән саулығына керек нәрселер не?

1) Тән өзіне керекті нәрселерді мезгілімен тиісті күйінде, керек мөлшерімен алып тұру (ауа, тамақ, суын сияқты нәрселерді).

2) Ағзамыз әр түрлі қызметін мезгілімен дұрыс басқарып, дұрыс атқарып тұру, мәселен, тамақ қарында қайнап пісуі, бойға сіңуі, қан мезгілімен тарап тұруы сияқты қызметтер.

3) Тәнге зиан келтіретін ауру құрты, у, суық сияқты нәрселерден тәнді қорғау.

Бұл үш шартты орнына келтіру үшін, әуелі, дем алатын ауа, жейтін тамақ, ішетін сусындардың жәй-мәнісін білу керек. Екінші, тұратын үй, киетін киім, тұтынатын нәрсе, істейтін жұмыс, тән тәрбиесіне керек толып жатқан нәрселер бар – олардың жәй-мәнісін білу керек. Үшінші, тәнге зиан келтіретін нәрселердің тәнге кіретін жолдары бар, ауру құрттарының өсетін, көбейетін орындары бар – оларды білу керек. Тән саулығына керек нәрселердің ішінде тегіні – күннің жарығы мен ауа, арзаны – су. Басқасының бәрі оңай қолға түспейтін нәрселер. Ақылды айту оңай, алу да ауыр емес, орнына келтіру қиын кезде қымбатқа айналып кетеді. Ең тегіні – ауа мен жарық. Адам далада жүргенде бұларды тегін пайдаланады, үйде отырғанда тегін пайдалана алмайды. Өйткені, үйдегі ауа мен күннің жарығы даладағыдай болу үшін үй жақсы болу керек. Жақсы үй арзан болмайды. Арзан дегеніміз су екен, оның да таза болуына қолайлы орын, жақсы ыдыс, жағдайлы шарттар керек, оның бәрі оңай табыла бермейді. Ақтығында бұл да арзан түспейді. Тегін деген күннің жарығы һәм ауа, арзан деген су – бұлар мұндай болғанда, басқа тән саулығына керек нәрселер арзан түспейтіні айтпай-ақ анық.

Тән саулығына керек нәрселер, істейтін істер, орындайтын шарттар толып жатыр. Олардың бәрін орнына келтіру оңай да емес, арзан да емес. Бірақ қанша қымбат болғанымен, тән саулықтан қымбат емес. «Бірінші байлық – денсаулық» деп қазақ біліп айтқан. Байлықтың негізі денсаулық екені рас. Мал табу үшін еңбек ету керек, еңбек ету үшін ден сау болу керек. Аурулы адам жұмыс қыла алмайды, дүние жиі алмайды. Солай болған соң, әркім әуелі, дүниенің бәрінен тән саулығын қымбат деп білу керек, екінші, оған керек істерді, шарттарды қанша қымбат болса да орнына келтіруге тырысу керек.

Ауру құрттары адам тәніне дем алғанда ауамен кірмек иә жеген тамақ, ішкен сусынмен кірмек, йаки тән жараланып, тері жалаңаштанған жерінен кірмек. Ауру құрттарының өсіп-өніп көбейетін, күшейетін жерлері күн жарығы кем түсетін қараңғы иә қаракөлеңке орындар, нас, лас жерлер, иіс-қоңыс сасығы мол, салақ қатын ұстаған үйлер. Қай жерде тазалық аз болса, сол жерде ауру құрты көп болмақ. Мұның мәнісі тән саулығының негізгі шарты тазалық деген болып шығады, тазалық жоқ жерде ауру көп деген болып шығады.

Қазақ бейбақта тазалық бар ма? Тазалық жоқ болған соң, ауруы жоқ қазақ бар ма? Жоқ. Ауру болған адамның күші, ісі, есі қандай болса, ауру қаптаған халықтың да күші, ісі, есі сондай болмақ. Ауру адамның шаруасы азып, қарны тойа ас іше алмай, тіленшілік етіп телміріп, итшілеумен күнелтсе, ауру қаптаған халықтың да көретін күні сондай болады. Аурулы адам бір айағы жерде, бір айағы көрде болып, өлімге жақын тұрса, ауру қаптаған халықтың да халі сол сияқты.

Бұрын да қазақ байғұс оңған халық емес едік, енді жұтқа ұрынып, жұқанағың қалғанда оңай оңала қоймас-сың. Бір күн ашыққанның ақылы қырық күнге дейін орнына түспейтін болса, күнде ашығып отырған сен бейбақта не ақыл қалсын!

Ең әуелі, бәрінен бұрын тазалықтың қадірін біл! Тән саулығының тамыры тазалықта, жан сұлулығының тамыры тән саулықта.

*«Қазақ күнтізбесі», 1922.*

## ҚАЛАМ ҚАЙРАТКЕРЛЕРІ ЖАЙЫНАН

Орынборға шақырған қазақ қайраткерлерінің сиезі адам аз келгендіктен сиез есебінде болмай, кішкентай ғана кеңес түрінде болып өткені озған нөмірлерінде жазылды. Орынборда отырғандар, о жақ, бұ жақтан кез келгендер болмаса, сиезге атын атап шақырған адамдар келмеді.

Келмеу себептерін түрлі жоруға болады.

Келмеулеріне бір жағынан жол қаражатына қаржы жоқтығы себеп болған шығар; екінші жағынан Жүсіпбек жолдас сияқты керексіз сиез деушілік те себеп болған шығар; үшінші жағынан, қазақ қайраткерлерінің Орынбор қаласынан қараңғы үйден жаман қашатындығы да себеп болған шығар; төртінші жағынан, өзгеріс уақытында қайрат жолы өзгеріп, қарқын беті қайтқаны себеп болған шығар. Бұл көп «шығардың» ішінде көбінен себеп болатыны екі «шығар».

Сиезге келуге ынталы адамдар болса қаржы да табылады, керексіз сиез деп айтпайды. Мұның бұлай болуы келуге ынталы адамдар болмағандықтан, Орын-

борды көруге табиғаты шаппағандықтан болып отырған қал. Бұрын Орынбор қазақтың пікір құбылысындай болған заманда, сиез түгілі жайда Орынборға келіп, бас қосып, қазақтың қамын ойласып, қайғысына дауа қарастырып қайтатын ел азаматтары енді еріншектік етіп келмей отыр деуге болмайды. Мұның мәнісін әрірек, тереңіректен іздеу керек.

Қазақ қалам қайраткерлері қайдан туған, қашан шыққан деп сұрау қойылса, жауап қиын емес.

1). Қазақ қалам қайраткерлері орыстың қорлық көрген, тайақ жеген, орыстың табанында езілген жұрттан туған.

2). Қазақ қалам қайраткерлері қазақ басына қиынқыстау зар заман түсіп, үстін торлап, қайғы бұлты қаптаған шақта шыққан.

Құл болған халықтан туып, құлдықтың қорлық, зорлығын көріп отырып, қазақ қалам қайраткерлері қаламын ұлтының ауырын жеңілту, ауырын азайту жолына жұмсамасқа мүмкін емес; кемшілік көрген жұрттан туып, кемшіліктен құтқаруды мақсат етіп, ылғи сол жолда жұмыс қылған қазақ қалам қайраткерлері жұртшыл, ұлтшыл, йағни, халқына жаны ашитын, халқының жаны ауырғанда жаны бірге күйзелетін, бауырмал болмасқа тағы мүмкін емес. Олай болмаған болмаса, онда табиғат заңының тысқары, адамнан шошқа, шошқадан күшік туған сықылды болып шығады.

Қазақ баласы ұлтым, жұртым, бауырым деп үйреніп қалған қазақтың бауырмал қалам қайраткерлері өктәбір өзгерісі болғанда бірден иінтернатсйанал (бейбауырмал) болып өзгере алмады, өзгелердей «алымсақтан бері» кәммүнийст, иінтернатсйаналист едім деп

айтуға аузы бармады. Сондықтан бей-бауырмалдық жолға қызмет қылып, басшылық қыла алмады. Бауырмалдық жолында қаламмен қайрат етуін бейбауырмалдық жолындағы үкімет қош көрмейтін болды. Сөйтіп, қазақ қалам қайраткердерінің халінде дағдарыс болып, өзгерістен бұрынғы қарқындары қайтып, тартыңқырап қалды. Сол қайтқан қарқын әлі күнге қайта келіп жеткен жоқ. Бұрынғы қалам қайраткерлерінің бәрі де өзгерістен кейін қалам қайратына әлі белсеніп онша кіріскен жоқ.

Бұл айтылған себептің үстіне жамалған екінші себеп болды. Ол Қазақстанға ұлық болған адамдардың лағу-төңкеріс болса істің бәрін өзінен өзі істеліп, өзінен өзі өзгеріп кететіндей көруі. Қалыпты өзгертетін адамның ісі, йағни, жұмсайтын күші, қайраты, ісі, білімі екендігін ойламады. Төңкеріс болды, патша үкіметінің орнына саует үкіметі орнықты: қазақты билеген, патшаның оң қолы болып кәммүнйістер қазақты билейтін болды. Елдің төбесі өзгерді, төресі өзгерді. Онан былайғысын өзгертуге көп күш, көп іс, түрлі еңбек, қайрат керек, йағни, істей білетін түрлі адамдар керек.

Қазақтың оқығаны аз, оның ішінде халық ісіне қатысып, жұрт үшін жұмыс қылғандар өте аз. Бірақ, аз да болса, қазақта қызмет қылып ысылған, төселген адамдар, қазақтың ісіне қатыспақ түгіл қарасын көрмеген, атын есітпеген жат жұрттың адамдарынан гөрі, қазаққа көбірек пайда келтіретіні шексіз.

Ескі үкімет тұсында, қазақтың басына қаптаған қара бұлттай қалың пәле торлаған заманда, жұрт үшін, ұлт үшін қызмет қылған, қиналған адамдарға «жұртшыл», «ұлтшыл» деген таңба басылып, олар қораға жолатпайтын қотыр мал сықылды шетке шығарылып, әлеумет

жұмысынан аулақ ұсталды. Қазаққа жаны ашып, қазақ сөзін сөйлеген адам болса, оны ұлтшыл деп әдепсіздік еткен сиырдай қылатын болды.

Төбелеске шығатын адам сияқты, төсін ұрып, тұлданып «Жасасын бейбауырмалдық!» деген қазақ болса, қошемет айтып, қол шапалақтап, төбесіне көтеретін болды. Қазақтың көрген қорлығын, зорлығын айтатын адам болса, ауызға қағып сөйлетпейтін болды. Қазақ өзгеріс үшін құрбан болса, несі құрайды деуші болса, арқаға қағып, дұрыс пікір осы дейді. Солай болып тұрғанда қазақтың жұртшыл, ұлтшыл, бауырмал қалам қайраткерлері қалайша белсеніп, қалам қайратына кіріспек? Қалайша қаламды қолға алуға көңілі шауып, ықыласы түспек?

Қалам қайраткері – жолын тастап, көрінген жолаушыға ере беретін бұралқы ит емес. Бауырмал болып қалған қазақ қалам қайраткерлері, йа бойаумен түсін өзгертіп, йа түленмен түгін өзгертіп бейбауырмал болмаса, нақ ішін өзгертіп бейбауырмал бола алмайды. Жалғыз қалам қайраткерлері емес қазаққа жаны ашитын, басқа азаматтар да қазақтың басқалардан көрген кемшілігін айтпай тұра алмайды. Оны айтып отырса, бауырмал деген сөзден құтыла алмайды. Солай болған соң, иа бауырмал деген сөзден қашып, бейбауырмал үкіметтің ыңғайымен болып, қазақты басқалар пісіріп жесін, шикі жесін үндемей қарап отыру керек: не бауырмал деген сөзді басқалар ауыр мағынада айтса да, қазақ азаматтары ауырламай, қазақтың сөзін қаймықпай сөйлеуі керек. Енді осыған жеттік.

Қазақ деп ауызға алмай, не болса о болсын, қараға қостық, не көрсе көппен бірге көрер деп отыруға болар еді, егерде қазақ мәдениеті қасындағы халықтармен

бірдей болса. Қазақ қасындағы халықтар: орыс, неміс, ноғай, жәуіт, ғайрилар.

Бұлардың бәрінің де мәдениеті қазақ мәдениетінен жоғары. Мәдениеті жоғары халық – мәдениеті төмен халықты аз-көбіне қарамай жем қылатыны айдай анық, күндей жарық ақиқат. 200 міліён (бұдан әрі – миллион) үнді халқын 50 миллион ағылшын жем қылып отырғаны, 500 миллион Қытайды өзінен он есе аз жұрттар әжуалап отырғаны – адам баласының теңдігі – кемдігі мәдениетіне қарай екендігін сыпаттайды.

Қазақ мәдениеті жәуіт, неміс, орыс, қатта ноғай мәдениетіндей болса да, «қазақ» «қазақ» деп айыра сөйлеп, ауыз ауыртып, әуре болмай-ақ, көппен бірдей көрер деп қойар едік. Қазақ айрықша сөз болатын қалі айырықша болғандықтан.

Қазақ мәдениеті қасындағы жұрттардан кем екенін біле тұра, мәдениеті зор халыққа жем екенін біле тұра, қазақты жемтік есебінде жей бер деп қазақ азаматтары тастай ала ма? Оны қазақ азаматтары істей алмайды. Олай болса, бауырмал десін, қазақшыл десін, ұлтшыл десін, оған құлақ ауыртып ауырламасқа керек.

Қазақ қасындағы жұрттардың қатарына жетіп теңелуіне керек ісімізді қолға алып, қанаттамасақ, қазақ күнін қараң қылатын бейбауырмалдық адам арасына жік салады, бауыр керек емес, «жасасын бейбауырмалдық!» деп айқайлағанмен адам баласының арасындағы құр айқаймен жоғалатын көрінбейді. Мәдениет жігін жоғалтпай өз жігін жоғалту оңай жұмыс емес. Бұл айқайдың қолынан келмейтін іс екендігіне көз жетті.

Алдымен бауырмалдық жігін жоғалту керек деп адасқандар адаса берсін, қазақ азаматтары мәдениет



жігін жойу жолындағы жұмысқа күшін, ісін, сарп ету керек. Басқалармен мәдениеті теңеліп, жарыса, жармаса күнелтуге қазақ жеткен күні, қазақты қасындағылар қыңсылатуын қойады, қазақ азаматтарының қазақ үшін айырықша қайғыруы, қаны қызуы жоғалады, бауырмалдық өзінен өзі жоғалады.

Мәдениет алға басуы тірнек ісі шеберленуімен, сана-саңылау күшейуімен болады. Тірнек ісінен шыққан шеберлікті өнер дейміз, сана-саңылау күшінен шыққан білімді ғылым дейміз. Бұл екеуі де іштен адаммен бірге туатын нәрсе емес, үйренумен табылатын нәрсе. Үйрену дегеніміз – оқу. Сөйтіп, мәдениет жүзінде халықтың алға басуы, алдағы жұрт пен арттағы жұрт арасындағы мәдениет жігі жоғалуы оқуға келіп тіреледі.

Қазақта оқу ісі қалам қайраткерлеріне қарап тұрғаны, олар не істеуге керектігі өткен нөмірлерде ба-сылған сиезге арналған мәселелерде айтылды. Мұнда айтайын дегеніміз: қалам қайраткерлерінің бас қосып бақыршылығын сөйлесуі. Қалам қайраткерлерінің иіуін сиезіне «тополаң уақытындағы той» емес, топалаң келмеуіне амал қарастырайық деген ой еді.

Сиез иіуінде болмады деп қойыу керек емес, иіуіннен басқа да айлар, күндер көп, әлі де болса бас қосып сөйлесу, қалам қайраткерлерінің ұйымын жасау керек. Жазушылармыз бытыранды болмай, ұйымдасып, бірлесіп іс істесе, бәлкім істері берекелі, өнімді болар. Өзгеріс болғанымен өзгермей тұрған қазақта қалып көп, қашаннан бері, қазақ ішіне сіңіп, орнығып қалған қалыпты өзгерту онды нәрсе емес. Бас өзгерді, бастық өзгерді, төре өзгерді, басқасы әлі қарап тұр. Қазақ көрген қорлық пен зорлық көбеймесе, кеміген жоқ. Жеуге жеңіл тұрғанды жеу – табиғи іс. Тіске

жұмсақ болған соң, қай уақытта да жеуге қазақ жеңіл болып тұратыны мағлұм. Қазақты бұрын жегендер әлі жеп отыр, бұрын зорлық қылғандары әлі де зорлық қылып отыр. Өзгеріс кімге жағымды, кімге жағымсыз болып шыққаны көзі бар адамдар көрерлік, есі бар адамдар білерлік болды. Өзгерістің негізі тартыс, талас болған соң тіршілікке қайым біткен қайраттыларға, күн көруге ептілерге, дүние жыйыуға құмар адамдарға жағымды болғанымен, момындарға, ақ көңіл, анайы, аңқауларға жағымсыз болғаны шексіз.

Ақкөңілділік, анайылық, аңқаулық табиғаттан да болады, тәрбиеден де болады, йағни мәдениет жоғары-төмендігінен де болады. Көбінесе мәдениеті төмен жұрт ақкөңіл, анайы, аңқау келеді. Сондықтан да мәдениет жоғары жұртпен араласқан жерде алдауына, арбауына түсіп жем болады. Қазақ жеріндегі халық көбіне қазақ пен орыс. Қазақ мәдениеті орыстан кем болған соң жем болатыны шексіз. Ол жем болудан мәдениеті жетілгенше құтылмайды. Қазақ жем болудан түбінде декірет қуатымен құтылмайды, мәдениет қуатымен құтылады.

Үкімет тарапынан қазақтың кәзіргі күтетін көмегі – мәдениеті жетілгенше басқалардың зорлығынан қорғау, мәдениеті көтерілуіне қолдан келген жәрдемін айамау. Солай болған соң қазақ үкіметі құр декіретін көбейтумен бола бермей, қазақтың мәдениетін күшейту жағына көз салып, көбірек күшін жұмсау керек.

Мәдениет күшейеді өнер-білім күшімен, өнер-білім күшейеді оқумен. Оқу ісі сабақтас әдебиетпен. Оқу әдебиетті күшейтеді, әдебиет оқуды күшейтеді. Оқу мен әдебиет бірін-бірі қолдап, бірін-бірі көтермелеп, бірін-бірін сүйрейді. Оқусыз әдебиеттің күні жоқ, әдебиетсіз оқудың күні жоқ, қазақта оқу да, әдебиет те

жаңа ғана көктеп көзге ілінген күйде тұр. Оның өсіп, үлкейіп, гүлденуі үшін көп іс, көп күш керек. Сол көп істі қолынан келгенше істейтін, сол көп күш шамасынан келгенше сарп ететін қазақ қалам қайраткерлері.

Ол қалам қайраткерлері бұл күнде өз жұмысында емес, өзге жұмыста жүр. Оларды өзге жұмыстан алып, өз жұмысына салу қазақ үкіметінің міндеті: қалам қайраткерлерінің жұмысы – әдебиет, әдебиетсіз оқу қуаттану жоқ, оқусыз мәдениет қуаттану жоқ, мәдениет қуаттанбай қазақ қорлықтан, зорлықтан құтылу жоқ. Орыстан қазақтың көріп отырған отаршылығы, омыраулығы қазақ мәдениеті орыс мәдениетінен төмен болғандықтан. Азаттық асылы мәдениетте, мәдениет күшейуінің тетігі – оқу мен әдебиетте.

*«Еңбекші қазақ», газеті №29. 8 шілде 1922.*

## **ҚАЗАҚ АРАСЫНДА ОҚУ ЖҰМЫСТАРЫН ҚАЛАЙ ЖҮРГІЗУ КЕРЕК**

Қаншама талпынғанмен, қаншама күшін салғанмен жеткілікті қылып школдар ашуға үкіметтің шамасынан келмейтіндігі анықталып отыр.

Қазақ республикасында ашылатын әр түрлі школдарда, кітапханаларда һәм басқа оқу орындарында қызмет қылатын 2616 кісінің ғана расходын көтермекші болып отыр. Бірақ, оқу жұмысын жөндеп жүргізіп, балаларды тегіс оқытуға 20 мыңнан артық кісі керек. Бұлардың һәм басқа расходтары керек.

Оқу жұмысының шығындарының көбін үкімет орындарындағы жиналатын әр түрлі салықтардан жұмсаңдар деп отыр. Бұл турада жұмыстың көбі губисполкомдардың мойнына ауады, бірақ олардың да жарыл-

қауы, оқу жұмысына жеткілікті ақша берулері, халықтың байлығы, шаруаның жақсылығы һәм салық тез, түгелінен жиналуымен байлаулы нәрсе. Осыған қарағанда бұл орындарда жиналатын салықтарға сеніп отыруға болмайды. Сенгенмен губисполкомдар тезден аша аламайды. Оқудың мезгілі өтіп бара жатыр, балалардың бір жыл болса да оқусыз қалулары үлкен зиян екендігі белгілі. Бұдан былай ұйқыны қою керек. Енді бұл жұмысқа халықтың өзі кіріспесе болмайды.

Бұрын Николай заманында бірнеше жыл ізденіп, шығынданып ашатын школды кеңес үкіметі өзі-ақ ашындар деп ұран шақырып отырғанда, халықтың үндемей отыруы зор айып, күнә. Школдың расходынан қашпай, бұрынғы жалдап молда ұстап бала оқытатын расходты мойындарына алып, школ ашулары керек. Бұл жұмысты аяққа бастырып, орындап, ел арасындағы оқығандардың, учитель, мұғалімдердің мойындарындағы зор міндет – школды мынау реттермен ашу керек. Бір ауылнай не бір болыс ел күш біріктіріп, байға байша, кедейге кедейше үй басына салық салып, сол жиналған салықты оқытушылардың һәм басқа қызметкерлердің ақысына, школдың керек-жарағына міндетті болып, жергілікті оқу бөлімдерімен «договор» жасап, школ ашу керек. Бұл қалыпта ашылған школдардың оқыту, балаларға тәрбие беру тәртіптерін сырттан оқу бөлімдері бақылауға тиіс. Оқытушыларға ақы «кәсіпшілер ұйымы» белгілеген мөлшермен беріледі. Салық төлеп оқуға шамасы келмейтін кедей балаларына бірнеше орын қалдыру керек, оқу құралдарын: кітап, қағаз, қалам сықылды нәрселерді жергілікті оқу бөлімдері алуы тиіс.

Ауылдың жиі жерінде балалар үйлерінен келіп оқуға болады, бірақ ауыл сирек, әр жерде отырған

болса, қыс күні әсіресе киімі жоқ кедей балалары келіп оқуға өте қиын. Сол себепті балалар көбірек ауылдарда школдың қатар бөлімдерін ашу керек. Бұл қатар бөлімдердің расходы ортадағы школға деп елден жинаған салықтан берілуі керек. Бұл сықылды қатар бөлімдер ашуға, ауылдар өте сирек болып, аралары өте шалғай болса, әрине, балалар келіп оқуға болмайды, соның үшін школдың жанынан балалар жатып оқитын үй (общежитие) не болмаса интернат ашылуы қажет. Интернат ашылғанда бай балалары өз тамағымен келіп жатып, шамасы келмейтін кедей балаларына елден азық-түлік жинап беріп, сол үйде жатқызып оқыту керек. Мұндай интернат болмаса кедей балалары оқи алмайды.

Жоғарыда айтылған бойынша школды бір ауылнай не бір болыс ел болып ұйымдасып ашпаса, жеке бір кісі, йаки бірнеше кісі болып ашуға болмайды. Себебі ондай школдарды ашушылар меншіктеніп, оқу-тәрбие жұмыстарын өздерінің дегенінше жүргізуге тырысып, үкіметтің школдар хақында шығарған жобаларын, тәртіптерін қолданбасқа мүмкін. Соның үшін жергілікті оқу бөлімдері бұл жұмысқа өте шұғыл қарауы керек.

Екінші, айтылып өткен реттермен ел арасындағы «кооператив» һәм басқа ұйымдар школ ашуға кірісулері керек.

Осы жұмыстарды ілгері бастыруға елдегі сенімді азаматтар зор міндетті һәм халықтың өзі де бұл жұмысқа салқын көзбен қарамай, шығатын азын-аулақ шығынға көзді жұмып жіберіп кірісулері керек.

*«Қызыл Қазақстан» журналы,  
Феурал. №14, Б. 12–13. 1923.*

## БАУЛУ МЕКТЕБІ

Мектептерге «баулу» деп ат қойылғаны 7–8 жыл болды. Сонан бері тек болмаса, ісі баулу түрге айналған мектептер әлі аз. Көбінің-ақ аты «баулуға» айналғанмен, ісі бұрынғыша жүріп жатыр. Себебі оқытушылардың көбі баулу мектебінің атына қанық болғанмен, затына қанық емес; затына қанықтардың да көбі түсіне жетік болғанмен, ісіне жетік емес. Сондықтан «баулу мектептің» атын да, затын да жақсы білетіндердің көбі де «баулу» ісін жөндеп жүргізіп, дұрыстап алып кете қойған жоқ. Баулу мектеп жөнделіп жүре бастаған жерлерге қарасақ, бәрі де қаржы мен маданийат (мәдениет) қатар тұрған жерлер екенін көреміз. Олай болатұн мәнісі – баулу мектеп Еуропа мен Әмерикенің маданийаты мен байлығын бойлап өсіп, аспанға таласқан басына қырағы зейін барып салған қыран ұйасы сияқты түрдегі мектеп.

Баулу мектеп баланың табиғатына жақын, тұрмыс ісіне үйлесімді мектеп болғандықтан, бала үйретуді баулу түрге түсіру керек деген пікір Ресейде туғалы да біраз заман болды. Патша үкіметінің тұсында мектептерді «баулу» түрге түсіру керек деушілер болса да, үкімет мойны оған жар бермейтін. Баулу мектеп бала тәрбиелеу жүзіндегі көсемдердің көңіліндегі іздеген мүддесі, көздеген мұраты есебінде жүрген мектеп еді. Үкіметінің қарасы өшкен соң-ақ баулу мектепті жарыққа шығару шарасы істеле бастады. Әлі күнге дейін баулу мектептің айағы жерге тимей, тек мақсат пен мұрат түрінде болып, ұсынса қол жетпейтін себебін байандаудан бұрын баулу мектеп дегеннің мазмұнына қандыру үшін атына сәйкес затында несі

барлығын, жана (және) да бұрынғы мектептерден мұның айырмасы қандай, артықтығы қанша екендігін айтып кетсе, босқа уақыт алатын керексіз сөз болмас деймін. Оны білгеннен кейін баулу мектептердің тоғыз ай көтергенде де, тоғыз күн толғатқанда да не шала туып, шалағайлық қылып жатқаны немесе тіпті дүниеге келе алмай жатқан мәнісі мен себептері аса байандаусыз да түсінікті болар деймін. «Баулу» деген сөз жаңа мектептің атына да, затына да дөп келеді. Баулу мектепте балалар «баулу» түрде үйретіледі. Қазақ тілінде «баулу» деген сөз үйретудің қай түріне айтылады? Қасқыр күшігін жеуге баулығанда, қорадан қозы ұрлап апарып баулиды. Мысық баласын тышқан ұстауға баулығанда, тышқанды тірілей әкеп беріп, қашырып ұстатып, баулиды. Қазақтың ескі жырларынан, ескі сөздерінен батыр болғандарды қалай баулып батыр қып өсіргендерін көреміз, батырлар басқалардың балаларын қалай баулып өсіргенін көреміз. Мәселен, Шыңғыс ханды жасында баулыған Шолақ қол батыр тас атудан бастап, садақ пен құс атуға дейін баулыған. Адам арқасына мініп қару қылудан бастап, ат арқасында қару қылуға дейін баулыған. О заманда би болғандар би мектебінде баулынған, йағни биге атшы болып, бірге жүріп, бірге тұрып, бітірген істердің ішінде бірге болып, баулынып, би болған.

Үйрету бастапқы кезде қайда да болса, «баулу» түрде болған. Оқу – беріде шыққан үйрету түрі. Баулудан шығып бала үйрету, «оқу түріне түсіп кетуі, оқу түріне түскенде де жалаң оқу түріне түсуі тіршілік түріне қарай болған. Тіршілікке керектің бәрі табиғаттан алынады. Сондықтан үйрету «жалаң оқу» түрге

айналуы адамның табиғат тану түріне қарай болған. Табиғаттың күші мен ісін бөлектеп (схоластика), күшін көкке шығарып, ісін жерге қалдырып, табиғатты жанынан айырып, өлікке айналдырғанда, үйретудің түрі «жалаң оқыту» сияқты өлі түрге айналған.

Он жыл оқып жазу білмеген «оқу» өліге болмаса, тіріге керек болмаған. Қазақ баласын молдаға бергенде, намаз сабағын білсін, өлгенде басымызға Құран оқи білсін деген мақсатпен беретін. Намаз оқу да, Құран оқу да – өлген күнге, о дүниеге ғана керек қылатын нәрсе. Оқудан о күнде тірлікке пайда күтпеген. Ақырет қамы үшін ғана бала оқытқан. Өлі білім үшін берген баланы «өлі оқуға» үйреткен. Бергі замандарда ғана қазақ балалары орыс мектептерінде оқып, дүниесіне керек білім үйренетін болған шақта, қазақ мектептерінде үйрету «төте оқу» түріне түсіп, оқумен қатар жазу үйренетін болған шақта қазақ баласын мектепке Құран оқу мен намаз сабағын білуден гөрі дүниесіне керек басқа мақсатпен беретін болған.

Қазақ тәртіптеп мектеп ашып, тәрбиелеп бала үйреткен жұрт емес. Сондықтан қазақта бала үйрету, тәрбиелеу тарихы да қысқа, сол қысқа тарихынан да бала үйрету түрі, жұрттың керек қылуына қарай, түрленгенін байқаймыз.

Қай жұрттың да болса, мәдениет есігінде отырған заманы болған. Мәдениет есігінде отырған шағында олардың да бала үйретуі «баулу» түрде болған. Олар да үйретудің «өлі оқу» түрін де бастарынан кешірген. Олар да «өлі оқуды» жандандырып, «төте оқу» түріне түскен. Онан бері келе «төте оқуды» да жандандыру үшін «көрнекі оқу» түріне түскен. Ақырында қайтадан «баулу» түрге түсіп отыр.



Мұнысы несі? Кер жайылу ма? Болмаса басқа бір мәнісі бар ма? Сырттан қарағанда, кер жайылу сияқты да, ішінен қарағанда, тек кер жайылу болып шықпайды. Бұрынғы «баулу» мен бүгінгі «баулудың» түрі бір болғанмен, сыры бір емес, үйреткені о күндегі тұрмыс түрі мен бұ күндегі тұрмыс түрі бір емес. Тұрмыс түрі басқа болған соң баланы баулығанда үйрететін істің түрі де басқа болады. О күндегі тіршілік шарасына істелетін істің түрі аз болған соң, баланы баулып үйрететін әдістің де түрі аз болған. Бұ заман – машина заманы. Машина заманындағы тіршілік ісінің бәрі де машиналы. Бұрын қолмен істелетін керек-жарақтың көбі бұл күнде машинамен істеледі. Бұрын көлікпен істелетін жұмыстың көбі бұл күнде машинамен істеледі. Бұрын күшпен істелетін қианат, зорлық сияқты істердің көбі бұл күнде машинамен істеледі. Бұрынғы батырлық, қайрат бұл күнде машинамен істеледі. Солай болған соң бұрынғы «баулу» мен бүгінгі «баулудың» тек түрінің бірлігі болмаса, қазіргі «бала үйрету» қайта жайылу емес. Табиғи жолынан ұлағып шығып кеткен үйрету беттің ілгергі алдын түзету болады.

«Өлі оқу», «төте оқу», «көрнекі оқу» – бәрінің асылы – оқу. Оқу біткеннің бәрінен алатын білім – өлі білім. Үйткені оның бәрі де нәрсенің өзімен, затымен айналыстырып үйретпей, тек нәрсенің атымен, бернесімен ғана айналыстырып үйретеді. Бәрі де істің әдісін үйретпей, тек мәнісін үйретеді. Сондықтан оқу мектептерінен шыққандар да мәнісін білім мол болғанмен, әдіс білім аз болады. Әдіссіз тек мәніс білімі – өлі білім. Тіршілік – тірлік шарасы. Тірлік шарасына үйрететін білім тірі білім болу керек. Ондай білімді адам мәніс білімі мен әдіс білімін қатар үйренгенде білмек.

Тіршіліктің ең оңай ісі – қазық істеу немесе қарындаш ұштау. Бірі шотпен, екіншісі пышақпен істеледі. Шотты қалай ұстап, қалай жону мәнісін түсіндіріп, әбден білдіргенмен, шот шауып, пышақпен жонып әдісін алмаған адам қазықты да дұрыстап істей алмайды, қарындашты да дұрыстап ұштай алмайды. Тіршілік ісінің оған керек білімінің мысалдары осы. Бұл көрсетілген – тіршіліктің ең ұсақ, ең оңай ісі. Ұлы істердің әдісі де ұлы болады. Ұлы әдісті үйрету де, үйрену де қиын болады. Ұсақ істің істеу мәнісін білгенмен, істеу әдісін білмей, дұрыстап істеуге болмаса, ұлы істі дұрыстап істеуге болар ма?

Мектепке бала бергенде, ата-анасы баланы тұрмыс ісіне қайым болып, өмірдің азабын көрмей, рахатын көргендей адам болып шықсын деген үмітпен береді. Мемлекет жұрттың баласын үйреткенде, о да сөз үйренген балалар тұрмыс ісіне шебер болып, өзіне де, мемлекетке де пайдалы адам болып шықсын деген мақсатпен үйретеді. Оның үстіне Соует үкіметі тіршілік негізі – еңбек. Адам күн көруі көптің еңбегімен. Мектепте балалар жасынан еңбекке баулынып көпте-сіп, көлемдесіп, қоғамдасып іс қылып үйреніп, еңбекті іске дағдыланып, еңбекті сүйіп, шын еңбекші болып шығарға керек деп отыр. Ортақшыл тұрмыстың тасын қалаушы болып шығуын көздейді.

Мектептің міндеті – берген баланы ата-анасының үміті мен мемлекеттің мақсатындағы көздеген түрде адам қылып шығару. Бұл міндетін дұрыстап атқару үшін көздеген мақсатқа керек істерді дұрыстап істеу тиіс. Қалай үйреткенде бала көздеген түрдегі адам болып шықпақ? Мәселенің қисыны – осы жерінде. «Өлі оқу» – о дүниедегі іске үйретпеген, сондықтан

о түрлі оқу тіршілік мақсатындағы іске үйлеспейтіні көрініп тұр. «Төте оқу» нәрсенің, істің затын алмай, атын ғана алып, құр сөз түрінде үйреткен. Сөзбен үйреніп, сөз жүзіндегі іске шебер болуға болады, бірақ тіршілік ісі жалғыз сөз жүзінде емес. Сөзге қарамайтын тіршілік істері толып жатыр. Ол істерге істеп, үйреніп, шебер болмаса, сөзбен үйреніп шебер бола алмайды. «Көрнекі оқу» нәрсенің затын, ісін көрсетіп үйретеді. Көріп үйрету баланың табиғатына жақын дейді. Бала мектепке барғанша 5–6 жылдың ішінде бір талай білім білетіні рас. Бірақ ол білімді жалғыз көрумен ғана емес, көргенін еліктеп істеумен үйренеді. Солай болған соң тек көрсетумен болып, істетпей үйрететін «көрнекі оқу» да көздеген мақсат түрдегі тіршілікке лайық адамдар жасап шығара алмайды. Өйткені нәрсені көріп білу, білу мен істеп білудің арасы – көш жер. Нәрсеге ісін түсіп қарағанда байқауың мен ісін түспей қарағандағы байқауың – екеуі бірдей болмайды. Нәрсеге тек жүріп қарасақ, тек көреміз де өтеміз. Нәрсеге жұмыспен келіп қарасақ, олай болмайды. Тоғай талын тек тамашаға аралап барып байқауымыз бен құрықша іздеп аралағандағы байқауымыз бірдей болмайды. Тоғай толының жайын тамашаға аралағаннан құрықша іздеп аралағанда, әлбетте жақсырақ білсек керек.

«Көрнекі оқу» мен бала үйрету тоғай талын тамашаға апарып танытқан мыйсалды да, «баулу» мен бала үйрету тоғайдан балаға құрықша іздетіп танытқан мыйсалды. «Көрнекі оқу» мен «баулу» екеуінің арасындағы айырмасының асылы осы.

«Өлі оқудан» көрі «төте оқу» беретін білім жандырақ. «Төте оқудан» гөрі «көрнекі оқу» беретін білім жандырақ. «Баулу» беретін білім бәрінен де

жандырақ. «Баулу» асылында дағдылы шағындағы тіпті «бала оқыту» емес, тіршілік ісіне тігілей түсіру. «Баулу мектеп» дағдылы мағынадағы мектеп болмай, толып жатқан ұйым, қоғамдардың бір түрі сияқты боларға керек. От басы, ауыл аймақ, ел, жұрт болып немесе қостас, шығырлас, арықтас, соқалас, артел, каператсыйа (пайдалас) болып, ұйымдасып іс қылмай ма? «Баулу мектеп» – бұрынғыдай тек мектеп емес, әлгі айтылғандар сияқты, адам ұйымдарының бір түрі.

«Баулу мектеп» – нәрседен нәрсе жасап, тауар қылып шығаратын пабірік, зауыт сияқты да орын емес, өзінен-өзі өсерлік жағдай жасап, бәрін бәрін дайар күйінде беріп, балапан шығаратын жұмыртқа сықылды да орын емес, ұйым түрінде іс қылып, іс жүзінде білім алып, еңбекті сүйетін шын еңбекші болып, ұшқанда алатын нәрсесіне ұяда баулынған қыран баласы сияқты жастар шығаратын орын.

Дағдылы оқу мектебін «баулу» мектепке айналдырып, қыран ұясындай ету үшін не керек болатынын алдағы әңгімелерге қалдырып, осымен сөзді тоқтата тұрамыз.

*«Жаңа мектеп», №1. Б. 24–27. 1925.*

**Ескерту:** А.Байтұрсынұлының бұл мақаласы бұрынғы жинақтарда жарық көрмеген, кейіннен табылған мұралар қатарына жатады.

Қазіргі қаріпке түсіріп, 2000 жылы ҚР БҒМ ҰҒА-ның хабарлары, Тіл әдебиет сериасының 3-санына алғаш жариялаған – Орынай Жұбаева.

2009 жылы «Жалын» журналының №6 (Б.37-39), 2010 жылы «Қазақ әдебиеті мемлекеттік тіл» басылымының №5 (Б.2-3) санында жарық көрді.

Мақала «Жаңа мектеп» журналының 1925 жылғы №1 санында жариаланған. Бұл журналда А.Байтұрсынұлының мақалалары жиі жарияланып тұрған: «Түрікшілер құрылтайы, Ана тілінің әдісі, Дыбыстарды жіктеу туралы, Түзетілген әріп, Жалқылаулы-жалпылаулы әдіс» т.б.

Ғалым қудалауға түскенде оның мақалаларын жиі жариялағаны үшін «Жаңа мектеп» журналының алғашқы редакторы, қазақтың біртуар азаматтарының бірі – Молдағали Жолдыбаевтың қудалауға түскендігі туралы мәлімет берілген.

Мақала 2003-2006 жылдары басылым көрген ғалымның бестомдық жинағына кірмеген. Алтытомдыққа енген.

\*\*\*

## ПРОЕКТ ПРОГРАММА ПАРТИИ «АЛАШ»

**1. Государственный строй.** Россия должна стать демократической, федеративной республикой (демократия – власть принадлежит народу, федерация – союз равноправных государств. В федеративной республике каждое государство имеет свою территорию, суверенно решает свои задачи, между собой связаны узами дружбы).

Во главе правительства стоит президент, избранный Учредительным собранием и Государственной Думой на известный срок, определяемый ими. Президент управляет страной через министров, а министры подотчетны перед Учредительным собранием и Государственной Думой.

Депутаты избираются путём всеобщего равноправного прямого и тайного голосования. Избирательное право предоставляется всем, независимо от происхождения, вероисповедания и пола.

Законодательная власть принадлежит только Государственной Думе. Государственная Дума осуществляет контроль над правительством, слушает его отчёты, предъявляет запрос по интересующим её вопросам. Государственный налог вводится лишь после утверждения Государственной Думой.

**II. Местное самоуправление.** Все казахские земли объединяются в единое целое. Обладают суверенитетом и входят в Российскую Республику на Федеративных началах. В первое время казахская автономия может составить единое образование вместе с другими заинтересованными в этом народами, а если нет, то с самого начала может стать самостоятельной единицей. Необходимо принять современную земскую форму местного самоуправления.

Партия «Алаш» добивается, чтобы на таких должностях, как бии, волостные управители (волуправители) и аульные, работали люди, радеющие о народном благе. Предполагаемые кандидатуры для работы в земских управах и милиции предлагаются на обсуждение народу.

Партия «Алаш» отстаивает справедливость, поддерживает бедных, борется против насильников, мироедов. Свою силу и энергию направляет на достижение народного благосостояния, ведёт народ по пути прогресса.

**II. Основные права.** В Российской Республике все граждане независимо от вероисповедания, националь-

ного и расового происхождения, полового различия равны.

Предоставляется право на собрания, организацию союзов, свободы слова и печати; охраняется неприкосновенность жилища, гарантируется неприкосновенность личности, без судебного решения или санкции прокурора никто не может быть подвергнут аресту; дело обвиняемого в преступлении там, где есть судьи, передаётся в суд в течение 24 часов, а там, где нет судьи, не позднее недели; уголовному наказанию подвергается по праву суда.

Тайна переписки охраняется Законом.

**IV. Вероисповедания.** Религия (церковь) отделяется от государства. Все религии равны. Пропаганда религиозного верования не запрещается. Предоставляется свобода исповедовать или не исповедовать религию.

Казахское общество имеет самостоятельное муфтийство. Бракосочетание, разводы, причитание, именование новорождённых и тому подобные дела передаются муллам, спорные дела, связанные с вдовством (жер дауы), рассматриваются в суде.

**V. Судимость и суд.** Судимость и суд в каждом обществе должны быть сообразны жизненным условиям этого общества. Судьи должны знать язык коренного народа. В местностях со смешанным составом населения допросы и решения суда должны происходить на языке тех, кто составляет в данной местности большинство. Бии и судьи не отстраняются от должности без следствия. Все народы перед судом равны; после бога самыми сильными являются бии и судьи, их решению подчиняются все без исключения.

Решение суда приводится в исполнение немедленно. Крупные преступления рассматриваются судом присяжных заседателей. В местностях, где казахи составляют большинство, судопроизводство осуществляется на казахском языке. Присяжные выбираются из казахов. Суд степи осуществляется на основе норм, установленных народом.

**VI. Оборона страны.** Для защиты страны должна быть армия, созданная на иных началах. Молодежь, достигшая соответствующего возраста, проходит обучение и службу на местах: разделение по войсковым частям производится на основе родственных связей. Казахи отбывают службу в виде конной милиции.

**VII. Налоги.** Взимание налогов осуществляется справедливо в зависимости от имущественного состояния и дохода, т.е. богатый платит больше, бедный - меньше.

**VIII. Рабочие.** Рабочие должны быть защищены законом. (На казахской земле заводов и фабрик мало, соответственно, и казахских рабочих немного. В вопросе о рабочих партия «Алаш» одобряет программу социал-демократов меньшевиков).

**IX. Обучение науке и знаниям.** Двери учебных заведений открыты для всех, и обучение бесплатное; обязательное образование распространяется на всех. В начальных школах преподавание ведется на родном языке; создаются средние школы и университеты с казахским языком обучения; система образования самостоятельна в виде автономии; власти не вмешиваются в дела образования; преподаватели и профессора назначаются на конкурсной основе; в народной среде открываются библиотеки.



**Х. О земельном вопросе.** При выработке Учредительным собранием Основного Закона должно быть указано первоочередное право коренного народа на земельные наделы; до удовлетворения земельными наделами казахов по месту проживания переселение в казахские земли прекращается; ранее отобранные и ныне ещё незаселенные крестьянами земли возвращаются казахам; раздел земельных наделов, отводимых казахам, осуществляют местные комитеты; размеры наделов определяются в зависимости от качества почв и вида хозяйств; оставшиеся после наделения населения земли переходят в распоряжение земств; по ходу роста населения от этих земель выделяются новые наделы. В Туркестане одновременно с земельными наделами отводится наделы водой; казахи землёй пользуются не отдельными семьями, а в виде собственности аула, на основе родственных связей, руководствуясь принципами справедливости.

В Законе о земле не должно быть статьи о продаже земли. Излишки земли не продаются, а переходят в земство. Полезные ископаемые, все богатства земли принадлежат казне, а распоряжается землей земство.

Большие леса и реки составляют государственную собственность, а леса и озёра местного значения являются имуществом земств.

**Проект составили:** Алихан Букейханов, Ахмет Байтурсынов, Мир-Якуб Дулатов, Елдес Омаров, Есенгали Турмухамедов, Абдул-Хамид Жундибаев, Азимбек Биримжанов.

## ТОВ. ЛЕНИНУ В.И.

Со времени учреждения Киргизского Ревкома прошло 10 месяцев. Подводя [итоги] десятимесячным работам Ревкома приходится сказать, что за время своего существования им не сделано ничего. Непроизводительность работы Ревкома можно объяснить многими причинами, но основных причин две: 1/ у представителя Центра, поставленного во главе Управления Киркраем, не было определённого взгляда и, вследствие чего, определённого плана работ; что быть может объясняется тем, что у самого Центра, в виду особенности социальных условий Киркряя, не было определённого взгляда на счёт Киргизского вопроса, кроме принципиального указания в «Декларации Прав народов России» и программе Р.К.П. и 2/ не было взаимного доверия между представителями центра и населения.

При царском правительстве едва-ли кто из инородцев испытал на себе национальный гнёт и паробошение более киргизов. Национальный гнёт не может не вызвать национальных чувств. Если у угнетённой нации против угнетавшей всегда развивается чувство ненависти и злобы, то чувство недоверия бывает всегда. До тех пор, пока Киргизы не увидят иного отношения к себе со стороны русских, они иного чувства, кроме недоверия без различия классов, испытывать не могут. Пролетариат русской нации, веками грабившей и угнетавшей киргизов, должен доказать и показать на деле, что они и являются освободителями угнетённых народов, а не новыми господами поработителями их, желающих сесть на их шею вместо царских чиновников. Между тем местные товарищы коммунисты, думая,

что киргизы ничего не понимают и, пускаясь в хитроумную политику, предлагают трудовому Киргизскому народу не братскую помощь в доказательстве их жизни но Советских началах, а навязывают им своё господог под разным соусом.

Одним лишь переименованием себя в коммунистов-интернационалистов, русские не могут возбудить к себе доверие нерусской нации, имеющей вековое ... с хитроумной политикой царского правительства. У киргизов есть поговорка: «Сары орыстың бәрі орыс», что по-русски означает: «Русский, кем бы он ни был, есть [всё равно] русский / грабитель, угнетатель»./ Всякая хитроумная политика, рассчитанная на обман киргизского народа, кроме внешней призрачной [оболочки], ничего существенного достигнуть не может. Народ с затаенной злобой и ненавистью, молчаливо переносивший многовековой гнёт царизма, может и дальше молчать, но это терпеливое молчание может продолжаться до тех пор, пока не представится случай так или иначе выразить своё недовольство.

Русскому пролетариату по отношению киргизов остаётся выбрать одно из двух: либо насильственно навязать своё господство и требовать беспрекословного подчинения, заняв положение повелителя и назначив по ним вместо царских губернаторов и генерал-губернаторов диктаторов, либо завоевать доверие Киргизского трудового населения. Первый путь ясен и понятен: он достаточно испытан разными царями-повелителями. Второй же несколько сложен и требует некоторых объяснений. За то, при выборе первого всякое Советское строительство может оказаться на песке, а при выборе второго, фундамент строительства будет заложен на прочной почве.

Дело в том, что у киргизов имеется известная часть интеллигентов, которым народ вполне доверяет, и которые ошибаться и заблуждаться могут, но сознательно своего народа ни за какие личные блага и выгоды не продадут.

Кратчайший путь для русского пролетариата, желающего завоевать доверие у киргизов лежит через этих интеллигентов. Но для этого нужно, чтобы эти интеллигенты вошли в доверие Советской власти. Вся трудность в Киргизском вопросе заключается в том, что киргизы не могут доверять вчерашним своим угнетателям, а Советская власть не может доверять вчерашним противникам.

Чтобы разубедить киргизов и убедить их в обратном, коммунисты должны доказать и показать киргизам на деле, что они без различия нации являются не угнетателями слабых, наоборот освободителями угнетённых. Для этого, ВО-ПЕРВЫХ интернационалистов чистой воды на окраинах нет, или совсем мало.

Многие из называющих себя интернационалистами на самом деле есть националисты, империалисты; во-вторых, современные условия для этого не подходит в виду промышленного кризиса в республике, центру приходится на первое время больше брать с населения, меньше давать ему; что может быть истолковано киргизами неправильно, и может получиться представление у них, что царское правительство грабило их ничего не давал, тоже самое делает советское. И выходит, если разбираться с практической стороны дела, недоверие с обеих сторон неизбежно; если же разбираться с теоретической стороны, то недоверию не должно быть места.

В самом деле недоверию со стороны киргизского населения не должно места поэтому, что теперь у власти не националисты-империалисты, безжалостно угнетавшие киргизов, а коммунисты-интернационалисты, ставящие целью не угнетение и эксплуатацию слабых народов сильными, напротив – их освобождение; точно также недоверию со стороны Советской власти и интеллигентным киргизам не должно быть места потому, что если интеллигенты во время революции не пошли за большевиками, то не потому, что они были против освобождения своего народа, а потому, что они, вследствие неподготовленности к революции, не могли решиться на риск, думая достигнуть цели мирным путём, т. е. ошиблись в выборе пути к освобождению народа. Теперь, когда правильный путь найден и не только теоретически, но и практически доказано, киргизские интеллигенты, искренно желающие освобождения своего народа, не могут выбрать иного пути, кроме Интернационала. Если такие интеллигенты киргизы имеются, то, хотя они и не были коммунистами, а честными националистами, Советская власть может доверять им вполне, ибо интересы народа, которого они искренно любят, заставят их ухватиться за Советская власть.

И так есть два пути для достижения взаимного доверия: ОДИН из них долог, требующий продолжительного времени и многолетних методических работ и на деле доказать и показать киргизам, что коммунисты не империалисты, поработившие и угнетавшие Киргизский народ. ВТОРОЙ же путь более лёгкий и [ясный]. Из данных делать логические выводы для народной массы не пасильная ноша, для лиц, стоящих у

Советской власти, легко; почему первый шаг к взаимному доверию не может сделать Советская власть!?! Без взаимного доверия работа в Киргизском крае наладиться не может, что показало 10-ти месячное существование Киргизского Ревкома. Основной вопрос, что хотят Киргизы и чего от них желает Советская Власть, всё ещё не определено, что вызывает на местах массу недоразумений. То, что хотят киргизы ясно и вполне естественно. Народ, находившийся под многовековым гнётом империализма, прежде всего может думать об освобождении от этого гнёта. И киргизы стремятся к самоопределению. Чего желает Советская власть от Киргизов, пока для нас неясно, и день ото дня становится всё более загадочным. При учреждении Ревкома, каждый из нас, киргизов, участвовавшие в выработке положения о Ревкоме, был уверен, что учреждаемый особый комитет по управлению Киргизским Краем есть преддверие автономии; так думали до сего времени все те, которые знают лишь о существовании Ревкома, но положением дела в нём были не знакомы. Мы, работавшие в Ревкоме, всё думу-думали и додуматься не могли, для чего он существует. Все, именующие себя коммунистами, лезут туда со своими уставами, не понятными для простых смертных некоммунистов и члены Кирревкома разыгрывают басню Крылова «Лебедь, рак да щука».

Все уверены, что лица, стоящие во главе советской власти, не думают шутить с судьбою многомиллионной нации и признают, как бесспорное то, что царская политика была националистическая и империалистическая, что русским по отношению других народностей, так называемых инородцев, позволялось всё,

наоборот – инородцам не позволялось ничего, что совершившие преступление по отношению к инородцам часто не преследовались, если преследовались, то для видимости. Напротив - с инородцами, совершившими преступление по отношению к русским, расправлялись жестоко. Признав это, думаю, должны признать как бесспорный факт и то, что русский народ веками воспитывался в этом духе, т.е. в духе господствующей нации, считавшей много себе позволительным по отношению к инородцам. По признании этого, будучи последовательными, должны признать бесспорным так же и то, что народная масса не сразу откажется от своих преимущественных прав, ибо психологию массы переделать можно путём долголетнего воспитания. В настоящее время всякий встречный называет себя коммунистом. Не приглядевшись к ним поближе, подумаешь, что совершилось то, что все превратились в коммунистов. Но чудеса бывают в сказках, а в мире действительности их нет, поэтому коммунизм у многих не простирается дальше ярлычка. Выходит, что коммунистов в России много, но настоящих идейных коммунистов очень мало, тем более их должно быть мало или совсем немного на окраинах.

В виду изложенного представляется необходимость:

1) поставить во главе управления Киргизским краем настоящих идейных коммунистов и испытанных честных идейных работников из Киргизских интеллигентов, которым вполне доверяет [народ], но ни коим образом коммунистов по названию. Настоящие идейные коммунисты и идейные работники из киргизов, хотя бы последние были не коммунистами, скорее могут найти общий язык для понимания

друг-друга и общие точки зрения на дела, чем поверхностные коммунисты как киргизов, так и из других;

2) во всех органах власти, в ведение коих подлежат районы со смешанным населением, представителей угнетённой нации должно быть не менее 2/3;

3) управление хозяйственно-экономическими учреждениями Киркрая, независимо от централизации или децентрализации, должно находиться в руках киргизов, без всякого раздробления и подчинения другим губерниям или областям под разными предложениями экономического тяготения.

4) вся политически культурная работа киргизских коммунистов и революционной интеллигенции должна основываться на началах Советской социалистической хозяйственной политики;

5) создать военный округ, объединяющий Киргизию с управлением в гор. Оренбурге;

6) гарнизоны в городе [Оренбурге] должны быть обязательно из киргизов;

7) в отношении границы Киркрая НЕ ДОЛЖНЫ ДОПУСКАТЬСЯ НИКАКИХ ИЗМЕНЕНИЙ, кроме ниже указанных:

а/ города Оренбург и Орск с узкой полосой казачьей территории между ними передать Киргизии, а территория к востоку от линии деревни Имангулова, Сеитовский сад до устья Сакмары должны войти в состав Башкирии;

б/ казачьих территорий на левом берегу [реки] Урала ниже города Оренбурга до устья Илека в состав Киргизии не включить;

в/ от устья реки Илека границей Киргизии должна служить река Урал до северной границы Кожехаровской и Сломихинской станицы Лбищенского уезда;



г/ Киргизское население Астраханского, Красногорского и Янотаевского уездов Астраханской губернии должно войти в состав Киргизии;

д/ города Петропавловск, Омск и казачья территория по линии Сибирской железной дороги в пределах Акмолинской области отторгаются от Киркряя;

с/ гор. Оренбург должен быть резиденцией Киргизии; и

ж/ утвердить основное положени о созыве Всеобщего Съезда Киркряя.

При сём прилагаются: тезисы по Киргизскому вопросу т.т. Седельникова и Мюрата, выписка из постановления КирВоенРевкома от 7-го Апреля 1920 г., копия с письма тов. Седельникова к тов. Ленину и проект основного о созыве Всеобщего Съезда Киркряя.

Член Кирвоенревкома и В.Ц.И.К.

Подпись А. Байтурсунов

*17 мая 1920 г.*

*г. Москва*

## ҚАЗАҚ БІЛІМПАЗДАРЫНЫҢ ТҰҢҒЫШ СИЕЗИ

Орынбор қаласы. 1924 жыл, 12–18 июн.

### Мәжіліс қат

1924 жылы июннің (июннің) 12-нші күні күндіз сағат 12-де Орынбордағы оқу қызметкерлері ұйымының үйінде қазақ-қырғыз білімпаздарының тұңғыш Сиези ашылды. Қазақстан оқу камесері Зәлиұлы Нұғман Сиездің ашылғанын жариялап, Сиезге келген өкілдердің тізімін оқып шығу үшін Жолдыбайұлы Молдағалиға сөз берді. Молдағали өкілдер тізімін мынау ретте оқып шықты:

Мәскеудегі күн шығыстық баспасөз мекемесінен: 1) Бөкейқанұлы Әлиқан мен 2) Төрәкұлұлы Нәзір; Бұқар қазағынан: 3) Наурызбайұлы Мырза; Түркістан қазақ-қырғызынан: 4) Досмұғамбетұлы Қалел мен 5) Арабайұлы Ишанғали; Орынбордағы қазақ институтынан: 6) Мырзаұлы Мұқтар; Қазақстан оқу камесериетінен: 7) Омарұлы Елдес, 8) Байтұрсынұлы Ақымет, 9) Зәлиұлы Нұғман, 10) Жолдыбайұлы Молдағали, 11) Ералыұлы Нұртаза; Қостанайдың гүбірнелік оқу бөлімінен: 12) Алдоңғарұлы Ерғали; Коменес партиясының қазақстандық комитетінен: 13) Кенжеұлы Аспандияр; Жалпы ресейлік кеңес қызметкерлері ұйымының қазақстандық бөлімінен: 14) Саматұлы Мұқтар; Семейдің гүбернелік оқу бөлімінен: 15) Тұрғанбайұлы Мәннан; Оралдың гүбірнелік оқу бөлімінен: 16) Шайұлы Нығметжан; Орынбордағы гүбернелік газет-жорнал басқарма-

ларынан: 17) Сайполлаұлы Садуақас; Бөкейдің гүбернелік оқу бөлімінен: 18) Ақбайұлы Рүстем; Қазақстандық ғылым қауымынан: 19) Дулатұлы Міржақып.

Зәлиұлы Нұғман: Сиездің президумін сайлау үшін, соған кісі көрсетуге Жолдыбайұлы Молдағалиға сөз берді.

Молдағали: Сиез президуміне Зәлиұлы Нұғман, Кенжеұлы Аспандияр, Наурызбайұлы Мырза, Бөкейханұлы Әли-қан, Арабайұлы Ишанғали – бесеуін атады.

Сиез президумге осы 5 кісіні сайлап шығарды. Сиездің хатшылық қызметін атқару үшін Тұрғанбайұлы Мәннан мен Алдоңғарұлы Ерғали сайланды.

Қазақстандық ғылым кеңесі атынан Сиездің қарауына мына мәселелер ұсынылды:

- Жазу ережелері,
- Әліпби мәселесі,
- Қазақша пән сөздер,
- Ауыз әдебиетін жыю шаралары,
- Оқу, ғылым кітаптарын көбейту шаралары,
- Бастауыш мектептердің проғрамы,

Сиез бұл мәселелерді қабыл алды.

Досмағамбетұлы Қалел: Бастауыш мектептердің түрі мен оқытушылар дайындайтын ғылым орындарының проғрамын тексеру керек деп ұсыныс кіргізді.

Сиез Қалелдің бұл ұсынысын қабыл алды. Бұқар қазағының өкілі Наурызбайұлы Мырза: Бұқар мен Қоразым (Хорезм) өлкесіндегі қазақтарды оқыту шараларын да қарастыруды тіледі: Тұрғанбайұлы Мәннан: Бұл мәселені (Мырзаның ұсынған мәселесін) жалпы түрде, Қазақстан мен Түркістаннан басқа жерлердегі қазақтардың бәріне де арнап, тексеру керек деді.

Сиез Мырзаның ұсынысын Мәннан айтқандай жалпы түрде қабыл алды. Сиездің мәжіліс тәртібі бұлай болып бекітілді:

- Мәжіліс күндіз сағат 10-нан екіге шейін, түстен кейін сағат 5-тен 9-ға шейін болады.

- Байандаушыға 1 сағат уақыт тиеді.

- Қосыла байандаушыға 30 минөт тиеді.

- Байандама тақырыпты сөйлеушілерге: бастап сөйлеушіге 15 минөт, екінші рет сөйлеушіге 10 минөт, үшінші рет сөйлеушіге 5 минөт уақыт беріледі;

- Өз басы туралы сөйлеушіге мәжіліс артынан 3 минөт тиеді.

Мұнан кейін мәжіліс ағасы Сиезді құттықтаушыларға сөз берді. Сиез Қазақстандық атқару комитеті мен оқу комесереті атынан Зәлиұлы Нұғман құттықтады.

Нұғман: – Қазақ қазақ болғалы мұнан бұрын мұндай Сиездің болмағанын; бұл Сиез қазақ-қырғыз халқы білімпаздарының тұңғыш Сиезі болғандықтан мұның жұмысы аса мағыналы, елге аса пайдалы болуға тиіс екенін; Және бұрын патша өкіметі заманында мұндай Сиездің болуы мүмкін де емес болғанын, бұл Сиездің коменес партиясы бастаған кеңес өкіметі арқасында ғана болып отырғанын айтып өтті.

Коменес партиясының Қазақстандық комитеті мен халық комисерлері Кеңесі атынан Кенжеұлы Аспандияр Сиезді құттықтап бұлай деді: – Кеңес үкіметі Қазақстанға басқа жерлерден гөрі, кешірек келіп орнады; шындап белсеніп қызметке кіріскеніне 4 жыл да толған жоқ; Қазақстан жерінің кеңдігі, қатынас жолының кемдігі, пәбрик-зауыттардың, ұйымдасқан жалшылардың жоқтығы сықылды кемшіліктер қызметті ойдағыдай қылып, атқарып, көздеген мақсатқа кешікпей

жетуге үлкен бөгеу бола келді. Коменес партиясының 12-ші Сиезі қазақ сықылды ұуақ ұлттарда осындай қолайсыз жағдайлардың болатұнын ескеріп, ұлт мәселелерін артықша маңызды мәселе есебінде тексерді, ұуақ ұлттар арасында қызмет қылу үшін айырықша жол ашты, ұуақ ұлттардың оқыған азаматтарына зор міндеттер артты. Бірақ олардың көбі, әсіресе қазақ оқығандары міндетін біліп, қызметке белсеніп кіріскен жоқ. Бұл Сиезге келіп отырған қазақ оқығандарының басшылары, сондықтан бұл Сиезді бұл уақытқа шейін кеңес қызметіне самарқау болып жүрген қазақ азаматтары тақырыбты өз пікірін білдіріп өтуге тиіс.

Жолдыбайұлы Молдағали: Аспандияр сөзі тақырыбты Сиездің бұлай деп қаулы қылуын тіледі:

Кеңестер Республикелері одағының қай жерінде де оқығандар бұрынғыдай кері тартуын қойып, Кеңес өкіметіне шындап қызмет қылуға кірісіп отыр; Қазақ білімпаздарының Сиезі жалпы оқығандардың былайша пікірі өзгеріп, тура жолға түскеніне ырзалығын білдіріп өз тарапынан мынаны айтады: Кеңес үкіметінің ұлт мәселесі тақырыпты ұстаған жолын, әсіресе Ресейлік коменес партиясының 14-ші Сиезінің қаулысын – ол қаулының Күншығыс халықтары арасында іске асып, пайдасы айрықша көзге түсіп отырғанын, осының бәрін көріп отырып: Кеңес үкіметіне шын көңілмен тілектес болып, достық ниетпен қызмет қылудан тартынудың түк қисыны жоқ;

Мәдениеті төмен, бұрын қорлықта болған ұлттарды ілгері бастырып, өнерін арттыру үшін кеңес өкіметі оларға артықша пұрсат беріп отыр, ұуақ ұлттардың мәдениетін арттыру үшін қызмет қылатұн кісі болса, оған ешкім де бөгеу бола алмайды; солай болған соң

әр ұлттың еңбекшілеріне қызмет қылу – сол ұлттың оқығандарының міндеті болуға тиіс;

Уақ ұлттар арасында – біздің Қазақ республикасында да Кеңес үкіметінің істейтін істеріне, езілген ұлттың мәдениеті шаруасының ілгері басуына көбіне себеп болатын оқығандар: оқығандар міндетін тартынбай атқарып отырса, бұрынғы қате пікірінен қайтып, алаңсыз іске кіріссе, жұмыстың берекелі болуында сөз жоқ; Сиез: Қазақ оқығандары Кеңес өкіметі тақырыпты бұрынғы қате пікірден құтылды, енді қызметке шындап кірісер деп сенеді; Сиез өз міндетіндегі қызметін атқарғанда да осы айтылған жолдан шықпайтынын айтып, жер-жердегі оқығандардың да осы жолмен алаңсыз қызмет қылуын тілейді.

Сиез мұны қабыл алды.

Түркістен оқу камесереті атынан Арабайұлы Ишанғали Сиезді құттықтап бұлай деді:

– Қазақ-қырғыз халқы мәдениеті нашар, өнер-білімнен құр қалған халық; соңғы уақыттарға шейін оқу жолында қазақ-қырғызға басшылық қылып келген өзбек, ноғай туысқандарымыз болды; Қазақ балалары солардан арабтың ескі әліпбиімен сабақ оқыды; арабша жазудың қазақ тіліне қанша үйлесетүні, қандай кемшілігі бар екенімен ешкімнің жұмысы болған жоқ; өнер, білім жағынан қазақтан артық теп саналған өзбек, ноғай, Стамбұл түріктерінің қодданған жазуы да сол арабша ескі жазу болған соң, қазақ-қырғыз олардан асып кете алмады; арабша ескі жазудың түрік тіліне үйлеспейтүні тек соңғы жылдарда ғана, ел ішіне Ақымет шығарған қазақша әліпби тарап, балаларды сонымен оқыта бастағаннан бері қарай ғана көзге көрінді; Ноғай, Әзербайжан, Стамбұл түріктері

сықылды мәдениетті туысқандарымыздың да әдебиет жағынан адасып жүргенін – сол уақыттан бері қарай ғана білдік; Қазақ-қырғыз халқының әдебиеті, жазу ережелері негізді жолға түсіп бұқарашыл жөнмен алға басып барады; біздің бұл жолымызды қазірде өзбек сықылды басқа туысқандарымыз да үлгіге алып отыр; Білімпаздар Сиезі қазақ әдебиетін осы жолдан шығармай өркендетудің қамын қылу керек.

Жалпы ресейлік кеңес қызметкерлері ұйымының қазақстандық бөлімі атынан Саматұлы Мұқтар сөйледі. Мұқтар Сиезді құттықтау ретінде мынаны айтты:

– Қазақстанда Кеңес үкіметі орнап бекіп, біздің шындап қызметке кіріскенімізге 2 жылдан артқан жоқ. Біздің сол екі жылдың ішінде істеген жұмысымыздың өзі де көзге көрінерлік. Жаңа да болып өткен кәсіпшілер Сиезінде қазақ еңбекшілерінің ұйымдасып, қатарға кіре бастағаны ашылды. Мұның өзі де аз жұмыс емес – бұрын оқу тек байлардың ғана еншісі еді, байлардың кедейлерге қарсы ең мықты құралы оқу еді, оқуға кедейдің қолы жетпейтін еді. Енді біз еңбекші, кедей балаларын оқытып жатырмыз - бұл да зор жұмыс. Қазақтың кедейлері мен еңбекшілерін оқытып, тәрбиелеп шығару – біздің ойдағы мақсаттарымыздың ең керегі, бұл мақсатқа жету үшін әуелі кедейдің өзінен оқытушы дайындап шығару, оларды мұқтаждықтан құтқарып, ақысын толық қылып беріп отыру керек. Және қалалы жерде тұратын басшы азаматтарымыз елдегі оқытушыларға басшылық қылып, керек жарағын тауып беріп тұру керек. Оқыған азаматтарымыз шын ынтасымен қызметке кірісіп, осы шараларды тартынбай істеп отырса, қазақтың еңбекшіл кедейлерін оқытып, жетілдіріп шығаруымыз ұзаққа созылмасқа тиіс.

Қазақ-қырғыз білімпаздарының тұңғыш Сиезі жұмысы жемісті болып, пайдасы жалпы бұқараға тиетін болсын, әлгі айтқан мақсатқа тез жететін болайық!

Қазақстандық оқытушылар күрсі (курсы) атынан Ырысбайұлы Сиездің оқытушыларға басшылық қылып, жәрдем көрсетуін тілеп, өздерінің шын ынтамен қызмет қылып, міндетін атқаратұнын айтты.

Қазақстандық ғылым ордасы атынан Сиезді құттықтап Лебідіб (Лебедев) жолдас сөйледі:

– Қазақша әдебиет, ғылым жаңа ғана басталып жарыққа шығып отыр, бет алысы түзу, болашағы жақсы болар деп сенуге болады. Ауropa ғалымдары ғылымды тура жолдап тайдырып, адамшылық жолында қызмет еттірудің орнына, байларға құрал қылып беріп еді. Қазақ білімпаздары ол қатадан осы бастан сақтанып, ғылымды тұрмысқа жуық, жалпы бұқара жатсынбайтұн жолмен жүргізуі керек. Бұл Сиездің қарайын деп отырған мәселелері ғылым, әдебиеттің негізгі мәселелері. Сондықтан бұл Сиезді қазақша ғылым, әдебиеттің негізін салатын Сиез деп білу керек. Қазақша ғылым, әдебиеттің болашағы осы Сиездің қолында, сондықтан Сиез қарауына түскен мәселелерді артықша шұғылданып, талдап тексеріп, қатасыз шешуі керек. Сонда ғылым, әдебиет тура жолдан шықпайтын болады.

Башқұртстан үкіметі атынан Ыбырайымұлы Сиезді құттықтап, қазақ-башқұрт бірімен бірі көрші туысқан ел, екеуінің ғылым, әдебиет жағынан мүддесі де бір екенін айтып, Сиездің ғылым, әдебиетке негізді жол салуын тіледі.

Наурызбайұлы мырза Бұқар қазағы атынан Сиезді құттықтап, ондағы қазақтың қал жайын байандады.



Қазақстаннан айырықша көмек болмаса Бұқар мен Хоразымдағы қазақтардың қараңғылықтан құтыла алмайтынын айтып, оларға ғылым жағынан да, әдебиет жағынан да Қазақстанның көмекші болуын өтінді.

Мәжіліс ағасы: құттықтау сөздердің біткенін айтып, күндізгі мәжіліс жабылды деп жариялады.

## **ИУННІҢ 12-сіндегі КЕШКІ МӘЖІЛІС**

Мәжілісті Кенжеұлы Аспандиар ашты.

Саматұлы Мұқтар айырықша ұсыныс үшін сөз алып, дүние еңбекшілерінің көсемі, Ресейдегі еңбекшілер төңкерісінің бас кеменгері Іліяұлы Бладемір Ленинді еске түсіріп, құрмет көрсетуді тіледі.

Сиез бір минөттей тік тұрып құрмет көрсетті.

Мәжіліс ағасы Қазақстандық оқытушылар күрсінен Сиезге екі кісі өкіл кіргізуге өтініш етушілер бар екенін жариялап, оны Сиездің қарауына тапсырды.

Сиез бұл өтінішті тексеріп, оқытушылар күрсінің екі өкіліне кеңесші дауыс берілсін деп ұйғарды.

Мәжіліс ағасы Аспандиар Сиезде әйелдерден Құлжан келіні Нәзипаның отырғанын көрсетіп, оны Сиезге шешуші дауыспен мүше қылып кіргізуді тіледі.

Сиез бұны қабыл алды.

Мәжіліс ағасы: – Мектептің түрін мұғалімдер дайындайтын орындардың жобасын қарастыруға екі кемесие сайлау керек, - деп, оны Сиездің қарауына тапсырды.

Сиез кемесие сайлауды мақұл көріп, екі кемесиеге үш-үштен алты кісі сайлады. Кемесиеге: 1) Байтұрсынұлы Ақымет, 2) Арабайұлы Ишанғали, 3) Досмағам-

бетұлы Қалел, 4) Шонанұлы Телжан, 5) Мырзаұлы Мұхтар, 6) Мұқанұлы Есқали – сайланды.

Мұнан кейін жазу ережелері тақырыпты байандама жасауға Омарұлы Елдеске сөз берілді.

## **ЖАЗУ ЕРЕЖЕЛЕРІ ТАҚЫРЫПТЫ ЕЛДЕСТІҢ БАЙАНДАМАСЫ**

Жазу ережелерін тілдің сөз жүйесіне келтіріп түзеуге де болады, дыбыс жүйесінше де түзеуге болады, Ауропа халықтарының көбінде жазу сөз жүйесінше түзелген; біз білетін орыс халқының жазуы да сөз жүйесінше. Біздің жазуымыз бұл уақытқа шейін дыбыс жүйесінше болып келді.

Жазу сөз жүйесінше болса, туынды сөздер түбірінше жазылады, көмескі дыбыстар сөздің екпінін сол дыбысқа кетіріп өзгерткенде естілетін түрінде жазылады, мәселен орысша «просьба», «нога», «вода» деп жазылатұн сөздер «прозьба», «нага», «вада» болып оқылады, бұл сөздердің жазылуы естілуінен басқаша болатұны - орысша жазудың сөз жүйесінше болғанынан: «просьба»-ның «просить»-ке, «вода»-ның «воды»-ға ұқсап жазылуы үшін. Орысша жазу олай болмай, дыбыс жүйесінше болса, қиын болар еді: орысша сөздер өзгергенде түбірімен қопарылып өзгереді; орысша жазу дыбыс жүйесінше болса, бір түбірден шыққан сөздердің әрқайсысын өз алдына, біріне бірін ұқсатпай, естілуінше жазу керек болар еді. Түбірі бір сөздердің сүгіреттері біріне бірі ұқсамай жазылатұн болса, оны жазу да, олай жазылғанды оқу да қиын болады. Жазу дыбыс жүйесінше болса, әр сөз өзінің естілуінше жазылады.

Біздің жазуымыз дыбыс жүйесінше. Бірақ қазақша жазу олай дыбыс жүйесінше болғаннан қиындамайды, қайта оңайланады. Қазақша сөздер өзгергенде түбірімен қопарылып өзгермейді, бір түбірге түрлі жалғау, жұрнақтар жалғанып өзгереді. Сондықтан біздің дыбыс жүйесіне келтіріп жазған сөздеріміз түбірлерінен басқаша болып шықпайды. Қазақша сөздердің дыбыс жүйесінше жазылғанда, түбіріне аз-мұз ұқсамай жазылатындары - тек «қ» мен«к»-ге тынатын түбірлерден туған сөздер: ондай түбірлерге дауысты дыбысбен басталатын жалғау жұрнақтар қосылса, «қ» өзгеріп «ғ» болады, «к» өзгеріп «г» болады. Біз ондай сөздерді де естілуінше дыбыс жүйесінше келтіріп жазамыз. «Оқ», «жек», «қазақ» түбірлерден болған «оғы», «жегемін», «қазағы»-лар, дыбыс жүйесінше осы жазылған түбірінде жазылады; бұларды сөз жүйесінше жазсақ «оқы», «жекемін», «қазақы» болып жазылар еді де, басқаша оқылып, басқа мағынада айтылатұн сөздермен қатысып кетер еді.

Қазақша жазу жеңіл болу үшін де, дұрыс болу үшін де – дыбыс жүйесінше болуы керек. Сондықтан біз жазу ережелерін тексеріп түзегенде, оның дыбыс жүйесінше болуын ескеруіміз керек.

Қазақша жазу ережелері тақырыпты бұл уақытқа шейін ұсынылған түрлі жоба бар. Біз олардың әрқайсысын өз алдына тексеріп шешуіміз керек; ол жобаларды тексергенде, біздің ұстаған негізгі жолымыз дыбыс жүйесі болуға тиіс.

1) «х», «ш», «ф», «һ» әріптері қазақ әліпбиінен шығарылсын деген жоба бар. Бұл жобаны ұсынушылардың айтатұны: «әріп» азайса жазу жеңілденеді және бұл төрт дыбыстың төртеуі де қазақ тілінде жоқ;

«ш» мен «ф» дыбыстары («ш»-ның «ч»-дан басқалығы) мүлде жоқ; бірен-саран «ау-хау», «ахау» , «ах», «уух» сықылды одағайларда болмаса, «х» мен «һ» да кездесе бермейді. Білім кеңесі бұл төрт әріпті қазақша әліпбиге кіргізгенде – «һә», «харф», «шарт» сықылды жат сөздер үшін кіргізген. Білім кеңесінің онысы қата. Қазақ тіліне жат сөздерді кіргізгенде, оның жат дыбыстарын бұзбай кіргізуге болмайды; жат дыбысқа жалпы бұқараның тілі келмейді де, ішінде жат дыбысы бар жат сөз жалпыға жат болып қала береді; сөйте келе қазақша әдебиет тілі бұқараның тілінен мүлде басқаланып, қат танитын бұқара біздің жазған сөзімізге түсінбейтін болады. Ол болмай ойда жоқ бір керемет себептер болып, бұқара оқығандардан қалыспай, жат сөздерді жат дыбыстармен бұлжытпай айта алатұн болып кетсе, қазақтың тілі бұзылады. Мұның қайсысы болғанда да жақсы болмайды. Дұрысында қазақ тіліне сіңіп кеткен жат сөздердің ішіндегі жат дыбыстарын бұқара өзінше бұзып дыбыс жүйесіне келтіріп алған, оны бұзбай айтатын тек оқығандар ғана. «харф» деуге бұқараның тілі келмейді, бұқара оны кей жерде «әріп» дейді, кей жерлерде «қарып» дейді. «Һә» деген сөзді бұқара тіпті айтпайды. Дұрысында, сөзді орысша тізу үшін ғана болмаса, «һә»-нің қазақ тіліне түк керегі жоқ. «Ахау», «халалай», «аһ», «ууһ» сықылды бірекі сөз болғаны үшін әліпбиге «х» мен «һ»-ны кіргізу дыбыс жүйесі жағынан керек болғанмен, жеңілдік жағынан үлкен шатақ болады. Қазақта «ә», «мә» деген одағайлар да бар, «іңһі» дейтін де одағай бар, аттың жүрісін бәсеңдету үшін айтылатын ықылық бар, ондай бірен-саран сөзде ғана кездесетүн дыбыстардың бәріне де әріп керек десек, әріптің саны 24 емес, 240 болып

кетуі мүмкін. Қазақ тілінде «ш» мен «ч»-нің айырмасы жоқ; басқа түріктердің «ш»-ны да, «ч»-ны да қазақ «ш» қылып айтады (көбіне «ш»-ны «с» қылып, «ч»-ны «ш» қылып айтады).

Өзімізде «ш» мен «ч»-ның айырмасы болмаған соң, оның екеуін бірдей әліпбиге кіргізудің керегі жоқ, оны жеңілдік те көтермейді, дыбыс жүйесі де көтермейді. Басқа түріктерден алыстап кетпеуі үшін «ш»-ның орнына «ч»-ны алған қолайлы. Сөйтіп, бұл төрт әріп «х», «ш», «ф», «h» қазақша әліпбиден шығарылу керек деген жоба қисынды, бұл төрт әріп бізде болмасқа керек.

2) Сүйеу тайақ («а») жойылсын деген жоба бар. Сүйеу тайақ өз алдына бір дыбыс белгісі, оны әліпбиден шығаруға болмайды деушілер де бар. Жұбанұлы Құдайберген сөздің басында айтылатұн «аа», «ы», «ұ»-лардың алдында көмескі естілетін дауыссыз дыбыс бар деп, оған «әмзе» деп ат қойып отыр. Сөздің басында келетін «о»-ның алдында естілетін дыбыс онан басқа, кәдімгі жарты дауысты «у» – деп, «от», «өгіз», «орақ» сықылды сөздерді «уот», «уөгіз», «уорақ» деп жазу керек дейді, сөз басындағы әріптің алдына жарты дауысты «й» болады деп, «екеу», «ел» сықылды сөздер «йекеу», «йел» болып жазылсын дейді. Дыбыс жүйесінше Құдайбергендікі дұрыс та болар (шынында сөздің басындағы «о», «е»-лердің алдындағы дыбыс «у» мен «й» емес) бірақ сөздің басында айтылатұн дауысты дыбыс бен сөз ортасындағы дауысты дыбыстың айырмасы аз; ондай айырмалардың бәрін де таңбалай береміз десек, әрпіміздің саны 240-тан да асып кетуі мүмкін, ол жазуға үлкен қиындық болады. «Ол»-дың «о»-сы мен «жол»-дағы «о»-ның басқалығы

болса, болар-болмас қана, оны да, бір аса сергек құлақ болмаса, айыру қыйын. Сөз басындағы «аа» мен сөздің ортасындағы «а»-ның айырмасы да сондай-ақ, ондай айырмаларды таңбалаудың қыйсыны жоқ. Сондықтан сүйеу тайақты жоғалту керек.

3) «Ы» тақырыпты бітеу буын ережесі бұзылсын, «ы» бар жерінде қалмай жазылатын болсын деген жоба бар. «Ы»-ны сөз басындағы дауысты дыбыстардың алдындағы көмескі дыбыстардай көріп, менсінбейтүндер де бар. Дұрысында «ы» көмескі дыбыс емес, «о», «у», «е», «а»-лар сықылды дауысты дыбыс, қазақ тілінде «ы»-дан жиі айтылатын дыбыс жоқ. «Ы»-ның бітеу буында жазылмай қалғандай түк жазығы жоқ. «Ы»-ны бітеу буында да қалдырмай жазатұн болғанда, оны жазбай үйренгендерге қиын болатұны ырас, бірақ жеңілдік үшін бар дыбысты (көмескі емес, анық естілетін дауысты дыбысты) жазбаудың түк қыйсыны жоқ. Ондай жеңілдікке қызығатұн болсақ, бітеу буында басқа дауысты дабыстарды да жазбауымыз керек.

Қазақ тілінде «сарқ», «қорқ», «жұлқ», «үст», «жорт» сықылды көп сөздер бар, бұлардың дауыссыз дыбыстары (екеуі) арасына дауысты дыбыс салмай жалғанған. «Ы»-ны бітеу буында жазбаған соң, бір буынды «сарқ»-ты («сарқады»-ның түбірін) екі буынды «сарық»-қа («қойдың сарығына») ұқсатып жазамыз; «қорқ» пен («қорқады»-ның түбірі) «қорық» («қоры»-дан болған туынды сөз), «жұлқ» пен («жолқады»-ның түбірі) «жұлық» («мәстің жұлығы»), «үст» («нәрсенің үсті») пен «үсіт» («үсітеді»-нің түбірі), «жорт» («жортады»-ның түбірі) пен «жорыт» («жорытады»-ның түбірі) бірінен-бірінің естілуі де, мәнісі де басқаша

бола тұрып, бітеу буын ережесі болған соң жазылуы бірдей болып жүр. Бұл үлкен кемшілік. Мұнан құтылу үшін бітеу буын ережесін бұзып «ы»-ны бітеу буында да, ашық буында да қалдырмай жазып отыру керек.

4) «Қ» мен «к» бір дыбыс, «ғ» мен «г» бір дыбыс; «қ» мен «к»-нің орнына бір әріп, «ғ» мен «г»-нің орнына бір әріп болса жарайды, «к» мен «г» , «қ» бен «ғ»-ның жұмсақ түрі – «қ» пен «г»-ны дәйекшісіз, «к» мен «г»-ні сөздің алдына дәйекші қойып жазатұн болсақ, әріптің саны кеміп жазу жеңілденеді деушілер бар. Дыбыс жүйесі жағынан тексергенде, «к» мен «г», «қ» мен «ғ»-ның жіңішке түрі деуге болмайды. Қазақ тілінде «қ» мен «ғ»-ның жіңішке түрі де жоқ, «к» мен «г»-нің түрі де жоқ. Орыс түрінде «к» мен «г»-нің екі түрі де бар: «Кот», «дуга»-лардағы «к» мен «г» жуан да, «кит», «дуги»-лердегі «к» мен «г» жіңішке айтылады; «ғ»-ның жіңішке түрі араптың жұмсақ «ғ»-ны, «к» мен «г»-ні жоғалтып, олардың орнына сөз алдына дәйекші қойып «қ» мен «ғ» жазу жеңілдік жағынан да қолайлы болмайды: «қаныкей», «қайткенде», «қызметкер», «бірақ» сықылды үндестік заңына келмейтұн көп сөз бар; оларды «қаны-кей», «қайт-кенде», «қыз-меткер», «бір-ақ» деп сызықшамен бөліп бір бөлегіне дәйекші қойып, екінші бөлегін дәйекшісіз жазып жатқаннан да, осы күнгідей қосып жазған көп жеңіл. Бұл төрт дыбыстың таңбаларын өзгертпей, бұрынғыша төртеуіне төрт әріп арнағанмыз дұрыс.

5) Біздің «ұу», «уу», «ій» болып бір дауысты мен бір дауыссыз дыбыстың тізілгенінен болған сөз буынын орыстың ұзын «у»-і мен ұзын «и»-іне ұқсатып екі дыбысты бір әріппен жазуды қолайлаушылар бар. Бірсыпыра азаматымыздың бұл үшін ұсынып жүрген

жобасы: «у» мен «и» дауысты дыбыстардан соң жарты дауысты делінсін де, дауыссыз дыбыстардан соң дауысты делініп, орыстың дауысты «у» мен «и»-інше оқылсын деген жоба. Бұл жобаны ұсынушылар оның дыбыс жүйесінше қыйсынсыз екенімен таласбайды, тек солай болса жазу жеңілденеді дейді. Дұрысында бұл жоба жеңілдік жағынан да қыйсынды бола қоймайды.

Ол жобаны қабыл алсақ: «сұу», «тійіу» сықылды сөздерді «су», «тиу» деп жазуымыз керек те, «сұуат», «тійіуі» деген сөздерді иә естілуінше осы қалыпты жазбақшымыз, иә болмаса жеңіл жазылсын деп, «суат», «тиуі» деп жазбақшымыз; «сұуат», «тійіуі» деп жазсақ, сөз өзінің түбірінен басқаша болып жазылады, сөздің түбірінде жоқ дыбыстардың сөз өзгергенде қайдан келгенін балаларға түсіндіру керек болады. Оны оқушыға түсіндіре қою да оңай жұмыс емес және туынды сөзді түбірінен басқаша қылып жазу да оңай болмайды: «сөз» деген сөзге дәйекшімен жазып үйреніп кеттік, «сөзден» деген сөзді жазғанда да көбіне қаталасып алдына дәйекші қойып алып, «д» дан соң «е» бар екенін білген соң барып түзетеміз. «Суат», «тиу» деп жазсақ, сөздің ішінде ап-анық естіліп тұрған «сұуат»-тағы «ұ» мен «тійіуі»-дегі екі «і»-ні неге жазылмайтынын түсіндіріп бермей, бұл сөздердің сүгіреті осылай болады дегенге оқушы қанағаттанбайтұн болады. Бұл жобаны қуаттаушылар дәлелге латын жазуын ұстап, байағыда латынша сондай ереже болған дейді. Латын әрпіне қызыққанмен, жазу ережесін ойламай үлгіге алу орынсыз. «Латын» әліпбиінде дауысты «ы» мен «ғ»-ға арналған әріптері жоқ, тілінде «сұуат», «тійіуі» сықылды сөз-



дердің де болмауы мүмкін, сондықтан латынның «и» мен «у» тақырыпты ережесі бізге үлгі бола алмайды.

Жана «сұуат», «тііуі»-лерді «суат», «тиуі» деп жазатын болған соң дыбыстары дәл солардай болып тізілген «жұуан», «іііні» сықылды сөздерді де жеңілдетіп «жуан», «иіні» деп жазуымыз керек. «Сұуат» пен «тііуі»-лерді түбіріне ұқсатамыз деп «суат», «тиуі» дейді екенбіз, «жұуан» мен «іііні»-нің түк жазығы жоқ қой. «Тиуі»-ді «ти-у-і» деп буындап үш буынды сөздей алғанымен (дұрысында мұндағы «у»-ды өз алдына бір буын деуіміз латыннан қызығып алған ережеге де көнбей шығады: «у»-дың алдындағы дыбыс дауысты ұзын «и» болған соң «у» жарты дауысты болуға тиіс), «іііні»-ні үш буынды дей алмаймыз, үш буынды «іііні»-ні «иіні» деп жазған соң оны «іі-ні» деп қана буындайтын боламыз. Қазақша «ііін» деп де айтады, «ійн» деп де айтады, «ійін» деп жаза алмай тек «ійін» деп қана жазатұн болған соң «ійін» деген сөз қағаз бетіне түспейтұн біртүрлі ерсі сөз болып қалады. Иә болмаса ондай сөздерді жазу үшін тағы да бір өзгеше ережелеріміз болуы керек. Ереже көбейген соң, әсіресе тілдің заңына сай келмейтұн ережелер көбейген соң, жазу қиындай бермек.

Түбінде баланы әмерикеше (америкаша) оқытатын боламыз, мұнан соң сөзді буындаудың керегі болмайды деушілер бар. Олай болғанда да буыннан кұтылу мүмкін емес. Қазақтың әндетіп айтатұн өлендері болады; өлеңнің ұйқасуы буынмен болады; өлең болып тізілген сөздердің буыны тиісті санынан артық иә кем болса, өлең болмай шығады.

«Қаршыға сөзін есітіп, Жібек енді түйінді, Асыл киім киінді» деген өлеңнің «Асыл киім киінді» деген

жолындағы буындардың саны жеті; «киім»-ді «ким» деп, «кіінді»-ні «кинді» деп жазсақ, ол екеуінде үш-ақ буын болады да, жеті буынды жолымыз бес буын болады. «І»-ні бітеу буында да жазатын болған соң «кіім»-ді «киім» деп жазып, «киім» деп буындаймыз десек, сөзді үзіп буындайтын боламыз. Оны қазақ тілінің өздіксіздік қасиеті көтермейді. Өлеңді әнге салып айтқанда «кіім» анықталып «кіім», «кіінді», «кі-иін-ді» болып буындалады.

Сондықтан «кіім»-ді «ким» деп жазған соң, оны буындағанда «и» екі бөлініп кетеді деген тағы бір шатақ ережеміз болу керек. Шатақ көбейген сайын жазу қиындай береді. «ұу» мен «іу»-дің естілуі бірдей, сондықтан мұның екеуін де бірдей қылып «ұу» деп жазған жеңіл болады деушілер бар (Мәннан ұлы Нұғман, Бегалыұлы Ғали). «Қаруу», «келіу», «ііуу»-лерді де «бұу», «жұу»-ларға ұсатып «қаруу», «келуу», «іууу» деп жазсақ жазудың жеңілденетүні ырас. Олай болғанда «қарууы», «келуі», «ііуі»-лерді «қарууы», «келууі», «іуууі» деп жазуымыз керек. «І» мен «ү» көбіне көмескіленіп бірдей болып естіледі, көмескі естілген жерде олардың бірінің орнына бірін жазғаннан зор кемшілік болмас деп жоруға болады. Бірақ «і» мен «ү» бітеу буында көмескі болғанмен, ашық буында бірінен-бірі айырылып шығады. «Келуі» деген сөздегі «л»-дан соңғы дауысты дыбыс «ү» емес, «і» екені ап-анық сондықтан оны «келууі» деп жазу қата болады.

Дұрысында жат елдің жазуына еліктеушілерге болмаса, жасынан бастап оқығанда қазақ тілінде оқып жазып үйренген кісіге «оу»-дан «уу»-ды айырып жазудың да, «іу»-ді «й» демей дұрысынша жазудың да еш қыйындығы болмасқа тиіс.

б) «Б», «Д», «Ғ», «Г» дыбыстары, артында дауысты дыбыс болмаса, тұйықталып «П», «Т», «Қ», «К» болып айтылады – тұйық буынның соңғы дыбысы еш уақытта да «б», «д», «ғ», «г» болмайды, «п», «т», «қ», «к» болады. Тұйық буын ашылып бұл дыбыстарға дауысты дыбыс жалғанса: п, қ, к дыбыстары өзгеріп «б», «ғ», «г» болады, бірақ «т» өзгеріп «д» болмайды, сол «т» күйінде қалады. «Қазақ», «қалмақ», «төк» деген сөздерді өзгертіп «қазағы», «қалмағы», «төгеді» деп, «қ», «к»-лерге дауысты дыбыс жалғасақ: «қ» өзгеріп «ғ» болады, «к» өзгеріп «г» болады. Бұларды дыбыс жүйесіне келтіріп естілуінше жазамыз «қап», «топ», «тап» деген сөздердің айағындағы дыбыстары «п»; бұларды өзгертіп, «қабы», «тобы», «табады» десек: «п» өзгеріп «б» болады – артынан дауысты дыбыс түскенде «б» болып шығады, бұл дыбыстардың асылы «п» емес, «б» болуға тиіс деп, «қап», «топ», «тап»-тарды «қаб», «таб», «топ» деп, «б»-мен жазамыз.

Мұнымыз дыбыстың асылын зерттегеніміз; бірақ бұлай жазу дыбыс жүйесінше де жеңілдік жағынан да қолайсыз.

«Тап»-тағы «п»-ның асылы «б» деп, оны «б» мен жазған соң, «төк»-тегі «к»-ні де «г» қылып «төг» деп жазуымыз керек еді. «Қ», «к» мен «п»-нің ережесі біріне бірі үйлеспейді: «қ», «к»-нің ережесі дыбыс жүйесінше де, «п»-нің ережесі асылын зерттеумен болған; «қ», «к»-нің ережесі жеңіл де, «п»-нің ережесі қыйын, «п» ережесін асылын зерттеу жағынан тексергенде де дұрыс болып шықпайды. «Жерп», «серп», «өрп» сықылды, «п»-сы артынан дауысты дыбыс жалғағанда да өзгермей «п» болып қала беретін сөздер бар: олар «желпемін» (желбемін емес), «серпеді», «өрпі» болып

өзгереді. «П»-ның ережесінше «желп», «серп»-терді «п»-мен жазамыз да, «қап», «топ»-тарға «б» жазамыз, «п» мен «б»-ның асылын айырамыз. Бұл дұрыс емес, тұйық буынның соңындағы «к», «к», «п»-лар екі дауысты дыбыстың ортасына түскенде ғана «ғ», «г», «б» болып өзгереді, олардың алдындағы дыбыс дауыссыз болса, артынан дауысты дыбыс жалғағанмен өзгермейді. «Қорк», «үрк»-тердегі «к», «к»-нің алдындағы дыбыстары дауысты емес, сондықтан олардың артына дауысты дыбыс салып, «қорқамын», «үркеді» дегенде де «к» мен «к» өзгермейді. «П»-ның өзгеріп «б» болуы: дәл «к» мен «к»-нің «ғ», «г» болуы сықылды. Сондықтан бұлардың ережелерінде де басқалық болмауы тиіс. «П»-ны да дыбыс жүйесінше жазуымыз керек.

7) «Тіл құрал»-да қазақ тіліндегі дыбыстар: 1 – дауысты, 2 – жарты дауысты, 3 – дауыссыз болып үш тапқа бөлінгенде, дауыссыз дыбыстар: қатаң, ұяң болып тағы екіге бөлінген; ұяң дыбыстар ымыралы, ымырасыз болып және екі бөлінген. Қазақша дыбыстарды бұлай жіктеудің қолайсыз жері бар: «р» мен «л» ымыралы дыбыстардың ережесіне келмейді. Сөздің соңғы дыбысы «з» мен «ж» болғанда, «л»-мен басталатын жалғау жұрнақтар «д» болып өзгереді де, «м»-мен басталатын жалғау, жұрнақтар «б» болып өзгереді: «түз», «түздық», «түзды», «түздар»; «аз», «азбын», «азбыз», «қаз», «қазба», «қазбақ» болады. Сөздің айағы «р» болғанда жұрнақ, жалғаулардың басындағы «л», «м»-дар сол күйінде («Д», «б» болады) қалады: «қар», «қарлы», «қарлар»; «жүр», «жүрмін», «жүрміз», «жүрмек» болады. Сөздің айағы «л» болғанда да «м»-мен басталатын жалғау, жұрнақтардың «м»-сы «б»

болып өзгермейді: «ұл», «ұлмын», «ұлмыз»; «кел», «келме», «келмек» болады. «Л»-мен басталатын жалғау, жұрнақтардың «л» «д» болып өзгереді: «қол» – «қолдар», «қолда», «қолдық» болады. Ымыралы атанған төрт дыбыстың қасиеттері үш түрлі болады. Дыбысты тап-тапқа бөліп жіктегенде, әр таптың ортақ ережесі болу керек – әр таптағы дыбыстардың ортақ қасиеттері болу керек .

Дыбыстардың мектеп үшін керек қасиеттері сөздің айағындағы дыбыстың жұрнақ, жалғау, демеу, жалғаулықтарға тигізетін салдары болуға тиіс.

Қазақша дыбыстарды бұл жағынан тексергенде, бұлай жіктеген қолайлы болады:

дауысты: а, о, ұ, ы, е;

жарты дауысты: у, и, р;

дауыссыз:

қатаң: б, п, т, ч, д, с, ғ, қ, к, г;

ұяң: м, н, ң;

ымыралы: ж, з;

ымырасыз: л.

Қазақша дыбыстарды бұлай жіктесек; демеу, жалғау, жұрнақ жалғаулықтар тақырыпты ережелеріміз тұрлаулы болады. «Л»-ді жеке қалдыру ерсі десек: оны ымыралы дыбыстарға қосып, «мін», «міз», «ма», «мақ», «мен» сықылды жалғау, жұрнақ, жалғаулықтар сөз айағы «л» болғанда «бын», «біз», «ба», «бақ», «бен» болып өзгермейді, «м»-мен басталған күйінде қалады деген ескерту керек болды. «Л»-ды жарты дауысты дыбыстарға да қосуға болады: Өйткенде «л» қосарланып шықпау үшін, сөз айағы «л» болғанда «л»-мен басталатын жалғау, жұрнақтардың «л»-ы «д» болып өзгереді деп ескертуіміз керек.

8) Қазақ тілінде артықша ымыра бар. Қазақ тілін басқа түркі тілімен салыстырып, тексерсек, қазақ тілі жат тілдердің ықпалынан аман сақталып, еркінше өсіп алға кеткенін көреміз. Басқа түріктерде дыбыс қазақша дыбыстарға ұқсап, тап-тапқа бөлінбеген. Мәселен ноғайларда жалғау, жұрнақтар түбір сөздің айағындағы дыбысбен қазақ тіліндегідей ымыраласпайды. Ноғайша «Арба», «арбаның», «арбаны», «арбалы», «арбалар» болып өзгереді. Айағындағы дыбысы қатаң «ат» та солар «атының», «атны», «атлы», «атлар» болып өзгереді. Қазақ тілінде жалғау, жұрнақтар түгіл, демеу, жалғаулық сықылды бүтін сөздер де алдындағы сөздердің соңғы дыбысымен ымыраласып, өзгеріп отырады. Тіліміздің бұл қасиетін ескерусіз қалдыруға болмайды. Қазақша дыбыстарды тілдің осы қасиетіне келтіріп, тап-тапқа бөлген соң, жазу әр таптың өзіне меншікті қасиетін бұлжытпай көрсетіп отыратын болуға керек. «М»-мен басталатын жалғау, жұрнақтар ымыралы дыбыспен тынатын сөзге жалғанғанда «б»-мен басталып жалғанады: «Мін», «міз», «ма», «мақ»-тар «бін», «біз», «ба», «бақ» болып өзгереді. Бұлар сөздің айағы қатаң дыбыс болғанда басындағы «м»-ы «б» болып өзгермейді, «п» болып өзгереді. Сондықтан қатаң дыбыспен тынған сөздер «м»-мен басталған жалғау, жұрнақтармен қосылған да, жалғау жұрнақтардың «м»-ы «б» болады, «п» болып өзгереді деп оларды дыбыс жүйесіне келтіріп, бұрынғыдай «б»-мен жазбай, «п»-мен жазуымыз керек: «жұртпыз», «ақпын», «төкпе», «төкпек», «еппен» сықылды сөздерді бұрынғыдай «б»-мен жазбай, естілуінше «п»-мен жазу керек.

Жарты дауысты дыбыстар мен ымыралы дыбыстарға «д»-мен басталып жалғанатын жалғау, жіктеулерді қатаң дыбыстарға да сол күйінде «д» жазып жалғаймыз – бұл да қыйсынсыз ереже. Қатаң дыбыстардың айқын көрініп тұрған қасиетін ескермеудің жөні жоқ. Сөздің айағы қатаң дыбыс болғанда оған жалғанған жалғау жіктеулердің «т»-сын «д» қылып өзгертпей, «т» қылып жазу керек: бұрынғыдай «атдың», «атды», «атда», «атдан», «атдар» демей, дыбыс жүйесінше «аттың», «атты», «атта», «аттан», «аттар» деп жазу керек. «Ішдім», «ішдің» демей, «іштің», «іштім» деп жазу керек. «дікі», «дағы», «дай» сықылды жұрнақтар, «да» сықылды демеулер де қатаң дыбысқа жалғанғанда дыбыс жүйесінше «тікі», «тағы», «тай», «та» болып жазылуы керек: «аттікі», «аттағы», «аттай», «атта», «арбада» делініп жазылу керек.

9) Демеу, жалғаулықтар: жұрнақ жалғаулардай мағанасыз болғанымен олардай алдындағы сөзбен бір болып жалғанбайды, өз алдына бөлек сөз болып тұрады.

«Атда» жал бар, өзгізде мүйіз бар» дегенде «ат» пен «өгіз»-ге жалғанған «да» – жалғау: «атда», «өгіз де» деген сөздердің екпіндері «д»-дан соңғы «а» мен «е»-де, «өгізде» деген екі сөз болса «г»-ден соңғы «ы»-да да екпін болар еді. «Ат да көлік, өгіз де көлік» дегенде «ат да» да екі сөз, «өгізде» де екі сөз болады: «аттың» екпіні басындағы «а» да да, «өгіз»-дің екпіні «г» мен «з»-ның арасындағы «ы»-да. Сондықтан демеу жалғаулықтарды алдындағы сөзбен қосып жазуға болмайды. Арасына сызықша қойып жазудың да керегі жоқ. Бірақ кейбір демеулер түбір сөзбен жалғаудың арасына кіріп кетеді; онда да түбір екпіні өзгермей, бөлек сөз болып тұра береді. Ондайда түбір тұқыл

сөзді бөлек жазып, жалғауды демеуге қосып жазған дұрыс болады «жақсы мысын», «жақсы ақ бысын» деп жазу керек.

10) Қазақ тілінде «дікі», «кер», «қор» сықылды үндестік заңына келмейтін жұрнақтар бар; олар түбірмен бір сөз болып жалғанады. «Дікі», «кер»-лер жуан сөзге жалғанғанда да, жіңішке болып жалғанады; Оны қосып жазғанда, сөздің ішінде жұмсақ «е» мен «к» болған соң, ережемізше түбірді де жұмсақ қылып оқыуымыз керек болады.

Жазудың тұрлаусыздығын жою үшін үндестік заңына келмейтін жұрнақтар «к», «г», «е» дыбыстары жоқ жұмсақ сөздерге жалғанғанда, сөздің алдына дәйекші қойып отыруымыз керек. Сонда ондай жұрнақпен қосылып жазылған түбірді алдында дәйекші болғанда (иә, өзінің ішінде «е», «к», «г» болғанда) жұмсақ қылып оқимыз да, түбірдің ішінде «е», «к», «г»-лерде жоқ, алдында дәйекшісі де жоқ болса, жуан қылып оқитын боламыз; «тор» – жуан сөз, «төр» жіңішке сөз; бұларға «дікі» деген жұрнақтарды қосып жазғанда, бұрын екеуінде бірдей қылып «тордікі» деп жазатын едік, оның түбірі жуан «тор» ма, иә жіңішке «төр» ме – оны жазудан айыруға болмайтын. Енді түбірдің дәйекшісін қалдырмай жазатын болсақ, ол екі сөздің екеуін екі түрлі қылып, жуанын дәйекшісін «тордікі» деп жіңішкесін «төрдікі» деп дәйекшімен жазатын боламыз. Үндестік заңына келмейтін жұрнақтардың ішінде «паз», «уар» сықылды жұрнақтар бар: бұлардың дыбыстары «дікі», «кер», «қор» сықылды бір түрде ғана айтылатын дыбыстар емес («к», «е» тек жіңішке түрде ғана айтылады да, «қ» жуан түрде ғана айтылады), – жуан да, жіңішке де айтылуы мүмкен («п», «а», «з», «у», «р» сықылды



«паз» бен «уар»-дағы дыбыстар жуан да, жіңішке де айтылады). Мұндай жұрнақтармен жалғанған сөздердің де дәйекшісін қалдырмай жазу керек. «Атпаз», «аспаз» сықылды сөздердің түбірі де жуан, сондықтан бұларды дәйекшісіз жазамыз; «Білімпаз», «сөзуар» сықылды сөздердің түбірлері жіңішке, оларды дәйекшімен жазамыз; бұлардың («білімпаз»-дардың) жұрнағы жұмсақ түбірге қосылған соң (сөз алдында дәйекші тұрған соң) жұмсақ оқылуға тиіс деп жоруға мүмкін. Бірақ қазақ тілінде сөздің соңғы дыбысы еш уақытта да жұмсақ «ә» болмайды, – иә «е» болады, иә қатты «а» болады, сондықтан «білімпаз», «өзуар»-лардың алдында дәйекші болғанымен, соңғы буындарындағы «а»-ларын жұмсақ қылып оқуға болмайды. Бұлардың алдында дәйекші болғанмен, ол дәйекшінің әсері түбірден асып ішінде «а»-сы бар жұрнаққа тимейді, сондықтан «сөзуар», «білімпаз»-дардың түбірін жұмсақ оқып, «уар», «паз» – дарын қатты қылып оқитын боламыз.

11) Өткен жылы Білім Кеңесі: етістіктің екінші жақ жіктеуі «сың» болмай «сын» болсын деп еді («оқисын», «жазасын»). Мұның дұрысы «сың» болуға тиіс: қазақтың көбі «сың» дейді және «сың»-ның «сыңыз» дейтұн сыпайы түрі бар («оқисыңыз», «жазасыңыз»). Сондықтан етістіктің екінші жақ жіктеуі «сын» емес «сың» деп білуіміз керек.

Байандаушыға сұраулар беріліп, оның жауабын алғаннан кейін байандама тақырыпты айтыс ашылды.

Мәжіліс ағасы айтысушылардың жазылу ретімен сөзді Мырзаұлы Мұқтарға берді.

**Мұқтар:** Байандаушының басқа жобаларын мақұлдап, қазақ тілінде дауысты ұзын «и» мен «у» жоқ дегеніне және «к» мен «г» дыбыстары «қ» мен «г»-нің

жінішке түрі емес дегеніне қарсы сөйлеп, мынадай дәлелдер келтірді: «қый», «жый», «бій», «сұу», «жұу», «жазыу» деген сөздердің айағындағы дыбыстар дауысты ұзын «ы» мен ұзын «у». Елдес бұл дыбыстарды дауысты дыбыстардың ережесіне келмейді деп дауысты емес, жарты дауысты, алдындағы дауысты «и», «ұ»-лармен қосылған соң ғана ұзын естіледі дейді. Елdestiң дәлелі дауысты дыбыстардың тілейтін жалғау жұрнақтары «у» мен «и»-ге басқаша, дауыссыз дыбыстардікінше болып жалғанады, сондықтан «у» мен «и»-ді дауысты десек, дауысты дыбыстардың ережесі бұзылады, ережені бұзбау үшін бұл екі дыбысты дауысты демеу керек. «У» мен «и»-ің дауысты болмауына Елdestiң мұнан басқа дәлелі жоқ. Дұрысында бұл дәлел - дәлел емес: «бій», «сұу»-лардың ілік жалғауы «дың» («бійдің», «сұудың») табыс жалғауы «ды» («бійді», «сұуды») екені, дауысты дыбыстардікіндей «ның» «ні» емес екені рас. Бірақ сол бір-екі жалғауға бола «у» мен «и» дауысты емес деуі асығыстық. Дауыссыз дыбыстарға барыс жалғау көбіне «қа», «ке» болып жалғанады («атқа», «етке») дауысты дыбыстарға ол жалғау «ға», «ге» болып жалғанады («арбаға», «кісіге»); «у» мен «и»-дің барыс жалғауы да «ға» мен «ге» («бійге», «сұуға»); дауыссыз дыбыстардың көптік жалғауы «дар», «дер» болады («күндер», «жылдар»), дауысты дыбыстардың көптік жалғауы «лар», «лер» болады («арбалар», «кісілер»), «у» мен «и»-дің көптік жалғауы да «дар», «дер» емес, «лар», «лер» болады («сұулар», «билер»). «У» мен «и»-дің дауыссыз дыбыстарға ұқсайтын қасиеттері болғанмен, дауысты дыбыстарға ұқсайтын да қасиеттері бар. Сондықтан «у» мен «и»-ді дауысты дыбыстардың табына кіргізуге болмайды

деу орынсыз. Біз «у» мен «и»-ді дауысты дыбыстардың артынан келгенде («қой», «тау» сықылды сөздердегі «у» мен «и»-ді) жарты дауысты болады да, дауысты дыбыстарға жалғанғанда дауысты болады дейміз: «сұу», «біи» сықылды сөздердегі «у» мен «и»-ді дауысты дейміз, олардың алдына құлаққа естілмейтүн «ұ», «ы» бар деп әуреленбей, «сұу», «біи» сықылды сөздерді «су», «би» деп жазамыз, сонда жазу жеңілденеді, мұны балаларға үйрету де оңай болады. «Кіиім», «кіиік» сықылды сөздерді біз, Елдес айтқанша, «ким», «кик» деп жазамыз, «киім», «киік» деп жазамыз, ондай сөздерді басқаша, мәселен «киик» деп те жазуға болады. Қазақ тілінде дауысты ұзын «у» мен «и» бар деп білсек, ондай («кіиім» сықылды) сөздердің қалай жазылатынын шешудің қиындығы болмайды.

Қазақ тілінде үндестік заңы бар деп, соның арқасында жазуды жеңілдетіп дыбыстың жуан түрін де, жіңішке түрін де бір әріппен белгілеп, жіңішке сөздің алдына дәйекші қойып жазатын амалды қолданып отырмыз, солай болған соң «к» мен «г»-ні «қ» мен «ғ»-ның жіңішке түрі деп, ол екеуін («к» мен «г»-ні) әліпбиден шығарып тастаған жөн, сонда жазу жеңілденіп, ережеміз тілдің үндестік заңынша болады.

Мұнан кейін сөз Досмұғанбетұлы Қалелге тиді.

**Қалел:** Жазу мәселесі өте зор мәселе, оны жете тексеріп барып шешу керек. Жазу ережелері тақырыпты байаңдаушының ұсынған жобалары жөні дұрыс, қазақ тілінің заңдарына лайықталып жасалған, «у»-дың дауысты дыбыс болуына еш дәлел жоқ; біздің «у»-дың орнына басқа түріктерде көбіне дауыссыз дыбыстар айтылады, – мәселен «тау», «сау» сықылды сөздерді бірсыпыра түрік қалықтары «тағ», «сағ»

дейді, «у»-дың ережесі тақырыпты «үу» мен «ыу»-ды бірінен бірін айырып жатпай-ақ, «ыу» орнына да «үу» жазған қолайлы: «ұ» мен «ы» көмескіленіп келген жерде «ұ» жазған дұрысырақ болады. Біздің қазақ тілінде «ұ» өзгеріп «ы»-ға айналып барады; қырғыз тілінде «ұ» сақталған: біздің «үшін»-ді қырғыздар «үчун» дейді, «оқы»-ны «оқу» дейді; дұрысы қырғызша болуға тиіс; «оқыу», «жазыу»-лардағы «у»-дың алдындағы дауысты дыбысты «ы» емес «ұ» дегеннен артық қата болмайды - дұрысының өзі «ұ» болуға керек: етістіктің екінші жақ жіктеуі «сың» болсын деген дұрыс, «сын» – билік райдың үшінші жақ жіктеуі («оқысын», «жазсын»), 2-інші жақ жіктеудің «сың» болуы жөн. «Б»-ны қалдырып «п» жазу орынсыз, «б» тұйықталып келгенде де «п» болып естілмейді, «б» болып естіледі, «болыб», «келіб», «көб» сықылды сөздерде «б» тұйық буынның соңғы дыбысы бола тұрып «п» болып естілмейді, «б» болып естіледі.

Саматұлы Мұқтар: Арабтың төрт әрпін әліпбиден шығарудың жөні жоқ, ол төрт әріп бізден басқа түріктердің бәрінде де бар. Олар ол төрт әріпті өз әліпбилерінен шығармайды, ол төрт әріп бізге де ауырлық қылмауға тиіс, онсыз басқа түріктерден арамыз алыстап, біріміздің дауымызды біріміз түсіне алмайтын боламыз.

Тұрғанбайұлы Мәннан: Арабтың төрт әрпі туралы Мұқтардың (Саматұлы) сөзін қуаттады. «Ыу», «ұу» деп жазылатын сөз буындарын бір дыбыс деп біліп, екеуін бір әріппен жазған жеңіл болатынын айтып, соған арнап жоба шығару керек, ең болмағанда, Қалел айтқанша, оның екеуін де «үу» деп жазу керек – дейді.

Мұнан кейін кешкі мәжіліс жабылды.

## ИУННИҢ 13-і КҮНГІ ЕРТЕҢГІ МӘЖІЛІС

Мәжіліс ертеңгі сағат 10-да ашылды.

Мәжіліс ағасы Бөкейқанұлы Әли-қан – жазу ережелерінің жалпы жолы тақырыпты сөз сөйлеуте Неколай Ибанұлы Бутобскийге сөз берді.

**Бутобский:** Дыбыс жүйесінің жалпы заңдарын, түрлі дыбыстарды бірінен-бірін олардың айтылуына, естілуіне қарай айыруға болатынын, жалғас айтылған екі дыбыстың біріне бірінің қандай әсер беретінін, сол себептермен түрлі сөздің жүре келе өзгеріп кету мүмкіндігін, сөздің өзгеруіне сөздің екпіні қаншалық әсер беретінін айтып келіп: - Біз ойымызды сөзбен білдіреміз, сөзді жазумен белгілей аламыз. Дұрысында сөздің өзі ойды түгел жеткізе алмайды, жазу сөзді де түгелімен бейнелей алмайды. Сөз ойдың көлеңкесі, жазу сөздің көлеңкесі. Сонда жазу мен ойдың арасын салыстырсақ, жазу көлеңкенің көлеңкесі болып шығады. Дыбыс жүйесінің жоғарыда айтылған заңдарынша түрлі дыбысты бірімен бірін салыстырып тексерсек, ұқсас дыбыстарды бірінен бірін айыра тану мүмкін емес дерлік қиын екенін білеміз. Мұнан: әр сөздің өзіне дәл келетін жазудың мүмкін емес екені ыспатталады, – деді. Сондықтан жазу ережесін тексергенде, жазудың дыбыс жүйесінше дәлме-дәл дұрыс болу жағына көп шұғылданудың керегі жоқ. Жазудың негізі сөз жүйесінше дұрыс болса да жарайды, әрпі дыбысына дәл келмейтін сөз болса, оны сөйлемнің тізілуіне қарай айыруға болады, – деді. Қара халықтың тілі дыбыс жүйесінің тиісті заңдарынша өзгеріп, түрлі сөздің айтылуы жылдан-жылға басқаша болып, бұзыла береді; Мәселен: орысша

«Сходно», «Никита», «Котлеты», «Ладно», «Церковь» сықылды сөздерді қара халық өзгертіп, бұзып жіберген. Ол сөздерді орыстың мұжығы «Коклеты», «Ланно», «Схонно», «Черковь», «Микита» деп бұзып айтады. Ондай сөздер тек оқығандардың тілінде ғана бұзылмай таза күйінде қалып отыр. Мұның себебі - орысша жазу ережелері сөз жүйесінше болғанынан, олай болмай, жазу дыбыс жүйесінше болса, біздің кітап тілі де бұқараның тілінше бұзылып кетер еді, - деді.

Мұның үстіне Бутобский әріп мәселесін де сөз кылып, қазаққа латын әліпбиін алу керек деді. Латын әліпбиіне қарсы дәлелдердің ең күштісі: оны алсақ, бұрын қазақша хат танитын азаматтарымыз да хат танымайтын болып, сауатсыздықты арттырып жібереміз деген қауіп. Бірақ мұның да қисыны жоқ. Батса (патша) өкіметі құлағаннан кейін, орыстың жазу ережелері өзгеріп, бұрынғы әріптердің бірсыпырасы әліпбиден шығып қалды. Бірақ онан бұрын хат танитын кісілер хат танымайтын болып қалған жоқ. Жаңа ережені оп-оңай-ақ үйреніп алды. Арабша әліпбиді тастап, латын әліпбиін алудың қиындығы да сондай-ақ болуға тиіс деп сөзін аяқтады.

Мұнан кейін сөз Байтұрсынұлы Ақыметке берілді.

**Ақымет:** Жазу мәселесін тексергенде, әуелі жазудың негізін шешіп алу керек. Қазақ тіліндегі дыбыстардың қандай екенін, оның таңбалары қандай болатынын, олардың өзара қалай жіктелетінін ашып алу керек. Елдестің байандамасынша қазақ тілінің 24 дыбысы бар. Арабтың 4 әрпі «х», «ш», «ф», «һ»-лермен белгіленетін дыбыстар қазақ тілінде жоқ десек, дыбысымыз 24 болады. Бұл 24 дыбысты Елдес айтқанша жіктесек, тіліміздің дыбыс жүйесінше мінсіз

болады. Қазақша дыбыстарды солай, дыбыс жүйесіне келтіріп жіктегенде, «у» мен «и» дауысты дыбыстардың табына кіре алмайды, дауыссыз «р» мен «л»-ға қосылып кетеді. «Бала», «кісі», «еге», «оқы» деген сөздердің айағындағы дыбыстары дауысты; «қар», «жүр» деген сөздердің айағындағы дыбыстары дауыссыз «р». «Су», «сай», «жуу», «ти» деген сөздердің айағындағы дыбыстары «у» мен «и». Осы сөздерге түрлі жалғау, жіктеу жұрнақтар жалғап көрейік:

#### I – дауысты дыбыс

|                |          |         |
|----------------|----------|---------|
| Атау:          | бала,    | кісі    |
| Ілік жалғау:   | баланың, | кісінің |
| Барыс жалғау:  | балаға,  | кісіге  |
| Табыс жалғау:  | баланы,  | кісіні  |
| Жатыс жалғау:  | балада,  | кісіде  |
| Шығыс жалғау:  | баладан, | кісіден |
| Көптік жалғау: | балалар, | кісілер |

|                 |         |        |
|-----------------|---------|--------|
| Етістік түбірі: | еге     | оқы    |
| 1-інші жақ:     | егеймін | оқимын |
| 2-інші жақ:     | егейсін | оқисын |
| 3-інші жақ:     | егейді  | оқиды  |

#### II – дауыссыз «р»

|                |        |
|----------------|--------|
| Атау:          | қар    |
| Ілік жалғау:   | қардың |
| Барыс жалғау:  | қарға  |
| Табыс жалғау:  | қарды  |
| Жатыс жалғау:  | қарда  |
| Шығыс жалғау:  | қардан |
| Көптік жалғау: | қарлар |

|                 |         |
|-----------------|---------|
| Етістік түбірі: | жүр     |
| 1-інші жақ:     | жүремін |
| 2-інші жақ:     | жүресін |
| 3-інші жақ:     | жүреді  |

### III . «У» мен «и»

|                |       |        |
|----------------|-------|--------|
| Атау:          | су,   | сай    |
| Ілік жалғау:   | судың | сайдың |
| Барыс жалғау:  | суға  | сайға  |
| Табыс жалғау:  | суды  | сайды  |
| Жатыс жалғау:  | суда  | сайда  |
| Шығыс жалғау:  | судан | сайдан |
| Көптік жалғау: | сулар | сайлар |

|                 |        |        |
|-----------------|--------|--------|
| Етістік түбірі: | жуу,   | ти     |
| 1-інші жақ:     | жуамын | тиемін |
| 2-інші жақ:     | жуасын | тиесін |
| 3-інші жақ:     | жуады  | тиеді  |

Мұнан дыбыс жүйесінше «у» мен «и»-дың дауыссыз «р»-дан еш басқалығы жоқ екені, екеуінің де дауысты дыбыстарға қосылмайтыны ыспатталады. Мұның үстіне қазақша «тау», «мүйіз» сықылды сөздерді бір-сыпыра түрік қалқы «тағ», «мүгіз» дейді. Мұнан «у» мен «и»-дің асылы дауыссыз екені ыспатталады.

«Қ» мен «ғ»-ның «к» мен «г»-ден айтылуы да, естілуі де басқаша, әрқайсысының ауыздан шығатын орындары да бірінен-бірі өте алыстап кеткен. Бұларды бірінің-бірі жіңішке түрі деу қисынсыз.

«Б» мен «п»-ның ережесі тақырыпты Қалелдің айтқаны дұрыс: «б» тұйықталып келгенде де көбіне



«б» болып естіледі; «б» мен «п»-ның ережесін «тіл құралша» қалдырған дұрыс.

2-нші жақтық жіктеуі «сін» болмай «сің» болсын деген қисынсыз: 1-інші жақтық жіктеу, тәуелдеулер «м» болғанда ғана, 2-інші жақтық жіктеу «ң» болады; 1-інші жақтық жіктеу «мін» болғанда, оған сәйкес 2-нші жақтық жіктеу «сін» болуға тиіс; «мін»-нің асылы «мен», «сін»-нің асылы «сен» болуға керек, бұлардың айағындағы дыбыстары, «ң» емес, «н», сондықтан «сін»-ді «сің» деп жазудың жөні жоқ. Халықтың аузында бірсыпыра жерде «сін» демей «сің» дейді деген дәлел емес, тілдің негізгі ережелерін бұзып, қатадан айтылған сөз түріне еліктеу – қисынсыз.

Елдес шығаруға ұйғарған төрт әріптің қазақ тілінде сақталуға аз да болса ақысы бар «һ». Өйткені «һ» дыбысы мен айтылатын қазақтың өз тілінде аз да болса сөздер бар. Мәселен: «Аһ!», «уһ!» деген одағайлардан туған «Аһыламақ», «уһілемек» сияқты сөздер түрлі тұрпат түрлері жалғауларымен. Басқаларының сақталғандай қазақ тілінде ақысы жоқ. Сондықтан «һ»-ден басқаларын сақтау керек деу орынсыз.

Қалелдің «ы» мен «у»-дың қайсысы екенін айыруға дүдәмал болған жерде «ү» жазу қолайлырақ деуінің мәнісі мынау. Дыбысты айтарда аузымыздың сөзді айтуға қатысатын мүшелерін сол дыбыстың айтылуына ыңғайлаймыз. Дыбысты айтқандағы ауыз мүшесінің қалпы біріне бірі жақын болса, дыбыстар да жақын, ұқсас болып шығады. Мәселен: «таны», «тасы», «қоры», «тоқы», «құры», «мұжы» деген сөздерді айтып қарасақ, әуелгі екі сөздің айағындағы «ы» ап-анық естіліп тұр. Мұнда айағы «ы» ма? «ү» ма? - деп күмәнданбайсың. Олай болатын себебі, бұл сөздерді айтқанда ауыз

мүшелерінің қалпында «ү» дыбысын айтқанда болатын қалыптарында ешбір ұқсасы жоқ. Ауыз мүшелерінің қалпы да, айтылатын орындары да басқа болғандықтан, дыбыстарының арасында да ұқсастық жоқ.

Онан кейінгі екі сөзді алсақ, бұлардың айағындағы дыбыс «ы» ма, «ү» ма деген дүдәмалдық пайда болып, сезіле бастайды. Себебі «о»-ны айтқанда ернімізді созыңқырап айтамыз; «ү»-ны айтқанда да ернімізді созып айтамыз. Арасындағы айырымы сол - бірін айтқанда ерін аз созылады, ауа тамақтан еркін шығады, екіншісін айтқанда - ерін көбірек созылып, ауа қысылыңқыраған тамақтан шығады.

«О» мен «ү» ауыз мүшесінің ұқсас қалпымен айтылғандықтан дыбыстарында да ұқсастық бар. «О»-ға икемделген ауыз мүшесі «ы»-ны айтуға кіріскендіктен, «ы»-ға «ү»-нің дыбысына ұқсас өң береді. Сондықтан «ы» анық естілмей дүдәмал болып шығады.

Соңғы екі сөзді алсақ, мұнда «ы» ма? «ү» ма? деген дүдәмалдық күшті. Қатта «ы» емес, «ү» деп айтуға да болады. Мұның олай болатын себебі – «ү»-ны айтуға икемделген ауыз мүшесі «ы»-ны барып айтқанда «ы», «ү» сияқты болып естілуден. Егер де ондай орындарда «ы» жазбай, «ү» жазу керек делінсе, мен оған да қарсы емеспін. Бірақ олай болғанда айтатыным мынау: «қоры», «тоқы», «кұры», «мұжы» деген сөздерді «қорү», «тоқү», «күрү», «мүжү» деп жазатын болсақ, бұлардың зат есімге айналған түрі де, тәуелдеу түрлері де сол жөнмен «ү» арқылы жазылу тиіс болады: – «қорүу», «тоқүу», «күрүу», «мүжүу» (зат есімге айналған түрі), «қорүуу», «тоқүуу», «күрүуу», «мүжүуу» (тәуелдеу түрі) деп жазу керек болады. Өйткені жалғыз «ү»-ның әсерінен «ы» «ү»-ға айналып кетті десек, «ү»

мен «у» екеуінен кейін «ы» сақталады деуге орын жоқ. «Ы» мен «ү» дүдәмал талас болғандықтан, екеуінің таңдап, қай қолайлысын алуымыз керек. «Ұ» қолайлы десек, жоғарыда көрсетілгенше жазамыз. «Ы» қолайлы десек, жоғарыдағы сөздерді бұлай жазамыз: «қорыу», «тоқыу», «құрыу», «мұжыу» (зат есімге айналған түрі) «қорыуы», «тоқыуы», «құрыуы», «мұжыуы» (тәуелдеу түрі).

Ақыметтен кейін сөз Шонанұлы Телжанға тиді.

Телжан: Байандамада көрсетілген жобалардың «у» мен «и»-ден басқаларына дауым жоқ. Бірақ қазақ тілінде дауысты ұзын «у» мен ұзын «и» жоқ деу қата. Ахмет пен Елдес жалғау-жұрнақтардың түрлерін дәлел қылып, «и» мен «у» дауысты дыбыстар табына қосыла алмайды дейді. «У» мен «и»-дің дауысты дыбыстарға қосылатын жері де бар, қосылмайтын жері де бар. Ілік жалғау, табыс жалғаулар «у» мен «и»-ге «дың», «ды» болып жалғанатыны рас. Бірақ «лық», «лы» сықылды жұрнақтар, көптік жалғау «лар», барыс жалғау «ға», бәрі де «у» мен «и»-ге жалғанғанда дауысты дыбыстарға сәйкес түрде жалғанады: «сұу», «сай» деген сөздерге сол жалғау-жұрнақтарды жалғасақ «бала», «кісі» деген сөздердің жалғау жұрнақтарымен бірдей болады.

|         |         |          |          |
|---------|---------|----------|----------|
| Сұу,    | сай,    | бала,    | кісі.    |
| Сұулық, | сайлық, | балалық, | кісілік. |
| Сұулы,  | сайлы,  | балалы,  | кісілі.  |
| Сұулар, | сайлар, | балалар, | кісілер. |
| Сұуға,  | сайға,  | балаға,  | кісіге.  |

Бұл жалғау-жұрнақтардың бірдейлігі: «у» мен «и»-дің дауысты екеніне дәлел. Ақымет «у» мен «и»-дің

дауыссыз дыбыстармен ортақ жалғауларын көрсетіп, ол екі дыбысты дауыссыз дейді. Мен «у» мен «и»-дің дауысты дыбыстармен де ортақ қасиеті бар екенін көрсетіп отырмын.

«У» мен «и» дауыссыз деудің қисыны қандай болса, оны дауысты деудің қисыны да сондай. Мұның үстіне «у» мен «и»-дің созып, айқайлап айтуға келмейтінін қоссақ, «у» мен «и»-ді дауысты дыбыс деудің дәлелі басым болып шығады. Дауысты ұзын «у» мен ұзын «и» қазақтан басқа түрік халықтарының бәрінде де бар. Қазақ тілін басқа түріктердің тілінен бөліп алып, бізде дауысты «у» мен «и» жоқ деу қисынсыз. «У» мен «и»-дің жазу ережесін жеңілдік жағынан тексерсек, балалардың миына қонбайтын нағыз шатақ ереже осы болып шығады. «Құуыу», «жұуыу» сықылды сөздерді Елдестің ұсынған жобасынша жазсақ, қатарынан бес «у» жазуымыз керек болады. Бұл өте қиын. Бұл қиындық бір «у»-ды екі дыбыс деп екі әріппен жазғаннан болып отыр.

Бір дыбыс болып естілетұн ұзын «у» мен ұзын «и»-ді бір әріппен жазатын болсақ – жазу жеңілденеді.

Арабайұлы Ишанғали: Біздің шығарып тастаймыз деп отырған төрт әріп, басқа түрік халықтарының бәрінде де бар, олар бірінің кітабін бірі оқымай отыра алмайды. Ол төрт әріпті әліпбиден шығарып тастасақ, біз басқа түріктердің жазғанын мүлде оқи алмайтын боламыз, олар біздің әдебиетімізді де оқи алмайтын болады. Бұл үлкен қата. Төрт әріптен жиренбеу керек. Онымен қазақша сөздерді жазбайтын болсақ та, оны әліпби кітабіне кіргізіп, жат тілдер үшін қолданатын әріптер ретінде балаларға таныстыратын болу керек.

Ұзын «у» мен ұзын «и» қазақ тілінде жоқ дегенге өзім түсіне алмаймын. Көп жыл мұғалім болып бала оқытып көрдім. Балаға «ұу», «ыу», «ыи» деген әрқайсысы екі дыбыс деп түсіндіру қиын. Тілдің заңы ғылым жолы деп жазуды қиындатып алып жүрмейік, «у» мен «и»-дің жазу ережесін жете тексеру керек.

Қалел екінші рет сөз алып мынаны айтты: Арабтың төрт әрпін қазақша әліпбиден шығару керек. «У» мен «и»-дің ережесін өзгертуге болмайды. Ақыметтің келтірген дәлелдерінен асып кету мүмкін емес. Екінші жақтың жіктеу «сын» болмай, «сың» болу керек: халықтың аузында көбіне «сын» емес, «сың» делінеді, онымен санаспақ болмайды. «Ы» мен «ү» көмескіленіп естілген жерде, «ы» жазбай «ү» жазған дұрыс: ондай дыбыстардың асылы «ү»: Мәселен «үшін» деген сөзді «үшүн» деп жазсақ дұрысырақ болады.

Дулатұлы Міржақып: Арабтың төрт әрпі тақырыпты Ишанғалидің сөзін қуаттап, ол төрт әріптің әліпбиден шығарылмауын тіледі.

Жолдыбайұлы Молдағали: Тілдің заңы, тілдің бұзылмау шаралары сықылды дәлелдерге тоқтау керек. Міржақыптың төрт әріп қазаққа керек деп отырғаны қисынсыз. Айтыс жеткілікті болды; байандаушыға адаққы сөз беріп, әңгімені доғару керек.

Мәжіліс ағасы сөз сұраған кісі жоқ екенін жариялап, байандаушыға қорытынды сөзін сөйлеуге кезек берді.

Елдес қорытынды сөзінде мынаны айтты:

Орысша жазу ережесі сөз жүйесінше. Орысша сөздің түбірі өзгеріп отыратын болған соң, орысша туынды сөз бен түбір сөздің сүгіреті бірдей де, айтылуы (естілуі) басқаша болады. Сондықтан орысша

жазу дыбыс жүйесінше дұрыс болмай шығады. Бутобскийдің жазу дыбыс жүйесінше дұрыс болуы мүмкін емес деп отырғаны сонан. Орысша жазудың сөз жүйесінше болып, сөздері түбірімен қопарылып өзгеретін болғанынан. Бірақ Бутобскийдің айтқанына еріп, қазақша жазудың да дұрыс болуы мүмкін емес деп білудің жөні жоқ. Қазақша сөздің түбірі өзгермейді, туынды сөздің түбірі жеке түбірмен бірдей болып айтылады. Сондықтан қазақша дыбыс жүйесінше жазылған сөз - сөз жүйесінше де дұрыс болып шығады. Жазудың сөз жүйесінше болуының артық жері: оқи, жаза білетін кісі жазылған сөзді ежелеп оқымайды, бүтін сүгіретін бірден көріп танып оқиды; жазушы туынды сөзді жазғанда, – оның түбірінің сүгіретін есінде тұтып, туынды сөзді түбіріне ұқсатып жазады; туынды сөздің айтылуы түбірден басқаша болып, жазу ережесі дыбыс жүйесінше болған күнде де – жазушы көбіне қателесіп, туынды сөзді түбірге ұқсатып қойады: мәселен біз «түн» деген сөзді алдына дәйекші қойып жазып үйренгенбіз, «түндік» деген сөздің жұрнағында жіңішке «к» болған соң, оған дәйекшінің керегі жоқ, – сүйтседе, «түндік»-ті бастап жазғанда, оны түбіріне ұқсатып, қателесіп алдына дәйекші қойып қойамыз. Осындай қата болмау үшін орысша жазу ережесі сөз жүйесінше болған. Бірақ жазудың бұлай сөз жүйесінше болуының қолайсыз жағыда аз емес.

**Бутобский:** Бұқара тілді бұзып барады, орысша әдебиет тілі, жазудың сөз жүйесінше болғаны себепті ғана, бұзылмай аман сақталып келеді, – дейді. Бутобскийдің мұнысы қате. Тілдің тетігі сол тілмен сөлейтін елде, бұқарада. Елдің тілі, сырттан бір төтенше себеп болмаса, еркімен өзгеріп, өркендей беруге тиіс.

Мәселен қазақ тілі солай өзгеріп, дыбыстары тап-тапқа бөлініп, бірінен бірінің жігі ашылып шыққан. Қазақ тілінің олай өркендеуіне сырттан бөгеу болған жоқ, тілдің бұл өзгерісіне себеп болған - сол тілмен сөйлеген ел, сол елдің тұрмысы. Ноғай тілі олай өзгерген жоқ. Ноғай тілінің дыбыстары бірінен бірінің жігі ашылмаған, оның себебі жазу, әдебиет.

Бутобскийше айтқанда, жазудың арқасында ноғай тілі қазақ тіліндей бұзылмай аман қалған деуге болады. Дұрысында қазақ тілі бұзылған жоқ, еркімен өзгеріп өңделіп шыққан. Ноғай тілі олай еркімен өзгере алмай, жазу-әдебиетпен шегеленіп қалған. Жазудың, әдебиеттің қызметі - тілдің өзгерісіне әсер беру емес, сол өзгерістен қалмай еріп отыру, болған өзгерісті қаттап таңбалап отыру. Тілдің ескі түрін ұстап алып, сонан айырылмай, жаңадан болған өзгерісті тілдің бұзылғаны деп түсініп, қабыл алмай отырған жазу елдің тіліне салған бұғау есебінде болады. Орыстың жазуы, дұрысында Бутобский айтқан қалыпты тілді өзгерістен аман алып қалып отырған жоқ, бұқараның тіліне бұғау болып отырған жоқ, тілдің өзгерісіне еріп, болған өзгерістерді хатқа түсіріп таңбалап келеді. Орысша «я», «ю» деген әріптер әуелде «иа», «иу» болып әрқайсысы екі дыбыстың тізбегі болып оқылатын. Жүре келе орыстың тілі (дыбыс жүйесі) өзгеріп, бұлардың әрқайсысы бір дыбыс болып, «ә», «ү» болып айтылатұн болды. Орысша жазу, Бутобский айтқанынша, тілді өзгертпей аман сақтайтын болса, орысша «пять», «няня» сықылды сөздер «я»-ның әуелдегі мәнісінше: «пиэт», «ниәниә» болып оқылуға тиіс еді. Жазу тілдің өзгерісінен қалыспай еріп отырғаны себепті бұл сөздер осы күнге айтылуынша,

«я»-сы «ә»-ге ұқсап оқылады. Орысша «сон», «весь» деген сөздер бұрын «сѣнь», «вѣсь» деп жазылады екен, айтылуы «сын», «біс» (орысша «в» дыбысы «б»-мен көрсетілген») болған екен. Жүре келе орыстың тілі өзгеріп, бұл сөздер осы күнгісіндей «сон», «весь» болып айтылатын болған. Жазу ол өзгерісті хатқа түсіріп, өзгерген сөздерді өзгерген күйінде жазатын болған. Жазу, әдебиет өз міндетін дұрыс атқаратын болса, осылай тілдің өзгерісінен қалыспай еріп отыруға тиіс. Жазу халықтың аузында болған өзгерісті, Бутобскийше, тілдің бұзылғаны деп қабылдайтын болса, ондай жазудың пайдасынан зяны артық болады. Ондай жазу тілдің еркімен өзгеріп ілгері басуына бөгеу болады. Ол болмаған күнде, әдебиет тілін бұқараның тілінен басқаша қылып, екеуінің арасын алыстатып жібереді.

Мәжіліс ағасы сағат екі болды деп, Елдестің қалған сөзін кешке қалдыруға ұйғарды.

## ИУННИҢ 13-і КҮНГІ КЕШКІ МӘЖІЛІС

**Мәжіліс ағасы:** қорытынды сөзін айақтау үшін Омарұлы Елдеске сөз берді.

**Елдес:** Жазудың сөз жүйесінше болуы жазуға да, оқуға да жеңіл болатыны рас. Бірақ сөз жүйесінше болған жазу, дыбыс жүйесінше де дұрыс болуы шарт. Қазақша сөздің түбірі өзгермейтін болған соң, біздің дыбыс жүйесінше жазғанымыз сөз жүйесінше де дұрыс болады. Қазақша жазудың сөз жүйесінше дұрыс болмайтын жерлері бар, дұрысында ондай сөз жүйесіне келмейтін ережелеріміз дыбыс жүйесінше де дұрыс



емес. Мәселен біз бұл күнге шейін «ы»-ны бітеу буында жазбай, «биі», «қарыз» сықылды сөздерді «би», «қарз» деп жазып келеміз. Сөйте тұра «биіі», «қарызы» деген сөздерді жазғанда, бітеу буын ашылды деп түбірінде жазылмайтын «ы»-ны жазамыз, сөздің сүгіреті түбірінен басқаша болып шығады. Жазу сөз жүйесінше дұрыс болмайды, сондықтан ондай сөздердің жазылуы да, оқылуы да қиын болады. Біздің жазуымыздың бұлай сөз жүйесінше болмай отырған себебі: оның дыбыс жүйесінше де дұрыс болмағанынан, тілдің заңына келмейтін бітеу буын ережесінің кесірінен. Бітеу буын ережесін бұзып, «ы»-ның жазылуын дыбыс жүйесінше қылып шығарсақ («ы»-ны бар жерінде қалдырмай жазып отыратын болсақ): «бый», «қарыз» сықылды сөздердің жазылуы сөз жүйесінше де дұрыс болып шығады, – жазу да, жазылғанды оқу да жеңілденеді. Жазудың осылай сөз жүйесінше де дұрыс, дыбыс жүйесіне де қайшы келмейтін болса, жеңіл болатынын ойлап, мен: түбірі дәйекшісімен жазылатын сөздерге ішінде «е», «к», «г» дыбыстары бар жұрнақ-жалғаулар қосылғанда да, дәйекші қалмай жазылатын болсын, туынды сөздің сүгіреті түбірден басқаша болмасын деп едім. Білім Кеңес, олай болғанда дәйекші мүлде көбейіп кетеді деп, менің ол жобамды қабыл алмады.

Бұрын ескі түрік тілінде «ы»-ның орнына көбінесе «ү» дыбысы айтылатын болған. Бірақ жүре келе қазақ тілі басқа түрік тілінен жігі ашылып, «ү» дыбысы бар сөздердің көбі «ы»-мен айтылатын болған. Бұл қазақ тілінің өз еркімен болған өзгерісі. Ол өзгеріске қарсы болып, ескішілдік қылудың жөні жоқ, болған өзгерісті сөзсіз қабыл алып қаттап отыру керек. Қазақ тілінде «ү» өзгеріп «ы» болып бара жатқандығы себепті, –

«ы» мен «ұ»-ның көмескі естілген жерінде «ұ»-ның орнына «ы» жазатын болсақ, жазуымыз тілдің өзгерісінің жөніне дәл келеді.

2-інші жақтық жіктеу «сын» иә «сың» екенін, жалпы бұқараның айтуына қарай, шешу керек. Тілдің заңын ашу үшін, оның түрлі мәнісін білу үшін, бұқараның аузындағы сөз түрлерін тексеру керек. «Тілдің заңы мынадай, бұқараның сөзі дұрыс емес, сөздің түрін тілдің заңына келтіріп түзейміз» деу қате. Олай болған күнде бұқараның тіліне қарсы заң дегеніміз – тілдің заңы емес, тек оймен жорып шығарған заң болады. Тіл заңының тетігі – жалпы бұқараның аузындағы тіл, оны елемей ойдан шығарған заң – заң емес, жазуды ондай заңға сүйеудің жөні жоқ. Екінші жақтық жіктеу «сың» болса, тілдің заңына келмейді – деу қате, «сың»-ға қарсы заң – жорамал заң. «Мын» мен «сын»-ның түбірлері «мен» мен «сен» деу де қате. «Мен жазамын», «сен жазасың (сын)» дейміз; «мын» мен «сын»-ның мәнісі «мен», «сен»-мен бір болса, оны екі қайта айтпас едік. «Жазамын»-ның «мын»-ы «мен» деген мағынада болуы мүмкен де емес: «жазамын» екі сөзден құралған, «жаза», «мен» десек, «мен» бастуыш, «жаза» байандауыш болуға тиіс; Қазақ тілінде еш уақытта да бастауыш байандауыштан соң айтылмайды, қазақша сөйлемнің байандауышы ең соңында болады; «мын»-ның, бастауыш бола тұрып, байандауыштың артынан айтылуы мүмкен емес. Жорамал заңды дәлел қылып «сын»-ды жоғалтып жіберуіміз зорлық. Елдің көбі «сын» демейді, «сың» дейді. 2-інші жақтық жіктеу «сын» болмай «сың» болуы керек. Бұқараның аузында «сың»-ның сыпайы түрі «сыңыз» бар; «сіз жазасыңыз» дейді. «сыңыз»-дың орнына «сіз» деп те айтады.

Бірақ жалпы жұрттың ауызындағы «сыңызды» тілдің заңына қарсы деп, жоғалтып жіберуге болмайды. Тілдің заңын ойдан шығарып, бұқараның ауызындағы сөз түрлерін сұрыптай бастасақ, тіл өзіне басқа, тілдің заңы дегеніміз тілге түк қатысы жоқ өз алдына бірдеме болып шығады. Түбінде жорамал заң үстем болып шықса, елдің тілі бұзылады. Олай болмай, тіл аман сақталып қалса, тіл заңы деп әуреленіп жүйелеп жүргеніміз – заң емес, ертегі болып қалады.

Қазақша сөздің түбірі өзгермейді. Сондықтан біздің дыбыс жүйесінше жазғанымыз сөз жүйесінше де дұрыс болып шығады дедік. Бірақ бұл заңға (сөздің түбірі өзгермейді – деген заңға) келмейтін бірен-саран сөз бар, ол «қ», «к», «п» дыбыстарымен тынатын сөздер. Ондай сөздерге дауысты дыбыспен басталатын жалғау, жұрнақтар қосылғанда сөз айағындағы «қ», «к», «п» өзгеріп «ғ», «г», «б» болады. Біздің жазуымыздың негізгі дыбыс жүйесі; «қ», «к»-ның жазылуы дыбыс жүйесінше. «П»-ның қасиеті «қ», «к»-мен бірдей, сондықтан оның жазылуы да «қ» мен «к»-нікі сықылды болу керек. Бұған көнбей, Қалел айтқанша, сөз айағында тұйықталып келген «б» да «п» болып естілмейді. Көмескіленіп «п»-дан көрі «б»-ға жақын болып естіледі деп білсек, сөз айағындағы «б» мен «п»-ның жазылуы «тіл құралша» болсын дегенмен, жалғау-жұрнақтардағы «п» мен «б»-ны дыбыс жүйесінше жазбай болмайды. «Б»-мен басталатын жалғау жұрнақтар қатаң дыбысқа «п»-мен басталып жалғанады, оны естілуінше жазуымыз керек. Мисал: «біз азбыз», «біз ашпыз», «қазба», «аспа». Жалғау, жұрнақтардың жазылуын дыбыс жүйесіне келтірмей, «п» орнына «б» жазуымыз: қатаң дыбыстардың дербес қасиетін елемегендік

болады, оның жөні жоқ. Мәннан мен Міржақыптың арабтың төрт әрпінен айырылмаймыз деуі қисынсыз, ол төрт әріп әліпбиден шығарылмаса, тіл бұзылады. Ол төрт әріп тұрғанда, қазақтың өз сөзі болып кеткен «Асан», «Үсен», «Зәуре», «Әкім», «Бақыр» сықылды сөздерді Мәннан мен Міржақып: «Хасен», «Хұсейн», «Зухра», «Хакім», «Фақыр» деп жазатын болады. Сонан соң тіл бұзылмай қоймайды.

«Сұу», «жазыу», «бій», «қый» сықылды сөздердің айағындағы дыбыстары орыстың дауысты ұзын «у» мен «и»-не ұқсап естілетіні рас. Бірақ бұл сөздерге дауысты дыбыспен басталатын жалғау, жұрнақтар жалғасақ: бітеу буындағы дауысты «ұ», «ы»-лар ашық буынға келіп дауыссыз «у», «и»-лардан айырылып шығады: «сұуат», «жазыуы», «бійіміз», «қыйады» деген сөздер де дауысты «ұ» мен «ы» да, олардан соңғы дауыссыз «у» мен «и» де анық естіледі. Орыстың дауысты «у» мен «и»-не ұқсап естілетін қазақша дыбыстардың бәрі де осылай, – сөзге жалғау, жұрнақтар жалғағанда ішіндегі дауысты дыбысы мен дауыссыз «у», «и»-лері бірінен бірі айырылып шығады, тұйық буында көмескіленіп естілетін дауысты «ұ» мен «ы» буын ашылғанда анық естіледі. «Кұйын», «күйеді» сықылды сөздердегі «ұ» қандай анық естілсе, «қиын», «кійеді» сықылды сөздердегі «і» де сондай анық естіледі. «Күйеді» де «ұ» жоқ деп дауласу қандай қыйсынсыз болса, «кійеді» де («к»-ден соң) «і» жоқ деп дауласу да сондай қыйсынсыз. «Кійеді»-де «і» бар екені рас болса, оның түдбірі «кій»-де де «і» бар екені рас. «Кіи»-дің «і»-сі мен «и»-дің тізбегі орысша дауысты «и»-ге ұқсап естіледі. Сондықтан оны екі дыбыс емес, бір дыбыс деп білу керек деп дауласу - орысшаға еліктеу болады.

Қазақ тілінде 24 дыбыс бар, оның бесеуі – дауысты, бұл дауысты дыбыстар арасына дауыссыз дыбыс салмай, біріне бірі жалғана алмайды. Бұлардан басқа 19 дауыссыз дыбыс (мұның ішінде «у» мен «и» де бар) бірі мен бірі, әсіресе дауысты дыбыстармен жалғана алады: «и» да, «у» да дауысты дыбыстардың қандайымен да жалғана алады, алдынан да, артынан да жалғана алады («қой», «тай», «тау», «егеу», «қойан», «тауық»). «іи» де орысша «и» деп, «іу» мен «үу»-ді орысша «у» десек, басқа дауыстылардың бәріне де жалғана алатын «у» мен «и» дыбыстары дауысты «ы» мен «и» де, «ы» мен «у» да, «ү» мен «у» да қатарынан бір жерге сыйыса алмайды. Бұлардың бірі мен бірінің жалғануы мүмкен емес деген ақылға да, тілдің заңына да келмейтін өз алдына бір ережеміз болуы керек. Мұқтар мен Телжанның ұсынысын қабыл алып, қазақ тілінде дауысты «и» мен «у» бар десек: әлгіндей жалған ережеден құтыла алмаймыз. Оқушы бастап әріптермен танысқан соң, түрлі әріпті бірімен бірін тізіп үйренеді; тізілген әріптерді қосып оқып үйренеді; өзі қосып оқи алмағанын оқытушыдан сұрайды, осылай өз бетімен әріп тізіп оқыған оқушы, аса кешше болмаса, түрлі әріпті тізе келе, мәселен «ы»-ға «и»-ді жалғап тізуі мүмкін, зейінді оқушы «ы» мен «и»-дің тізбегі қалай оқылатынын оқытушыдан сұрамай, өзі-ақ оқып кетеді. Бірен-саран оқи алмайтыны болса, амалсыз оқытушыдан сұрайды. Сонда оқытушы балаға не деп жауап бермек? Оқытушының жауабы тек мынадай қана болуға тиіс: «бұл дыбыстар басқа дыбыстардан өзгеше; басқа дыбыстар бірімен бірі жалғана береді; бірақ бұл дыбыстар олай біріне бірі жалғана алмайды» деп қана түсіндіруі керек. Оқытушының балаға онан басқа

айтар дәлелі болмайды. Ол айтқан дәлелі тілдің заңына келмейтін жалған ереже болады. Оның жалған екені көп ұзамай-ақ, оқушы сөз жүйесін оқи бастағанда-ақ, анықталып шығады. Оқушы сөз жүйесінен етістіктің жіктеулері мен танысады, дауысты дыбыстармен тынатын етістікті түбірлерімен «ймын», «йысын», «йды» деген жіктеулер жалғанатынын біледі, «қара» + «йды» = «қарайды», «күре» + «йді» = «күрейді» болатынын біледі, «оқы» + «йды» = «оқыйды» болатынын да, «ы» мен «й»-дің біріне бірі жалғана алмайды деген ереженің өтірік екенін біледі. Бес күнге бармайтын өтірікті балаға ереже есебінде үйретудің түк жөні жоқ. Қазақ тілінде дауысты «у» мен «и» бар десек, оны өтірік ережесіз түсіндіру мүмкін болмайтыны жоғарыда айтылды. Баланы өтірік ережемен оқыту үшін ол өтірік ереженің өтірігі ашылмайтын болуы керек. Дауысты «у» мен «и»-дің өтірігін ашпау үшін сөз жүйесінің заңдарын бұзып, «ы»-ны дауысты дыбыс табынан шығару керек: дауысты дыбысқа «йді» болып жалғанатын жіктеу «ыға» екінші түрлі болып жалғанады, «ы»-ның өзі жоғалып кетеді де жіктеу дауысты «й» мен басталып жалғанады деген тағы бір жалған ереже керек. Жалған ережеге көнбейтін дұрыс ережелер толып жатыр. Жалған ереженің өтірігін ашу үшін ол дұрыс ережелердің бәрін де осылай бұзып, тағы да толып жатқан жалған ережелер шығару керек болады. Және басталып түзеліп келе жатқан «тіл құралдың» заң ережелерін қопарып, бұзу керек болады. Тілдің заңына келтіріп шығарған ережелердің орнына жалған ережелер кіргізіп, былықтыру керек болады. Сол былықтардан құрастырып жаңадан дыбыс жүйесі, сөз жүйесі шығару керек болады, «ыу» мен «уу»-ды

дауысты «у» деп білудің қыйсыны да осындай. Ол үшін тағы да толып жатқан өтірік ережелер керек болады. «Сауық», «жауын» деген сөздердегі «а» мен «у», «егеуім»-дегі «е» мен «у» қандай анық болса, «сұуық», «жұуын»-дардағы «ұ» мен «у» да, «егеуім» деген сөздегі «і» мен «у» да сондай анық. «Жұуын» да «ұ» мен «у» қатар тұрғаны рас болса, оның түбірі «жұу»-да да қатарынан «ұ» мен «у» бар екені рас. «Егіуім» де бар «і» мен «у»-дың тізбегі «егіу»-де де бар. «Ы» тақырыпты бітеу буын ережесі жойылған соң, «у» мен «и»-дің жазылуы дыбыс жүйесінше де, сөз жүйесінше де дұрыс болып шығады: «жазыу» мен «жазыуы» біріне бірінің сүгереті ұқсас («жазылыуы» сөз жүйесінше) болады; «жазыу»-дағы «ы»-ны қалдырмай жазатын болған соң, оның жазылуы дыбыс жүйесінше де дұрыс болады, дыбыс жүйесі мен сөз жүйесінің екеуіне де дәл келетін жазудан жеңіл жазу болмайды.

Мұқтар «сұу»-ды «су» деп, «сұуат»-ты «суат» деп жазатын болса, олай жазу («у»-ды дауысты ұзын «у» деп білген күнде) сөз жүйесінше дұрыс, «сұуат»-тың сүгіреті «сұу»-ға ұқсап түседі. Бірақ «суат» деп жазу дыбыс жүйесінше дұрыс болмайды: «сұуат»-тың апанық естіліп тұрған «ұ»-сын жоғалтып жіберуді дыбыс жүйесі көтермейді.

Телжан «и» мен «у» дауысты дыбыстар мен ұқсастығын айтып, оны дауысты дыбыстар табына кіргізгенмен еш кемшілік болмайды деді. Жалғау, жұрнақтарды түбір сөзге Телжанша жалғап тексерсек: қазақша дыбысты тап-тапқа бөліп жіктеу мүмкен болмайды. Ұяң дыбыстардың ілік жалғауы «ның» болады («нанның», «шаңның»), дауысты дыбыстардың ілік жалғауы да «ның», «баланың», «кісінің» дыбысты

Телжанша тексерсек, ұяң дыбыстарды да дауысты деп білуіміз керек. «Сын», «сіз» сықылды жіктеулер, «шы», «шыл» сықылды жұрнақтар, дауысты дыбысқа да барлық дауыссыз дыбыстарға да тек бір түрде ғана жалғанады («баласын», «баласыз», «жылқышы», «қарашыл», «азсын», «азсыз», «малшы», «қазақшыл»). Телжан мұндай жұрнақтарды дәлел қылып, дауыссыз қатаң дыбыстардың дауысты дыбыстарға қосылмай-тұн жерлері де бар, дауысты дыбыстармен ортақ қасиеттері де бар, сондықтан қатаң дыбыстарды дауысты дыбыс табына кіргізгеннен де артық кемшілік болмайды – деуі мүмкін. Түрлі ұғымдарды тап-тапқа бөліп жіктегенде, Телжанша жіктейтұн болсақ: ешбір ұғымда да тұрлаулы қылып жіктеу мүмкен болмас еді, – ешбір пәнде де жүйе болмас еді, осы күнгі жүйелі ғылымдардың бірі де болмас еді. Дұрысында адам баласының ақылы түрлі ұғымдарды Телжанша жіктеуді көтермейді, - оны тап-тапқа бөліп жіктегенде, әр тапты біріне бірі қатыспайтұн қылып жіктейді. Қазақша 24 дыбысты бізде солай қылып жіктеп отырмыз: бірінен бірінің еш басқалығы жоқ дыбыстарды өз алдына бір тапқа кіргізіп жіктеп отырмыз. «ң», «н», «м» – үшеуін бір тапқа кіргізіп, бұларға ұяң деп ат қойып отырмыз: бұл үшеуінің дауысты дыбыстармен ортақ қасиеті де толып жатыр («баланың», «нанның»; «баламен», «нанмен», «балада», «нанда»), бұлардың жарты дауысты дыбыстармен ортақ қасиеттері де көп («нанды», «сұуды»; «нансыз», «сұусыз»); бұл үш дыбыстың басқа дыбыстардың қайсысымен де ортақ қасиеттері жоқ емес; бірақ бұл үш дыбыс дауысты дыбыстардан да басқаша («баланы», «нанды», «баладан», «наннан»), жарты дауысты дыбыстардан да айырылып шығады



(«сұулар», «нандар»); ымыралы, қатаң дыбыстардан да осындай басқалығы бар. Бірақ бұл үш дыбыстың өзара бірінен бірінің басқалығы жоқ; біз осындай, өзара бірінен бірінің басқалығы жоқ дыбыстарды жиып өз алдына бір тап қылып жіктеп отырмыз. «Р», «у», «и» – үшеуінің бір бірінен еш басқалығы жоқ, сондықтан бұл үшеуін бір тап деп отырмыз, түрлі ұғымды тап тапқа бөліп жіктеудің осындай мәнісі болады. Оны Телжан білу керек еді, сүт еметін жануарларды Телжанша жіктеп: «бұзау торпақ, ұрғашы сиыр, бұқа – бәрі де сиыр; бірақ өгізді сиырдың табына кіргізуге болмайды, өгіздің атқа ұқсас жері көп, сондықтан өгізді – жылқы деп білу керек: өгіздің жылқыға ұқсамаған жері де бар, бірақ жылқыға ұқсаған жері де бар, өгізді жылқы дегеннен артық кемшілік болмайды» деу қанша қисынды болса, «у» мен «и»-ді дауысты деудің қисыны да сондай.

Елдестің қорытынды сөзі біткен соң,

**Ақымет:** жазу тақырыпты талас мәселерді жете тексеріп, дұрыс шешу үшін, өз алдына бір кемесие сайлап, мәселені сол кемесиенің қарауына тапсыру керек деді.

Сиез Ақыметтің бұл ұсынысын қабыл алып, жазу мәселесін тексеру үшін бес кісілік кемесие сайлауға ұйғарды. Кемесиеге Байтұрсынұлы Ақымет, Шонанұлы Телжан, Омарұлы Елдес, Мырзаұлы Мұқтар, Досмағамбетұлы Қалел бесеуі сайланды.

Мұнан кейін қалған уақыт кемесиенің мәжілісіне тисін деп, Сиез өз мәжілісін келесі күнге қалдырды.

## **ИУННИҢ 14-ІНШІ КҮНГІ ЕРТЕҢГІ МӘЖІЛІС**

Мәжіліс ағасы Зәлиұлы Нұғман мәжілісті ашып, жазу тақырыпты кемесиенің ұйғарған жобасын байандау үшін Омарұлы Елдеске сөз берді.

Елдес: мынау ретте жазылған кемесиенің мәжіліс қатын оқып шықты.

### **Мәжіліс қат**

1924-інші жылы иуннің 13-нші күні, жазу ережесін түзетуші кемесиенің мәжілісі болды.

### **Мәжіліс ағасы Ақымет**

Мүшелері: Қалел, Мұқтар (Мырзаұлы), Телжан.

Қатшы: Елдес.

Кемесие өзіне тапсырылған мәселелерді тексеру ретін қарастырып, әуелі қазақша дыбыстар қандай екенін, оған лайық таңбалардың нендей болуын ашып алу керек деді.

Қазақ тілінде: а, б, п, т, ж, ч, д, р, з, с, ғ, қ, ң, л, м, н, о, ұ, е, ы – дыбыстары бар, олардың таңбалары осы жазылған әріптер екені даусыз қабылданды.

Мұнан кейін «к» мен «г» дыбыстары тексерілді.

Мұқтар: – Тілімізде үндестік заңы бар деп, сол заңның арқасында дәйекшімен жазуды жеңілдете алатын болған соң, «к» мен «г» дыбыстарына өз алдына әріп алмай-ақ, жұмсақ сөздерде келетін «қ» мен «ғ»-ны «к» мен «г» деп білсек болады, сонда әріптің саны азайады да жазу жеңілденеді, - деді.

Қалел: Мұқтардың дәлелін теріс деуге болмайды; Мұқтардың мұнысын қабыл алсақ, әрпіміздің жүйесі бір ыңғайланатыны рас, бірақ онан жеңілдік

болмайды: «к» мен «ғ»-ны дәйекшімен жазып «к», «г» деп оқуға болады, бірақ сөз алдындағы дәйекші жазуды қиындатады, бұрын «к», «г»-мен жазылатын сөздердің бір таңбасы (дәйекші) артық болып жазылды. Және елдің үйреніп кеткен «к» мен «г»-ні бірден шығарып тастауымыз тым күрт болады. «К» мен «Г»-ні бұрынғысынша өз алдына қалдыру керек, - деді.

Ақымет: «К» мен «Г»-ні қазақ әліпбиінен шығарып тастауға болмайды: «к» мен «г»-нің «к» мен «ғ»-дан заты басқа, әр қайсысы ауыздың әр жерінен шығатын дыбыс», - деді.

Кемесие бұл мәселені тексере келе: «К» мен «Г» қазақ тілінде бар, екеуі де қазақша әліпбиге кіргізілсін, түбінде бұл екі дыбыстың тегі тексеріліп, талқыға түсетін болса, қайтадан қаралар», - деп ұйғарды.

Мұнан кейін х, ш, ф, һ дыбыстары тексерілді.

Кемесие: «Бұл төрт әріп қазақша Әліпбиден шығарылсын деді және бұл төрт әріп қазақша оқу құралдың айағында араптың басқа әріптерімен бірге оқушыларға таныту ретінде ғана жазылатын болсын; бірақ ол әріптердің ешбірімен де қазақша ешбір сөз жазылмасқа тиіс», - деп ұйғарды.

Мұнан кейін жарты дауысты «у» мен «и» тексерілді.

Кемесие: «Жарты дауысты «у» мен «и» дауысты дыбыстардың артынан жалғаса болады», - деп бір ауыздан қабыл алды.

Сонан соң «у» мен «и»-дің дауысты дыбыстардың алдында болатын, болмайтыны тексерілді.

Кемесие: «У» мен «И» екі дауысты дыбыстың арасында да келеді», - деп білді.

Мұның артынан қазақ тілінде дауысты ұзын «у» мен «и» дыбыстарының бар-жоғы тексерілді.

Бұл мәселе тақырыпты кемесие бір қарарға келе алған жоқ, мұнан соң «ы»-ның бітеу буында жазылу, жазылмау мәселесі қаралды.

Кемесие: «Ы» бітеу буында да қалмай жазылатұн болсын» - деді.

«Б» мен «п»-ның жазылу ережесі тексеріліп, Кемесие: «б» мен «п»-ың жазылу ережесі түбір сөздерде де, жалғау, жұрнақ, жалғаулықтарда да тіл құралша болсын», - деп ұйғарды. Бұрын «д»-мен жазылып жүрген жалғау, жіктеу, жұрнақтар тексеріліп, Кемесие: «Олардың жазылуы дыбыс жүйесінше болсын», - деді. Сөз артынан айтылатын демеулердің жазу ережелері тақырыпты Кемесие: «Ондай демеулердің түбір мен жалғаудың арасында айтылғандары түбірге сызықшамен жалғанып, жалғаумен бірге жазылсын да, түбір мен жалғаудың арасына түспей жалғасқанда түбірден бөлек жазылсын - деп қаулы қылды.

Сүйеу тайақ тексеріліп, Кемесие: «Оны жоғалту керек», - деп ұйғарды, сөз басындағы «а» мәтсіз «а» болып жазылсын, - делінді. Үндестік заңына келмейтін жұрнақтар тексеріліп, Кемесие: «Ондай жұрнақтармен жалғанған түбір сөздің дәйекшілері қалмай жазылатын болсын», - деді.

Даусыз қабылданған 24 дыбыс бұлай жіктелсін делінді:

Дауысты: а, о, ұ, е, ы;

Жарты дауысты: р, л, у, и; ұяң: ң, м, н;

Қатаң: б, п, т, ч, с, қ, к;

Ымыралы: ж, з;

Ымырасыз: д, г, ғ;

Бұл әріптертің әліпби реті бұлай болады: а, б, п, т, ж, ч, д, р, і, с, ғ, қ, к, г, ң, л, м, н, о, ұ, ү, у, е, ы, и.

Екінші жақ жіктеудің «сын» иә «сың» болуы тексеріліп, Кемесие: «Қазақ тілінде оның екі түрі де бар», - деп білді.

Мәжіліс қатқа Кемесие мүшелерінің бәрінің де қолы қойылған.

Сиез кемесиенің қаулысын байандап тексерді. Араптың төрт әрпі тақырыпты талас болып, оның қазақ әліпбиінен шығарылмауын дәлелдеп Мәннан мен Міржақып сөйледі. Дәлелдері - бұрын айтылған, басқа түріктерден алыстап кетпеу болды. Оларға қарсы Елдес өз дәлелдерін (байандама мен қорытынды сөзіндегі дәлелдерін) келтіріп сөйледі.

Сиез: «Х», «ш», «ф», «һ» әріптері қазақша әліпбиден шығарылсын», - деп қаулы қылды.

Мұнан кейін Төреғұлұлы Нәзір: Қазақша әліпбиден «ч» шығарылып, оның орнына «ш» әрпі алынсын; қазақ тілінде басқа түріктердің «ч»-мен жазатын дыбысы жоқ, қазақша «ч»-мен таңбаланатын дыбыс арапта да, басқа түріктерде де «ш» әрпімен жазылады, - деді және: «ғ» әрпі жеңілдік үшін нүктесіз «ғ» деп жазылатын болсын, - деді. Сиез Нәзірдің бұл екі ұсынысын да қабыл алды.

«Ы»-ның бітеу буында жазылуы тақырыпты сұраған сөздерге байандаушы жауап беріп, түсіндіргеннен кейін, кемесиенің «ы» тақырыпты жобасы да қабыл алынды.

Кемесиенің «б» мен «п» тақырыпты жобасы; бұрын «д» жазылып жүрген жалғау, жұрнақтардың дыбыс жүйесінше жазылуы; сөз артынан айтылатын демеулердің жазу ережесі; сүйеу тайақ жоғалып, сөз басындағы «а»-ның мәтсіз жазылуы; үндестік заңына келмейтін жұрнақтардың жазу ережесі; қазақша әріп-

тердің әліпби реті, дыбыстардың жігі – әрқайсысы өз алдына тексеріліп, бұл мәселелер кемесиенің ұйғаруынша қабылданды; «ш»-ның әліпби ретіндегі орны «с»-ға жалғас болсын делінді. Кемесиенің 2-нші жақ жіктеу («сын» мен «сың») тақырыпты жобасы тексерілді.

Міржақып: «Сын» мен «сың» екеуінің қатар жүруі ретсіз, мұны жете тексеріп, біреуін ғана алу керек, - деді.

Сиез Міржақыптың ұсынысын қабыл алып, «сын» мен «сың»-ды жаңадан тексеру керек деп ұйғарды.

Ақымет: 2-нші жақ жіктеудің «сын» болуын қолдап, бұрын айтқан дәлелдерінің үстіне мынаны айтты: «Мын», «сын» жіктеулері жалғыз етістіктерге ғана емес, зат есім, сын есімдерге де жалғанады; бұл жіктеумен айтылған сөз көбіне нәрсенің күйін көрсетеді. «мен кісімін», «сен кісісін» дейміз, мұның үшінші жақ жіктеуі жоқ - «ол кісі» дейміз; бұл жіктеулер етістікке басқаша жалғанады, етістіктің түбіріне жалғанбайды, көсемше түріне жалғанады – «мен қараймын», «сен қарайсын» дейміз және бұл жіктеулердің етістікке жалғанғанда, үшінші жақтық түрі де болады - «ол қарайды» дейміз. Бұл жіктеудің үшінші жақтық түрі бері де болған, әуелде ескі түрік тілінде мұның үшінші жақтық түрі болмаған; етістіктің «мын», «сын»-ға сәйкесі үшінші жақ жіктеуі бірсыпыра түрік халқында бұл күнде де жоқ. Мәселен ноғайлар «ол қарайды», «ол барады» демейді, «ол қарый», «ол бара» деп етістікті тек көсемше түрінде ғана айтады. Үшінші жақтық түрі жоқ, бірінші жағы «мын», екінші жақ түрі «сын» болған соң, бұл жіктеудің асылы «мен», «сен» болуға тиіс деп білу керек. «Кісімін»-нің асылы

«кісімен» болуға тиіс, «қарайсын»-ның асылы «қарай сен» – «қарайтын сен» болуға тиіс. Екінші жақтық түрі «ң» болатын жалғаулар – дұрысында жіктеу емес, тәуелдеу болуға тиіс: «сенің басың» дегендегі «ң» – тәуелдеу, «сен бардың» дегендегі «ң» да тәуелдеуден шыққан болуға тиіс: «бару сенің амалың» деген мағанада болған соң, айағы тәуелдеуге ұқсап «ң» болған. Дұрысында - екінші жақ жалғау «ң» болғанда, бірінші жақтық «м»-ға сәйкестеніп болады; бірінші жақтық жалғау «мын» болғанда, оған сәйкес екінші жақ жалғауы еш уақытта да «ң»-мен тынбайды, «сын» болады.

**Елдес:** Қазақ тілі басқа түріктердің тілінен басқаланып, сөз түрлері өз алдына дербес жолмен өзгерген. Солай өзгеріп бір қалыпқа келген сөз түрін, – оның тегін жорып, дұрыс иә бұрыс деудің жөні жоқ. «Мен бардым», «сен бардың» дегендегі жалғаулардың тегі тәуелдеу деп, жорудың өзі қате: тәуелдеу болған күнде, «мен», «сен» делінбей «менің», «сенің» делінуге тиіс еді, «менің бардым», «сенің бардың» болу керек еді, бірінші жақтық «мын»-ға сәйкес екінші жақтық жалғау еш уақытта да «сың» болмайды. Екінші жақтық жалғау «сың» болу үшін, айағы «ң» болуы үшін: бірінші жақтық жалғаудың айағы «н» болмай «м» болу керек деудің де жөні жоқ. Ақыметтің бұған келтіріп отырған дәлелі жалғыз «сын»: «мен жақсымын», «сен жақсысын», «мен барамын», «сен барасын»; «сын»-ның өзі даулы болған соң, оны дәлелге келтіруге болмайды; «сын»-ның даусыз түрі жоқ: Ақымет «жақсысын», «барасын» дейді, біз «жақсысың», «барасың» дейміз; Ақымет: 1-інші жақтық «мын»-ға сәйкес 2-нші жақтық жалғау «сын» болады дейді; біз: «мын»-ға

сәйкес 2-нші жақ жалғауы «сың» болады, еш уақытта да «сын» болмайды дейміз. «Сын»-ның асылы «сен» екеніне де толық дәлел жоқ; Дұрысы «сың», «сын» деген өз алдына жіктеу болуға тиіс және біз жазу ережесін дыбыс жүйесінше шығаратын болған соң, сөздің асылын зерттеудің керегі жоқ, тек осы күнгі түрін ғана алу керек. Талас жіктеудің халық аузындағы түрі «сың», «оның», «сыңыз» дейтін сыпайы түрі де бар. «Сіз барасыз» деп те айтады, бірақ «барасыңыз» деп те айтады, «барасыңыз» деп ешкім де айтпайды. Бұл даулы жіктеудің «сын» емес, «сың» екеніне толық дәлел.

Мұнан кейін мәселе дауысқа қойылып, көпшілік Ақыметтің жобасын мақұлдады: 2-нші жақтық жіктеу «сың» болмай «сын» болсын деді.

Күндізгі мәжіліс осымен бітіп, жазу ережелерінің басқа мәселелері кешкі мәжіліске қалдырылды.

## **ИУННИҢ 14-нші КҮНГІ КЕШКІ МӘЖІЛІС**

Мәжіліс ағасы Нұғман мәжілісті ашқаннан кейін, кемесиенің бір ынтымаққа келе алмаған ұзын «у» мен ұзын «и» мәселесі тексерілетінін жариялап, Ақыметке сөз берді.

Ақымет: Айағы «ұу», «ыу», «и» болып тынатын сөздерге түрлі жалғау, жіктеу, жұрнақтар жалғап, оны дауысты дыбыстардың жұрнақ жалғауларымен салыстырып, «у» мен «и»-ды қай жағынан тексергенде де, дауысты деуге болмайтынын, екеуінің де дауыссыз екенін айтып өтті;

Мұқтар: Дыбыстың дауысты иә дауыссыз екенін, оның ауыздың қай жерінен шығатынын, құлаққа не



түрде естілетінін, акустике (пізике ғылымының дыбыс бөлімі - акустика) жөнімен ғана ашуға болады. Біздің дыбыстарымыз олай тексерілген емес. Біздің дыбысты тап-тапқа бөліп жіктегенде қолданып отырған жолымыз - тек жалғау, жұрнақтардың түрі. Тек соны ғана дәлелге ұстап «у» мен «и»-ді дауыссыз деуге болмайды. «У» мен «и» жай құлаққа дауысты болып естіледі. Балаларға хат танытқанда дыбыстың сол жай құлаққа қалай естілетіні керек. «У» мен «и»-дің тегін акустике жөнімен тексере алмайтын болған соң, оның дауысты иә дауыссыз екенін құлаққа естілуіне қарай шешу керек. «У» мен «и»-ді солай тексерсек, оны ешкім де дауыссыз деп айта алмайды.

Елдес: «У» мен «и» дауысты болып естіледі деу қате. «У» мен «и» дауысты дыбысқа жалғанғанда ғана болмаса, өздігінен тіпті естілмейді де, «у» мен «и»-ді алдына иә артына дауысты дыбыс жалғамай айтуға да болмайды. «У» мен «и»-дің акустике жөнімен тексерілмегені рас, олай тексеру әзірге біздің қолымыздан да келмейді. Бастауыш мектептерде оқылатын дыбыс жүйесі сөз жүйесінің негізі жалғау, жұрнақтар. Біз қазақша дыбыстарды тап-тапқа бөліп жіктегенде де, сол жалғау, жұрнақтардың түріне қарай жіктейміз деп отырмыз. Қазақша дыбыстарды солай, жалғау, жұрнақтардың түріне қарай жіктеп шығара алмасақ, қазақ тілінің дыбыс жүйесі, сөз жүйесі бар деуіміздің өзі қате. Дыбыстары тап-тапқа бөлініп жіктелмеген тілдің дыбыс жүйесі, сөз жүйесі болуы мүмкін емес. Дыбыс жүйесі мен сөз жүйесіне керек дыбыс жігі - тек жалғау, жұрнақтардың түріне қарай ашылған жік. Қазақша дыбыстарды жалғау, жұрнақтардың түріне қарай жіктемеске болмайды. Бастауыш мектептерде оқытылатын сөз жүйесі, дыбыс жүйесі үшін дыбыс-

тарды тап-тапқа бөліп жіктегенде қолданатын жол жалғыз-ақ жалғау, жұрнақтар жолы, ол жолдан шығып дыбыс жүйесі, сөз жүйесін түзеу мүмкін емес. «У» мен «и»-дің затын басқа жолдармен де тексеруге болады. Бізде «у», «и» болып айтылатын дыбыстарды басқа түріктердің «ғ», «қ» сықылды дауыссыз дыбыспен айтуы «тау», «сиыр» сықылды сөздерді «тағ», «сығыр» деуі - «у» мен «и» тегінде дауыссыз екеніне дәлел. Қазақ тілінде «соғым», «тұқым» сықылды сөздер бар. Бұлардың түбірлері «сой», «тұу», бұл сөздер түбірінше «сойым», «тұуым» болу керек еді, бірақ «и» өзгеріп «ғ» болып отыр да, «у» өзгеріп «қ» болып отыр. «Таб», «жаб» сықылды етістіктердің көсемше түрі «табыб», «жабыб» болудың орнына «тауыб», «жауыб» деп айтылады: дауыссыз «б» дауыссыз «у» болып өзгереді. «Р»-ға тілі келмейтін кісілер көбіне «р»-дың орнына «и»-ді айтады: - «барамын» деген сөзді «байамын» дейді. Бұл: «и»-дің «р»-мен тектес екеніне дәлел. «У» мен «и»-ді қай жағынан тексергенде де оны дауысты деуге болмайды. «У» мен «и», «ғ», «қ», «б», «р» сықылды дауыссыз дыбыс.

Телжан: «У» мен «и»-дің дауысты дыбыстармен ортақ жалғау, жұрнақтарын теріп, тақтаға жазып көрсетті. «У» мен «и»-дің дауысты дыбыстардан басқалығы болғанымен, ұқсастығы да бар екенін айтып, оны дауысты дыбыстар табына кіргізу керек деді.

Мәселені дауысқа қойарда, Мұқтар «У» мен «и»-дің дауысты емес екеніне таласбайтынын айтып, ол екі дыбыстың дауысты иә дауыссыз екенін шешпей-ақ, олардың қалай жазылатынын тексеруді тіледі.

Сиез: Әуелі «у» мен «и»-дің дауысты екен, емес екенін шешіп алуды мақұл көріп, мәселе дауысқа қойылды.

Бұл мәселені дауысқа қойғанда, дауыс берген өкілдердің аты аталып өтсін деген ұсыныс болып, мәселе өкілдердің атын атап, пікірін сұрау ретінде дауысқа қойылды.

Қазақ тілінде дауысты «у» мен дауысты «и» жоқ деп дауыс берген:

1) Бөкейқанұлы Әли-қан, 2) Омарұлы Елдес, 3) Досмағамбетұлы Қалел, 4) Дулатұлы Міржақып, 5) Шағиұлы Нығметжан, 6) Байтұрсынұлы Ақымет, 7) Тұрғанбайұлы Мәннан, 8) Алдонғарұлы Ерғали, 9) Наурызбайұлы Мырза, 10) Жолдыбайұлы Молдағали, 11) Ақбайұлы Рүстем (Бөкей өкілі – барлығы 11 кісі болды).

Бұған қарсы, қазақ тілінде дауысты «у» мен «и» бар деушілер:

Сүгірұлы Рақым (Орынбордағы газет-журналдар басқармасының өкілі, Сәкеннің орнына сайланып келген), 2) Арабайұлы Ишанғали, 3) Мырзаұлы Мұқтар, 4) Төреғұлұлы Нәзір, 5) Зәлиұлы Нұғман, 6) Ералыұлы Нұртаза алтауы болды.

Құлжан келіні Нәзипа дауыс берген жоқ.

Бұлардан басқа өкілдер мәжілісте болмады.

Сөйтіп, Сиез көпшілікпен: «Қазақ тілінде дауысты «у» мен «и» жоқ», - деп ұйғарды.

Мұнан кейін «у» мен «и»-дің жазылу ережесі тексерілді.

Міржақып: «ұу», «ыу»-лар бір дыбысқа ұқсап естіледі. Оны екі әріппен жазу балаларға түсіндіргенде де, жазғанда да ауыр болады. Сондықтан «ұу», «ыу»-ларды бір әріппен жазатын ереже шығару керек деді.

Елдес: «Ұ», «ы» дыбыстары тұйық буында «у»-дың иә «и»-дің алдында көмескіленіп, біріне-бірі ұқсап естілетіні рас. Бірақ буын ашылып, дауысты «ұ», «ы»-

лар артындағы дауыссыз «у»-дан иә «и»-ден айырылып, екеуі екі буынға шыққанда көмескі «ы», «ұ»-лар анық естілетін болады. «Ұ» мен «ы» тұйық буында «у»-дың алдында келгенде, жазылмайды; «Ы» әрпі «и»-мен тұйықталған буында жазылмайды деп ереже шығаруға болар еді. Сонда «жұу»; «жұуыу», «қажыу», «кій» сықылды сөздерді «жу», «жуу», «қажу», «ки» деп жазатын болар едік. Бірақ мұндай сөздерге дауысты дыбыспен басталатын жалғау, жұрнақтар қосылып, «ұ», «ы»-лар ашық буынға шығып анық естілетін болғанда, оларды қалдырмай жазып отыратын болар едік. «Жұуын», «жұуыуы», «қажыуы», «киеді» деген сөздерді осы қалыпты, «ұ», «ы»-ларын қалдырмай жазатын болар едік. Енді мұндай ережеден жазудың қаншалық жеңілденетінін тексеріп көрейік: «Жұу», «кій»-лердің дауысты дыбыстарын жазбауымыз дыбыс жүйесінше дұрыс болмайды; «жұуады», «киеді»-лердің түбірлерінен басқаша болып жазылғаны сөз жүйесіне келмейді. Дыбыс жүйесіне де, сөз жүйесіне де келмейтін жазу еш уақытта да жеңіл болмайды. Түбірі «жу» делініп жазылатын «жұады»-ны осы қалыпты, түбіріне ұқсатпай жазу жеңіл болмайды, абайлап отырмасақ қателесіп «жуады» деп жазып қойатын боламыз.

«Ы» мен «ұ» әріптері «у»-дың алдында еш уақытта да жазылмайтын болсын, «і» әрпі «и»-дің алдында да жазылмайтын болсын деп те ереже шығаруға болады. Онда «жұуын», «жұуыуы», «қажыуы», «киеді» сықылды сөздердің «ұ», «ы»-ларын да жазбайтын боламыз. Ол сөздерді «жуын», «жууы», «қажуы», «киеді» деп жазатын боламыз. Сонда бұл сөздердің сүгіреті түбірлеріне ұқсап, сөз жүйесінше дұрыс болып шығады. Бірақ жазу дыбыс жүйесінше дұрыс болмайды, оқушы

жазылмаған дыбыстың не екенін ойымен жорып қана оқитын болады. Қазақша жаңа үйреніп жүрген басқа халықтың кісілері ондай сөздердің сүгіреттерін әр қайсысын өз алдына жаттап алмаса, мүлде оқи алмайтын болады: «жуын», «жууы», «қажуы» сықылды сөздерді, жазылмаған әріптерінің не екенін білмейді, кейде тіпті оның бар-жоғын да білмейді – қателесіп «жыуын», «жыууы», «қажұуы» деп оқуы да мүмкін болады; «жұуын»-ның «ұ»-сын «ы»-ға, «қажуы»-ның «ы»-сын «ұ»-ға айналдырып жіберуі мүмкін, «жұуыуы»-ның «ұ»-сін «ы»-ға айналдырып, екі «у»-дың арасындағы «ы»-ны мүлде жоғалтып, үш буынды «жұуыуы»-ны екі буынды «жұу-уы» қылып жіберуі де мүмкін болады. Мұнан тіл бұзылады.

«У»-дың «ы»-сының орнына «ұ» жазып, «ыу» мен «ұу»-дың сүгіретін бірдей қылып шығаруға болады. Онда «қыйыу», «келіу» сықылды сөздерді «қышұу», «келұу» деп, «қыйыуы», «келіуі»-лерді «қыйұуы», «келұі» деп жазатын боламыз. «Жұуыу», «жұуыуы»-ларды «жұуұу», «жұуұуы» деп жазатын боламыз. Ашық буында анық естіліп тұрған «ы»-ның орнына «ұ» жазатын болған соң, оқушы ондай сөздерді жазылуынша оқып, бұзып айтатын болады.

Сөйтіп, «у» мен «и» тақырыпты қандай ереже шығарсақ та, оның ешқайсысы да, дұрысынша, дыбыс жүйесінше жазғаннан жеңіл болмайды.

Ақымет: Қазақ тілінде дауысты ұзын «у» мен «и»-дің жоқ екенін мойындаған соң, «ыу», «ұу»-лардың орнына жалғыз «у» жазамыз деудің түк қыйсыны жоқ. Мұнан бұлай «у» мен «и»-дің жазылуын дыбыс жүйесіне келтіріп, дұрысынша жазуымыз керек. Онан қашып, тілдің заңына келмейтін шатақ ереже шығарудың жөні жоқ, ондай ереже жазуды ауырлатпаса, жеңілдет-

пейді деп, «у» мен «и»-дің жазылуы дыбыс жүйесінше болуын ұсынды.

Мәселе дауысқа қойылып, Сиездің көпшілігі: «У» мен «и»-дің жазылуы дыбыс жүйесінше болсын», - деп ұйғарды.

Сөйтіп білімпаздар Сиезінің жазу ережелері тақырыпты қаулысы мына түрде қабылданды:

- «Х», «ф», «h» әріптері қазақша әліпбиден шығарылады;

- Бұрын «ч» әріпімен жазылып жүрген дыбыстың әрпі «ш» болады; «ч» әрпі қазақша әліпбиден шығарылады;

- Сөз басындағы дауысты әріптің алдында сүйеу тайақ жазу ережесі бұзылады;

- Дауысты әріптер сөздің басында да басқа жерлеріндегідей сүйеу тайақсыз жазылады; Сөз басындағы «а» мәтсіз «а» болып жазылады;

- «Ғ» әрпі нүктесіз «ғ» болып жазылады;

- Қазақ тіліндегі дыбыстардың саны 24;

- Олардың әліпби реті мынадай болады:

А, б, п, т, ж, д, р, з, с, ш, ғ, к, қ, г, ң, л, м, н, о, ү, у, е, ы, ш

- Бұл 24 дыбыс өзара былайша жіктеледі:

дауысты: а, о, ұ, е, ы;

жарты дауысты: р, л, у, и;

ұяң: ң, м, н;

қатаң: б, п, т, с, ш, қ, к;

ымыралы: ж, з;

ымырасыз: д, ғ, г;

Ескерту: «Л»-мен басталатын жалғау, жұрнақтар жарты дауысты «л»-ға жалғанғанда, «л» қатарынан екі рет айтылмау үшін, «д»-мен басталып жалғанады (мисал: «лар», «лық» сықылды жалғау, жұрнақтар «л»-

мен тынатын «мал» сықылды сөзге жалғанғанда, «маллар», «маллық» болып жалғанудың орнына, «малдар», «малдық» болып жалғанады);

- Ымыралы дыбыстарға «д»-мен басталып жалғанатын жалғау, жұрнақтар («дікі», «дағы») қатаң дыбыстарға «т»-мен басталып жалғанады, олардың жазылуы дыбыс жүйесінше болады.

Ескерту: Құрау, демеу «да», «де» бөлек сөз болғаны себепті қатаң дыбыстардан соң да сол «да», «де» күйінде жазылады. (Мисал: «қазақта ат да бар, ас да бар»);

- «Ы» бітеу буында жазылмайды деген ереже бұзылады; «ы» бар жерінде қалмай жазылады (мисал: «Ынтық», «биі», «жазыу»);

- Сөз артынан айтылатын демеулер алдындағы сөзден сызықшасыз бөлек жазылады; Ондай демеулер түбір сөз бен жалғаудың арасында айтылатын болғанда: Түбір сөзге сызықшамен жалғанып, жалғаумен бірге жазылады (мисал: «жақсы ма?»; «жақсы-ақ ба?»; «жақсы-мысын?»; «жақсы-ақ-бысын?»);

10) Үндестік заңына келмейтін «кер», «дікі», «паз» сықылды жұрнақтар түбір сөзге қосылып жазылады; Ондай жұрнақпен жазылған сөздің түбірінде дәйекші болса, оның дәйекшісі жұрнақ қосылғанда да қалмай жазылады (мисал: «түздікі», «түздікі», «сөзіуар», «білімпаз»);

Ескерту: Қазақша сөздің соңғы буынында жұмсақ «ә» болмайды; Сондықтан «сөзуар», «білімпаз» сықылды сөздердің алдында дәйекші болғанмен, соңғы буындарындағы «а» жуан оқылуға тиіс.

11) Жазудың бұл айтылғаннан басқа ережелері (2-нші жақ жіктеудің «сын» болуы, «б» мен «п»-ның ережесі сықылды, Сиезде қаралып қабыл алынбаған ұсыныстар да) – тіл құралша болады.

## ИУННИҢ 15-і, КҮНДІЗГІ МӘЖІЛІС

Мәжіліс ашылғаннан кейін, мәжіліс ағасы Әліпби тақырыпты байандама жасау үшін Байтұрсынұлы Ақыметке сөз берді.

Әліпби тақырыпты Ақыметтің байандамасы.

- Әліпби түзеу деген түрік жұртында көптен келе жатқан мәселе. Мәселе қозғалғаннан бері түрік Әліпбиінің түзелген жақтары да бар. Түрік Әліпбиінің түбі арабтан шыққанмен, түрік тіліне икемделіп, өзгеріс кіріп, таза күйінде тұрмағандықтан, мен оны, араб Әліпбиі демай түрік Әліпбиі деймін.

- Осы күнгі жұрттардың бәрі де өзі шығарған Әліпбиін тұтынып отырған жоқ. Бәрінікі де өзгеден өзгертіп алған Әліпби Ауропа жұрттарының тұтынған Әліпбиінің түбі көне семит Әліпбиі. Көне семит Әліпбиін өз тіліне үйлестіріп пінікіие (финикия) жұрты алған. Онан гірек алған, гіректен латын, Ауропа жұрттары алған. Түрік Әліпбиінің түбі де көне семит Әліпбиі. Онан көпеліктер алған, көпеліктен арап өз тіліне үйлестіріп алған, араптан иран, түрік және басқа мұсылмандар алған. Солардың қайсысы да бірінің Әліпбиін бірі алғанда, тұрған қалпында алмаған, өз тілінің дыбыстарына қарай өзгеріс кіргізіп алған. Тіліне Әліпбидің артығы болса, алып тастаған, кемтігі болса әріп қосып толықтырған, дәл келмеген әріптер болмаса, оның не түсін өзгертіп, не дыбысын өзгертіп алған. Сондай өз тіліне икемдеп, өзгеріс жасап алған Әліпбилеріне әрқайсысы өз аттарын қойып латын Әліпбиі, орыс Әліпбиі деген де, түрік өз тіліне үйлестірген әліпбиін түрік Әліпбиі деп, қазақ онан өз тіліне үйлестіріп алған Әліпбиін қазақ Әліпбиі деп атауға жолымыз болуға тиіс.



Түрік жұрттары Әліпби түзейміз десе, бәрі қосылып бір Әліпби түзей алмайды. Өйткені тілдеріндегі дыбыстарының түрлері бірдей емес. Дыбыстары бірдей болмаса, бәріне бірдей жалпылап Әліпби жасауға болмайды. Өйткені олай жасалған Әліпбидің не әріптері тұс келмеске тиіс, не әріптерінің дыбыстары тұс келмеске тиіс. Сондықтан түрік жұрттары үшін бір Әліпби түзеу деген мәселені – бір Әліпбиді бәрі негізге алып, түрік жұртының әрқайсысы өз тіліне үйлестіру деп түсіну керек. Солай болған соң бізге ең әуелі, негіз боларлық Әліпби керек; сол Әліпбиді қарастырып табуымыз керек.

Түрік жұрттары Әліпбиі жоқ жұрт болса, белгілі-белгілі Әліпбилерді алар еді де, түрлі жағынан қолайлы-қолайсыздығынан қарар еді де, ұнатқан біреуін алар еді.

Түрік жұрты ондай емес, көптен тұтынып келе жатқан Әліпбиі бар жұрт.

Көптен қолданып, көзге үйір болып, көңілге сіңген, халыққа тамыры таралған Әліпбиді тастай салып, басқа Әліпби ала қою оңай жұмыс емес. Солай болған соң, түрік жұрттары бәріне бірдей негіз боларлық Әліпби іздегенде, әуелі өз Әліпбинің сондай негіз болуға жарайтын-жарамайтынын анықтап ашарға керек. Екінші, өз Әліпбиі жарамаса, онан артық Әліпби табарға керек. Үшінші, қолайлаған Әліпбиді түрік жұртының әрқайсысы өз тіліне үйлестіру керек. Әліпби түзеу жүзінде алдымен істелетін осы үш жұмыс.

Түрік жұрттарында Әліпби түзеу мәселесі қозғалып жүрген себебі - бір кезде түрік тіліне өлшеп жасаған Әліпби, бұл кезде түрік жұртының бұтақтары өскен соң, бәріне бірдей шақ келмей жүргендігі, ол кемші-

лік түрік Әліпбиінде жоқ деп ешкім айта алмайды. Бірақ сол кемшілігі не дәрежелі кемшілік? Негізді кемшілік пе, некен-сайақ кемшілік пе? Екінші сөзбен айтқанда түрік Әліпбиін негізге алуға жаратпай шығарып тастайтын кемшілік пе? Болмаса олай-бұлай түзетумен оңдалатын кемшілік пе? Осы жерін ашуымыз керек.

Әліпби талғап бірін артық бірін кем дегенде, бірінде мін көп, бірінде аз дегенде, табан тіреп бағалайтын бір тиянақ болуы керек. Ол тиянақ Әліпби қасиеттерінен шығатын нарық боларға керек, ашып айтқанда - онымыз Әліпбиді болды-болсыз қылатын сипаттары боларға керек.

Менің ойымша, жақсы Әліпбидің қасиеттері мынадай болуға керек:

Жақсы Әліпби тілге шақ болу керек. Өлшенбей тігілген, о жер бұ жер бойға жуыспай, қолбырап, солбырап тұрған кең киім сияқты артық әріптері көп Әліпби де қолайсыз. Бойыңды қысып, тәніңді құрыстырып, тырыстырып тұрған тар киім сияқты әрпі кем Әліпби де қолайсыз болады.

Жақсы Әліпби жазуға жеңіл болуға тиіс. Әліпбидің әріп сүгіреттері қиын болса, мүшелері көп болса, жазуды ұзақтатып уақытты көп алады.

Әліпбидің жақсысы баспа ісіне қолайлы болу тиіс, әрпін тізгенде оңай тізілетін, басқанда орынды аз алатын Әліпби баспасөзді арзандатады.

Жақсы Әліпби үйретуге де қолайлы болуы тиіс. Әрпі сара жазуға оңай, баспасы мен жазбасының сүгіреті жақын Әліпби үйретуге жеңіл болады.

Жақсы Әліпбиге ылайық бұл төрт сипатқа келмейтін Әліпбилердің бәрі де кемшілікті Әліпби болмақ. Тұтынып жүрген түрік Әліпбиін бұлдағанымызда да,

басқа Әліпбиді бұлдағанымызда да осы төрт сипат жағынан қарап бұлдауымыз керек.

Тұтынып жүрген Әліпбидің о жер бұ жерін өзгертіп түзету деген оңай нәрсе. Тұтынып жүрген Әліпбиді тастап, басқа Әліпби алу деген – ол өте қиын жұмыс. Оны істеуге көп күш, көп қаржы керек. Ондай өзгеріс жасау істеуге адамы, құралы сай, жұмсауға қаржысы мол әлді жұрттардың қолынан келмек. Біздер сияқты анасы да мынасы да жоқ, мешеу жұрттарға бір Әліпбиді тастап, екінші Әліпбиді ала қою оңай жұмыс емес. Солай болған соң, біз осы күнгі тұтынып жүрген Әліпбиімізді әбден тексеріп, негіз болуға тіпті жарамайтын болғанда ғана, шарасыздықтан басқа Әліпбиді негізге алуымыз керек.

Түрік Әліпбиінің қолайсыздығынан залал шегіп жүрген түрік жұрттарының әрқайсысы қандай кемшілігі бар екенін, ол кемшіліктері түзеуге боларлық кемшілік пе, болмайтын кемшілік пе, ашу керек. Қазақ та, башқұрт та, ноғай да, өзбек те, түрікпен де, әзірбайжан да түрік әліпбиінің негіз болатын-болмайтын кемшіліктерін әбден ашса, сонда түрік жұрты болып басқа Әліпби іздеуге болады.

Оған дейін латын Әліпбиін аламыз деп, жасалып жатқан жобалар асыққандардың ісі болса керек.

Мәселенің қазаққа қараған жағына келсек, біз түрік Әліпбиін түзеп, тілімізге шағындап Әліпби жасағанымызға он жылдан асып барады. Қазақ Әліпбиі түрік Әліпбиін негізге алып, қазақ тілі үшін Әліпби жасау оңай екендігін көрсетті. Қазақ басқа Әліпби аламыз десе, өзгелерді еліктеумен аламыз демесе, өз Әліпбиі жарамағандықтан, шарасыз болып аламыз демейді. Қазақ тілінің дыбыстары анықталып ашылған, ол

дыбыстарға әріп арналған. Әліпби деген осы болады. Біз Әліпби түзейміз дегенде түрік Әліпбиін тілімізге келмеген соң тастап түзейміз демейміз, Әліпбиіміздің түзелмей қалған жағы бар. Сонысын ғана түзейміз дейміз.

Түрік Әліпбиінің басқа түрі қолайсыз. Онысы баспа ісі жүзінде де, үйрету жүзінде де кемшілік қылады. Біздің баспа әріптеріміз жазба сияқты тіркесіп басылады. Ауропа жұрттарының, онан басқа да жұрттардың көбінің ақ баспа әріптері дара басылады. Дара әріп сара көрінеді. Жазба түрінде тіркесіп басылғанда, әріптің баста, ортада, аяқта ұшырайтын түрлерінің бәрі алынып, бір әріп бірнеше түр болып саралығы кемиді. Мұнан келетін кемшілік - әуелі бір әріптің бірнеше түрде болуы әріп ұясын көбейтіп, әріп тізу жұмысын қиындатады. Екінші, әріп саралығын кемітумен үйреткен шақта кемшілік қылады. Үшінші, сол кемшілігінің кесірінен осы күнге дейін түрік жұрттары қолмашина жасатып, тұтына алмай келді. Біз Әліпби түзейміз дегенде Әліпбиіміздің осы кемшілігін түзетеміз дейміз.

Әлгі айтылған үш түрлі кемшілік бәрі келіп бір шұқырға құятын кемшілік, Әліпбиіміздің баспа түрін даралаумен үш кемшіліктің үшеуі де жоғалмақшы.

Баспа түрін даралау қолдан келместей онша қиын да, көп те жұмыс емес. Әріп түрі дара мен тіркес екеуінің аралығында басылса оқуға болатынын көрсетерлік аз да болса тәжірибе бар. Қолмашинаға жасалған әріптермен дара басылған сөздерді жылдам оқып кетпегенмен, ақырында оқуға әркімге де болады. Тануға болса, жылдам оқу деген көз үйренумен жетігетін нәрсе, қолмашинаға жасалған әріптерде де көре-біле амалсыздықтан көніп отырған кемшіліктер бар.

Баспаға арнап жасаған әріптерде ол амалсыз жіберіліп отырған кемшіліктер болмайды. Сөйтіп қазаққа қолайсыздық қылып отырған түрік Әліпбиінің жалғыз-ақ баспа түрі болып шығады. Сондықтан біздің Әліпби түзейміз дегендегі істейтін ісіміз әріптердің баспасын дара түрге айналдыру болып шығады.

Қазақ тіліне түрік Әліпбиінен қолайлы Әліпби бар шығар, оны неге қарастырмаймыз, оны неге алмаймыз деуші бар шығар. Солай болған соң мәселенің бұл жағында үндемей өтуге болмайды. Соңғы кезде түрік тіліне өте қолайлы деп жүрген Әліпби латын Әліпбиі. Бұл Әліпбидің түрік Әліпбиімен салыстырғанда артықтығы жалғыз-ақ баспа түрінің даралығында. Басқа жағынан қарағанда кемшілігі көп, артықтығы жоқ. Жоғарыда айтылған жақсы Әліпбиге лайық төрт сипат жағынан сынға алып, екі Әліпбиді қатар қойып қарап шықсақ, екеуінің де артық-кем жері белгілі болмақ.

13) Жақсы Әліпбидің белгісінің бірі – тілге шақтығы деп едік. Әуелі екі Әліпбиді осы жағынан салыстырып қарайық: қайсысы қазақ тіліне сәйкесірек келеді екен.

Түрік Әліпбиінен қазақ дыбыстарына тұспа-тұс келгендіктен өзгертусіз, ережесіз тігілей алынған әріптер:

А, б, п, т, ж, д, р, з, с, ш, ғ, қ, к, г, ң, л, м, н, и - барлығы 19 әріп.

Бұрын дербес иемдеген дыбысы жоқ болып, бірде олай, бірде бұлай жұмсалып жүргендіктен, ережелеп бекітіп алып отырған өріптеріміз: о, у, е, ы - төртеуі; өзгертіп алғанымыз жалғыз: ү.

Латын Әліпбиін алуға жасаған жобаға қарағанда (Қалел жобасы), латын Әліпбиінен қазақ дыбыстарына тұспа-тұс келгендіктен өзгертусіз, ережесіз, тікілей алынатын әріптер:

А (а), В (б), С (си), L (л), М (м), N (н), О (о), Р (п), R (р), S (с), Т (т), F (ф), К (к), G (г) – барлығы 14 әріп. Нақ тұспа-тұс келмегенмен, жуықтығы барлықтан ережелеп икемдеуге келетін әріптер: Е (е), J (ж), Y (ы), I (и), U (у) - бесеуі.

Қазақ дыбысына жуық келетін де әріп болмағандықтан, өзгертіп алынатын әріптер: G (ғ), Q (қ), N (ң), U (ү) – төртеуі.

Мұның үстіне дербес бір әріп келмегендіктен екі белгімен алынатын Ш дыбысының әріпі Sh (ш) бар.

Бұл салыстыру жүзінде латын Әліпбиінен түрік Әліпбиінің анағұрлым артықтығы айқын-ақ көрініп тұр:

Түрік Әліпбиінен ережесіз, өзгертусіз 19 әріп қазақ дыбысына сәйкес келгенде, латын Әліпбиінен 14-ақ дыбыс сәйкес келіп тұр.

Түрік Әліпбиінен ережемен 4 әріп алынғанда, латын Әліпбиінен ережемен 5 әріп алынатын көрінеді. Түрік Әліпбиінен өзгертумен алынған әріп біреу ақ; Латын Әліпбиін алғанда ондай әріп төртеу болатын көрінеді.

Түрік Әліпбиінде бір дыбысқа екі әріп алынбайды. Латын Әліпбиін алғанда ондайда болатын көрінеді.

Жақсы Әліпбидің екінші сипаты жазуға жеңілдігі деп едік. Енді ол жағынан да салыстырып қарайық.

Әріп сүгіретінің оңайлығымен, мүшесінің аздығымен жазуға жеңіл болады. Сүгіретінің оңай-қиындығы да, мүшесінің аз-көбі де қалам сермеуімен өлшенеді.

Қаламның бір сермеуімен жазылатын әріп екі сермеумен жазылатын әріптен шапшаңырақ жазылады, қаламның қысқа сермеуімен жазылатын әріп ұзын сермеумен жазылатын әріптен шапшаңырақ жазылады.

Бұ жағынан салыстырғанда да түрік Әліпбиінің анағұрлым артықтығы айқын екендігін көру қиын емес. Түрік Әліпбиіндегі қалам сермеу саны:

А (1/2-1), Б (1-2), П (11/2-2), Т (11/2-2), Ж (11/2-2), Д (1), Р (1/ 2-1), З (1-2), С (1/2-1-2-3), Ш (11/2-2-3-4), F (1/2-1), Қ (11/2-2), к (2), Г (3), Ғ (3), Н (11/2-2), Л (1), О (1), У (2), Уу (2), Е (2-1), Ы (1), И (11/ 2-2) - барлығы 33-41; оның да көбі нүкте.

2) Латын Әліпбиіндегі қалам сермеу саны:

А (2), b (2), p (2), sh (2), z (4), y (2), r (2), з (2), s (2), k (3), q (4), s (3), n (3), п (3), ш (3), l(1), o (1), ө (2), и (2), e (1), у (2), i (2) - барлығы 53 сермеу.

Жақсы Әліпбидің екінші сипат жағынан да түрік Әліпбиі анағұрлым артық болып шықты. Түрік Әліпбиінде қалам сермеуі 41, латында 53. Түрік Әліпбиіндегі сермеудің көбі нүкте сияқты қысқа сермеу. Қысқа сермеулі әріп пен ұзын сермеулі әріпті жазу екеуі бірдей болмайды.

Жақсы Әліпбидің үшінші қасиеті баспаға қолайлылығы деген едік. Бұл жағынан бәйгені латын Әліпбиі алады. Түрік Әліпбиінің баспасын дараласақ, латын Әліпбиі бұл бәйгені де ала алмайды.

Жақсы Әліпбидің төртінші қасиеті үйретуге жеңілдігі деп едік. Әліпби үйретуге жеңіл болады: 1) әріптерінің пішіні саралығымен; 2) баспа түрі мен жазба түрінің жақындығымен; 3) сүгіретінің жабы сүгірейлігімен, жазуға шеберлікті онша керек қылмауымен. Саралық жағынан түрік Әліпбиі осы күнгі түрі латын Әліпбиінен төмен. Өйткені баспасының бас, орта, аяқ түрлері әріп саралығын кемітетіндігі жоғарыда айтылды. Даралық жоқта әріпте саралық та болмайды, баспасын саралағанда түрік Әліпбиі латын Әліпбиінен саралық жағынан да кем болмайды. Қатта латын Әліпбиі ұлылы-кішілі әріптерімен алынса, түрік Әліпбиі үйрету жағынан да артық болады. Түрік

Әліпбиі дараланған шақта, латын Әліпбиі ұлы әріпсіз болған шақта, екеуі саралық жағынан да үйретуге жеңілдік жағынан да теңеледі. Баспа түрі мен жазба түрінің жақындығы жағынан салыстырғанда, түрік Әліпбиі латын Әліпбиінен озады. Баспаға түрік Әліпбиінің жазба түрі алынған соң, екеуінің арасында айырымы аз болатыны айқын нәрсе. Түрік Әліпбиінің баспасын даралағанымызда, осы күнгі дара түрі мен тіркес түрінің орталығында етіп баспа әріптер жасалса, баспа түрі мен жазба түрінің арасындағы жақындық ілгеріде сақталмақшы. Дара түрін олай жасау қолдан келетін нәрсе.

Сүгіреттерінің жабы сүгірейлігі жағынан салыстырғанда түрік Әліпбиі латын Әліпбиінен тағы озады. Әріп жабы сүгірейлеу болса үйретуге келтіретұн жеңілдігі жазу үйреткен кезде болады. Бала болсын, үлкен болсын қат білмейтін адамның жазуға үйренбеген қолына әріп сүгіреттері неғұрлым жабы сүгірейлеу келсе, неғұрлым шеберлікті аз керек қылса, соғұрлым жеңілдік келтірмек. Латын Әліпбиінен гөрі түрік Әліпбиінің жабы сүгірейлік көп екеніне ешкім таласпас деп екеуін қатар қойып қарап жатуды қажет көрмеймін, керек деушілер болса қатар қойып қарап өтуге де болады. Оның үстіне түрік Әліпбиінің жазу үйреткендегі келтіретін тағы жеңілдігі – түрік Әліпбиінің 14 әрпін жазып үйренген соң, былайғы 10-ны үйретусіз жазылады. Сөйтіп манағыдан бергінің бәрін қорытып айтқанда, екі Әліпбиді салыстырып қарағандағы көргеніміз не?

Түрік Әліпбиінің латын Әліпбиінен кем жері - баспа түрінің дара болмай, тіркес болғандығы. Басқа жағынан көбінесе түрік Әліпбиі артық болып шықты. Баспа



түрін дараласақ, ол жалғыз кемшілік те жоғалмақшы. Әріпті даралау түрік Әліпбиін тастап, латын Әліпбиін алудан әлбетте оңай болса керек.

15) Латын Әліпбиін алу деген сөз екі Әліпби әбден тексерілгеннен кейін шығып жүрген сөз бе, тексерусіз тек алайық дегеннен шығып жүрген сөз бе – ол жағы маған қараңғы. Тексеріп қарасақ, латын Әліпбиінің түрік Әліпбиінен кемдігі болмаса, артықтығы көрінбейді. Жаманнан жақсыға, залалдан пайдаға бой ұру – жөні бар дұрыс іс, оны әркім-ақ қостауға тиіс, жақсыдан жаманға, пайдадан зиянға бой ұрғанда, оны дұрыс деп қостауға болмайды. Латын Әліпбиін аламыз деушілер ол Әліпбидің түрік Әліпбиінен не артықтығын айқындап ашпай, пайдалы екенін бейналап түсіндірмей, тек пәлен-түлен деп алып жатыр, бізде аламыз дейді. Еліктеу мен лепірту базары көтеріңкі нәрсе екені ырас. Бірақ біреу алып жатыр екен деп латын Әліпбиін алуға болмайды. Біреудің істегенін дұрыс-бұрысын тексерместен істеу тек еліктеу болады. Тек еліктеуді маймылша еліктеу деп айтады. Тесе қарап тексеріп, түрік Әліпбиінен латын Әліпбиінің артықтығы мынау, пайдалылығы мынау деп көзге көрсеткен ешкімді әлі көргенім жоқ. Көбінікі құр дүбірге қызу, дүрмекке еру сияқты көрінеді.

Латын Әліпбиін түрік Әліпбиінен кем де болса аламыз дер едік, Латын Әліпбиі Аурупаның мәдениетті жұрттарының пәнді, сәнді әдебиеттерін өзімен ала келетін болса, йағни ол жұрттар бізбен тұқымдас, тілі жақын болып, олардың газет, журнал, пән кітаптарын оқып кететін болсақ. Әліпбиін алғанымен тіліміздің арасында ешбір жақындық болмаған соң, латын Әліпбиінен ондай пайданы көре алмаймыз. Болмаса, латын

Әліпбиін тұтынған жұрттар орыстың орнында болып, аузына қарап, әмірін күтіп, балаларымызға тілін үйретіп отырған жұрттар болса екен. Онда да латын Әліпбиін түрік Әліпбиінен төмен болса да алуда мағана бар дер едік. Ең болмаса, латын әрпін тұтынған жұрттармен көрші отырып, аралас-құралас болып, қатысып, қабысып, түйіндесіп жатқан істеріміз болса екен. Онда да пайда-майдасы тиер дер едік. Мұнда о да жоқ. Тіпті қолайлығын қойып, сұлулығы үшін аламыз десек, ол жағынан да латын Әліпбиінің жеңіп шығуы неғайбіл. Өйткені сұлу жазу қолдың шеберлігіне қарайды. Қолы шебер адам екеуімен де сұлу жазады, қолы олақ адам екеуімен де жаман жазады. Жазбасы емес, баспасының сұлулығы үшін аламыз десек, баспа әріптің сүгіреті шебер қолынан шығады, шебер қолынан екеуі де сұлу болып шығуы ықтимал.

О жақ бұ жағына қарап, латын Әліпбиіне қызығарлық ешнәрсе таба алмаймыз. Латын Әліпбиін алғанда, келтіретін пайдасы жоқ болмақ, істейтін зияны көп болмақ; зияны сол - бұл «сау басқа сақина тілеп алуда» болмай, ауру үстіне ауру тілеп алу болады. Біздің осы күнгі ауруымыздың зоры мешел өскендіктен мәдениет жүзіндегі мешеулігіміз. Надандық, сауатты адамдардың, іс қыла білетін адамдардың аздығы, қаржысыздық, тағысын тағы мәдениет жағынан кемшіліктер. Сол аурудың үстіне латын Әліпбиінің ауруы келіп жамалмақ.

Латын Әліпбиін аламыз деушілер сол қиялын қалай жүзеге шығарамыз дейді екен. Түрік Әліпбиін қалайша қалдырып, латын Әліпбиін қалайша жүргіземіз дейді екен. Осы күнгі аз да болса түрікше сауаттылықты латын Әліпбиінің жолына құрбан қылып, түрікше

сауатты адамдарымызды сауатсыздыққа айналдырамыз дей ме екен? Әйтпесе бала оқытуға күш, құрал, қаржы табылмай жатқанда, түрікше сауаттыларды бір күнде латынша сауатты қылып жібереміз дей ме екен? Болмаса, бұрынғы сауаттыларға газет, журнал, кітаптарды түрік Әліпбиімен бастырып, кейінгілерге латын Әліпбиімен бастырамыз дей ме екен? Олай ойлайтұн болса, осы күні бір Әліпбиімен бастыруға табылмай жатқан қаржыны латын Әліпбиі ала келеді дей ме екен?

Осылардың бәрін анықтап ашып, түрік Әліпбиін түзеуден латын Әліпбиін алудың оңайлығын көрсеткенше, латын Әліпбиі түрік Әліпбиінен жұмысының жеңілдігі жағынан да бәйге ала алмайды, түрік Әліпбиін түзеу жұмысы жалғыз-ақ баспа әрпін даралаумен бітеді. Ол жұмыс латын Әліпбиін алудан жүз есе оңай болатынына таласатын адам табылар ма екен?

Әліпби түзету туралы Ақыметтен кейін Төрекұлұлы Нәзір қосымша байандама жасады:

### **Нәзірдің байандамасы:**

Әріп мәселесін жете тексеру керек деген Ақыметтің сөзін қостамасқа болмайды. Бірақ Ақымет қазақтың осы күндегі қолданып отырған түрік Әліпбиін өте мақтап, латындікін алу қолайсыз деп көрсетті. Біз латын жазуын жете тексермей, бет алдына ұсынып отырғанымыз жоқ. Сондықтан Ақыметтің «жете тексеру керек» деген өз сөзіне латын жазуын керексіз көруі қайшы келіп отыр. Біз латын жазуын қазаққа күштеп алдырмақшы емеспіз, оның әдемілігіне де қызығып отырғамыз жоқ. Немесе өзі латын жазуын алуға қарсы болып отырып, латын туралы «Ақжол» газетінде жоба ұсынған Досмұғамбетұлы Қалел сықылданып, дәлел-

сіз босқа еліктеп те жүргеніміз жоқ. Біз Ақымет айтқандай, жете тексеріп, толық дәлелдер көрсеткелі отырмыз.

Латын жазуының түрікшемен салыстырғанда толып жатқан жеңілдігі, артықшылығы бар. Мәселен бір нөмір қазақ газетін басып шығару үшін 15 пұт арап (түрік) әрпі керек, ал латын әрпімен бассaq  $2\frac{1}{2}$  - 2 пұт кетеді. Баспахананың түрік кассысында 174-200 әріп ұясы болады, латын кассысында 100-ден аспайды. Орыс наборшігі (әріп тізіуші) өз тілінде 7500 әріп тізгенде, латын әрпімен жазылатын поләк, прансұз тілдерінде 5500 әріп теріп шығарады. Татар наборшігі өз тілінде 5500 әріп тізгенде, өзге қазақ, өзбек сықылдылардың тілінде 4000-4200 әріп тереді, арап тілінде 3000 шамалы ғана тереді. Қазақ наборшігі латын әрпімен өз тілінде орыстар сықылды 7500-ді тереді.

Латын әрпі жазуға да түрікшеден жеңілірек. Мәселен түрік әрпінің әрбіреуі төрт түрлі, латындікі бір-ақ түрлі. Және де түрік жазуында әріптердің өте түстестері бар, мәселен ı, ı нүктесі катеден қойылмай кетсе, айыруға болмай қалады.

Латын әрпінің тағы бір қолайлы жағы – оның жазу машинасына керектігі. Осы кезде біз кеңселерде қазақ тілін жүргізбек болып отырмыз. Бұл заманда жазу машинасыз кеңсе істері саулап жүріп кетпек емес. Түрікше жазу машинасын шығару пікірі басталғанға 25 жыл болды, содан бері әлі бір жөнді машина шыққан жоқ.

Міне осының бәрін салыстырғанда, латын әрпін алсақ - әрі оқуға, әрі жазуға жеңілдігі, әрі жұмысының оңайлығы көрініп тұр. Ал қаржы жағына келсек, 15 пұт әріп пен  $2\frac{1}{2}$  пұт әріптің бағасы бір еместігі өзінен өзі белгілі. Латынша басылған кітап арзанға түспек, қызметкерлердің саны азайып, оларға жұмасалтын

ақы да кемімек. Сондықтан біздің латын жазуын алудан қашуымыздың жөні жоқ. Жаңа нәрсені халық жатырқайды екен деп тоқталудың да жөні жоқ. Бұл ретте халықтың бұрынғы миссионерлер қазаққа орыс әрпін алдыртамыз дегендеріне болған көзқарасын мисалға келтіруге болмайды. Қара халық әрбір жаңа нәрсеге тосырқайтыны рас. Отарба мен откеменің шығуына да қара халық бір кезде қарсы болған, бірақ осы кезде соларға өздері мініп жүр, осы кезде Ташкент пен Орынбор арасында отарбаға мінбей, түйеге мініп келіп жүрген адам жоқ. Мәдениеттің жаңалығы, бет алысы халықтың пікіріне қарап жолынан тоқталмайды. Бұрын жұдырықтасып төбелесетін жұрт қазір аспанда ұшып жүріп кимиенің газымен соғысатын болды. Біздің үшін латын әрпінің жаттығы көп болса осылардай-ақ шығар. Латын әрпін алу керек.

Мен латын жазуы күні бүгін алынбағанда да, немістерше қабылдауымыз керек деймін. Немістер латын әрпін өз Әліпбиіне бірте-бірте кіргізген, тым болмаса, біз де соны істелік, сөйтіп бара-бара біраз жылдан кейін латын әліпбиін қолданып кететін болалық, бұл қиын емес. Латын жазуын орыстардың алмай отырған себебі, бірінші, олардың әдебиет кітаптары көп, сондықтан оның бәрін қайта бастыру осы заманда қиын болып отыр, екінші - орыс әрпі біздікіне қарағанда онша ауырлық келтірмейді.

Қысқасы, менің айтатыным - жиылыс бұл мәселені армансыз тексеру керек, жоғарыда көрсетілген дәлелдерді салмақтап, латын жазуын қабылдауы керек. Латын жазуы бізге әрі жеңіл, әрі арзанға түседі. Оңай нәрседен, пайдалы нәрседен, арзанға түсетін нәрседен қашпау керек, мәдениет жолында бір адам да болса ілгері басатын жаққа ұмтылу керек.

Байандаушыға сауалдар беріліп, жауап алынғаннан кейін бұл мәселе туралы сөйлеушілерге сөз берілді.

Міржақып: - Нәзір жолдастың дәлелдерін есіттік. Нәзір бір нөмір қазақша газет шығару үшін 15 пұт түрік әрпі, 2½ пұт латын әрпі кететінін, әріп ұялары арасында да осы шамалы айырма барлығын көрсетіп, латын әрпін алсақ, баспаның жеңілденетінін, жұмысы кеміп, кітаптың да арзанға түсетінін сипаттады. Латын әрпі мен түрік әрпі осы күнгі күйінде тұрғанда солай болатыны рас. Бірақ түрік әріптерінің баспасын біз даралап алмақшымыз. Түрік әрпінің бұрынғы төрт түрі сонда біреуге ғана айналмақ, сөйтіп бұрынғысынан 4 есе кемімек.

Олай болса, бір нөмірлік қазақша газетке латыншадан неше пұт әріп кетсе, түрікшеден де сонша кетеді. Латыншаның ұясы қанша болса, түрікшенің де ұясы сонша болады. Хатта түрікше ұя кем болады, өйткені латынша мен түрікшенің сипырлары, тыныстары, тағы өзге белгілері бірдей болғанмен (сан жағынан), түрік әріптері дараланса, латындікі (әріптері) артып шықпақ. Себебі, түрік Әліпбиінде бас әріптер (заглав. буква) жоқ, латыншада бар. Егер латыншадан бас әріптерді шығарамыз десендер, сонда ғана екі жағы бірдей болады. Осылай болған соң латынша әріптерді алуға біз қызығарлық жеңілдік те, арзандық та болмай қалады.

Енді іске асыру жағынан келелік. Біздің қазақ жұртында азды-көпті ақ үстінен қара танитындар – сауаттылар бар. Латын жазуын алатын болсақ, бізде бір сауатты адам қалмақ емес, онда сауатсыздықты жоюдың орнына біз сауаттылықты жою жолына түспекпіз. Осы күні баспахана күшіміздің кемдігінен, қаржының тапшылығынан қолдағы азын-аулақ кітаптарымызды бастыра алмай, газет-жорналдарымызды дұрыстап

шығара алмай отырғанымызда, латыншаға түссек, бұрынғы мың машақатпен басылып шыққан азды-көпті әдебиетімізді қайта бастырудың өзі бізге жеңіл соқпайды, латын әрпі бізге қаржы ала келіп бермейді. Орыс жұрты латыншаны алмай отыру себебі – әдебиеті көптіктен, соны қайта бастыруды қиын көргендіктен болса, біздің аз әдебиетімізді қайта бастыруымыз орыстың көп әдебиетін қайта бастыруынан жеңіл емес. Өйткені орыста мың сан баспахана бар, бізден байлығы артық, білімі артық, ондай күш бізде жоқ. Сондықтан орыс ауырсынған нәрсені біздің оңай көруіміз ақылға сыймайды. Латын мәселесін көтеру бізге әлі ерте. Онан да күшімізге тимейтін, қолымыздан келетін түрік әріптерін жеңілдетіп қолдана беруіміз керек.

Елдес: - Қазаққа латын жазуын алуды ғылым жағынан тексерудің қажеттігі жоқ. Латын әрпін аламыз деу тек сыртына қызыққандық. Біз латынның әрпін аламыз дегенше, Ауропаның мәдениететін қалай аламыз деп кеңесуіміз керек. Мәдениетсіз біреудің іші қуыс тонын киюден пайда шамалы. Біз не нәрсенің де сәніне қызықпай, дәніне қызығуымыз керек. Латын әрпіне ентелегенше, біз қазіргі қолданып келе жатқан әріптерімізді түзетіп, баспахана қызметкерлеріміз - әріп түзеушілерді дайарлап, баспа істерімізді жөндеуге кірісуіміз керек. Нәзір айтқандай, басқа түріктер 25 жылдан бері жазу машинасын дұрыстай алмай жүрген болса, біз қазір оны жасап та, жазып та отырмыз. Әлі де болса орынсыз латыншаны ортаға салғанша, өз әріптеріміздің кемшілігін толықтыралық, соны қолданалық. Бізде мәдениетке жеткізбей бөгеп жүрген түрік Әліпбиі емес, сондықтан оны жазықсыз құрбан қылудың орны жоқ.

## ИУННИҢ 15-і, КЕШКІ МӘЖІЛІС

Мәжіліс ағасы Арабайұлы Ишанғали байандама туралы сөйлеушілерге жаңадан сөз берді.

Қазанғапұлы Қанаш: – Төрекұлұлының түрікше әріптен 15 пұт керек болған орынға латынша 2 ½ ғана пұт керек деп айтуы ұшқарылау, түрік әрпі ауырлық ретінде көп болып көрінуі әріптерінің арасына қойылатын сына темірдің көптігінен, түрікше әріптерді теру бірден қиын болса, теріп болғаннан кейін аударып салуы екі есе қиын. Олақтау кісі шашып ала береді. Басылып шыққан қағаздарды бүктегенде аударып салып алғаннан кейін ғана бүктеуге болады. Латын әрпінің бір пұты 40 сом, түрік әрпінің пұты 80 сом, осының бәрін есептегенде түрік әрпімен басуға ақша көп кетеді. Латын әрпін қолданғанда шығын азайады. Түрікше әріп кассасына 172 ұйа, латын әрпіне 52 ұйа, орыс әрпіне 92 ұйа керек. Оның ішінде сөздің басына жазылатын үлкен әріптер де бар. Қай жағынан қарасақ та - латын әрпін алу қолайлы.

Қалел: – Нәзір айтқандай, менің латын әрпін алуға қарсы екенім рас. Бірақ латынға қарсы екенімді біле тұра маған латын әріптерінің жобасын жазып беруді тапсырған соң, сол жобаны жасағаным да рас. Түркістенда бұл мәселе қаралып, латын әрпін алу қолайсыз көрілген.

Мәннан: – Латын әрпі пайдалы деушілердің дәлелі – жалғыз баспаның жеңілдігін ғана айтты. Өзге дәлелдері жоқ. Бұған қарағанда, әңгіме латын туралы болмай, түрік әріптерінің баспа түрін жеңілдету жайынан болу керек. Қазір түрік әріптерін жеңілдету шаралары істеліп жатыр. Жазу машиналары жасалған. Латын әрпін алған



әзірбайжандар да оны іске асыра алмай, қазір қайтадан түрік әрпіне түсіп отыр. Сондықтан латын мәселесін көтерудің мағынасы жоқ.

Ишанғали: – Еліктеу деген жақсы нәрсе, бірақ пайдалы нәрсеге еліктеу керек. Бізден мәдениеті жоғарырақ Осман түріктері де бұл мәселені көптен қозғаса да, бұл күнге шейін түрік әріптерін тастай алмай келеді. Біз шамамызға қарамай, қолда барды жоғалтып, жоқты жасай алмай әуреленіп жүрмелік. Өмір жүзінде іске аспайтын нәрсені сөз қылудың орны жоқ, латын мәселесін тоқтату керек.

Ерғали: – Біздің Қазақстанда да осы күнгі қолданып жүрген санақ бойынша сауаттылардың саны 2 процент десіп жүр. Бұл қате. Дұрысында қазақша хат танушылар бұдан көп. Бұлардың көбі жастар. Оқыған жастарды, қаладағысы бар, даладағысы бар, салыстырсақ, қаладағыларының саны артық. Қазақ институтында, Кеңес партия мектептерінде неміс, прансұз тілдері оқу програмына кіргізіліп, міндетті сабақтар ретінде оқылып жүр. Сол тілдерді оқытып жастардың босқа басын қатырғанша, латын жазуына жаттықтырған артық. Осы кезде қазақ тілінде басылғалы тұрған кимие, пизике, шама тілі сықылды кітаптар бар. Осыларға латын әрпі керек болмай қалмайды. Бір ғана түрік Әліпбиін керек дей бермей, латын әріптеріне де көңіл бөліп, Аурупаның мәдениетіне бір табан жақындап, осы бастан жастарға таныстыра беруіміз керек. Латын әрпі әбден талқыға түссін, бұл Сиез үзілді-кесілді қарар шығармасын, кейін тағы да жиылыстарда қаралып, армансыз шешілетін болсын.

Байандама туралы сөз біткеннен кейін қорытынды сөзін айтуға Нәзірге кезек келді.

Нәзір: – Менің байандамама қарсы сөйлеушілердің бәрінің сөздері де дәлелсіз, құр көркем әңгіме болды. Дәлел көрсеткен жалғыз-ақ Міржақып. Мен қорытынды сөзімде шешендердің сөздерінің түріне қарай жауап беріп өтпекпін. Қаржының жоқтығы әр нәрсеге бөгет болатыны рас. Латын әрпін алмаған күнде де қаржы көбейіп кетпейді. Латын әрпін алу ауруға ауру жамау болады дейді. Мен ауруды емдеу деп жауап беремін. Елдес айтқандай, қазақта жоқ болып тұрған әріп жиюшыларды, баспаханаларды өзімізден жасап алу да оңай болмас. Мен қазірден латын әрпін жүргіз деп айтпаймын, тек қазақ Әліпбиіне кірсін деймін. Оқытушыларымыздың жүзден бірі балаларға латын тілін үйрететін болса, бара-бара жайылып кетпек. Құр бұйрықпен тоқтатпай, өмір жүзінде екеуін жарысқа қатар салып жіберу керек. Кейінгі бұрын өздеріне қай жайлысын алар, түрік әрпін қанша мақтағанмен, түзетіп, жеңілдетіп алуға болмайды. Міржақыптың әдемілеген дәлелі ілгергі күнге үміт байлау ғана. Ол үміттің не болып шығатыны белгісіз. Бұл уақытқа шейін жеңілденбеген түрік әрпі еш уақытта да жеңілденеді деп айта алмаймын. Дайын тұрған оңайлықты еске алып, латын әрпін қазақ Әліпбиінің айағына жазып қою керек.

## **ИУННІҢ 16-СЫ, КҮНДІЗГІ МӘЖІЛІС.**

Мәжілісті Бөкейқан ұлы Әли-қан ашып, байандамашы туралы қорытынды сөзін айту үшін Ақыметке сөз берді.

Ақымет: – Нәзір соңғы сөзінде байандама туралы сөйлеген шешендер көркем әңгіме айтты, дәлел келтір-

ген жоқ дейді. Нәзірдің делелдерін де көрдік, өз пікірін үске шығару үшін Нәзірдің де жұмсамаған әдістері қалған жоқ. Нәзірдің бар дәлелі латын әріптері даралығынан баспа жұмыстарына жеңілдік келтіретіндігі ғана. Біз де түрік әрпінің дара түрін тауып отырмыз. Сонымен жазғанда бұрын түрікше таныйтындар ежелеп болса да оқи алады. Латын әрпімен басылған сөздерді ежелеп оқуға да жоқ. Латын әрпін еліктеп әзірбайжан да алып еді. Айағында өмір жүзінде іске асыра алмай, бұл уақытта бұрынғы шығарған декіретін өзгертіп, түрікше әріпке қайта айналып келіп отыр.

Онсыз да латыншадан түрік әріптерінің қиын болмайтыны сипатталғандай. Бір газет үшін латыншадан 2 ½ пұт, бұрынғы түрікшеден 15 пұт әріп керек болатын болса, енді түрікше әріптерді даралағаннан кейін 2 пұт та жететіні анық. Орыс әріптерінің ұясы 98 болса, оның реті мына түрмен болып отыр. Орыста 33 әріп бар, оның бас әріптері тағы сондай 33, барлығы 66. Әр түрлі тыныс, сыйпыр белгілері 32, барлығы 98. Біздің 24 әріпімізге ортақ 32 белгіні қоссақ, барлығы 56 болмақ.

Ал енді әріп қойдыру жағына келсек, біз әлгі 24 дара әріпті ғана қойдырады екенбіз. 24 әріп қойдырудың шығыны латын жазуын жаңадан кіргізуден неше есе кем екенін әркім түсінсе керек. Біз көрініп тұрған дайын нәрсеге қызыққышпыз, өнер – шеберлік жұмсап, ой жүргізіп өзімізге қолайлы нәрсені істеп алуға жалқаумыз. Нәзір латыншамен жазу жеңіл дейді. Бұл дұрыс емес. Латын жазуы мен орыс жазуы бір түстес. Мәселен, менің жасымнан көп жазған бір сөзім әкемнің аты екен, соны орысша да, қазақша да жазайын: Байтурсун, ..... Міне бұған қарағанда, түрікше әріп-

пен жазудың шапшаңдығы, әдемілігі, орынды аз алатыны бадырайып көрініп тұр. Шапсаң жазу қолды көтерместен иіректтей беруде емес, көп жазып әдеттенуден болады. Жазу машинасын басқанда, пианино ойнағандай, қол ылғи секіріп жүреді. Сонда қолдың секіруі шапшаңдыққа бөгет болмайды. Шапшаңдық қолды сырғанатып отырумен ғана болса, жазу машинасын жүргізу, пианино ойнау мүмкін де болмас еді.

Әріптің түрі (біріне бірі ұқсамауы) әртүрлі болса, ол шеберліктің туғызғаны. Қазақтың жастары жалаң сөзбен ғана болмай шеберлікті, іскерлікті көздеу керек. Сонда өзіміздің жастар шебер шығып, осы түрік әрпінің өзінен әлде неше түр шығармай ма!?! Біз мәдениетті, өнерлі болуға талпынсақ, мақсатқа сонда жетеміз, сонда дайын нәрсеге қызығатын болмай, барды ұқсатып, жоқты табатын боламыз. Біз әлі де болса қолымыздағы жұртқа түсінікті әріптерімізді ұқсатып алу шараларына кірісуіміз керек. Латын әрпіне қызыға қойатын ешнәрсе жоқ, латын әрпі ескірген, өлген зат, оны қайтадан тірілтіп аламыз деу адасқандық болады.

Ақымет: Қорытынды сөзін айтып болған соң, Әліпби тақырыпты өз жобасын оқып шықты.

Әліпбиі тақырыпты Ақыметтің жобасы.

Қазақ-қырғыз білімпаздарының Сиезі, Әліпби түзеу туралы жасалған байандаманы талқыға салып тексергеннен кейін, және осы күнгі тұтынып жүрген түрік Әліпбиін тастап, латын Әліпбиін аламыз деген пікірдің де дұрыс-терісін тексеріп қарағаннан кейін, мынау қарарды шығарды:

Қазақ тұтынып отырған түрік Әліпбиінің баспа түрінің дара болмауы баспа істеріне де, үйрету жағына

да қолайсыздық қылатын болғандықтан, ол қолайсыздықтан құтылу үшін түрік Әліпбиінің өзін түзету өзге Әліпби арудан анағұрлым оңай болғандықтан: Түрік Әліпбиінің жазба түрін осы күйінде қалдырып, баспасын дара түрінде алу керек.

Латын Әліпбиінің түрік Әліпбиден артықтығы жалғыз-ақ даралық жағынан болмаса, басқа жағынан қолайсыз кемшіліктері көп болғандықтан, ол артықтығы да түрік Әліпбиінің баспа түрін дараласак жоғалатын болғандықтан, және де латын Әліпбиін жүргізу жұмысы өте көп іс, көп күш керек қылатын болғандықтан, латын Әліпбиін алу деген сөзді ауызға алмасқа керек.

Нәзір: Ақымет жобасының бас жағында дәлел ретінде айтылған сөздерімен жобаның 2-нші бабы мүлде шығарылып, 1-інші бабын, «Түрік Әліпбиінің өзін түзету өзге Әліпби арудан анағұрлым оңай» – деген сөздері шығарылып, қалғаны қабылдансын деп ұсынды.

Ақымет жобасы да, Нәзірдің ұсынысы да дауысқа қойылып, «дәлел ретінде айтылған сөздер қалсын!» деген ұсынысқа төрт дауыс берілді, көпшілікпен жобаның дәлел ретіндегі сөздері Ақымет айтқан түрде қабылданды. Жобаның 1-інші бабын өзгертпей, Ақымет ұсынған түр де қабыл алуға 11 дауыс беріліп, ол да өзгеріссіз қабылданды.

Ерәліұлы Нұртаза: Жобаның 2-нші бабындағы «Латын Әліпбиін алу деген сөзді ауызға алмасқа керек» деген сөзді шығарып, оның орнына «Латын Әліпбиін алу ертерек» деген сөзді кіргізу керек деп ұсынды.

Міржақып: Жобаның айағындағы «ауызға алмасқа керек» деген сөзді түзетіп латын Әліпбиін алу деген

сөзді орынсыз деп тану керек» – деген дұрыс – деп ұсынды.

**Ақымет:** Жобасын Міржақып айтқанша түзетуге болатынын айтып, жобаның екінші бабын дауысқа салғанда Міржақып түзеткен түрде салуды тіледі.

Жобаның 2-нші бабы дауысқа қойылып: оны Міржақыптың ұсынысынша қабыл алуға 8 дауыс берілді де, Нұртазаның ұсынысына 7 дауыс берілді (Сиездің бір мүшесі дауыс беруге қатыспай қалды).

Сөйтіп, Әліпби тақырыпты Ақымет жобасы мына түрде қабылданды:

Қазақ-қырғыз білімпаздарының Сиезі, Әліпби түзеу туралы жасалған байандаманы талқыға салып тексергеннен кейін және осы күнгі тұтынып жүрген түрік Әліпбиін тастап, латын Әліпбиін аламыз деген пікірдің де дұрыс-терісін тексеріп қарағаннан кейін, мынау қарарды шығарды:

Қазақ тұтынып отырған түрік Әліпбиінің баспа түрінің дара болмауы баспа істеріне де, үйрету жағына да қолайсыздық қылатын болғандықтан, ол қолайсыздықтан құтылу үшін түрік Әліпбиінің өзін түзету өзге Әліпби алудан анағұрлым оңай болғандықтан, түрік Әліпбиінің жазба түрін осы күйінде қалдырып, баспасын дара түрінде алу керек.

Латын Әліпбиінің түрік Әліпбиден артықтығы жалғыз-ақ даралық жағынан болмаса, басқа жағынан қолайсыз кемшіліктері көп болғандықтан, ол артықтығы да түрік Әліпбиінің баспа түрін дараласақ жоғалатын болғандықтан және да латын Әліпбиін жүргізу жұмысы өте көп іс, көп күш керек қылатын болғандықтан, латын Әліпбиін алу деген сөзді орынсыз деп тану керек.

Бұл қаулы қабыл алынғаннан кейін Нұртаза: Әліпби тақырыпты Зәліұлы Нұғманның жазып, қол қойып жіберген ұсынысын оқып шығып, оны да дауысқа салуды тіледі.

Нұғманның өзі Қазақстан орталық атқару комитетінің мәжілісінде болғаннан Сиездің бұл күнгі мәжілісінде бола алған жоқ еді. Әліпби тақырыпты ұсынысын орысша жазып жіберіпті, қазақшасы мынадай:

Латын жазуын қолдану тақырыпты ұсыныс:

«Мәселе аса маңызды болғандықтан, және де арап Әліпбиі мен латын Әліпбиінің айырмасы тиісті орындарда күнілгері тексерілмегендіктен, бұл мәселе туралы тағайынды қарар шығарылмасын, бұл мәселе қазақ халқы біріккеннен кейін, Қарақалпақтағы басқаларының өкілдері қатынасатын болашақ Сиезге салыну үшін Оқу кемесериятіне тапсырылсын».

Нұғманның бұл ұсынысы дауысқа қойылып, оны қолдаушылардың саны да, оған қарсы болушылар да бірдей, сегіз-сегізден болды. Мәжілісте болмаған мен, ұсынысына қол қойып берген Нұғманның өз дауысын қосып есептегенде, оның ұсынысын қолдаушылардың саны 9, оған қарсы 8 дауыс болды.

Мұнан кейін мәжіліс ағасы: Қазақша пән сөздері тақырыпты байандама жасау үшін Омарұлы Елдеске сөз берді.

### **Қазақша пән сөздер тақырыпты Елдестің байандамасы**

Елдің мәдениетін өркендету үшін қолдан келетін шаралардың ең маңыздысы баспасөз. Баспасөз ісі берекелі болу үшін, баспасөздің елге, жалпы бұқараға пайдасы тиетін болу үшін, оны бұқара түсініп оқи

алатын болуы шарт. Ол болмаса, жазылып шыққан кітап, газет, журналдардың сөзіне ел түсінбейтін болса, баспасөзден түк пайда болмайды.

Қазақша кітап, журнал, газеттерді қазақ түсініп оқи алатын болуы үшін, оның тілі қазақша болуы керек. Әуелі сөздері қазақша болуы керек, екінші - қазақша сөздер қазақша тізіліп жазылуы керек.

Бұл екі шартқа келмей жазылған сөздерді қазақ түсіне алмайды. Сондықтан ондай сөз елдің мәдениетін өркендету түгіл ермегіне де жарамайды. Баспасөзіміз күшейіп, кітап, журнал, газеттеріміздің саны көбейгенмен, тілі түсінікті болмаса, оның пайдасынан зияны артық болмақшы. Жүре бара қазақша кітап тілі мен жалпы бұқараның тілі басқаланып, бірінің сөзіне бірі түсіне алмайтын болып шықбақшы. Олай болатын болса, баспасөзден кәзір түгіл, түбінде де пайда болуы мүмкін болмайды. Ол болмай бұқара баспасөздің былық тілін үйреніп алып, жалпы бұқараның тілі кітап тілінше былығы беретін болса, қазақтың тілі бұзылмақшы. Бұның қайсысы болғанда да жақсы болмайды.

Олай болмау үшін, кітап тілі бұқараның тілінен басқаланып да кетпей, елдің тілі де бұзылмай, баспасөз қызметін тиісінше атқарып, елге пайдалы болу үшін, қазақша басылып шығатын кітап, газет, журналдардың тілі қазақша болуын осы бастан алдын-ала ескеріп, қам қылу керек.

Сөздердің өзі де, тізілуі де қазақша болу шараларын істеу керек.

Сөзді қазақша тізу қолдан келмейтін жұмыс емес. Ол үшін жазушы жат тілдің сөз тізіміне әуес болуды қойып, «қазақша сөйлем жүйесінің тиісті ережесін



жаттап алса, қазақша сөйлемнің анықтауышы анықталатын сөздің алдына, толықтауыш, пысықтауыштар өздерінің толықтап пысықтайтын сөздерінің алдына келіп арасына басқа сөз салмай жалғаса тізіледі» деген жалғыз ережені жаттап алса болады.

Мәселенің қиыны - сөздің түсінікті болуында, баспа-сөз үшін әсіресе пән кітаптары үшін пән сөздері керек. Ондай сөздер қазақтың өз тілінде бұрын болмаған. Оны жаңадан ойлап шығару керек. Басылып шыққан газет, журналдарды қазақ оқи алатын болуы үшін, оның пән сөздері де қазаққа түсінікті болуы керек.

Бұрын естілмеген жаңа сөз елге бірден түсінікті бола қоймайды. Бірақ пән сөз қазақтың өз тілінен алынып, мағанасы аз да болса тиісті ұғымды сездіретін болса, оны түсіну қиын болмайды. Сондықтан пән сөзді қолдан келгенше қазақтың өз тілінен алу керек.

Пән сөзді қазақ тілінен алғанда түрлі түбірге (я тұқылға) түрлі жұрнақ жалғап алуға болады. Қазақ тіліндегі жұрнақтарды мағына жағынан тексеріп екі бөлуге болады: «лық», «шы», «шыл», «лы», «сыз», «уыш»-тар сықылды тұрлаулы жұрнақтар болады, бұлар түбірге жалғанғанда әрқайсысы айырықша бір тұрлаулы мағынада айтылған сөз болып шығады. «Қ», «н», «ақ» сықылды тұрлаусыз жұрнақтар бар, бұлардың ешбірінде де тұрлаулы мағына жоқ. Мәселен: «қ» жұрнағын «тара» деген түбірге жалғасақ «тарақ» болады, «тарақ» тарайтын аспаптың аты, мұндағы «қ» «уыш»-тың орнында. Сол жұрнақты «төсе» дейтін түбірге жалғасақ «төсек» болады, «төсек», төсейтін аспап емес, төселетін нәрсе. «Н»-ны «сау» деген түбірге жалғасақ «сауын» болады. Сол «н»-ны «жұу»-ға жалғасақ «жұуын» болады. «Сауын» сауылатын мал, «жұуын» жұуылатын

бірдеме болуға керек еді, олай емес - жұғаннан қалған сұу; «кесек» пен («кес» + «ек») «қонақ» («қон» + «ақ»)-та да сондай басқалық бар.

Қазақша жұрнақтар дыбыс жүйесі жағынан тағы екі түрлі болып бөлінеді. Түбірмен үндесіп жалғанатын жұрнақтар бар («лық», «лік», «ақ», «ек», «шы», «ші» сықылды жұрнақтар) үндестік заңына келмейтін жұрнақтар бар («кер», «қор», «дікі»).

Қазақ тілінің жұрнақтары жете тексерілген емес. Тұрлаусыз жұрнақтардың да түбір сөздің мағынасына, дыбыстарына қарай айрықша бір мәнісі болуы мүмкін. Сондықтан түбірге тұрлаусыз мүше жалғағанда аса сақ болу керек. Қазақша түбір сөзге жұрнақ жалғап жаңа сөз шығарғанда, қолдан келгенше тұрлаулы жұрнақпен шығару керек. Тұрлаусыз жұрнақтарды жалғап жаңа сөз шығару үшін, әуелі ондай жұрнақтарды тексеріп сырын біліп алу керек. Үндестік заңына бағынбайтын жұрнақтардың көбі қазақ тіліне сіңіп кеткен жат жұрнақтар. Олармен мәнілес түбірмен үндесіп жалғанатын қазақтың өз жұрнақтары бар. Жаңа сөзді түбірге жат жұрнақ жалғап шығарғаннан гөрі өз жұрнағымызбен шығарған артық.

Пән сөзді өз тілімізден таба алмаған күнде, Ауропа қолданған латынша пән сөздерді алуға болады. Бірақ ондай жат сөздерді алғанда, оны тіліміздің заңына келтіріп өзгертіп алу керек. Өйткені жат сөздің асыл түрін бұзбай алсақ, ондай сөзге қазақтың тілі келмейтін болады және қазақ тілінің заңына келмеген сөзді, оған қазақша жұрнақ, жалғаулар жалғап өзгертуге де болмайды. Ондай сөз қазақ тіліне қазақтың өз сөзіндей болып сіңісе де алмайды, бір түрлі ерсі сөз болып қалады. Жат сөз қазақ тіліне сіңіп түпкілікті қазақ сөзі

болып шығу үшін, мағынасы түсінікті болмаса да, айтуға жеңіл, құлаққа ерсі болмауы керек. Бұл шартқа келмеген сөз қазақ сөзі бола алмайды, тек кітап сөзі болып қана қалады. Олай болып кетсе, кітап тілі ел тілінен басқаланып шығады, кітаптың елге пайдасы болмайды. Және тілдің заңына келмейтін жат сөздер көбейіп кетсе, тіл бұзылады, тілдің негізгі қасиеттері, тұрлаулы заңдары бұзылады.

Олай болғанда да жақсы болмайды.

Жат сөз қазақтың өз сөзіне ұқсап қазақ тіліне сіңіп кететін болуы үшін, оны қазақ тілінің мынадай заңдарына келтіріп алу керек.

1) Қазақ тілінде үндестік заңы бар. Қазақ тілінде үндестік заңына келмейтін сөздер де жоқ емес. Соны айтып, үндестік заңына қарсы болып жүрген азаматтарымыз да бар. Үндестік заңына келмейтін сөздердің бәрі де қазақтың өз сөзі емес, қазақ тіліне кіріп кеткен жат сөздер. Үндестік заңына келмейтін қазақша сөз түрі жалғыз-ақ «нікі» («дікі», «тікі»)-мен жалғанып айтылатын болып тұр.

Қазақ тілінде үндестік заңы бар екеніне осы «нікі»-ден басқа қарсы дәлел жоқ. Дұрысында ешбір тілде де тастай қатқан тұрлаулы заң болмайды. Бір заңның күшімен екінші заңға бағынбай кететін сөз түрлері болмай қалмайды. Ондай заңға келмейтін бірен-саран сөз түрінен ол заңды жоққа шығару, иә ол заң жоғалуға бет алған деп жору қате.

Қазақ тілінде үндестік заңы бар екені рас болса, қазақ тіліне кіргізген жат сөздердің бәрін де сол заңға келтіріп алу керек, сөздің ішіндегі дыбыстарының бәрін де біріңғай жіңішкертіп, иә бәрін де жуандатып алу керек.

2) Қазақ тілінде жұмсақ «ә» сөздің бас буынынан басқа буындарында болмайды, әсіресе сөздің соңғы буындарында жұмсақ «ә» болмайды.

Бұл үндестік заңының салдарымен болған қазақ тілінің айрықша бір қасиеті. Қазақ тілінде «Мәриә», «Кәмілә» сықылды, соңғы буындарында жұмсақ «ә» сөздер де жоқ емес. Бірақ ол сөздер арапша оқыған молдалардың зорлап кіргізген сөздері. Мұндай сөздің ерсі жері – бұларға жалғау қосып өзгерткенде, бұлар қазақ тілінің сөз жүйесінше өзгере алмайды «Кәмілә»-ның өзі жұмсақ болғанмен, мәселен барыс жалғауы, қазақша сөз жүйесінше «Кәміләге» болмайды, «Кәміләға» болады. Қазақ тілінің мұндай сөздің бас буыннан басқа жеріне жұмсақ «ә»-ні сыйдырмайтын қасиеті болған соң, бас буыннан басқа буындарында жұмсақ «ә»-сі бар жат сөздерді қазақ тіліне кіргізгенде, «ә»-ні өзгертіп иә «е», иә жуан «а» қылып алу керек («адабыиат» – «әдебиет»).

Қазақша сөздерде «о», «ұ» дыбыстары бас буындарда ғана болады. Басқа буындарында «о», «ұ» дыбысы бар, «бейнетқор», «қамқор» сықылды сөздер – оның айағында «қор» деген жат жұрнақ болғаннан ғана болып тұр. Тіліміздің ымырасынша «о», «ұ» дыбыстары бас буыннан басқа жерде тұра алмайтын болған соң, бас буыннан басқа буындарында «о», «ұ»-сы бар жат сөздерді қазақ тіліне кіргізгенде «о», «ұ»-ларды басқа бір дауысты дыбысқа айналдырып алу керек (Покров – боқырау).

Қазақша сөздің айағы «ғ», «г», «д» болып тынбайды, «қ», «к», «т» болады. Ондай сөздерге дауысты дыбыспен басталатын жұрнақ, жалғаулар (жіктеулер) қосылып «қ», «к»-лер («т» емес) екі дауысты дыбыстың

арасына түссе (олардың алдындағы дыбыстары да дауысты болса, – «ғ», «г» болып өзгереді. «Ғ», «Г», «д» дыбыстарымен тынған жат сөздерді қазақ тіліне кіргізгенде сөз айағындағы «ғ», «г», «д»-ларын «к», «к», «т» қылып алу керек. Бұл дыбыстардың алдындағы дыбыстары дауысты дыбыс болғанда, артынан жаңа дауысты дыбыс жалғанса: «қ», «к»-лер «ғ», «г» болып өзгертін болып, «т» өзгермей сол күйінде қалатын болуы керек. Ондай сөздің айағындағы «қ», «к»-лердің алдындағы дыбыс дауысты болмаса, ол сөздерге дауысты дыбыспен басталатын жалғау, жұрнақтар жалғанғанда да «қ», «к»-лер өзгермейтін болуы керек. Иә болмаса сөз айағындағы «ғ», «г», «д»-ларды мүлде жоғалтып жіберу керек («Оренбург» – «Орынбор»).

Қазақ тілінің үздіксіздік заңы бар. Қазақша сөздің ішіндегі дауысты дыбыс алдындағы дауыссыз дыбыстан айырылып (онан кейінгі буынға) шыға алмайды («қарағай», «қар-ағай» болып үзіліп буындала алмайды); «мәселе» сықылды үзіліп буындалатын сөздер қазақ тілінде болмайды. Және бір сөздің ішінде арасына дауыссыз иә жарты дауысты дыбыс салмай, екі дауысты дыбыс қатарынан келмейді. Үздіксіздік заңына келмейтін жат сөздерді қазақ тіліне кіргізгенде, өзгертіп үздіксіз қылып алу керек («мәсле» - «мәселе», «мүмін» – «момын»).

Қазақша сөздің екпіні соңғы буынында болады.

Сондықтан екпіні соңғы буынынан басқа буынында болған жат сөздерді қазақшаландыруында тілін соңғы буынға келтіріп алу керек («Самара» – «Самар», «Пуховый» – «Бөкебай»).

Қазақша сөзде бір дыбыс қосарланып келмейді. Сондықтан дыбысы қосарланған жат сөздерді қазақ

тіліне кіргізгенде, қатарынан екі қама айтылатын дыбыстың біреуін иә мүлде жоғалтып жіберу керек те, иә болмаса орнына басқа бір дыбыс кіргізіп алу керек («Маққа» - «Меке», «Алла» - «Алда»).

Қазақ тілінде өзінде жоқ дыбыстардан тізілген сөздер болмаса керек. Тілінде жат дыбыстары бар жат сөздерді пән сөзі қылып алғанда, оның жат дыбыстарын шығарып тастап, орнына қазақша дыбыс кіргізіп алу керек. Жат дыбыстардың әрқайсысына алдын-ала қазақ дыбысын арнап көрсетуге болмайды. Ретіне қарай, мәселен, ерсі «у», «п», «б» болып өзгеруі мүмкін. «Х» дыбысы қазақта кейде «к», кейде «қ» болып өзгеріп, кейде мүлде жоғалып кетуі мүмкен.

Қазақ тіліне кірген жат сөздер түбір сөз есебінде алынып, қазақ тілінің заңдарынша өзгертін болуға тиіс.

Жат сөзді жат жұрнағымен алуға болмайды. Жұрнағымен кірген сөз болса, оның сол жұрнақты түрін түбірге балап алу керек.

Мәжіліс ағасы қазақша пән сөздер тақырыпты айтыс ашылатынын жариялап, айтысушыларға олардың жазылған ретімен сөз берді.

Нәзір: Білім кеңесінің «Қызыл Қазақстанда» жариялаған пән сөздерінен мысалдар келтіріп, Білім кеңесі қабылдаған сөздерінде жалпы негіз жоқ екенін айтты. Қабылданған сөздерден Білім кеңесінің пән сөзді қалай да болса қазақ тілінен алуды артық көретіні көрініп тұр. Пән сөзді қазақ тілінен алған дұрыс, бірақ қазақша пән сөз арналған ұғымға дәл келіп, тілге жеңіл, құлаққа ерсі болмауы керек. Білім кеңесінің «дыбыс жүйесі», «сөз жүйесі» сықылды сөздері сол шарттардың бәріне де дәл келеді, мағына жағынан да, айту, естілу жағынан

да кемшілігі жоқ. Пән сөздерді қазақ тілінен алу үшін, оның осы «сөз жүйесі» сықылды мінсіз болуы шарт. Олай болмай «бейбауырмалдық» сықылды мағына жағынан да қолайсыз, айтқанда құлаққа ерсі естіліп тұратын сөздерді пән сөз қылып алудың жөні жоқ. Қазақ тілінен лайық сөз табылмайтын болғанда, пән сөзді асыл түбірінен алу керек. Және барлық халықтың бәріне ортақ, «Ынтернатсионал», «домоқыратиа» сықылды пән сөздерді өзгертпей, жалпы Аурупаның айтып отырған түрінде алу керек. «Абтомобил», «телеграф» сықылды техникке сөздерін де сол жалпы Аурупаның қолданған түрінде алу керек. Ондай сөздерді қазақшаға аударып Аурупадан алыстаудың пайдасы болмайды.

Бұл күнде ұмытылып кеткен ескі сөздерге қызығудың да керегі жоқ, қазақтың өз тілінде жоқ басқа түріктердің сөзіне қызығудың да керегі жоқ. Қазақты осы күнгі тілінде бар жалпыға түсінікті сөз болмаса, ұмытылып кеткен ескі сөзден де, қазаққа түсініксіз басқа түріктердің сөзінен де Аурупаның сөзін алған артық деп білу керек.

Мәннан: Байандама толық болған жоқ. Пән сөздерін қайдан аламыз, не түрлі етіп аламыз, жат сөзді алғанда кімнен аламыз, тіл іздегенде кімнен іздейміз, жат сөзді алғанда қалайша етіп аламыз? - деген сұрауларға жауап күтіп едік. Байандаушы ең соңғы сұрауға ғана жауап берді. Басқалары тақырыпты ештеме айта алған жоқ, бұрыннан баспасөзде жазылып жүрген, Түркістаннан дау қылып жүрген мәселелері алдыңғы сұраулар еді. Оның жайынан байандаушы ештеме айтқан жоқ. Сондықтан байандаманы толық емес деп біліп, қайтадан толық байандама жасалуын сұрау керек. Пән сөздері тақырыпты мен өз тарапымнан

мынадай жобалар ұсынамын. Пән сөзін әуелі қазақтың өз тілінен іздеу керек; Онан табылмаған күнде, басқа түрік қауымдарына кіріп кеткен сөздерден іздеу керек. Қазақтың өз тілінен де, басқа түріктерден де табылмаған сөзді ғылымның шыққан елінен алуымыз керек деді.

**Қалел:** Қазақ тілі тексеріліп болған жоқ. Біз жат тілдерге қызығуды қойып, әуелі өз тілімізді дұрыстап тексеруіміз керек. Шындап тексерсек, қазақ тілінің өзінен пәнге жарайтын көп сөз табылады. Қазақ тілінен табылмаған сөздерді басқа түріктерден алу керек. Нәзірдің жат сөздерді асылын өзгертпей алу керек деуі қате. Біз тілімізге жат сөз кіргізгенде, оның түбірін ғана кіргізуіміз керек және түбірінің өзін де қазақ тілінің заңдарына келтіріп өзгертіп алуымыз керек. Жат тілдің жұрнақтарын алудың жөні жоқ, жат тілден алынған түбірге біз өз жұрнақтарымызды жалғайтын болуымыз керек.

Пән сөздерін қабылдау реті мынадай болуы керек. Бүтін қазақ халқы үшін жалғыз Білім кеңесі болуы керек, ол Білім кеңесінің жанында әр пәннің мамандарынан сайланған кемесиелер болуы керек. Пән сөздер әуелі тиісті кемесиенің сынына түсіп, оның қабылдап алған сөздері баспасөз жүзінде жарияланып, көптің талқысына түсуге тиіс. Ол пән сөздер сонан соң ғана барып Білім кеңесінің қарауына түсіп, бекіліп шығуы тиіс.

**Ишанғали:** Пән сөзін қазақ тілінен, онан табылмаған күнде жалпы түрік тілінен алу жолын қуаттап, қазақша лұғат кітабін жазып шығару керек екенін айтты.

**Мәннан:** Тартыстың созылып кеткен себебі – байандаманың толық болмағандығынан деп жаңадан байандама жасауын тіледі.



Мәжіліс ағасы Ишанғали: Байандама толық болмады деу қате. Мәннанның қанағаттанбаған мәселелері болса, ол туралы байандаушы қорытынды сөзінде ашып айтуы мүмкін.

Сөз сұраушы ешкім жоқ. Сондықтан енді Елдес қорытынды сөзін сөйлейді.

**Елдес:** Пән сөзі тақырыпты негізгі жолымыз қандай болуға тиіс екенін мен байандамада айтып өттім, оны қайта айтудың қажеті жоқ. Сөйтсе де Мәннанға жауап бермей болмайды. Мәннанның «пән сөздерін қайдан аламыз?», «не түрлі етіп аламыз?», «жат сөзді алғанда кімнен аламыз?», «тіл іздегенде кімнен іздейміз?», «жат сөзді алғанда қалайша етіп аламыз?» – деп жауап күткен сұраулары дұрысында толып жатқан сұрау емес, сөзді түрліше құрастырып, қайта-қайта айтқан екі-ақ түрлі сұрау. Мұның біреуі «не түрлі етіп аламыз?» бен «жат сөзді алғанда қалайша етіп аламыз?» - деген сұрауға жауап болды. – Оны Мәннанның өзі айтып өтті. Мәннанның басқа сұраулары: Жалпы түрік тілі мен Ауropa тілінің қайсысына артық баға беру керек деген сұрау. Меніңше, байандамада бұл сұрау да жауапсыз қалған жоқ еді. Пән сөзі тақырыпты негізгі жолымыз - оның қазаққа, жалпы бұқараға түсінікті болуы, қала берді - тіліне жеңіл болып, құлағына ерсі болмауы. Пән сөзін әуелі прансұздан іздейміз, онан табылмаса немістен іздейміз, онан табылмаса қытайдан іздейміз деген сықылды жер жүзіндегі тілдердің бәрін бағалап, алдын-ала реттеп қою мүмкін емес. Қазақ тілінің заңына келмейтін ноғай сөзі мен қазақ тілінің заңынша өзгертіп, жалғау, жұрнақтар жалғауға келетін тілге жеңіл, құлаққа жайлы қытай сөзін салыстырып таңдайтын болсақ, меніңше, қазақ тілінің заңына келетін қытай сөзін алу керек.

Қазақ тіліне жаңа сөздер кіргізгенде, ең әуелі ол жаңа сөздің қазаққа жат болмауы, бұқараның тіліне ауыр болмауы, құлағына ерсі болмауы жағын қарастыру керек. Бұл шартқа келмеген сөз, түрік сөзі болса да, қытай сөзі болса да, қазақша сөз болуға жарамайды.

Біздің бұл білімпаздар Сиезі сықылды Сиездің тексерген мәселелері жалпы, негізгі түрде ғана тексерілуге тиіс. Сондықтан байандамада жалпы түрде жасалды. Қай жұрттың тілі бірінші орында, қайсынікі екінші орында болуға тиіс екені айтылған жоқ.

Сөйтсе де Сиезде қазақ тілінен табылмаған сөзді әуелі басқа түріктерден іздеу керек деген жоба көп айтылды. Бұл жоба тақырыпты менің айтатыным: басқа түріктерден, олардың жазылған кітаптарын түсіне алмастай болып алыстап кету жарамайды. Сондықтан басқа түріктерде бар сөзді шеттен іздемеу керек деген жоба қисынды. Бірақ түрік халықтарының бәрінің пән сөзі бір емес. Өзбек, бұқаралық сықылды елдердің тіліндегі сөздердің көбі парсы сөзі, әзірбайжан, осман түріктерінің пән сөздері көбіне араптан алынған, ноғай тілінде арап, парсы, орыс сөздері бәрі де бар. Сондықтан басқа түріктердің сөзі дегенде, түрік халықтарының барша ортақ жалпы түрік сөзі болмаса, түрік халықтарының кез-келген біреуінде бар сөзді жақын көрудің қисыны болмайды. Қазақта жоқ сөзді басқа түріктерден іздеу керек деген жобаны: түрік халықтарының бәріне ортақ сөздерден іздеу керек деп түсіну керек.

Барлық халыққа ортақ сөздерді жатырқамау керек деген дұрыс, бірақ жат сөздерді жалпыға бірдей деп, жат түрінде алуға болмайды, қазақ тілінің заңдарына келтіріп, қазақтың өз сөзіне ұқсатып алу керек.

Қазақша түбір сөздерге жұрнақ жалғап жаңа сөз шығару, жат сөздерді қазақ тіліне кіргізгенде қалайша өзгертіп кіргізу тақырыпты менің жобаларыма қарсы сөйлеуші болған жоқ. Сондықтан ол жобалардың осы Сиез қаулысы есебінде қабылданғанын тілеймін.

Сиез пән сөздері тақырыпты былай қаулы қылды:

Қазақша пән сөздері қазақтың өз тілінен алынатын болсын. Қазақша, сөзден, түбірге жұрнақ жалғап, жаңа сөз шығарғанда, жұрнақтарды Елдестің байандамасында айтылған жолмен талғап алуға тиіс.

Қазақтың өз тілінен табылмаған пән сөздер басқа түрік халықтарынан ізделсін; басқа түріктер тіліндегі пән сөздер жалпы түрік сөзі болып, жат тілдің әсерінен аман болса, ондай сөздер жатырмамай алынсын.

Ауропа халықтарының бәрінің де сіңіп кеткен, жалпы жұртқа ортақ пән сөздер қазақ тілінің заңдарына келтіріліп, бізге де пән сөз болып алынсын; ондай сөзге мағынасы дәл келетін қазақтың өз сөзі болса, жалпы Ауропа сөзі мен қазақша сөз түбінде екеуі жалпы халықтың талғауына түсіп, қай қолайлысы алынатын болуы үшін, екеуі қатар жазылып отыратын болсын;

Қазақтың өз тілінен басқа тілдерден алынған пән сөздер қазақ тілінің байандамада бейнелеп көрсетілген заңдарынша өзгертіп алынсын.

Қазақша пән сөздерін тексеріп қабылдап алатын орын - қазақша Білім кеңесі – жалпы қазақ халқы үшін жалғыз болсын; пән сөздер әуелі Білім кеңесінің жанында әр пәннің мамандарынан сайланған, әр пәннің өзіне дербес кемесиелерде тексерілетін болсын; кемесиенің қабылдап алған сөздері баспа сөз жүзінде жарыйаланып, көбтің сынына түскеннен кейін, білім

кеңесінің қарауына тапсырылап, сонан бекіб шығатұн болсын;

б) Қазақша пән сөздер Әліпби ретімен тізіліп, лұғат кітабі болып жазылып шығарылсын.

Бұл қаулыға қосымша есебінде Әли-қанның қағаз бетіне кісінің аты-жөнін жазғанда, орысшаға еліктеп, әкесінің атына «оп» (-ов) деп қосып жазу қалсын деген ұсынысы тексерілді.

**Елдес:** Дұрысында кісінің өз атына әкесінің атын қосып айтудың керегі жоқ. Кісінің өз атына әкесінің атын қосып айту, жалғыз қазақ емес, жалпы түрікте жоқ. Қазақ тілінде бірен-саран кісілердің атына, оны аттас кісілермен қатыстырмау үшін әкесінің атын қосып айтатын орындар да болады. Бірақ ондайда әуелі әкесінің атын айтып, оған «ұлы» деген сөзді қосады да, кісінің өз атын соған жалғап айтады. Ескі әңгімелерде Жәнібек батырды «Қошқарұлы Жәнібек» дейді. Кісінің аты-жөнін жазу реті бізде де жалпы түрікше болу керек. Кісінің өз атын аттас кісімен қатыстыру үшін ғана болмаса, әкесінің атын жазбай, өз атын ғана жазу керек. Әкесінің атын жазғанда, оны әуелі жазып, оған «ұлы» деген сөзді қосып, өз атын сонан соң жазу керек.

Бұл мәселені Сиез былайша шешті:

Кісінің аты-жөнін жазғанда оның өз аты ғана жазылатын болсын; үкімет орындарының қағазында кісінің өз атын аттас кісілерінің атымен қатыстырмау үшін, әуелі әкесінің аты жазылып, оған «ұлы» деген сөз қосылып, сонан соң өз аты жазылатын болсын.

Күндізгі мәжіліс осымен жабылды.

## ИУННІҢ 16-сы, КЕШКІ МӘЖІЛІС

Мәжіліс ағасы Әли-қан: Қазақша төрт жылдық мектептердің пыроғырамы (программасы) тексерілетінін айтып, оның жайынан байандама жасау үшін Шонанұлы Телжанға сөз берді.

Телжан: Қазақша төрт жылдық бастауыш мектептің пыроғырамын мына түрде оқып шықты:

Қазақша төрт жылдық баулу мектебінің пыроғырамы.

Бастауыш мектеп оқуына жоспар жасаудағы мақсат - әуелі үйретуге керек нәрселердің орнына керексіз нәрселер үйретіліп, балалардың өмірі босқа өтпеу үшін; екінші, керекті нәрселерді үйреткеннің өзінде де, балалардың саны шамасының, нәзік табиғатының ауанына қарай - жеңілінен ауырына, жақынынан алысына көшу үшін; үшінші - тәжірибемен мерзімдеп бастауыш мектепте үйретілетін білімдердің көлем мөлшерін көрсету үшін.

Баланы үйретудегі мақсат тіршілік ісіне дайарлау. Тіршілік ісіне дайарлау үшін балаларға табиғатты таныстыру керек, табиғатты пайдаланудың әдісін, өнер-білімін үйрету керек.

Өнер-білім деген ұшан теңіз сияқты ұшы-қиыры жоқ нәрсе. Өнер-білімнің бәрін үйретуге балалық күйі сияқты адам өмірінің бір азғантай жағы түгіл, бүтін өмірі де жетпейді. Бастауыш мектеп үшін жасалған жоспар, сондағы оқитын балалардың жасына өлшеп, шағындап, бөліп шығарған өнер-білімнің көлем шамасы ғана болады.

3) Мәдениеті ілгері жұрттарда, мәселен, орыс жұртында бастауыш мектеп үшін жасалған толып жатқан

жоспар бар. Олар бірінен-бірі ұзап кете қоймайтын, біріне бірі қаралас жоспар. Олардың бір-бірінен айырылатын жері әрқайсысы әртүрлі нәрсені бұлдап, өзі бұлдаған нәрсесін оқу түріне отырғызуында ғана.

Соңғы замандағы жасалған жоспарларда өнер-білім балаларға баулу түрінде іс үстінде үйретілсін деген пікір күшті. Біздің Ресей оқу кемесериясі де осы пікірді қуаттап, бастауыш мектептердің бәрінде де оқу баулу түрде болсын деп отыр. Бірақ болсын дегенмен, бастауыш мектептердің бәрі баулу мектебі болып жатқан жоқ. Себебі үйрету солай болсын десе де, олай оқуға сайлаған нәрсе жоқ. Олай істегенде оған лайықтап жасаған құрал болуы керек. Олай үйретуге дайарлаған мұғалім боларға керек. Ондай құралдар да, мұғалімдер де әлі жоқ. Қатта тәжірибе болып жұмысын көргеннен кейін жасалып отырған олай оқытудың жоспары да жоқ.

4) Оқу түрін іспен үйретуді қойып, өнер-білімге балаларды баулу ретінде дайарланған құрал мен мұғалім басқаларда болмағанда, бізде де болмайтыны баршамызға мәлім нәрсе. Олай болса оқу түріне істі қойып, жоспар жасай алмағанымыздың мәнісі жат көрінбеске керек.

Бұл ұсынып отырған жоспар тіршілікке керек өнер-білімнен бастауыш мектепке шағындап шама көрсететін ғана жоспар. Ол өнер-білімдерді құралы сай мұғалім іс үстінде үйретер, құралы жоқ мұғалімнің қолынан келмейтін жерлерді сөзбен үйретер, кітаппен үйретер. Болмаса жоспардың көздейтіні әркім әліне қарай түрлі жолмен үйреткенде де, балаларға білдіретін өнер-білімінің белгілі көлемі болсын деген.

5) Бастауыш мектеп балаларды оқуға ауыздан-дырып, білім дәмін алдыру есебіндегі тойғылықты,

тыңғылықты білім бермейтін шала мектеп екені баршамызға мәлім. Өнер-білім тарабы көп нәрсе болғандықтан тарауы да көп нәрсе екені белгілі. Бастауыш мектеп үшін жоспар жасаудың бір қиын жері - сол толып жатқан өнер-білім тарауларының бәрінен болмағанмен, көбінен балалар іс жүзінде пайдаланғандай, шама шарқына қарай білім аларлық етіп жоспар жасау керек.

6) Тәртіппен балалар үйретіп, тәжірбие көп көрген жұрттарда бастауыш үйретілетін өнер-білім жоспарлары бар екені жоғарыда ескертіліп өтті. Біздей мешел өсіп, мешеулеп келе жатқан жұрт соныдан соныға қонып, соныдан соныға жол салып жатқан алдағы жұрттардың артынан ермесек, алдына шығуға, қарама-қатар жүруге де шамамыз келмейді. Оқу жүзінде жаңадан жол салып, жоспар жасау біздің қолымыздан келмейді. Алдағы жұрттардың алғанын алып, істегенін істеуге жарасақ, со да бізге әзіріне жарайды. Біз бастауыш мектебіміз үшін жоспар жасағанда, алдымыздағы жұрттардың жасаған жоспарларын негіз қылып, аларлығын алып, алмастығын тастап, керек болған жеріне қосып, солардың тәжірибесіне сүйеніп жасауымыз керек. Мұны негізге алмай, өз тәжірибемізбен жасауға өз тәжірибеміз әлі аз.

7) Бастауыш мектепте оқитын балалар (орыс-қазақ демей) жасы бір, табиғаты бірдей болғандықтан, жалпы адамға бірдей, өнер-білім тараулары жағынан орыс мектебі үшін жасалған жоспарларды өз жағдайымызға азырақ икемдегеніміз болмаса, онша өзгеріс кіргізбей аламыз. Дайар жоспарда жоқ нәрселер: Қазақ тілі, тариқы, тұрмыс жүйесі, бұлар мектептерінде оқылмайтын болғандықтан, оқылса да өз тілі, өз тариқы,

өз тұрмысы оқылғандықтан, бізге ылайық мәдениетті елдердің иә орыстың жоспары жоқ. Бұлар үшін жоспар жаңадан жасамақшы. Қазақтың тілін, тариқын, тұрмыс жүйесін мектепте үйрету жоспарын жасау оңай жұмыс емес. Өйткені қазақ тілін тәртіпті мектеп үйреткен тәжірибе әлі аз. Қазақ тариқын, тұрмыс жүйесін үйреткендей тәжірибе тіпті жоқ. Тәжірибесіз жасалған оқу жоспары мектеп бойына шақ келе қойар деп ешқайсымыз да айта алмаймыз. Қазақ тіліне, тариқына, тұрмыс жүйесіне шамалап жоспар кесіп пішкенде де, біз ол тәжірибемізге сүйенбей, өзгелерге қарап пішеміз.

Орыс мектептерінде қазақ тариқы, қазақтың тұрмысының жүйесі, тілі оқылмағанмен, өз тілі, өз тариқы, өз тұрмысы оқылады. солар үшін жасалған жоспарларға қарап біз де шамалап жоспарлаймыз.

Қазақ бастауыш мектебі үшін жоспар жасарда негізге алынған жоспарлар:

4 жылдық баулу, негізгі бастауыш мектеп үшін 1910-ыншы жылы мұғалімдар кемесиесі Қаркөпте (Харковте) жасаған жоспар.

4 жылдық бастауыш мектеп үшін 1911-інші жылы Мәскеу мұғалімдерінің айырықша кеңесінде жасаған жоспары.

Мәскеу оқу кемесериегі тарапынан 1921-інші жылы шыққан баулу мектебінің бірінші басқышы үшін жасалған жоспар.

5) Соңғы жоспардан қазақ мектептеріне икемдеп жасаған Қазағыстан оқу кемесериегінің жоспары.

Осы айтылған жоспарларға қарап, шамалап өнер-білімнің жалпы адамға бірдей тарауларын онша өзгертпей, өз жағдайымызға икемдеп алғандағы, ондағы жоқ нәрселер үшін, соны өзі болмағанымен, сондай



нәрселердің жоспарына қарап шамалаумен жоспарлағандағы, аз да болса, өзімізде бар тәжірибеге сүйеніп жасағандағы 4 жылдық қазақ бастауыш мектебінде өнер-білім тараулары - төмендегі көрсетілген нәрселер болмақ, ол нәрселердің әрқайсысының көлемі, шамасы болмақ.

Ескерту: Өнер, білім деген қарыстап, күлаштап өлшеуге иә болмаса батпандап, мысқылдап өлшеуге келмейтін нәрсе екені баршамызға мәлім. Өзі сондай нәрсе болған соң, оның үйрету жоспарына да олай өлшеу келмейді. Мектепке қаншама шағындап жоспар жасалғанмен, ол жоспар бойға өлшеп тіккен киімдей шап-шақ бола қоймайды. Жоспардың аты жоспар. Жоспар деген сілтеген жөн, мерзімделген жер мағынадағы ғана нәрсе. Ол сілтеген мерзімге жету-жетпеу жүрістің күштілігіне қараған сияқты, мұғалімнің де күшіне қарайды.

Төрт жылдық қазақ бастауыш мектептерінде үйретілетін нәрселер, олардың әр жылға шамаланған көлемдері:

- 1) Ана тілі (сөйлеу, оқу, жазу).
- 2) Шама тілі (сан жүйесі).
- 3) Табиғаттану (табиғаттың тәні, күші, ісі).
- 4) Жертану (жердің іші, тысы, түгі, ауасы).
- 5) Елтану (түрлі жұрт, түрлі тұрмыс кәсібі).
- 6) Тарик.
- 7) Сүгірет салу.

### **Ана тілі**

Бастауыш мектепте ана тілінің сабағынан тіл білімі төрт тарау болып кіреді. Бірінші сөйлеу: ауызекі, жазба мен сүгірет салу және пікірін айта білу;

Оқу: Баспа, жазба - қайсысын болса да жақсылап оқи білу. Оқығанын дұрыс түсіндіру;

Жазу: Сөзді, тыныстарды (тыныс белгілерін) дұрыс жазу;

Тілтану: Дұрыс айту, дұрыс жазу үшін тіл заңын дұрыс білу керек.

Бастауыш мектептің төрт жылында да тіл білімінің осы төрт тарауы да ана тілінің сабағында қалмастан қатар жүріп бармақ.

### **1-інші жыл**

1) Сөйлеу: Балалардың сана-саңлау шамасы, сөз бөлімі, нәрсені танымы қай дәрежеде екенін байқау үшін жасалатын әңгіме тақырыбы балаларға өздеріне таныс нәрселерден болуы керек. Мәселен: Жаз ойнағандағы ойындары, үйде естейтін істері, жақсы көретін малдары, мектепке келуі, бұрын оқыған-оқымағаны, оқыған болса қайда оқығаны, кімнен оқығаны, қандай ертегі, ән білетіні, тағысын тағы сондай нәрселер (балалар ұялмай, қорынбай, бойын билеп сөйлеп үйрену үшін, әңгімелескенде қатесін түзетпей еркін сөйлету керек). Құрал болса мұғалім өзі айтқан әңгімесін сүгіреттеп көрсету керек.

Әліпбидің әріп танытатын бөлімін бітіргеннен кейін, балалардың ұғымын кеңейту. Балалар білетін нәрселердің таптарымен таныстыру.

Балалардың танымы шамалы болатын болса, боларлық нәрселерді сүгіреттеп таныту. Жыл, ай, жұма, күн, түн, сағат сияқты уақыт бөлімдерімен таныстыру, тұрмыста көбірек ұшырайтын ұсақ өлшеу, ұсақ ақша түрлерімен көзбе-көз таныстыру. Адамның денесін, денесінің мүшелерін атату, бес сезім мүшесін таныту.

Нәрселердің жұмсақтық, сұйықтық, мөлдірлік, қайтпалық сияқты қасиеттерін таныту. Ақ, қара, көк, жасыл, сары сияқты түстерін таныту. Түйенің, қойдың, ешкінің түсі, түгін таныту.

Осы әңгімелердің адағында сөйлеу жағынан балаларда мынадай білім болуға тиіс:

Қысқа да болса жүйелеп сөйлей білу.

Қысқа мазмұнды сүгіреттерді сөз қыла білу.

Есінде қалған, естіген, аңғарған, өз басында болған оқиғаларды сөзбен іә сүгіретпен айта білу.

Оқылған мақалалардың мазмұнын өз сынынша жүйелеп айта білу.

Сүгірет іә маңайындағы заттардың аттарын жаза білу.

Айлардың аттарын, күндердің сандарын тіркей білу.

Жыл құсы келген күнін, мұздың бұзылған күнін, бәйшешек шыққан шаманы, малдың балалаған мезгілін, үйдің қыстаудан шыққан күнін тіркей білу.

2) Оқу: «Оқу құралынан» Әліпбиден қысқа мақалаларды ашық оқи білу, оқыған мақаласының мағынасын толық ұғыну. Астарлы мағынаны әшейін мағынадан айыра білу.

Қысқа-қысқа өлеңдерді шамасынша безендіріп оқи білу; әнге салатын өлеңдерді әнге салып айта білу;

3) Жазу: Сөзді буынға, буынды дыбысқа бөліп жазып дағдылану. Әуелі ашық буынды сөздерді жазып дағдылану («бала» ашық буындар, «ақ», «ау» бітеу буындар). Дауыссыз дыбыстардың қосарынан бір буында келетін сөздерді жазып дағдылану. Мұндай сөздерді тақтайға іә дәптерге жазылған жазбадан да, кітаптағы баспадан да жазып дағдылану, сондай сөздерді кітаптан балалардың өздері тауып жазуға дағдылану. Дәйекшілі, дәйекшісіз сөздерді айырып жаза білу (көшіріу).

Осы айтылғандарды үйренгеннен кейін балада мынадай білім қалуы керек:

Сөздің буынын дұрыс айыра білу.

Буын ішіндегі дыбыстарды анық айыра білу. Әр дыбыстың жігін берік білу.

Дауысты дыбыс пен дауыссыз дыбысты айыра білу.

Сөздің жуан, жіңішкесін айыра білу.

Дәйекші қойылатын, қойылмайтын орындарды айыра білу.

Сөйлем айағына ұлы тынысты қойа білу.

Қосылатын, қосылмайтын әріптерді жақсы білу.

## 2-нші жыл

Сөйлеу: Әңгімелесе білу. Жүйесін жуыстырып әңгіме айта білу.

Мазмұны молырақ сүгіреттерді сөз қыла білу.

Оқыған мақалалар мағынасын қуаттайтын, өмірінде ұшыраған иә естіген оқиғаларынан мысалдар келтіріп айта білу. Мұғалімнің нұсқауы бойынша естіген мақалалардың керекті жерлерін тауып ала білу. Мектепте иә үйде оқыған мақалаларының қысқаша мазмұнын мұғалімнің жетектеуімен жүйесіне келтіріп әңгіме қылып айта білу.

Серуенге шыққанда, әуелі қыдырғанда назары түскен нәрселерді, табиғат жүзіндегі құбылыстарды, шаруа жүзінде істеліп жатқан істерді жүйелеп әңгіме етіп айта білу.

Мұғалімнің жазған сұрауларына жауап тауып жазу. Қысқа мазмұнды сүгіреттің мазмұнын өзі жаза білу. Мектеп тұрмысында болған оқиғаларды тізе білу. Мұғалімнің жөнін көрсетіп берген жеңіл тақырыптары бойынша қысқа-қысқа мақалалар жазу. Бір-біріне қысқа хат, қысқа қабар жаза білу.

2) Оқу: Қирағат кітабіндегі сөздерді, қарасөздерді, мақалалардан мысалдарды, өлеңдерді оқу; Әдемілерін жаттау. Оқыған ұсақ әңгіме, шағын ертегі сияқты сөздердің мазмұнын түсініп оқу. Мақала мазмұнын (өлең болсын, қарасөз болсын), көбінесе балалардың үйдегі, мектептегі өмірлері жайынан, ауыл-аймақ тұрмысы жайынан, ауыл маңындағы табиғат жайынан болу керек.

3) Жазу: Тілтану. Айныма әріптердің (к, к, п) ғ, г, б айналатын реттерімен таныстыру; «ү», «ы» әріптері «у» алдында келетін сөздермен таныстыру; бітеу буынды сөздерді ашық буынға айналдыра білу, әсіресе «у» алдында «ү», «ы» келетін сөздердің буындарын айырып дағдылану.

«Құуыу», «бұуыу», «тұуыу», «сұуыу» сияқты сөздердің қай буыны болса да бітеу түрінде де, ашық түрінде де жаздырып, дағдыландыру. «И» алдында «ы» келетін сөздермен таныстыру. Бітеу буындарды аштырып та, аштырмай да жаздырып дағдыландыру. «Ы» дыбысы «й»-дің алдында да, артында да келетін сөздермен таныстыру. Олардың буындарын ашып та, бітеу күйінде жаздыртып дағдыландыру. Сөздердің тұлғасына қарай да, мағынасына қарай да сұрыпталатынын білу. Қос сөз, қосалқы сөз, қосымшалар қалай жазылатынын білу. Басты-басты жұрнақтармен таныстыру. Жұрнақсыз сөзді жұрнақтап жалғатып дағдыландыру. Сөз жұрнақпен жалғанғанда мағынасы өзгеріп туынды сөзге айналатынын ұқтыру. Басты жұрнақтардың сөзге беретін белгілі мағыналарын білу. Атаушы сөздер мен шылау сөздерді айыра білу. Атаушы сөздердің де, шылау сөздердің де өзара айырылатын түрлерін білу. Сөйлемнің тұрлаулы, тұрлаусыз мүшелерін тану.

Тұрлаулы мүшелердің атын да білу, жалаң сөйлем мен жайылма сөйлемді айыра білу. Санама орында қос нүкте, теріс үтір қойылатынын білу, тасымал тәртібін білу.

### 3-інші жыл

1) Сөйлеу: Дұрыстап әңгіме айту. Оқыған мақалалардың мазмұнын айту. Ұшыраған оқиғаларды мақаланың лұғат мәнін бұзбай, қосып ұлғайтып айту. Оқыған мысал, ертегі сияқты сөздердің қолайлы жерлерін алып, айтысқан өлеңдерді, өлеңсіз жазылған әдемі сөздерді жаттап безендіріп айту. Оқыған мақалалардың мазмұнын, мақал, мәтел, тақпақ, жұмбақ сияқты сөздерді шығару. Оқыған мақалаларын мүшелілеу (жоспарын айырту).

Оқыған мақаланың мазмұнын жазу. Мақаланың ыңғайына қарай өз өмірлерінен оқиғалар алып жазу. Мақалаға үйлес мазмұнды мақала жазу. Өз өмірінде иә басқалардың өмірінде болған оқиғалардан алып, сол алған оқиғаларын әліптеп (сүреттеп) жазу. Кітаптан ұнатқан өлеңдерін, әдемі сөздерін өз алдына тіркеп жинау. Күн сайын оқиға тізіп, тізу ретін білу (жүргізу).

2) Оқу: Түрлі дарынды сөзді, пәнді мақалаларды, өлеңдерді, мысалдарды, әңгімелерді 3-інші жылдық «оқу құралы» қирағат кітабінен оқыту. Мұнда да жақсы өлеңдерді, мысалдарды алып жаттап, безендіріп айта білу, айтысы бар сөздерді сол айтысқан күйіне келтіріп айта білу. Елік сөздерді еліктеп үйрену.

3) Жазу үйрену, тану: Сөздің септеу, жіктеу, тәуелдеу, көптеу жалғауларын айыра білу. Айағы түрлі дыбысты сөздерді алып септеп, жіктеп, тәуелдеп, көптеп жалғаулардың сөздің айақ дыбысына қарай

өзгеруін аңғарту. Сөздерді түрлі жалғауларымен жазып (септеп, тәуелдеп, жіктеп) дағдылану. Мақалалардың ішіндегі сөздердің жалғауларын айыра білу. Зат есім, сын есім, сан есім, есімдік сөздерді септей, тәуелдей, жіктей білу. Етістіктің болымды, болымсыз түрлерін, жаңа есімше, көсемше түрлерді де айыра тану. Етістер түрлерін білу. Сөйлемнің анықтауыш, толықғауыш, пысықтауыш мүшелерін айыра білу. Сөйлем ішіндегі орнын білу. Қаратпа сөздер мен қыстырма сөздерді айыра білу туралы сұраулы, лепті сөйлемдерді білу. Сұрау белгісін, леп белгісін орнына тұтына білу.

#### 4-інші жыл

1) Сөйлеу: Жиылған өз топтарында шығып сөйлеп үйрену, жиылыста байандама жасап үйрену. Әдебиет мәжілістерінде пікір айтып үйрену. Үшінші жылдан көрі көлемдірек мақалалардың мазмұнын ауызекі де, жазып та мазмұндай білу. Берілген тақырып пен жасалған жоспар иә сүгірет бойынша шығарма жазу. Өздері ішінде болған баулу серуендерін сүгіреттеп жазу. Серуенде көрген табиғат көркін сүгіреттеп жазу. Сүгіреттеу: адамның тұрпатын сипаттап жазу. Хат, шолақ хат, сенім қағаз, өкіл қағаз әдресін жаза білу. Өз беттерінен тақырып алып шығарма жазу, көптеп шығарма жазу. Қабырға газетіне, журналына мақала жаза білу. Сауық кештерін жасап үйрену.

2) Оқу: 3-4-інші жылдық «оқу құралы» қирағат кітабіндегі қазақтың үлгілі жазушыларының әдемі сөздерін оқу. Сынға салу. Ғылым-білім мазмұнды мақалалардың мазмұнына түсініп оқып, білім алып үйрену.

3) Жазу, тілтану: Етістіктің райларын білу. Көсемше, есімше түрлерін жіктей білу. Тәуелденген сөздерді

септеп, жіктей білу. Құрмалас сөйлемнің сыйысулы түрлерін айыра білу. Қыйысулы сөйлемдердің салалас, сабақтас түрлерін айыра білу. Сөйлемнің бір өңкей мүшелерінің арасына кіші тыныс қойа білу. Салалас сөйлемдердің арасына кіші тыныс (теріс үтір), орта тыныс, ұлы тыныс, сызық, қос нүкте қойылатын орындарын айыра білу.

Қазақша төрт жылдық баулу мектебінде оқылатын тұрмыс жүйесінің проғрамы.

### **1-інші жыл**

Әуелгі жылдары тұрмыс жүйесі бөлек пән болып оқылмай, басқа пәндермен аралас оқылып кетеді. Тұрмыс жүйесі көбінесе қазақ тілі, табиғаттану сықылды пәндермен аралас болуы керек. Өйткені тұрмыс жүйесі ғылымының шұғылданып қарайтын пәні – адам мен адамның, адам мен табиғаттың арасы.

Сол жолмен жүргенде компылекс әдісіне қарай да бейімделеміз, баланың ұғымына да үйлесе аламыз деп ойлаймыз. Алғашқы жылы тұрмыс жүйесі төменде көрсетілген түрде болуы керек болады: баланың үй ішінің адамдары; балалардың мектептегі ұйымдары, мектеп тәртібі; үйіндегі адамдардың қайсысы не істейтіндігі (үй ішіндегі адамдардың жұмысты бөліп істеуі; ол жұмысты қалай басқаратындығы), үй ішінде қара жұмыстан басқа тағы немен ермек қылады. Мектепте, үй ішінде денсаулық сақтау. Үй ішінің егін салуы, шөп шабуы сықылды кәсіптері тақырыпты балаларға аңғартып түсіндіру. Үй ішінің жазғы, қысқы кәсібі, сауын мал, жұмыс малы, жұмыс құралдары, қарып-қасерлерге қоғам жәрдемі. Бұларға балалардың өздерін араластыру. Өктебір мыйрамы сықылды мейрамдар.



## **2-нші жыл**

Егін салу, пішен шабу, мал төлдеу сықылды ауыл шаруашылығының маусым уақыты, мектептегі балалар ұйымының төрлері (атқару кәмитеті, жиылыс үйірмелері). Малдың қай түрінің төлдегіші, сауынға қолайлылығы, жүндестігі, жұмысқа беріктігі, отырған жерлерінде қандай астық артық, қандай астық кем шығатындығы, олардың шығымын салыстыру, жұт жылдары - олардың неліктен болғаны. Темір ұстасы, өрмекші, етікші, ағаш шеберлерінің кәсіптері, ауыл қаладан не нәрсе сатып алады, қалаға ауыл не нәрсе сатады. Айырбас жайында қысқа мағлұмат, ауыл кеңесі, қала жайында әңгіме, ауылдағы жалшы, ауылдағы таптар, жарлы, орта, бай. Май мыйрамы сияқты мейрамдар.

## **3-інші жыл**

Үшінші жыл тұрмыс жүйесі жағырапыйаның үшінші жылдық проғрамының ішіне кіргізілген. Сондықтан үшінші жыл тұрмыс жүйесі жағырапыйамен бір кетеді. Тек тұрмыс жүйесі үшін ауыл малының есебі, болыс жайына толығырақ кідіріп өту керек.

Ескерту: 1, 2 жылда көрсетілген нәрселер бөлек оқылады деп ұғу керек емес. Олар да қазақ тілі, жағырапыйа сияқты үстінде жолай қыстырылып кетеді деп түсіну керек.

## **4-інші жыл**

Үй шаруашылығының керек нәрселері: жер, құрал, мал, жұмыс қыларлық адам. Үй шаруашылығының мақсаты, үй ішін асырау, бірлестік, қалаға нәрсе жеткізу,

тағысын тағылар. Шаруашылық жоспары (қанша пішен шабу, егін салу, мал сауу, жұмыс малын қалай ұстау керек, тағысын тағылар).

Шаруашылыққа қолайлы, қолайсыз шарттар: топырақ түрі, ауа райы, базардың алыс-жақындығы сияқтылар. Жаңа білім, жаман әдеттер, шаруашылықтың күші, жерінің саны, сапасы, алыс-жуықтығы, жыл мезгіліне қарай пайдалану, малының саны, сапасы, құралының түрі, жұмыс қыларлық адамдары, тағысын тағылар.

Жер пайдалану түрі: ортақ пайдалану, шаңыраққа бөлу сияқтылар. Жерінде не нәрсе егілетіндігі, мал санының өршіп, өшуі. Басқа жерлермен салыстыру. Шаруашылықтың кіріс, шығысы. Өзіндік әм ақшалы бөлімдерді, ақшаға ауылдан алатыны. Ауыл шаруашылығының жүйелері: жарлы, орташа, ауқатты, бай; бұлардың арасы, бір-біріне жағымы. Ауыл нәрсесін қайда сатады, не үшін сатады. Ауыл мен қала керек нәрсесін бұрын, соғыс кезінде, осы күні қайдан алды. Базар, жәрмеңке, алыпсатар, кәперетсие. Ауыл кәсібі, қала кәсібі, бұлардың айырмасы.

Қоғам арасында еңбек бөлісі, қай түрмен жалшылар мен қара шаруаның бірігуі. Тұрған ауылының қоғам үшін атқарып тұрған қызметі. Бір өңкей ауыл шаруаның салығы; оның мақсаты: ауылға, болысқа, оязға негізгі ділгер нәрселер не?

Құралдар керектігі, отырған ауылының, болысының, ойазының тариқы. Олардың шаруашылығы, табиғат құбылыстарымен өзгеріп тұруын түсіндіру; мектеп, оқу үйі, мейрамдар, театр, жастар ұйымы, оның қызметі мен мақсаты; Пебырал (Фебрал) төңкерісі, өктебір төңкерісі. Жалшылар қожалығы, кеңес үкіметі, гүбірнелік үкімет, Қазағыстан үкіметі, Түркістен үкіметі. 4 жылдық баулу мектептерде табиғаттану прорырамы.

#### **4-інші жыл**

Табиғат: Өлі, тірі табиғат, оның күйлері, қасиеті, термометірдің керектігі.

- Судың қасиеті, табиғат пен адамға судың не үшін керектігі, суға қатысқан нәрселер, суды тазарту әдісі, бу, бұлт, жаңбыр, қар, бұршақ, қырау, шық.

- Ауаның тектері, қасиеттері.

- Жер: жердің құйқасы, құйқаның заты, минералдар. Жер жыныстары: саз, құм, шарықтастар, шақпақ тастар; өсімдікке бұлардың керегі, бұларды тұрмысқа тұтынуы. Кендер: тұз, тас көмір, шым көң, мұнай; Бұлардың керектігі, Қазақстанда бұл заттар қай жерден табылатыны.

- Металдар: Олардың айырықша қасиеттері. Кен тастар. Металдарды қазып алу, темір, мыс, қалайы, қорғасын, сынап, күміс, алтын.

1) Өсімдіктер: өсімдіктердің өсуі, дәннің өсетін шарттары, қандай дәндер өсе алады. Су, ауа, жылу, жарықтардың дән өсуіне керектігі, өсімдіктердің мүшелері: тамыр, сабақ, жапырақ, гүл, олардың өсімдікке керектігі; гүлді, гүлсіз өсімдіктер.

Жеміс дәнінің тұқым түрлері, кендір, картоп, көде, бидай, тары, қарағай, терек, тобылғы, бактериелер, олардың қасиеті, көбейіп, азаюы, пайдалы, зиянды бактериелер.

#### **Жануарлар**

- Адам, адамның сүйегі: сүйектің керектігі, сүйектің қалай қосылатыны, бастың, дененің, аяқ, қолдың сүйектері.

- ет, оның керектігі, еттің қызметі, сіңір, оның қызметі;

- қоректену; қоректенудің керектігі, асқазанның қызметі;

- дем алу, дем алудың керектігі, дем алуға керек мүшелер;
- қан жүруі, оның керектігі, қан жүруге керек мүшелер;
- керексіз нәрселерді сыртқа шығаратұн мүшелер, тері, бүйрек;
- ми - ми тамыр саласы, оның керектігі;
- сезім мүшелері, көру, есіту, татым, сипау, иіскеу.

### **Сүт қоректі жануарлар**

Ит, мысық, қойан, сарышұнақ, суыр, жылқы, сыйыр, құстар.

Торғай, тауық, қырғауыл, үйрек, қаз, тырна, дуадақ, бүркіт.

Бақа-шайан: кесертке, көлбақа.

Балықтар: адабұға, шортан, табан.

Құрт-құмырысқа: қара шыбын, бүрге, бит, қандала, шегіртке, инелік, ара, жібек құрты, адам ішегіндегі жылан.

### **Төрт жылдық баулу мектептерінде оқылатын жағырапыйаның (жертану) проғрамы**

4 жылдық мектептердің алғашқы жылдарында жағырапыйа бөлек ғылым болып оқытылмайды. Тек ана тілінің сабағымен аралас жағырапыйадан мағлұматтар үйретіліп кетеді. Бөлек ғылым есебінде болып жағырапыйа үшінші жылдан бастап оқытылады. Бұлайша жағырапыйаны оқытқанда әуелі туған жер, соның жақын маңайы, сонан кейін дүние жүзімен таныстыру керек.

### 3-інші жыл

Отантану, жердің дөңгелектігі, пылан, масштаб, төрт түс, тұстық, жер беті; класты, мектеп үйін, қораны пыландау. Жердің биіктігін аңғару, ауыл айналасындағы ойпаң, биік жерлер, ауылдағы жұрттың кәсіптері. Диқаншылық, мал асырау. Бақшашылық, сауда, басқа кәсіптер, жақын қала мен ауыл арасындағы тауар және басқа өндірісті заттар айырбасы. Ауылда әлеумет шаруашылықтары, оларды басқару жолы. Ауыл, болыстың бөлімі, ауылдың халқы. Болыс, болыстық мекемелер, ойаз, ойаздық қала. Болыстың, ойаздың халқы. Ойаздағы табиғаттың райы. Ауа, жаңбыр, қар, қырау, дауыл, бұршақ, жыл тоқсаны, ағынды, ағынсыз сұулар; құдықтар, өзен. Ойаз, гүберне жерінің беті; Тегістік, төбе, тау, үстірт, сайлар, өзеннің аңғары, сор, жер құйқасы, жер топырағы, жержексені, кендер. Гүбернедегі жануар, өсімдіктер. Гүберне, гүбернелік қала. Қала шаруашылығы, қаладағы өкімет кеңселері. Гүбернедегі, ойаздағы белгілі қалалар.

Қала халқының кәсібі, сауда кәсібі, жол қатынасы, қала мәдениет кіндігі, қаланы ауылмен салыстыру. Жұмыс түрлері: егіншілік, мал бағу; кітапханалар, кылубтар, театырлар.

Гүберне халқы, гүбернедегі халықтың саны, тығыздығы, тұқымы, гүбернедегі халықтың кәсіптері, жолы. Мемлекет не нәрсе; гүберне республикенің бөлімі екендігі.

Жер: жердің пішіні, шамасы, жердің қабығы, іші. Аспан, аспанда көрінетін нәрселер. Ай, оның пішіні. Күн, күннің жолдастары, күннің жерге әсері. Пыланеттер, жұлдыздар, үркер, темірқазық, ақбоз ат, көкбоз ат, олардың арқаны, құйрықты жұлдыздар, олардың көрінуі, аққан жұлдыздар.

#### **4-інші жыл**

- Қазағыстан, Түркістен жерінің кендігі, табиғат жағдайы, халқы, халқының кәсібі. Жолдар, кіндік қалалар, ел билеу түрі.

- Кеңестер одағының пыланымен танысу, одақ жерінің ұзыны, көлденеңі, ауданы, шегі, көрші мемлекеттер.

- Одақтың шаруашылық аудандарға бөлінуі.

- Аурупалық Ресей; оның жерінің беті, ауасы, өсімдіктері, жәндіктері, жерінің құйқасы, Аурупалық одақтық жаратылыстың жағдайына қарай бөлінетін аудандар:

1) Солтүстік диқаншылығы жоқ өлке, оның жағдайы, халқының тұрмысы, кәсібі;

2) Далалық дыйқаншылық өлке;

3) Кәсіпшіл өлкелер, оның кендері (Орал, Дон кендері);

4) Қапқаз, оның таулары, тауының тұрмысы, табиғатының жалпы жағдайы, халықтың тұрмысы, кәсібі;

5) Жылы үйек өлкесі (Қырым), Қара теңіз жағасы, Сібір, оның ауасы, жерінің беті, табиғатының жағдайы, халқының тұрмысы, кәсібі; кенді Қапқаз, Орал сияқты аудандардың кәсібі, олардың одаққа пайдасы, одақты билеу реті.

### **Шама тілінің проғрамы**

#### **1-інші жыл**

10-ға дейін сан үйрету: маңайдағы нәрселерді 10-ға дейін санау, маңайдағы шамаларды өлшеу.

Ескерту: Маңайдағы түрлі шамаларды өлшегенде жатырақ өлшеумен өлшетпей, өздеріне белгілі, тұтам,

қадам (адым), құлаш, сүйем, өздерінің елілерімен өлшету.

10-ға дейін ілгері қарай, сонан кейін 10-нан кейін қарай санау.

Оның ішіндегі сандарды қосу, алу.

Сипырлар, қосу, алу, бара барлық белгілермен танысу, онға дейін көбейту мен бөлу (көбейту мен бөлу белгілері), бөлшек сандар:  $1/2$ ,  $1/4$ ,  $1/8$ , метр өлшеуімен таныстыру.

## II

20-ға дейін ауызекі санаумен сипырларды жаза, тани білу.

1) 20-ға дейін сандарға 4 амалды тұтына білу. 20-ның ішіндегі сандарды көбейте білу. Ұзындық өлшеулерімен танысу. Бөлшек сандар:  $1/12$ ; Малдың барлық етін 12 жілікке бөлу, ай жылдың  $1/12$  екенін білу.

## III

100-ге дейін жаза да, ауызша да санай білу.

Ондықтап төрт амалды білу.

Ғырам, декағырам, гектоғырамдарды білу.

Уақыт өлшемдері (жыл, ай, ай аттары, жеті, жетідегі күннің сандары мен олардың аттарымен танысу, айта білу), сағат, мийнөт, секүнттермен таныстыру.

Ашық жердегі ұзындықты өлшеу, нәрселердің салмақтарын өлшеу.

## 2-нші жыл

100-дің ішіндегі сандарға төрт амалды тұтына білу (жаза да, ауызша да санай білу).

100-дің ішіндегі сандардың көбейту кестесін білу.

Мыңға дейін жаза, ауызша санай білу.

Мыңның ішіндегі сандарға төрт амалды тұтына білу, бөлгіші 2, 4, 8, 16 болып келетін бөлшек сандарды қосу, бөлгіші 10, 100 бөлшектерді оқи, жаза білу, бұларды қосу мен бөлу. Сандарды 10, 100 рет көбейтіп, азайта білу, метір өлшеулерінің түрімен таныстыру, оларды азайтып, көбейтіп үйрету.

Нүкте, сызық (түзу, сынық сызық) түзу сызықтарды жаза білу, шаршы, тік бұрышты төрткілдерді сыза білу.

### **3-інші жыл**

Қандай сан болса да жаза да, ауызша да санай білу.

Қандай сан болса да қоса да, ала да білу. Жақша, тік қоршау, буынды қоршау, көбейту мен бөлу.

Екі, үш, төрт сипырлы сандарға бөлу, ондық бөлшектермен танысу, бұлардың қосылуы мен алынуы. Метір өлшеулері. Ондық бөлшектерді көбейту мен бөлу.

Түзу сызықты ашамен бөлу, тік бұрышты төрткілдердің ауданын елшеу. Дөңгелектерді қағаздан оюмен сызу (ашамен), өре мен өріс. Шаршыны 2-ге, 4-ке, 8-ге бөлу; ғрадүспен танысу, диағырамдар жасай білу.

### **4-інші жыл**

Арнаусыз, жиынды, арнаулы сандарды 4 амалмен есептей білу, жіксіз (өзінен басқаға бөлінбейтін) сандар, жікті (өзінен басқаға бөлінетін) сандар; 2, 3, 4, 5, 6, 8, 9-ға бөліну белгісі, жікті сандарды жіксіз сандарға жіктеу. Ұлы бөлінбе мен кіші бөлме, оларды табу. Жай бөлшектер, бөлшекпен танысу, олардың қалай шығатыны. Дұрыс бөлшек, бұрыс бөлшек, аралас сандар. Жай бөлшектерді өзара және ондық бөлшектермен



салыстыру, жәй бөлшекті ондық бөлшекке айналдыру. Бөлшекті көбейту, азайту, ықшамдау, бөлімдерді, бүтіндерді табу.

Арнауыс бөлшектерді (төрт амалмен) арнаулы бөлшекпен төрт амалмен есептеу, процент есептеп шығару.

Диағырам істей, жаза білу, бұрыштардың қосындысы (транспартр) үшкілдердің түрлерімен барабарлығы.

Екі жағы мен арасындағы бұрышына сүйеніп үшкіл сызу; осы белгілерден екінші үшкілді барабарлап сызу. Ортасы өткелсіз екі нүктенің арасында өлшеу; Үшкіл, тік бұрыш, төрткіл жерлердің пыланын жасау. Көпкіліктер, теңгілдер, көпкіл жерлердің пыланын жасау.

Байандаушыға түрлі сауал беріліп, жауап алынғаннан кейін байандама тақырыпты айтыс ашылды.

Сиез байандама тақырыпты сөйлеген шешендердің сөзін тексере келе: бастауыш мектеп проғырамы әуелі сол үшін сайланып қойған кемесиеде қаралсын деп үйғарды.

## **ИУННИҢ 17-ci, КҮНДІЗГІ МӘЖІЛІС**

Мәжіліс ағасы Әли-қан: Бастауыш мектеп проғырамын қарайтын кемесие жұмысын бітірмегенін айтып, ауыз әдебиетін жию тақырыпты байандама жасау үшін Досмағамбетұлы Қалелге сөз берді.

Қалел: Қазақтың ауыз әдебиетін жию жұмысы бұл уақытқа шейін не күйде болып келгенін, бұрынғы жағырапыйа ұйымдарының не істеп, не қойғанын, төңкерістен соң Кеңес үкіметі заманында жиылған ауыз әдебиеті қандай болғанын, олардың не түрде

жиылғанын ауызекі айтып өтті (жазулы байандамасы болған жоқ).

Мұнан кейін айтыс ашылып, қазақтың ауыз әдебиетін жию тақырыпты бұл уақытқа шейін істелініп келген шаралар тексеріліп, талқыға түсті.

Қалел: Қорытынды сөзінде қазақша ауыз әдебиетін жию шаралары деп мынандай жоба ұсынды: Елдің ауыз әдебиетін жию үшін әр аймақта тұрып қызмет қылатын Білім кеңесінің қойған кісілері болуға керек. Олардың жиған сөздері Білім кеңесі жанындағы мамандардың сынынан өтіп, қабыл алынғандары тоқтаусыз басылып шығып, ел ішінде тарайтын болуы керек. Ауыз әдебиетін жиғанда, ел аузындағы сөздердің мынасы жақсы, мынасы жаман деп талғау керек емес, барын жия беруге керек. Жиылған әдебиеттің қаншалық керек екенін ашатын орын - Білім кеңесі ғана болу керек. Мұның үстіне Сиез халық әдебиетін жиюдың аса керектігін айтып, ол үшін қазынадан жеткілікті қаржы бөліп тұруын сұрау керек.

Әли-қан: Бұл ұсынысты толықтырып, былай деді. Халықтың ауыз әдебиетін жию кез-келген кісінің қолынан келе бермейді. Сондықтан елдің ауыз әдебиетін жиятын кісілерді оны жия білетін кісілерден ғана сайлау керек. Елдің ауыз әдебиетін қалай жинау, қайдан жинау керек екендігін түсіндіріп, өз алдына бір кітап жазып шығару керек, ауыз әдебиетін жиюшылар сол кітаптың нұсқаумен іс қылатын болу керек. Оқу кемесерияетінің оқу жолына ұстайтын барлық қаржысының бір белгілі үлесін (просентін) елдің ауыз әдебиетін жинау жұмысына арнау керек. Сонда ауыз әдебиетін жинаға да, оны бастырып таратуға да қаржы болады.

Сиез Қалелдің ұсынысын Әли-қанның толықтырып, түзеткен қалыпта қабылдап, бұлайша қаулы қылды:

- Елдің ауыз әдебиетін жинау тақырыпты, оны қалай жию керек екенін түсіндіретін нұсқаушы кітап шығарылсын;

- Ел арасында тұрып қызмет қылу үшін, ауыз әдебиетін жинай білетін кісілерден әр аймаққа арнап кісі сайлансын;

- Жиылған әдебиет Білім кеңесінің сынынан өтіп қабылданған соң, тоқтаусыз басылып шығып, ел ішіне тарайтын болсын;

- Ауыз әдебиетін жинап, бастырып шығаруға жеткілікті қаржы болу үшін, оқу кемесеріеті өзінің барлық қаржысынан сол жұмысқа арнап бір белгілі процентін беріп тұратын болсын.

Мұнан кейін оқу, білім кітаптарын көбейту мәселесі тексерілді.

Мырзаұлы Мұқтардың бұл мәселе тақырыпты жазған байандамасы оқылып шықты.

Оқу, білім кітаптарын көбейту тақырыпты Мұқтардың байандамасы

Білім әдебиетін өркендету шаралары осы кезге шейін қолданып келген шаралармен және әдебиеттің осы күнгі жайымен байлаулы болуға тиіс. Бұлар өз жағынан баспасөз мекемелерінің істерімен байлаулы болмақ. Сондықтан қазақ баспасөздерімен қатынастары болып келген, Қазағыстанның мемлекеттік, Мәскеудің күншығыстық, Түркістанның мемлекеттік баспасөз мекемелерінің істерімен қысқаша танысып өтуге тура келеді.

Қазағыстандағы мемлекеттік баспасөз мекемесінің 1923 жылдан бері басып шығарғаны 121 кітап. Оның

сегізі көрікті әдебиеттен, 46-сы мекемелік кітаптар, 18-і мезгілдіктер, жалпы білім әдебиетіне жата алатындары 49 кітап, барлық кітаптың ұзын санымен салыстырғанда - жүздің 40 шамасы.

Білім әдебиетін өзара жіктегенде 49 кітаптың 23-і (100-дің 47-сі) сайасат кітаптары, 13-і (100-дің 26-сы) оқу құралдарынан, 7-сі (100-дің 14-і) шаруа жайынан, 2-уі (жүздің 4-уі) денсаулық кітаптары, қалғандары бірен-саран тәрбие, кәсіподақтар, еңбек жайларынан. Бұл кітаптардың көбі кәсіп ретінде, орысшадан жиырма үшінші жылдың бер жағында аударылғандар, әсіресе мекемелік, сайасаттық кітаптар. Мектеп құралдарының 4-уі халық ағарту кәмесеріетінің шарттары бойынша, үшеуі өз бетіне, алтауы өзгерістен бұрын жазылғандар. Сонымен Қазағыстанның мемлекеттік баспасөз мекемесінің, жазушы азаматтардың еңбектері көбіне мемлекеттік кітап пен сайасат кітаптарына жұмсалған. Әсіресе өте кемісті болып келген мектеп құралдары.

Мәскеудің Күншығыстық баспасөз мекемесінің басып шығарғаны, басуға әзір тұрғаны - барлығы 28 кітап. Мұның көбі көрікті әдебиеттен (10 кітап), сонан соңғысы жаратылыстан (7 кітап), үшінші орында шаруалық (5 кітап), денсаулық, тазалық тақырыпты екеу, мектеп құралынан біреу, сайасат жайынан біреу. Кітаптарының көбі орысшадан аударылған көрінеді. Көрікті әдебиеттің кітаптары да не аударма, не халық аузында сақталып келгендер.

Түркістан кітаптарының көбі көрікті әдебиеттен (9 кітап) және екеуінен басқасы кілең халық аузындағы батырлар жайындағы өлендер. Екінші орында жаңа шыққан мектеп құралдары (5 кітап) (бұл ретте

бұрыннан бар 5 кітап саналмай отыр). Жаратылыстан біркітеб, сайасат жайынан бір кітеб жана бірен-саран проғырамдар.

Түркістан баспасөз мекемесінің ісінен деректі толық мағлұмат болмағандықтан, жоғарыдағы көрсетілген есептерді толық деуге болмайды. Қазақ әдебиетінің өсуіне жәрдемші болып келген бұл үш мекеменің істерін, бағыттарын жалпы тексергенде, істерінің өнімсіздігі, шығарған кітаптарының аздығы, маңызсыздығы, жұмыстарының бағытсыздықтары көзге түседі. Қазақ елінің жаңа тұрмысқа кірісіп, істеп отырған тіршілігіне, қойып отырған мақсатына қарағанда, айтылып өткен кемшіліктер өте-мөте көзге түспекші. Оның бер жағындағы ерсілік: бастапқы басқыштан жоғарғы дәрежеліге дейін ашылған мектептерге қазақ тілінде оқытамыз деп қазақ балаларын мындап жиып алып, сол мектептердің 12-ден 1 нұсқасы жоқ болып дағдарып тұрғанда, үшеуінің біреуінде де мектептерге құрал боларлық жарытымды кітаптар жоқ, бірен-сараны болғанмен де ылайықсыз, аз, ішінде білім әдебиетінің жолына түсіңкіреген жалғыз-ақ Күншығыстық баспасөз мекемесі көрінеді. Бірақ оның да мектептік кітаптары жоқтың қасында (біреу-ақ). Түркістанның мектеп құралдандыру жолына түскісі келгенмен де, жазушы жағынан бөгелетін секілді.

Қазағыстан өзінің міндетті жолына қарағанда, білім әдебиетін өркендету жолында, әсіресе мектеп құралдандыру жағынан ештеме істемегенге тайау.

Әрине, бұл істелмеу жұмыстың өнбеуі, бағытсыздық, түрлі себебтермен байлаулы.

Ол себебтер мыналар:

Өуелі жазуға шұғыл кірісіп отырған оқыған азаматтың кемдігі.

Мемлекет қаржысының тапшылығы.

3) Осы тапшы нәрселерді құрастырып, сұрастырып бір жерге қосып, реттеп, басшылық қылып отырған мекеменің жоқтығы.

4) Қазақ азаматтарының баспасөз мекемелеріне кем қатынасулары, өзі әуелден аз оқығандардың көбі жалпы мемлекет жұмысына кірісіп кетіп, әдебиет жолына еріксіздігінен қатынаса алмай жүр. Бір сыпырасы бір жағынан тұрмыс ретіне, екінші жағынан - халық ағарту кемесериетінің кітап жаздыратын шарттарының уақыты орынсыз тығыздығынан, беретін ақысының шамасы кем, реті қолайсыздығынан жеңіл аудармаларға кәсіп ретінде түсіп кетіп отыр.

Тығыздықтың орынсыз мәнісі: кезінде жазылып баспаға тапсырылған кітаптар бір жағынан қаржының кемдігінен, екінші - баспа құралдың жетіспегендігінен басыла қоймайды.

Бірсыпыра кітап жазушысы шықса да, қаржының жоқтығынан келесі жылдарға қаратылып отыр.

Ақырында, баспақана жұмысына қазақ азаматтарының кем қатынағандықтарынан, тиісті жеңіл шаралардың бірі де дұрысталып қолданылмай отыр.

Әрине, бұл айтылған кемшіліктерді оңай, бірден жойып жіберуге болмайды. Өйткенменде осы кемшіліктерді жеңілдетіп, білім әдебиетін қатарға жеткізуге тиісті шараларды қарастыру кезектегі екпінді істің бірі деп саналса, бұл жолдағы жұмыстар орындалмай қалмас еді.

Егер тиісті шаралар қолданылмай, осы айақалысы осы бағытымен кете беретін болса, білім әдебиетінің жетісуі көп жылға кетпекші. Олай болса, нағыз керекті кезіне жетісе алмағандықтан мақсатсыз зайғы

еңбек болмақшы. Өйткені мектеп кітаптары кезінде дайарланып үлгере алмағандықтан, қазақ тіліндегі оқу ауырлап, қолайсыз болмақшы, оқып жүрген балалардың көбі шығып кетпекші. Ара-тұра оқуды қимағандары оқуын бітіріп шыққанмен де, одан кейін мектепте алып шыққан негізгі білімдерін өз бетімен көлемдетуге тіршілікте, іс жүзінде қолдануға толық білім әдебиетсіз болуына көзі жеткеннен кейін, орыс әдебиетін мақсат қылып, орыс мектептеріне ауып кетпекші. Осы күні құрал жағынан қиын болса да, қазақ мектептерінде оқып жүргендердің көбі орысшаға қолдары жетпей жүргендер, ара-тұра қазақ мектебінен үміті барлар. Енді келіп жас буын - кедей балаларының үмітін кезінде ақтай алмасақ, тұрмыс жүзінде қиналымыз. Оның бер жағында солардың обалы бізге жүктелмек. Қазақша мектептерде оқушылардың орысшаға қолы жетпей, амалсыз оқып жүргендері ауып кетсе, қазақша оқудан үміті болып оқып жүрген бірен-саран оқушыларды ұстай алмаймыз. Сонымен, қазақ мектебі жойылмақшы. Олай болса, қазақ білім әдебиеті болмақшы емес. Ара-тұра шыққан кітаптар пайдасыз, ермек ретінде болмақ.

Сондықтан, келешектен үмітіміз шын болатын болса, тұрмыс заңын дұрыс танитын болсақ, жоғарыда айтылып кеткен ретсіздіктерді, кемістіктерді жойып, білім әдебиетін тез арада бір жөнге салып өсірудің, толықтырудың шараларына кірісу керек.

Оның үшін алдымен әдебиет жұмысын төтенше жұмыс ретінде тану тиіс.

Сонан кейін Қазағыстан орталығында жігерлі, қолдарынан іс келетін азаматтардан еркімен іс қыла алатын Кеңес сайлануы тиіс. Бұл Кеңестің міндетіндегі жұмысы мынадай болуға тиіс:

- Әдебиет жұмысының ретін, бағытын тексеріп, жазушыларға басшылық қылып жөн көрсету.

- Баспасөз мекемелерінің жұмыстарын ынтымақтастырып, кемістерін жоюға шаралар қолдану.

- Жазушылардың басын қосып отыру және соларды қамсыздандыру шараларын істеу.

Кеңестің осы айтылған міндеттерін орындай аларлық арнаулы қаржысы болуы тиіс. Онан басқа барлық кітапқа деп арналған ақшалардың бәрі де сол Кеңесте болуы жөн. Егер де бұл қаржылар да кем соғатын болса, Қазағыстан үкіметі арқылы одақтық үкіметтен осыған арналып қосымша қаржы сұралуы керек.

Кітеаптардың кезектік ретінен алдымен мектеп құралдары түгенделінсін деген нұсқау берілсін. Сонан кейін негізгі пәндерден толық мағлұмат берерлік жәрдемші кітаптар аударылсын деу керек.

Осылармен не қатар, не іле-шала жалпы ел үшін денсаулық, шаруа-тұрмыс жайларынан, қазақтың ескі тұрмысынан кітаптар шығарылатын болсын. Кеңес алғашқы кезде жазушыларға шығарманы кем жазғызып, орышадан тек қазаққа үйлестік ретіндегі өзгерістермен ғана аудартып отыратын болсын.

Жалғыз бұл шаралармен қанағаттанбай, жәрдемші ретінде білім әдебиеттік қауымдар, серіктіктер ашылып отыратын болсын.

Бұларға үкімет, партиялардан түрлі кеңшіліктер, жәрдемдер беріліп білім әдебиет Кеңес басшы болатын болсын. Үстіп үкімет, партия, азаматтар, жалпы ел болып бір жерге күш қосып, іске кіріскен кезде ғана қазақ білім әдебиеті алға басып, қазақ елі келешектегі мәдениетті тұрмыстан үмітті деуге болады. Егер де осы күнгі қазақ білім әдебиетінің нашарлығына, тұрмыс



ретіндегі ділгерлігіне, асығыстығына қарай айтылып өткен шаралар қолданылмаса, басқа шаралар жемісті болады деп үміттену бекер болмақ.

Байандаушыға сауалдар қойылып, тиісті жауаптар алынғаннан кейін, айтыс ашылды.

**Қалел:** Ташкентте қандай кітаптар басылып жатқанын айтып өтті.

**Нәзір:** Күншығыстық баспасөз мекемесінде басылып жатқан кітаптардың қандай екенін, мектепке керек оқу кітаптарының елге жақын Орынбор мен Ташкентте басылуы қолайлы болады деген ойымен, ондай кітаптардың Күншығыстық баспасөз мекемесінің жоспарына кірмегенін айтты.

**Ишанғали:** Қазақша баспасөз ісі ретке қойылмағанын, оқу, білім кітаптарын шығару жөнінде берекелі ештеме істелмегенін көрдік. Қырғызша баспасөз ісіне келсек, оның халі тіпті жаман. Біздің орысша кітаптарды қырғызша аудару алатын кісіміз жоқ. Біздің әзірге қолымыздан келіп отырғаны: қазақ тілінде жазылған кітаптарды қырғызшаға айналдыру ғана. Сондықтан қазақ тілінде жазылған кітап қырғызға да пайдасы тимей қалмайды. Қырғыздың өз оқығандары аз болған соң, қырғыз халқы көбіне қазақ оқығандарына сенеді. Бірақ қазақ азаматтары қырғызды көп ескермейді. Қырғыз арасына шығып, бала оқытып иә басқаша қызмет қылып жүргендер көбіне башқұрт пен ноғай болады. Олар қырғыздың тілін жатсынбайды, ел ішіне барысымен көп ұзамай-ақ үйреніп алады. Қазақ азаматтары қырғызшаны үйрене алмайды. Дұрысында қырғыз халқына басшылық қылып, оған өнер-білім жағынан қызмет қылу қазақ оқығандарының міндеті

болу керек еді. Бірақ қазақ оқығандары бұл уақытқа шейін қырғызға да қол ұшын беру керек екенін ойлаған жоқ. Біз әлі де жәрдемді қазақ азаматтарынан күтеміз, қазақ оқығандары қырғыз халқын да ұмытпасқа керек.

Міржақып: Байандаманы қолдап мемлекеттік баспасөз бөлімінің басуға дайарланған кітаптарды мезгілімен басып шығара алмай отырғанын, басылған кітаптарды ел ішіне тарата да алмай отырғанын айтып өтті.

Оның себебі баспасөз ісіне қатынасқан қазақ азаматтарының кемдігінен екенін және қазақша кітаптарды басып шығаратын баспахананың, кітап таратын орындардың да орысшамен ортақ екенін айтып, қазақша баспахананың да, кітап сататын дүкендердің де орысшадан бөлініп, өз алдына болуын ұсынды.

Қазақша кітап жазатын азаматтардың көбі басқа орындарда қызмет қылып жүргенін айтып, олардың жазу ісіне кірісу керегін, білім ордасының іскер кісілері де, қаржысы да сай болуын ұсынды.

Қазақша баспасөз ісінің берекесіз болуына әсіресе қаржының кемдігі себеб бола келгенін айтып, кітап шығару ісіне қаржыны жеткілікті қылып арнау керек деді.

Басуға дайырап жазып шығарған оқу кітаптары баспаханада кезек тимей бөгеліп жатқанын айтып, баспаханада ең алдымен оқу кітаптары басылатын болсын деді.

Кітап бастыруға Қазағыстан баспасөз бөлімдерінің өз күші жеткіліксіз екенін айтып, кітап бастыру жағынан Мәскеудегі Күншығыстық баспасөз бөлімінің жәрдемі керек, мұнда басыла алмаған кітаптарды Мәскеуде бастыру керек деп ұсынды. Сиез мәселені тексере келе бұлай деп ұйғарды:

- Білім кеңесінің кітап жаза білетін мамандары да, қаржысы да жеткілікті болатын болсын.

- Кітап шығару ісіне қаржы жеткілікті болып арналатын болсын.

- Оқу кемесеріеті жазушыларды басқа қызметтерден босатып, жазу жұмысына алаңсыз кірісетін қылсын.

- Қазақша баспахана, кітап тарататын орындар орысшадан бөлініп өз алдына іс қылатын болсын.

- Басылып шыққан кітаптар ел ішіне тез таратылатын болсын.

- Баспаханаларда ең алдымен оқу кітаптары басылатын болсын.

- Қазақша кітап басып шығару ісіне Мәскеудегі Күншығыстық баспасөз бөлімінен көмек сұралсын.

Мұның үстіне, Қазанғапұлы Қанапияның мемлекеттік баспасөз үшін сұралған ақша тоқтаусыз беріліп тұратын болсын деген ұсынысы тексеріліп, Сиез ол ұсынысты да қабыл алды.

Мәжіліс ағасы: бастауыш мектеп проғрамы, мектеп түрлері тақырыпты мәселелердің кемесиеде шешіліп болмағанын және бүгінгі кешкі мәжіліске шейін бітпейтінін де айтып, сол кемесиенің бүгін кешке болатын мәжілістің ертеңге қалуын тілеген ұсынысын Сиезге салды.

Сиез иуннің 17-нші күнгі кешкі мәжіліс иуннің 18-іне қаратылсын деп ұйғарды. Сонымен мәжіліс жабылды.

## ИУННИҢ 18-і, КҮНДІЗГІ МӘЖІЛІС

Мәжіліс ағасы Ишанғали: Мектеп түрі, проғырамдар тақырыпты кемесиенің қаулыларын байандау үшін Шонанұлы Телжанға сөз берді.

Телжан: Кемесиенің мына түрде жазылған мәжіліс қатын оқып шықты:

### **Мәжіліс қат.**

1924-інші жыл, иуннің 17-сі. Мәжілісте болғандар:

Мәжіліс ағасы: Досмағамбетұлы Қалел;

Мүшелері: Байтұрсынұлы Ақымет, Арабайұлы Ишанғали, Мұқанұлы Есқали;

**Қатшы:** Шонан ұлы Телжан.

Мәжіліс ашылған соң, мұғалімдер дайарлайтын техникөмдер мен институттер проғырамдарының негізі қаралды. Кемесие сөйлесе келе, былай деп ұйғарды:

Мұғалімдер дайарлайтын техникөмдер

- Қазақша төрт жылдық бастауыш мектептерге мұғалімдір дайарлау үшін техникөмдер болады.

- Қазақ техникөмдерінің бәрінің проғырамы бір өңкей болады.

- Оқу ана тілінде болады; техникөмнің жоғарғы бөлімдерінде шарасыз болғанда орыс тілінде оқытуға да болады.

- Мұғалімдер дайарлайтын техникөмдер проғырамы мұғалімдерді әзірлейтін ғана болып арналып жасалады.

- Текникөмнің оқуы 4 жылдық болады. Оның алғашқы екі жылында жалпы ғылымдар оқылып, соңғы екі жыл мұғалімдік ғылымдарға бейімделеді.

- Текникөмге 4 жылдық бастауыш мектепті бітіргендер алынады.

- Текникөмның негізгі төрт бөлімінен басқа, екі жылдық әзірлік бөлімдері болады.

- Төрт жылдық бастауыш мектепті бітіргендер сынға түсіп, біліміне қарай әзірлік бөлімінің 1-іншісіне иә 2-іншісіне алынады.

10 - Гүберне басы, ең аз болғанда, бір техникөмнен болады. Мүмкін болғанда, ояздық техникөмдер де болады.

### **Мұғалімдер дайарлайтын институттер**

1-7 жылдық бастауыш мектептерге мұғалімдер дайарлау үшін институттер болады.

- Қазақ институттерінің бәрінің проғырамы бір өңкей болады.

- Институттың оқуы ана тілінде болады. Институттың жоғарғы бөлімдерінде амалсыз болғанда, орыс тілінде оқытуға да болады.

- Институт проғырамы мұғалімдер дайарлау үшін арналып жасалады.

- Институт оқуы 4 жылдық болады, Институттың негізгі 4 бөлімі болады. Мұның әуелгі екі бөлімінде жалпы пәндер оқылады, соңғы екі бөлімі мұғалімдік пәндерге бейімделеді.

- Институтке 7 жылдық бастауыш мектепті бітіргендер кіреді.

- Институттың негізгі төрт бөлімінен басқа, уақытша екі жылдық әзірлік бөлімдері болады.

7-8 жылдық мектепті бітірмей келгендер сынға түсіп, біліміне қарай бірінші иә екінші әзірлік бөліміне кіреді.

- Институттер облыстық өлкелерде бір-бірден болады.

- Техникөм мен институттың осы жоспарына лайықтап Қазағыстан мен Түкістанның оқу кемесериеттері проғырам жасап шығарады.

Мұнан кейін пысықтауыш күрістер мәселесі сөз болып кемесие пысықтауыш күрістер 4 жылдық бастауыш мектепті бітіргендер үшін ғана болсын деп ұйғарды.

Мұның артынан баулу мектептерінің түрі тексерілді. Кемесие сөйлесе келе, былай деп қаулы қылды:

- Ел ішіндегі 4 жылдық бастауыш мектептердің жалпы түрі ентернатсыз болады.

- Жұмысшылары көп жерлерде, елі өте кедей жерлерде, көшпелі елдерде болатын мектептер ішкөл – коммұн түрінде болады.

- Төрт жылдық мектепке жарайтын мұғалімдер табылмаған жерлерде бастауыш мектеп екі жылдық қана болады, онда төрт жылдық мектептің бастапқы екі жылында оқылатын сабақтар оқылады.

- Отырықшы халықтың мектебі бір жерде болады, көшпелі елдің мектебі өзімен бірге көшіп жүреді.

- Отырықшы елдегі мектептің оқу мезгілі жалпыша (қыстыгүні) болады, көшбелі иә қыстауы бытыраңқы елдерде оқу мезгілі жергілікті жағдайға қарай басқаша (қыстан басқа уақыттарда) болуы да мүмкен.

- 4 жылдық мектептерді бітіргендер үшін жеті жылдық ішкол-каммұндердің жоғарғы үш бөлімі болады.

- Жиі отырған елдерде 4 жылдық мектептерді бітіргендер үшін жеті жылдық мектептердің жоғарғы үш жылдық бөлімі ентернатсыз ашылса да болады.

Мұнан кейін 4 жылдық бастауыш мектептердің проғырамы қаралды. Әр пәннің проғырамы өз алдына тексеріліп, әуелі шама тілінің проғырамы қаралды:

- Оқушылар бірінші жылда-ақ ғырам, метір өлшеуіштерімен таныстырылсын.

- Екінші жылы метір өлшеуіштерінің түрлерімен түгел танысатын болсын деген өзгерістермен шама тілінің проғырамы қабыл алынды.

Мұнан кейін ана тілінің проғрамы қаралып, кемесие оны ешбір өзгеріссіз қабыл алды.

Тұрмыс жүйесінің проғрамын тексеріп, кемесие оны 4-інші жылдың айағында жергілікті ауылдың, болыстың, ояздың қысқаша тариқы оқытылсын деген өзгеріс кіргізіп, қабылдады.

Табиғаттану проғрамы тексеріліп, жануарлар бөліміне бүргі, бит, қырғауыл, бүркіт кіргізілді; «Томар», «ми тамыр саласы» сықылды қолайсыз пән сөздері Білім кеңесінде қайта тексерілсін делінді.

Жертану проғрамының негізі дұрыс, мазмұны тұрмысқа жуық, балаларға ұғымды деп білді.

Сиез кемесиенің қаулыларын тексере келе, бәрін де өзгеріссіз қабыл алды.

Мәжіліс ағасы: Қазағыстан мен Түркістаннан басқа жерлердегі қазақ халықының мәдениетін өркендету тақырыпты байандама жасау үшін Дулат ұлы Міржақыпқа сөз берді.

Міржақып: Ауызекі жасаған байандамасында шет жерлердегі қазақтардың өз бетімен ілгері баса алмайтынын, Қазағыстан оқу кемесериеі олармен үздіксіз қатынасып, жәрдем беріп тұруы керек екенін, оларға мұғалімдер жіберіп, басылып шыққан кітап, газет, журналдарды жіберіп таратып тұру керек екенін айтып өтті.

Сиез бұл мәселені тексере келе былай деп қаулы қылды:

- Бұқар, Қоразым (Хорезм) қазақтарына Қазағыстаннан оқытушылар, үгітшілер жіберілісін.

- Қазағыстандағы мектептерден Бұқар, Қоразым қазақтарының оқушыларына арнап істепендие ашылсын.

- Қазағыстан оқу кемесериеінің жанында Бұқар мен Қоразым қазақтарының мәдениетін өркендету

жұмысын басқаратын дербес кемесие болсын. Ол кемесие мүшелерінің біреуі Қазағыстан оқу кемесериегінің өкілі, біреуі Бұқар қазақтарының өкілі, біреуі Қоразым қазақтарының өкілі болсын. Кемесие Бұқар мен Қоразымдағы қазақтардың жай-күйімен көзбе-көз танысып, оларды сауаттандыру шараларын істейтүн болсын; Кемесие не істеп, не қойғанын Қазағыстан оқу кемесериегіне білдіріп есеп беріп тұратын болсын.

- Кеңестер одағының Қазағыстан мен Түркістаннан басқа жерлеріндегі қазақтарға Қазағыстаннан оқытушы, оқу кітаптары жіберіліп тұрсын, Қазағыстан оқу кемесериегі оларды сауаттандыру ісіне басшылық қылып, көмек көрсететін болсын.

- Бұл қаулы осы Сиездің тілегі есебінде Қазағыстан оқу кемесериегі арқылы тиісті мекемелердің қарауына түссін.

Мұнан кейін Қалел мен Міржақыптың осы Сиездің қаулылары Қазағыстанның тиісті мекемелері арқылы бекіп, заң есебінде жарияланса екен; Қазағыстан оқу кемесериегі Сиездің мәжіліс қатын өз алдына бір кітеп қылып бастырып шығарса екен; Сиездің барлық қаулылары әр қайсысы өз алдына бөлек кітебше болып басылып шығып, онан әр кім өз керегін біліп отыратүн болса екен – деген ұсыныстары тексеріліп, Сиез: бұл ұсыныстарды өз атынан оқу кемесериегіне арналған өтініш есебінде қабыл алды.

Мәжіліс ағасы Ишанғали: Сиездің қарауына тапсырылған мәселелердің бәрі де тексеріліп болды. Бұл Сиез бұрын-соңды болмаған қазақ-қырғыз қалқының ғылым мәселелерін бастап ауызға алған, қазақ-қырғыз білімпаздарының бастап бас қосқан тұңғыш Сиезі болды. Бұл Сиездің маңызы зор, қызметі артықша.



Сиез негізді мәселелерді шешті, елдің болашағына жөн сілтеп, жол салды. Қазақ-қырғыз халқы қараңғы надандықтан босанып, мәдениет жолына түскенін көрсетті. Бұлай болудың түп себебі өктебір төңкерісі: өктебір төңкерісі елдің тұрмысына қандай өзгеріс кіргізсе, ғылым-әдебиет жүзінде де сондай өзгеріс жасады. Біздің бұл көріп отырғанымыз да сол өзгерістің бір тарабы. Коменес партиясының басшылығына ерген Кеңес өкіметі төңкеріс дәуірін басынан өткізіп, ғылым-әдебиет ісіне шұғылданып кірісе бастағаны жаңа да ғана еді. Біздің бұл көріп, сүйініп отырғанымыз сол аз уақыттың ішінде ғана болған жұмыстың әсері. Қазақ-қырғыз халқының ұйқысы ашылып, мәдениет жолында ілгері басу үшін, біз мұнан былай да барлық күшімізді Кеңес өкіметінің қосқан қызметіне салуымыз керек, Кеңес өкіметіне шын көңілмен тілектес болып, алаңсыз іске кірісуіміз керек.

Жасасын Кеңес өкіметі!

Жасасын көсеміміз Лениннің салып кеткен жолы!

Сиез Ишанғалидің сөзін қошеметтеп, қол шапалақтады. Сиез күндізгі сағаті 14.00-де жабылды.

Мәжіліс ағасы Ишанғали сөзін бітіріп, Сиездің жабылғанын жариялады.

*Сиез ағасы:* Зәлиұлы Нұғман

*Президүм мүшелері:* Наурызбайұлы Мырза

Бөкейқанұлы Әли-қан

Кенжеұлы Аспандиар

Арабайұлы Ишанғали

*Сиездің хатшылары:* Алдоңғарұлы Ерғали

Тұрғанбай ұлы Мәннан.

# جالپى بولم.

## تۈرىكىشلەر قۇرىلتايى

اقىمەت.

تۈرىكىشلەر 1- نىشى قۇرىلتايى پىيېروالىنىڭ 26- ندا باسنامىپ، مارتنىڭ 6- ندا جايىلدى. تۈرىك ناسىلدى چۇرتتاردىڭ وكىلىن چىبەرەمە كەنى از بولار. قالماقتاردا ادامەن چىبەرگەن. مېر شەنى سىناپول ەكەنشى شەنى قىمىر كۈن شەمسىتاي جانتت - سول ەكى اراداعى تۈرىك ناسىلدى چۇرتتاردىڭ كوپىنىڭ اتى وكىلدەرى بولدى. بۇرىن قاعاز چۇرىندە مېلىسۇ بولماسا، كورسەمۇ چوقى تۈرك چۇرتتارى مېرىن مېرى چۇزبە. چۇز كورپ تانىستى.

تۈرىكىشى العىدەردەن اكەدەمىبە مۇشەلەرى: مارتولت ولدەنپور، قىرىمىس. كىمى، تولمب جاتقان جاننا تاغى پۇراپەسەرلەر بولدى. بوتەن مەملەكەتتەردەن نەمىس پۇراپەسەرى مەنسىل، ماجار پۇراپەسەرى مابىسەرەش، اناطول تۈرىك پۇرا- پەسەرى كوپەرلى زادا مەن قۇسايەن زادا بولدى.

قۇرىلتاي قارۇنغا ازئالغان 14 بابتى. ماسەلە ەدى. سونىڭ 4- 5- قاننا 8 - 9 باياندامالار جاسالدى. مېر اتى ماسەلە كوپ بولغان مەن قۇرىلتاي شاتىرۇشملاردىڭ كوپىنەسە كوزدەكەنى لانەن قارپى ەكەندىكى قۇرۇل- تاپدى اشۇشملاردىڭدا، ۇكىمەت تارابىنان قۇتتەقتاشملاردىڭ داسوزىنەن كورنەپ تۇردى. -ولاي بولغان سول قارپىقا قانمى بار ماسەلەلەرگە كوپمورە زەر سالغىمىبە سولار كوپەرەك ئالقىعا مۇسەب، باسقارلار ات ۇستىنەن اپتا وتكەن سىمپاتى بولدى.

قۇرىلتاي پۇراپەسەردىن ماسەلەلەر مىنالار ەدى:

- 1) تۈرىك چۇرتتارىنىڭ تارىقىمىن تانمۇ چۇرىدەسە گەم، سىتەردىڭ كازىرگى كۇيى مەن كەلشەكتە گەمسى. بايانداماشلار: مارتولت. باراز- صن پۇراپەسەر، تاتار تارىقىشىمى وپايدوللەن ازىز.
- 2) تۈرىك چۇرتتارىنىڭ مادەنىيەتتىن زەرەتتەن مەدىنىنىڭ كازىرگى كۇيى مەن كەلشەكتە گەمسى. بايانداماشلار: ۇرۇدەنكى، مەبىسەرەش، مىللەر پۇراپەسەرلەر مەن شۇرىن دەگەن

**ҮШІНШІ БӨЛІМ**

**ҒЫЛЫМИ  
ТҮСІНІК**

## ҒЫЛЫМИ ТҮСІНІК

Ер Сайын. Халықтың әдеби мұраларын жинастырып, ел игілігіне айналдыру ісі – ХІХ-шы ғасырдың екінші жартысынан басталған. Қазақтың тұңғыш этнограф-ғалымы Ш.Уәлиханнан бастау алған бұл игі іс қазақ зиялыларының да дағдысына айналды. Өз ұлтының мүддесі үшін – ұлттық сана-сезімнің дамуындағы әдебиеттің маңызын түсініп, көне ауыз әдебиетін, әдеби мұрасын жинап, қайта шығаруды олар да қолға алды.

А.Байтұрсынұлы да ел аузынан «Ер Сайын» жырын жазып алып, оны Мәскеуде 1923-ші жылы Ұлттар Комиссариаты қарауындағы «Күншығыс» баспасында бастырады. Жинақтың ішкі мұқабасындағы: «... жыршылар айтуынан алып, өңдеп өткеруші» деген мәлімет береді. Кітапты қазақ халқы құрмет тұтқан орыс ғалымы Григорий Николаевич Потаниннің 80 жылдық мерейтойына «тарту» ретінде шығаруды ұйғарса керек. Мұны жинақтың беташарына берілген арнау өлең мен кітап соңында Г.Потанинді қазақ бұқарасына таныстырған «оның өмірбаяны, ғалымдық қайраткерлігі, қазақ халқына сіңірген еңбегі жайы баяндалған көлемді мақаладан» байқауға болады. Мақала авторы – «Қыр баласы», нақтысы, бұл бүркеншек есім Алаштың ардагері Әлихан Бөкейханға тиісілі.

Жырдың жиналуы, жыр мазмұны жөніндегі қысқаша түсінікті де «Қыр баласы» жазған. Бұл мақала 1994-ші жылы Ә.Бөкейханның шығармалар жинағында жарияланды (Б.276–279). Мақала Ахмет Байтұрсынұлының 1989, 1991-ші жылғы қайта басылған жинақтарына енбеді, тек 2006, 2013-ші жылғы таңдаулы шығармалар жинағына енгізілді.

Ахмет Байтұрсынұлы «Г.Н.Потанинге тарту» өлеңі соңына аты-жөнінің бас әріптерін – А.Б., әрі жазылу уақытын «1915» деп көрсетеді. Ал жинақтың 1923-ші жылы басылым көргеніне ескерсек, арада – 8 жыл өткен. «Тарту» өлеңі туралы Ә.Бөкейхан: «...1923 жылы Г.Н. 80 жасқа толды. Г.Н. атына бағыштап шәкірттері кітап басты. Соған қосылып қазақтың өлеңін, жырын, мақалын біздің қазақ жастары да баспақ болды. Мына «Ер Сайын» мұның басындағы Ахметтің «Г.Н. тартуы» сонда басылмақ еді» деп түсінік береді. Жыр – екі бөлімнен тұрады. 1-інші бөлімі 5 тарау, 2-нші бөлім 3 тарау. Жырдың В.В.Радловтан алынғанына сілтеме жасалған.

«Қыр баласы» мәліметінде: «Ахмет өңдеп өткерген «Ер Сайын» жыры «Батыр Сайын» деп В.В.Радлов жазған жырмен бір екен дейді. Сілтемені негізге алып, 1993-шы жылғы «Алтын сандық» жинағындағы «Сайын батыр» жырымен салыстырылды. А.Байтұрсынұлы жырдың атын «Ер Сайын» десе, В.Радловта «Сайын батыр» деген атауға ие. Жыр Ахмет нұсқасында екі тарауға бөлінсе, В.Радлов жырды тұтас 1 бөліммен береді. Ескерер жәйт: «Жыршылар аузынан алып, өңдеп өткеруші – Байтұрсынұлы Ақымет» дегенге сүйенсек, жыр толықтырылып, өңделген.

Мәселен, Ахмет Байтұрсынұлы дайындаған нұсқада жыр жолдары:

«...Бұрынғы өткен заманда,  
Дін мұсылман аманда  
Үш шарбақты, үш кентті.  
Ноғайлы деген жұрт өтті  
Бір замандар болғанда.

Ауыр дәулет мол кетті,  
Жарлылықтың зары өтті» -

деп өрнектелсе, В.В.Радловтың нұскасында:

«...Бұрынғы елдің барында,  
Өткен елдің заңында,  
Сол елдердің тұсында  
Ноғайлы деген халық өтті  
Үш шарбақты кент өтті.  
Ноғайлының үш кент,  
Заманында жарлы өтті...», -

деп келеді.

«Ер Сайын» жыр кітабы ҚР Ұлттық кітапхананың Сирек қорлар бөлімінде сақтаулы. М.Әуезов атындағы ӘӨИ-ның Қолжазба қорына 1965-ші жылдың шілдесінде «99»-шы нөмірмен тіркелгендігі жөнінде де мәлімет бар.

**Райхан Имаханбет,**

*Ахмет Байтұрсынұлы музей-үйі жетекшісі,  
«Тіл – құрал» оқу-әдістемелік, ғылыми-зерттеу  
орталығының директоры*

## МАЗМҰНЫ

### БІРІНШІ БӨЛІМ

**Ер Сайын** .....3

### ЕКІНШІ БӨЛІМ

**Мақалалар** .....199

«Қазақ» оқушыларына һәм «азамат» серіктеріне .....200

Қазақты ағарту хәлімізден .....200

Тәні саудың – жаны сау .....207

Қалам қайраткерлері жайынан .....212

Қазақ арасында оқу жұмыстарын қалай  
жүргізу керек .....219

Баулу мектебі .....222

Проект программа партия «Алаш» .....229

Тов. Ленину В.И. ....234

Қазақ білімпаздарының тұңғыш сиезі .....242

### ҮШІНШІ БӨЛІМ

**Ғылыми түсінік** .....379

ISBN 978-601-337-721-6



9 786013 377216

# АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ

*Он екі томдық шығармалар жинағы*

*Қазақ және орыс тілдерінде*

**Жетінші том**

## Ер САЙЫН

Жауапты редакторы: *Райхан Сахыбекқызы*

Жауапты шығарушы: *Сұлтан Хан Аққұлы*

Редакторы: *Гүлмария Тұрысбекқызы*

Корректоры: *Мейрамгүл Башарқызы*

Техникалық редакторы: *Әділ Бауыржанұлы*

Көркемдеуші редактор: *Жәмила Айдос*

Суретші: *Дархан Айтжан*

**ИБ №272**

Теруге 18.03.2022 ж. берілді.

Басуға 22.09.2022 ж. қол қойылды.

Пішімі 84x108 <sup>1</sup>/<sub>32</sub>.

Қаріп түрі «Times New Roman».

Басылымы офсеттік. Шартты баспа табағы 20.

Таралымы 3000 дана. Тапсырыс №7074.

Тапсырыс берушінің файлдарынан

Қазақстан Республикасы «Полиграфкомбинат»

ЖШС-нде басылды.

050002, Алматы қаласы, М. Мақатаев көшесі, 41.

Бұл тапсырыстың мазмұнына баспахана жауап бермейді.